№1 педагогикалық кеңестің
шешімінде қабылданды
_____
(күні, айы, жылы)

БЕКІТЕМІН
№8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
МКҚК меңгерушісі
_____ Ж.Саутбекова
«__» _____ 2024ж.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ
ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ
ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ
МЕКТЕПАЛДЫ «КҮНШУАҚ» ТОБЫНЫҢ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Тәрбиешілері: Жумагулова А.
Болат Г.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Мектепалды «Күншуақ» тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 02.09 - 06.09. 2024 жыл I апта
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
Өзіне-өзі қызмет көрсету

Күнтәртібі	Дүйсенбі 02.09.2024ж	Сейсенбі 03.09.2024ж	Сәрсенбі 03.09.2024ж	Бейсенбі 05.09.2024ж	Жұма 06.09.2024ж
Балалардықабылдау	Қайырлы таң! Қайырлы күн! Сәлеметсіз бе! Балалар **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу , шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. **(Музыка)** Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15 минут.**Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.				

	Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозайка және т.б «Күз мезгілі» Суреттер құрастыру Міндеті Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.**(Құрастыру, сурет салу)**	**Міндеті:** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. **Сөйлеуді дамыту**	«Теңге алу», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту **Бір тұтас тәрбие**	Табиғат бұрышындағы еңбек. **Өсімдіктерге күтім жасау:** Суару (уақытылы, мөлшерін ескере отырып) Жапырақтарын сүрту, кеуіп қалғандарын алып тастау Топырағын қопсыту Тыңайтқыш беру (педагог бақылауымен) **Әлеуметтік дағдылар,экологиялық тәрбие**	Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелерімен таныстыру, Жедел қызметтің телефон нөмірлері, терезе алдына шықпауға үйрету **қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі**
Ертеңгілік жаттығу	**«Менің Қазақстаным»** әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу	Сапта бір-бірінің артынан шеңбер бойлап жүру, қолды екі жанына созып аяқтың ұшымен жүру, қол белден ұстап				

<table>
<tr><td>кешені</td><td colspan="5">аяқтың өкшемен жүру. Жүгіру қолды кеуде тұстан ұстап аяқтың ұшымен жүгіру.тыныс алу жаттығулары.
1. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, басты оңға,солға иілу 5-6 рет
2. Б.қ. аяқты алшақ қойып, қолды алдыға созып , кезек-кезек айқастыру 5-6 рет.
3. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, белді оңға,солға иілу 5-6 рет.
4. Б.қ.аяқты қосу, аяқтың ұшын көтеріп, қолды алдыға созу б.қ. келу 5-6 рет.
5. Б.қ. аяқты қосу, қол белде, тізені сәл бүгіп тік тұру 5-6 рет.
6. Б.қ. аяқты қосу қол белде, орында тұрып аяқты қайшылап секіру 5-6 рет. Тыныс алу жаттығулары.2-3 рет.</td></tr>
<tr><td>Таңғыас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Нан,шәй, май, ірімшік ботқа, дәмді, тамағыңды ішеміз, ас болсын! (Сөздік минимум)
Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылғанс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">1-ші апта дәйек сөзі!
«Еңбек — қуаныштың кілті.»</td></tr>
<tr><td></td><td>«Қаржылық сауаттылық».
"Тауар мен қызмет" тақырыбына әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)
Балаларды тауарлар мен қызметтердің айырмашылығын, олардың қоғамдағы рөлін түсінуге бағыттау.
Мысалы, оларды дүкенге алып барып, сатып алу</td><td>Ойын атауы: «Дүкен»
Ақша туралы қарапайым түсінік қалыптастыру, санауды үйрету.
Құралдар: Жеміс-жидек макеттері, ойыншық ақша, дорба.
Ойын барысы:
Бір бала – сатушы, қалғандары – сатып алушылар.
Балалар ақшаларын санап, «тауарды» сатып алады.
Тәрбиеші «артық ақша</td><td>«Ұлттық оиын – ұлт қазынасы»
Ойын атауы: «Асық ойыны» (жеңілдетілген нұсқа)
Ұлттық мұраға қызығушылық тудыру, дәлдікке, ептілікке үйрету.
Құралдар: Асықтар, сақа.
Ойын барысы:
Балалар кезекпен асық атады.
Қайсысы асықты дәл түсірсе – сол жеңімпаз.</td><td>Біртұтас тәрбие бағдарламасы
Ойын атауы: «Шындық пен өтірік»
Балаларды адалдыққа тәрбиелеу, шындықты айтуға үйрету.
Құралдар: Суреттер (мысық, ит, бала, ойыншықтар).
Ойын барысы:
Тәрбиеші суретті көрсетіп, қасақана қате айтады («мынау ит емес, мысық»).</td><td>Ойын атауы: «Жоғалған ойыншық»
Балаларды адалдыққа баулу, бір-бірінің затын рұқсатсыз алмауға үйрету.
Құралдар: Қуыршақ немесе ойыншық.
Ойын барысы:
Тәрбиеші ойыншықты ортаға қойып: «Бұл ойыншықтың иесі жоқ сияқты. Не істейміз?» – деп сұрайды.
Балалар: «Иесіне қайтарамыз», «Тәрбиешіге апарамыз» деп шешім</td></tr>
</table>

	процесіне қатыстыру, тауардың бағасын түсінуге мүмкіндік беру	қалды ма, әділ төледің бе?» деп бағыт береді **(Математика негіздері,қоршаған әлем)**	Тәрбиеші «ұлттық ойын – халқымыздың қазынасы» екенін түсіндіреді. **(Дене шынықтыру)**		Балалар қатесін тауып, дұрыс жауап береді. «Адал бала әрқашан шындықты айтады» деп бекітеді. **(Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)**	айтады. Соңында тәрбиеші: «Адал бала – әрқашан жоғалғанды иесіне қайтарады» деп бекітеді.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Сауат ашу** **Міндеті:** Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтай алуға дағдыландыру. «Сөз және буын» Балалар шеңберге тұрады. **Тәрбиеші:** – Балалар, бір-бірімізге күлімсіреп қарап, бүгінгі сабаққа жақсы көңіл күймен кірісейік ☺ – Қазір мен бір сөз айтамын, сендер мұқият тыңдаңдар.**Буынмен таныстыру** **Тәрбиеші:** – Балалар, сөздер	**Математика негіздері** **Міндеті:** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру Жиын ұғымы Кіріспе: Балаларға үстел үстінде әртүрлі ойыншықтар (қуыршақ, көлік, кубик) қою. «Мына заттардың бәрін қалай атаймыз?» деген сұрақ қою. Әдіс-тәсілдер: Әңгіме, көрсету, сұрақ-жауап, ойын. Ойын-жаттығулар: «Түстер әлемі» – балалар қызыл, жасыл, көк ойыншықтарды бөлек	**Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:**Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылығын қалыптастыру.Д/Ойын: «Сиқырлы сөз») Тәрбиеші балаларға бір затты көрсетеді (мысалы, алма). Тәрбиеші: – Балалар, мына заттың аты қалай? – Бұл сөз нені білдіреді? Балалар жауап береді. – Көрдіңдер ме? Әр	**Сауат ашу** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алуға дағдыландыру. Кіріспе: Балаларға әртүрлі сөздер айту (ана, ойыншық, алма). «Сөз неден тұрады?» деп сұрау. Сөздің дыбыстардан құралатынын түсіндіру. Дыбысты естіп, ажыратуға үйрету. Әдіс: Тыңдау, сұрақ-жауап, ойын. Тапсырма: «Дыбысты тыңда» ойыны – тәрбиеші дыбыс айтады, балалар сөз ойлайды.	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Сұрақтар: — Бұл заттарды қайдан көрдіңдер? — Қандай ұлттық киімдерді білесіңдер? — Ата-әжелеріңде осындай бұйымдар бар ма? Балалардың әңгімесін

	кішкентай бөліктерден тұрады. Ол бөліктер **буын** деп аталады. – Буынды біз қалай білеміз? Қане, бірге байқап көрейік. **Тәжірибе:** Тәрбиеші «а-лма» деп айтып, әр буынға шапалақтайды. Балалар қайталайды. **Қорытынды:** – Бір рет шапалақтасақ – бір буын. **«Шапалақтап бөл» ойыны** Тәрбиеші сөз айтады, балалар буынға бөліп, шапалақтайды: ба-ла (2 буын) кі-тап (2 буын) ма-ши-на (3 буын) қо-ян (2 буын) **Сұрақтар:** Бұл сөзде неше буын бар? Қай буын бірінші? Қай буын соңғы?	қораптарға салады. «Кім тез?» – пішіндерден дөңгелек пен төртбұрышты тез табу. **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п дыбыстарды дұрыс,анықайтуды үйрету. Ана тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Дыбысты анық айтуға дағдыландыру. Әдіс-тәсілдер: Артикуляциялық жаттығулар, өлең жолдарын айту, жаңылтпаш. Тапсырмалар: «Дауыстап айт» ойыны – суреттегі затты атап, дауыссыз дыбысты бөліп айту. Жаңылтпаш жаттау **Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:** Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын	заттың өз аты бар, ал әр сөз белгілі бір мағынаны білдіреді. Ойын: «Не туралы сөз?» Сиқырлы қораптан суреттер алынады. Балалар суретті көріп, бір сөз айтады. Содан соң сол сөздің мағынасын түсіндіреді. Мысалы: Қоян – секіреді, қорқады, ұзын құлақ Доп – домалайды, ойнаймыз Кітап – оқимыз, ішінде әңгімелер бар Ойын: «Артық сөзді тап» 3 сөз айтылады: Доп – қоян – қуыршақ Балалар артық сөзді табады және неге артық екенін түсіндіреді. Бұл олардың сөз мағынасын пайымдауға үйретеді.	**Математика негіздері** **Міндеті:** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. Тура санау (0–10) Тәрбиеші: — Балалар, бірге 1-ден 10-ға дейін санап көрейік. Балалар хормен санайды. Кері санау (10–0) Көрнекілік көмегімен кері санау жүргізіледі (саты, баспалдақ немесе ракетаның кері есептеуі). Мысалы: 6 саны: 5 алмаға 1 алма қосса — 6 алма болады. 7 саны: 6 құрылыс	тыңдау, қолдау. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру Тәрбиеші суреттер көрсетеді: Сандық – киім-кешек сақтайтын ағаш жиһаз Кебеже – тағам қоятын ағаш ыдыс Торсық – сусын сақтайтын теріден жасалған ыдыс Тегене – сүт, айран қоюға арналған ыдыс Балалар суреттерді ұстап көріп, атайды, сипаттайды. Тапсырма: «Қандай материалдан жасалған?» (ағаш, тері, металл) Ұлттық киімдер туралы әңгімелеу Суреттер: сәукеле, шапан, камзол, бөрік. Драматизация**:** Балалардың біріне шапан кигізіп: — Бұл қандай киім? — Оны кім киеді? — Қандай түстер көріп тұрсың? Мал шаруашылығы, аңшылық, егіншілік құралдарын таныстыру

	Д.ойын **«Буын санын тап»** Шарты: Балаларға суреттер таратылады. Әр бала сөзді буынға бөліп, фишкалармен көрсетеді. Мысалы: алма – 2 фишка машина – 3 фишка Балалар буын санын атап береді. **«Буынмен қимылдаймыз»** 1 буын – қолды көтеру 2 буын – екі рет секіру 3 буын – үш рет қол соғу Тәрбиеші сөз айтады, балалар қимылмен көрсетеді. **Сұрақ-жауап:** Буын деген не? Сөзді қалай буынға бөлеміз? Буын санын қалай анықтаймыз? **Қорытынды сөз:**	өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету. Қызығушылықты ояту Ойын: «Сиқырлы қорап» – Балалар, мына «Сиқырлы қораптан» не табамыз екен? Кәне, ашып көрейік! Қораптан бір-бірлеп нәресте, балабақшаға баратын бала, оқушы, ересек адам суреттері шығады. Сұрақтар: – Қайсысы сәби? – Қайсысы балабақшаға барады? – Оқушы кім? – Ересек адам не істейді? (еңбек етеді) Балалар: суреттерді ретімен орналастырады. – Әр адам өседі, өзгеріп отырады. Сендер де өсіп,	Ойын: «Сөзді таны»Қимыл ар қылы Тәрбиеші сөзді айтады, бірақ затты көрсетпейді. Балалар сөз мағынасын қимылмен көрсетеді. Мысалы: «Құс» – қанат қағу «Аю» – жүрісін салу «Жаңбыр» – тамшыларды көрсету Балалар қимылға қарап сөзді табады. Үстел үсті ойын: «Сөзді боя» Үш түсті дөңгелек беріледі: Қызыл – жануар сөздері Сары – зат сөздері Жасыл – көлік сөздері Тәрбиеші сөз айтады: *үй*, *машина*, *түлкі*, *кеме*, *доп*, *аю*. Балалар сөз мағынасына сәйкес түсті дөңгелек көтереді. «Сөз сөйлесін»	кубигіне 1 кубик қосса — 7. 8, 9, 10 сандары да дәл осылай көрнекілікпен көрсетіледі. Балалар өздері заттарды санайды. Цифрлармен таныстыру (0–9) Әр цифрдың карточкасын көрсетіп, атау. «Қай цифр жоғалды?» ойыны (карточкалардың арасынан біреуін алып тастау). «Қанша?» және «Нешінші?» сұрақтарын ажырату «Қанша?» — бұл сандық сұрақ. Мысалы: — Үстелде қанша қалам бар? Балалар затты санайды: 5 қалам. «Нешінші?» — бұл реттік сан. Мысалы: — Қызыл доп нешінші тұр? Балалар орнын	Тәрбиеші әр құралдың суретін көрсетіп, қолданылуын түсіндіреді: Жүген, ер-тұрман – атқа мінуге арналған Қақпан – аң аулауда Кетпен, орақ – егіншілікке қажет **Сұрақ-жауап:** — Мал өсірумен кімдер айналысады? — Егін егу не үшін қажет? — Аңшылық қандай кәсіп? Балалар қысқа сөйлемдермен жауап береді. Туған өлкенің көрнекті жерлері мен табиғаты Мысалы: өзен, көл, тау, тарихи ескерткіштер, қаланың басты алаңы. Жұмыс: — «Менің туған өлкем» суреттерге қарап 2–3 сөйлем құрау. «Туған жер» қимылды ойыны: Таудың бейнесі – қолды жоғары көтеру Өзен – қолды толқынды қимылмен қозғау Айнала жүру — саяхат бейнесі

	– Бүгін сендер сөздерді буынға бөліп, олардың санын және ретін анықтауды үйрендіңдер. Жарайсыңдар 👏 Балаларды мадақтау. **Математика негіздері** **Міндеті:** Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру Ойын: «Аты не?» – тәрбиеші фигураны көрсетеді, балалар атын айтады.	мектепке барып, кейін ересек болып еңбек етесіңдер. Д/Ойын: «Мен қандай боламын?» Балаларға әр кезеңге тән рөлдер ұсынылады: Сәби – жөргек, ойыншық Балабақша тәртібі – ойын, сабаққа қатысу Оқушы – кітап, қалам Ересек – жұмыс құралдары Тапсырма: Балалар өздеріне ұнаған рөлді алып, сол адамға тән әрекетті көрсетеді. Д/Ойын: «Мектепке барамын» Жерге «жолақша» төселеді. – Мектепке бару үшін не қажет? «Сиқырлы қапшықтан» суреттерді аламыз: дәптер, қалам, кітап, ойыншық, т.б. Балалар: Мектепке қажет заттарды ғана таңдап, «мектепке апарады». «Білім – болашақ кілті» Тақтада 3 түсті карточка: Қызыл: «Не үшін оқимыз?»	Тәрбиеші сөз айтады, балалар оған байланысты қимыл жасайды: Жел – қолды сермеу Күн – жоғары көтерілу Қар – жаймен түсіру Гүл – ашылу Д/Ойын: «Сөз кімге керек?» Балаларға әртүрлі сөздер ұсынылады (үй, балық, қалам, ағаш). Тапсырма: Балалар сөздің не үшін қажет екенін, нені білдіретінін айтады. Жалпы қорытынды**:** – Әрбір сөз бос айтылмайды, оның өзінің мағынасы бар. – Сөз арқылы біз бір-бірімізді түсінеміз. **Мүсіндеу** **Жапсыру** **Сурет салу** **Құрастыру** **Міндеті:**Заттардың, ертегі	анықтайды: 2-інші. Д/Ойын: «Қанша?» және «Нешінші?» Тәрбиеші сурет көрсетеді, балалар сұрақтарға жауап береді. «Санау биі» 1–10 дейін секіріп санау, қол шапалақтау, орындарында бұрылу. Сан құрамын табу Мысалы, 6 саны: 3 + 3, 4 + 2. Цифрды затпен сәйкестендір Карточкадағы цифрға сәйкес заттың санын қою. Реттік санау Поезд вагондары көрсетіледі. – Қай вагон нешінші? – Машинисттен кейінгі вагон нешінші? Сұрақтар: — Бүгін қандай сандармен таныстық? — Кері санау қалай болады? — «Қанша?» деген сұраққа қалай жауап береміз?	«Сипаттап бер» ойыны Балаларға сурет көрсетіледі, олар 2–3 белгі бойынша сипаттайды. Мысалы: «Бұл — шапан. Ол ұзын, жылы, оюлы.» «Не үшін қажет?» Затты көрсетіп, қолдану мақсатын түсіндіреді. — Торсық… (сусын сақтауға) — Орақ… (егін шабуға) Жаңа сөздер: кебеже, тегене, торсық, сәукеле, қақпан, жүген. Тәрбиеші сұрайды: — Бүгін нелермен таныстық? — Қандай ұлттық киімдерді атадың? — Мал өсіруге қандай құралдар керек? — Туған өлкенің қандай көрікті жерлерін білесің? **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды,

	Таныстыру және салыстыру ойыны (5 минут) Тәрбиеші: «Мына фигуралардың ішінен сопақшаны табыңдар» Балалар шеңбер, тіктөртбұрыш және сопақшаны салыстырып, айырмашылығын айтады. «Шеңбер бірдей, сопақша ұзындау» – түсіндіру. **Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Дене шынықтыру** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	Сары: «Нені үйренгім келеді?» Жасыл: «Менің арманым қандай?» Балалар карточка таңдап, қысқаша жауап айтады: – «Мен оқушы болғым келеді» – «Мен әріпті оқығым келеді» – «Мен дәрігер боламын» т.б. Ойын: «Күн шуағын сыйлаймын» Балаларға күннің шағын бөлігі беріледі. Әр бала оған: – «Мен мектебке барғым келеді, өйткені…» немесе – «Мен өсемін…» деген сөйлемді толықтырып жазады/айтады. Бөліктер бірігіп, үлкен «Күн» құралады **Қазақ тілі** **Міндеті: :** Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер	кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу дағдыларын қалыптастыру. Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін әдемі шығаруға дағдыландыру. Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер қиюды қалыптастыру. Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыруға дағдыландыру. Д/Ойын: «Қай	— «Нешінші?» деген сұрақ нені білдіреді? **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. **Ойын:** «Жоғалған жұбын тап!» Алдында түрлі сөздер жатыр. Балалар тапсырмасы: Зат есімге үйлесетін сын есімді тауып қою. Зат есімге үйлесетін сан есімді табу. Мысалы: үлкен + үй қызыл + доп 2 + алма 3 + қоян Тәрбиеші балаларға көмектесіп бағыттайды. Сюжеттік ойын: «Сен сатушысың!» «Сиқырлы дүкен» рөлдік ойыны. Сатушы: — Қандай доп керек? Бала: — Маған *қызыл доп* керек. — Маған *үш алма*	жануарларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. М.Төрежанов «Кішкентай бағбан» Іс-әрекет барысы: Ұйымдастыру сәті – балаларды дөңгелете отырғызып, табиғат туралы жұмбақ жасыру. Кіріспе әңгіме – «Бақшада не өседі? Адамдар не істейді?» деген сұрақтар арқылы ой қозғау. Әңгіме тыңдату – тәрбиеші мәнерлеп «Кішкентай бағбан» әңгімесін оқып береді. Сұрақ-жауап – кейіпкерлерді атау, оқиғаның немен аяқталғанын талқылау. Суретпен жұмыс – сурет бойынша әңгімелеу: «Бұл бала не істеп жатыр? Ол кімге көмектесті?» Қимыл-қозғалыс ойыны – «Бағбаншылар» (балалар гүл егіп, су құйып

		туралы айтуға баулу «Отбасы ағашын толтыр» Тәрбиеші үлкен «Отбасы ағашын» көрсетеді. Балаларға туыс адамдардың суреттері беріледі. Тапсырма: суретті ағаштағы тиісті орынға қою. Мысалы: Әже жоғарғы бұтаққа Ата – әженің қасына Әке – төменгі ортаға Ана – әкенің қасына Бала — төменгі бұтаққа Балалар әрқайсысы өз үйіндегі рөлді айтып береді: «Менің әжемнің аты...», «Менің әпкем...». Қорытынды әңгіме: «Менің достарым, отбасым» Ай бойы алған білімді бекіту. Балаларды өз бетінше әңгіме айтуға ынталандыру. Тапсырмалар: «Менің отбасым» суреті бойынша әңгімелеу. «Менің досым»	ертегіден?» Тәрбиеші әртүрлі ертегі кейіпкерлерінің суреттерін көрсетеді: – Қызыл телпек, Бауырсақ, Алдар көсе, Үйшік ертегісінің аңдары. Балалардың тапсырмасы: кейіпкерді тану және оның ерекшелігін атау (мысалы: Бауырсақ – домалақ, Алдар көсе – ұзын шекпенді, қасқыр – сұр түсті, т.б.) – Бүгін біз ертегі еліне саяхат жасап, кейіпкерлерді өз қолымызбен жасаймыз! Үстел үсті ойын: «Сиқырлы мүсінші» Мүсіндеу жұмысы Балаларға материал таңдау ұсынылады: ермексаз, сазбалшық немесе пластикалық масса. Тапсырма: Өздері таңдаған	беріңіз. — *Әдемі қоян* керек. Балалар сөздерді дұрыс байланыстыруды үйренеді. **Қимылды ойын:** «Тез тап!» Тәрбиеші сөз айтады, балалар сәйкес суретті көтереді. Мысалдар: «Үлкен үй» «Қызыл доп» «Үш қоян» «Бір әдемі гүл» Балалар тез ойлайды және дұрыс күрделі сөз тіркестерін табады. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Балаларды қолжетімді көркемшығармаларме н фольклорға,театр әлеміне баулу,кітапқа деген қызығушылығын дамыту. «Сиқырлы кітап сөйлейді» ойыны Тәрбиеші қолына үлкен, әсем безендірілген «Сиқырлы кітапты» ұстайды. Кітап (тәрбиеші	жатқандай қимыл жасайды). Қорытынды – еңбектің маңызы туралы әңгімелеу, балаларға: «Сендер үйде ата-аналарыңа қалай көмектесесіңдер?» деген сұрақ қою. **Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:** Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. «Балабақша қызметкерлерінің еңбегі» Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызу. **Тәрбиеші:** – Балалар, бір-бірімізге жылы сөз айтып, жақсы көңіл күймен сабағымызды бастайық. – Бүгін балабақшада кімдер бізге көмектесіп жүр деп ойлайсыңдар? Балалардың жауаптары

		тақырыбында еркін сөйлеу.	ертегі кейіпкерін мүсіндеу Ермексаз жұмсақ болады — саусақпен созуға, домалақтауға ыңғайлы. Сазбалшықтан бедер жақсы шығады — саусақпен іліп-қысып жасауға болады. Пластикалық масса жеңіл — пішінді жақсы ұстайды. Үстел үсті ойын: «Шебер қайшы» Қию жұмысы Тәрбиеші балаларға дайын жолақтар мен квадрат қағаздар таратады. Тапсырма: Жолақтардан тікбұрыш қию Квадраттардан үшбұрыш қию Ойын түрінде беріледі: Ойын: «Үйшік құрастырайық» Балалар қиған фигураларын біріктіріп, үйдің	дауысы): — Балалар, мен сиқырлы кітаппын! Бүгін сендерді фольклор мен театр әлеміне саяхатқа шақырамын. Бірақ әр бекеттен өту үшін тапсырма орындау керек. Балалар келісім береді. «Фольклор әлемі» — Санамақ ойыны Тәрбиеші санамақты бастайды, балалар жалғастырады. Мысалы: Бір дегенім — білеу, Екі дегенім — егеу… Тапсырма: Балаларға түрлі фольклор карточкалары таратылады: Санамақ Жаңылтпаш Қара өлең Балалар таңдағанын айтады. Д/Ойын: «Жылдам жаңылтпаш» Тәрбиеші жеңіл жаңылтпаш айтады,	тыңдалады. **Әңгімелесу** **Тәрбиеші:** – Балалар, балабақшада көптеген адамдар жұмыс істейді. Олардың әрқайсысының еңбегі маңызды. Суреттер арқылы таныстыру: **Тәрбиеші** – балаларды оқытады, тәрбиелейді; **Күтуші (тәрбиеші көмекшісі)** – тазалық сақтайды, балаларға көмектеседі; **Аспаз** – дәмді және пайдалы тамақ әзірлейді; **Медбике** – балалардың денсаулығын бақылайды; **Тазалықшы** – балабақшаның таза болуын қадағалайды. Әр мамандық бойынша сұрақтар: Ол не істейді? Оның еңбегінің нәтижесі қандай? Егер ол жұмысын істемесе не болар еді? **Д.ойын** **«Кім не істейді?»** Шарты:

			бөліктерін жасайды (шатыры – үшбұрыш, қабырғасы – тікбұрыш). Үстел үсті ойын: «Құрылысшылар қаласы» Құрастыру жұмысы Балаларға конструктор бөлшектері беріледі. Тапсырма: Ертегі кейіпкерлеріне арналған үй, көпір, орман, жол салу. «Ертегі кейіпкерлерін бейнеле» Музыка қосылады. Балалар қасқыр, қоян, түлкі, бауырсақ бейнесінде қимыл жасайды. Ойын: «Ертегі көрмесі» Балалар өз жұмыстарын үстелге қойып, шағын көрме ұйымдастырылады. – Сендер бүгін нағыз суретші, мүсінші	балалар қайталайды. «Ертегілер мекені» — Қуыршақ театры Балаларға қысқа ертегі көрсетеді, «Мақта қыз бен мысық»). Тапсырма: Балалар рөлдерді бөлісіп, шағын сахналау жасайды. Рөлдер: Қойшы, қасқыр, түлкі, мысық т.б. Қарапайым диалогтар: — Мен кіммін? (балалар танысын) — Мен не істеймін? Д/Ойын түрі: **«Өз** кейіпкеріңді тап» Бала бетперде киеді, басқалары қай ертегі кейіпкері екенін табады. «Театр шеберханасы» — Қимыл ойыны Театрдың үш түрімен таныстыру: Қуыршақ театры Драмалық театр Көлеңке театры Қимылды ойын: «Кейіпкерді	Балаларға құрал-жабдықтар немесе суреттер таратылады. Балалар оны қай маман қолданатынын айтып береді. Мысалы: Қасық, алжапқыш – аспаз Дәрі қобдишасы – медбике Сыпырғыш – тазалықшы **Қимылды сергіту сәті «Мамандықты көрсет»** Тәрбиеші мамандықты атайды, балалар қимылмен көрсетеді: Аспаз – тамақ пісіру Тәрбиеші – кітап оқу Тазалықшы – сыпыру **Сұрақ-жауап:** Балабақшада қандай мамандықтар бар? Қай маманның еңбегі саған ұнады? Біз олардың еңбегін қалай бағалай аламыз? **Қорытынды сөз:** – Балалар, әр адамның еңбегі маңызды. Біз үлкендердің еңбегін құрметтеп, тәртіпті болып, көмектесе білуіміз керек. **Дене шынықтыру**

			және құрылысшы болдыңдар! – Әрқайсың ертегі әлемін өз қолдарыңмен жасадыңдар. **Дене шынықтыру** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	жандандыру» Тәрбиеші айтады: — Түлкі болыңдар! (балалар қулығын көрсетеді) — Аю болыңдар! (ауыр жүріс) — Қоян болыңдар! (жеңіл секіру) Бұл ойын балалардың эмоционалдық қабылдауын дамытады. «Кітапхана патшалығы» — Кітаппен жұмыс Шағын кітапхана бұрышы көрсетіледі. Тапсырмалар: Кітапты ашып, мұқабасын қарау «Кімнің ертегісі?» ойыны «Кітапты қалай күтеміз?» әңгімесі Сұрақтар: — Кітап не үшін керек? — Ертегіні кім жазады? — Кітапты қалай ұқыпты ұстаймыз? Д/Ойын: «Мұқабасын	(Дене тәрбиесінұсқаушысының жоспары бойынша)

				тап» Тәрбиеші мұқабаны көрсетеді, балалар кітапты табады. «Ертегі кейіпкерлері билейді» Музыка ойнайды. Балалар түрлі кейіпкерлерге еліктеп билейді: Қоян — секіреді Аю — баяу қозғалады Құстар — қолдарын қанаттай қозғалдырады Топтық жұмыс — «Менің кітабым» шағын макет Балаларға түрлі-түсті қағаз, стикер беріледі. Әр бала өз «кітабын» жасайды: — сурет салады — қақпағын безендіреді — ат қояды Соңында балалар өз «кітаптарын» таныстырады. «Сиқырлы кітаптың сыйы» Сиқырлы кітап сөйлейді:	

				— Бүгін сендер фольклорды да оқыдыңдар, театрда да ойнадыңдар, кітаптың да досы болдыңдар. Жарайсыңдар!	
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенгедайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Желдің соғуын бақылау.** Жұмбақ. Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел.) Бақылау: балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда көшіп жүруі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, желдің бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай	**Күнді бақылау.** Міндеттері. Күнді, оның өсімдіктер мен ағаштар, жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру. Экологиялық міндет: күн сәулесінің адам мен өсімдіктердің тіршілігі үшін құндылығын көрсету. Жұмбақ. Жалғанда бір нәрсе	**Ауа райын бақылау.** Міндеттері. Күн мен ауаның адам,жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы әңгімелеу; өсімдіктер тіршілігінің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін бекіту. Қ. Мырза Әли «Аспанда» Аспан малға толып	**Қашқаргүлді бақылау.** Міндеттері. Балалардың күзгі гүл — қашқаргүл (астра) туралы білімдерін кеңейтіп, бекіту; өсімдік әлеміне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Қашқаргүлдер гүлдеуге Ұзақ уақыт асықпайды, Күз мезгілі келсе де, Көлеңкелерде солмайды. Салқын күнге төзімді, Түрлі-түсті, әдемі, Қашқаргүлдер мектептің Қоңырауын күтеді. (Д. Ахметова)	**Аспанды бақылау**Міндеттері. Балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз болғанын байқату; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Ашық аспанда бұлтты

	болады; баяу жел, қатты жел, ағаш басының тербелуі; күзбен салыстыру. Тәжірибе. Желге қарсы жүгіру. Қорытынды. Желге қарсы жүгіру қиын. «Желбезекпен жүгіру» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болады. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: тәрбиешіге көмек. Үлкендерге қызмет көрсету. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинау. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестікке, жауапкершілікке баулу. «Айгөлек» қимылды	бар аяқ қапты, Ұшады кешке дейін дамыл таппай ... (Күн.) Көркемсөз Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты! Болжам. Батар күн қызыл шапаққа малынып барып ұясына кірсе, ертеңінде күн ыстық болатынын білдіреді. «Өнегелі тәрбие». Еңбек: жәшіктерге құм толтыру. Міндеттері: Балалардың бойында еңбекке құштарлықты ояту; шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, жауапкершілікке баулу. "Қу түлкі" қимылды	кетті – Бұлттар түлік болып кетті: Бір бұлт шықты ешкі болып, Бір бұлт шықты мешке болып. Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек: көгөністерді жинауға арналған ұжымдық еңбек. (еңбек іс-әрекеті) Міндеттері: Бірлесіп жұмыс істеуді үйрету; шамасы келетін, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге,	– Балалар, неге қашқаргүл (астра) – бұл гүл? Астра басқа гүлдерден несімен ерекшеленеді? Балалар сабақтың, жапырақтың, бүршіктердің, үшкір күлтелердің, қызғылт, күлгін, ақ түстердің ерекшеліктерін атап көрсетуі мүмкін. – Астралар күздің алғашқы суықтарынан қорықпайды, олар қыркүйек бойы бізге қуаныш сыйлап гүлдеп тұрады. – Астралар бөлмелерді, мекемелерді әсемдеуге кеңінен қолданылады, гүл шоғы ретінде сыйға беріледі. Олар суға салынса, ұзақ уақыт солмай, сергек тұрады. – Суретшілер де астраларды бейнелеуді жақсы көреді, олар көбіне натюрморттарда	байқау оңайырақ, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте үлкейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын немесе азайып еритінін атап өтуге болады. Жұмбақ. Көзі жасты – жылауық, Келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды, Жадыраса, құлайды. (Бұлт.) Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. "Не жөнінде айтылады?" ойыны. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-

	ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттер: ұжымдық ойында жылдамдықты, күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Айгөлек ойыны кең алаңда өткізіледі. Ойыншылар саны мен жас шамасына қарай екі топқа бөлінеді де, арасы 15-20 метрдей жерде қол ұстасып қарама-қарсы тізбек құрып тұрады. Ойын жүргізуші екі топтың біреуіне кезек береді. Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Темiршiден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Бізден сізге кім керек? Тізбек үзілген жағдайда, шабушы ойыншы қарсыластардың бірін өз	ойыны. (дене тәрбиесі) “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар тәрбиешінің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-тәрбиеші балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері тәрбиеші таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан	жауапкершілікке баулу. "Қарақұс пен балапандар" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдай білуге дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып) тұрады. Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады.	кездеседі. «Өнегелі тәрбие». Экология. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл тұқымын жинау. Міндеттері. Жұмысты бірлесіп орындауға ұмтылысты дамыту, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. «Тауық қорасындағы түлкі» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту. Қимылдауда қауіпсіздікті қалағалау. Алаңның бір жағында	әрекеті) Міндеттері. Сын-сипаты бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды). «Үшінші артық» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды.

	тізбегіне қосып алады. Тізбек үзілмесе, шабушы - қарсыластардың тізбегіне қосылады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар ойнау: «Желбезекпен ойын». (дене тәрбиесі) Қолайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл күйде болу. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. Құралдар: үш-төрт шеңбер. "Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Балалардың еркін ойындары. Балалардың өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге	Педагог: "Қарақұс!" деп, белгі бергенде "қарақұс" "тауықтың" артында бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады. "Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды. Балапандар қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тізбекті бұзбауға тиіс. Ұсталған балапандарды "қарақұс ұясына" алып кетеді. Екі-үш балапан ұсталған соң, ойын жүргізушілер қайта сайланып, ойын қайта басталады.	«тауық қора» орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады. Алаңның қарама-қарсы жағында «түлкінің іні» орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Соқыртеке» ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттер. Кеңістікті бағдарлау, тепе-теңдікті сақтау, қимылдарын үйлестіре білуді, бір-біріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Допты тура	Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: құрап қалған шөптерді жинау

		ықпал ету. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) . (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) (дене тәрбиесі)	Тәрбиеші ойынның алдында балалармен қауіпсіздік ережелерін қайталау керек. "Қияр, қияр" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері. Белгі бойынша әрекеттерді жылдам орындауды үйрету; қимылдарды үйлестіруді, күшпен лақтыру дағдыларын жетілдіру. "Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Балаларды ұзындыққа секіруге жаттықтыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын	бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	(тәрбиешінің көмегімен). (еңбек іс-әрекеті) Міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу; бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, жауапкершілікке баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру керек. Балалардың еркін ойыны. . (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)

			материалдармен ойындар. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)		
Серуенненоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** Ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, майлықпен сүртіңдер, төкпей-шашпай ішіңдер Нан, сусын, сорпа, дәмді, ащы, тұз, тәтті, ет, балық, тамағыңды іш, ас болсын! Көгөністер көгөніс, сәбіз, қияр, қызанақ. **(Сөздік минимум)**				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртінде п ұйқыда	Түлкі мен қоян ертегісін оқып беру **(көркем әдебиет)**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайылы баяу музыка тыңдау.	Қазақ халық ертегілерін оқып беру **(көркем**	«Бесік жырымен» ұйықтату	Жайлы баяу күй тыңдату.

н ояту, сауықтырушаралар ы			**әрекет)**		
	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Ұлттық ойын:** «Арқан тартыс» Ойынның сипаттамасы: Тәрбиеші түсіндіреді: – Балалар, бұл – «Арқан тартыс» атты қазақтың ұлттық ойыны. Бұл ойын топпен, бірігіп, күш салып ойнайтын ойын. Арқанды өз жағыңа қарай тартып, қарсылас топты өзіңе қарай өткізу керек. Бұл ойын достықты, бірлікті үйретеді. Ойын барысы: . Балалар 2 топқа бөлінеді: Әр топ арқанның екі жағын ұстайды	**Ұлттық ойын: «Асық ату»** Асық — қазақтың ұлттық ойыны. Бұл ойын шапшаңдықты, дәлдікті, көзді дұрыс мөлшерлеуді талап етеді. Асықтың түрлі түстері мен аттары бар (сақа, омпы, бүк, шік, тәйке). Қауіпсіздік ережелері:Асықты тек белгіленген жерде ғана атады. Басқа балалар жаққа қарай лақтыруға болмайды. Кезекпен ойнаймыз. Ойын түрі: «Кім көп асық атады?» Жүргізілуі: Балалар кезекпен сақамен ортада жатқан көреді. Қай бала көбірек асық	**Ұлттық ойын:** «Соқыр теке» Ойынның барысы: – Балалар, бүгін біз «Соқыр теке» атты қазақтың ұлттық ойынын ойнаймыз. Бұл ойында бір бала — «соқыр теке» болады. Оның көзін байлаймыз. Ол көзін ашпай, басқа балаларды ұстап көруі керек. Қай баланы ұстаса, сол орынға соқыр теке болады.	**Ұлттық ойын:** «Арқан тартыс» Ойынның сипаттамасы: Тәрбиеші түсіндіреді: – Балалар, бұл – «Арқан тартыс» атты қазақтың ұлттық ойыны. Бұл ойын топпен, бірігіп, күш салып ойнайтын ойын. Арқанды өз жағыңа қарай тартып, қарсылас топты өзіңе қарай өткізу керек. Бұл ойын достықты, бірлікті үйретеді. Ойын барысы: . Балалар 2 топқа бөлінеді: Әр топ арқанның екі жағын ұстайды Арқанның ортасына қызыл лента (белгі) байланады Ортада сызық немесе белгі қойылады Ойын басталады: Тәрбиеші: «Бастаймыз!» деген белгі береді Екі топ арқанды өз жағына тартады Қай топ қарсылас топты өз	**Ұлттық ойын:** «Тоғызқұмалақ» Ойын туралы қысқаша , «Тоғызқұмалақ» — қазақ халқының ежелден келе жатқан ақыл-ой ойыны. Бұл ойында құмалақтарды (түймелер түсінік: – Балалар, тастар, асықтар) арнайы тақтадағы ұяшықтарға салып, есептеп ойнайды. Кім көп құмалақ жинаса – сол жеңеді. Ойын шахмат пен дойбы сияқты логикалық ойындардың қатарына жатады. Қажетті құралдар: Тоғызқұмалақ тақтасының қарапайым үлгісі (қағаз, тақта немесе ағаштан) Әр балаға – 9 құмалақ (тйме, ұсақ тас, т.б.) Сандар жазылған ұяшықтар Ойын ережесінің жеңілдетілген түрі:

	Арқанның ортасына қызыл лента (белгі) байланады Ортада сызық немесе белгі қойылады Ойын басталады: Тәрбиеші: «Бастаймыз!» деген белгі береді Екі топ арқанды өз жағына тартады Қай топ қарсылас топты өз жағына қарай тартып өткізсе, сол топ жеңімпаз болады **(Дене шынықтыру)**	ата алса, сол асықтарды атып жеңімпаз атанады. **(Дене шынықтыру)**		жағына қарай тартып өткізсе, сол топ жеңімпаз болады **(Дене шынықтыру)**	Әр бала алдында 9ұяшық болады. Әр ұяшықта 1 құмалақтан тұрады. Балалар кезекпен бір ұяшықтан бастап, құмалақтарды келесі ұяшықтарға бір-бірден салып отырады (сағат тілімен). Қарсыластың ұясына келген соң, соңғы құмалақ түскен ұяшықта жұп сан болса – сол құмалақтарды жинайды. Кім көп құмалақ жинаса – сол жеңімпаз. **Дамытушылық бағыт:**Санау (1-ден 9-ға дейін) Сағат тілі бойынша жүруді үйрену Кезекпен ойнауды меңгеру Жеңісті, жеңілісті дұрыс қабылдау **(Математика негіздері)**
Балалармен жекежұмыс		қимылды ойындарда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік,көрсетпейді, ережелерді дұрыс сақтауын жетілдіру Нәзік Данелия	сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренеңің бойымен тепе-теңдікті сақтап, жүруін дамыту	аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап, сапта бір-бірінің артынан, әртүрлі бағытта, түрлі тапсырмаларды орындай отырып, шапшаң және баяу қарқынмен жүгіруге талпынбайды.Физикалық	сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренеңің бойымен тепе-теңдікті сақтап, ішінара тепе-теңдікті сақтап, жүруін

		Тоқтамыс Алдияр	қозғалысын дамыту. Әуелбек Мансұр	жетілдіру Ниетбай Адель	
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен		«Эстафеталық лабиринт»Ептілік, бағдарлау және уақытпен жарысу қабілетін арттыру. **Шарты:** Балалар кезекпен лабиринттен өтіп, таяқшаны келесі ойыншыға береді.	«Ғарыш сапары» Қиялды, бағыт-бағдар сезімін дамыту. **Шарты:** Балалар «ғарыш кемесі» рөлінде станциялардан өтеді, әр станцияда тапсырма орындайды (секіру, еңбектеу, лақтыру).	«Кодты жеткіз» Жүгіру жылдамдығы мен зейінді дамыту. **Шарты:** Бір бала «код» (қағаз) алып, кедергілерден өтіп командаласына жеткізеді, команда оны әрі қарай жалғастырады	«Мылтықсыз мергендер» Дәлдік, көз мөлшерін және қол бұлшық етін дамыту. **Шарты:** Балалар допты немесе қапты нысанаға дәл тигізеді, әр түрлі қашықтықтан.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Топтағы табиғат бұрышын тамашалатуды үйрету.	Балаларды орталықтарға бөлу.	Көлеңке театрымен таныстыру, көлеңке	Қуыршақ театрының кейіпкерлерінен ата,	Топтағы табиғат бұрышын

(қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**(Қоршаған ортамен танысу) Үстел үсті театры** Үстел үсті театрымен таныстыруды жалғастыру, кейіпкер аттарын қайталату**.(Көркем әдебиет)**	Қалаулары бойынша дербес шығармашылық әрекеттер ұйымдастыру. **(мүсіндеу) (жапсыру)**	театрының кейіпкерлерінен ата, апа бейнесін танып атау, сәлемдесу, қоштасу сөздерін айтуды үйрету **(Көлеңке театры) Құм терапиясы** Құм терапиясымен таныстыру, құммен ойнаудың алғашқы техникасын үйрету.	апа, ана, әке бейнесін танып атау, сәлемдесу, қоштасу сөздерін айтуды үйретуді пысықтау **(Көркем әдебиет)** ойыншықтармен ойынойнауын жетілдіру **(Құрылыс ойындары)**	тамашалатуды үйрету. **(Қоршаған ортамен танысу) Үстел үсті театры** Үстел үсті театрымен таныстыруды жалғастыру, кейіпкер аттарын қайталату**.(Көркем әдебиет)**
Балалардыңүйгеқай туы	**Өнегелі 15-минут:**Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).				

Тәрбиеші:А.Жумагулова

Г.Болат

Әдіскер_____ Атыгаева А.Т.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Мектепалды «Күншуақ» тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 09.09 - 13.09. 2024 жыл II апта
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
Өзіне-өзі қызмет көрсету

Күнтәртібі	Дүйсенбі 09.09.2024ж	Сейсенбі 10.09.2024ж	Сәрсенбі 11.09.2024	Бейсенбі 12.09.2024ж	Жұма 13.09.2024ж
Балалардықабылдау	Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! Балалар **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу , шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. **(Музыка)** Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15-минут**:Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозайка және т.б «Күз мезгілі» Суреттер құрастыру Міндеті Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау**.(Құрастыру, сурет салу)**	Жұмбақтар Міндеті Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. Көшелермен шағын үйлер өтеді. Ересектер мен балаларды қала бойына апарады. (Автобус) **(Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)**	Еркін ойын: "Кімнің заттары? " (достарының заттарын анықтау) Міндеті үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Есту, көру, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйрету. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; сөйлем сөздерін бір-бірімен үйлестір. **Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі ,көркем әдебиет)**	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік жайлы әңгімелесу «Бағдаршам» мобильді ойыны Балалар бағдаршамның айналасында тұрады. «Барамыз, барамыз, барамыз» әнінің аудио жазбасы естіледі. Бағдаршам қызыл жасыл немесе сары жалаушаны көтереді. Жасыл сигнал түссе балалар шеңбер бойымен жүреді, қызыл түсте тоқтайды, сары түсте қол соғады. **Қауіпсіздік ережелері**	Еркін ойын: Ойын-жаттығу Міндеті құрастыру мүмкіндігін дамыту; «Мынау кім?» «Мынау не?» «Не істейді?» «Қандай?» деген сұрақтардың мағынасын түсіндіру. «Ә», «Ү», «Ы» , «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету. Тәрбиеші, күтуші, аспазшы, меңгеруші, жақсы, жұмыс істейді**.(Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)**
Ертеңгілік жаттығу	**«Менің Қазақстаным»** әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	Сапта бір-бірінің артынан шеңбер бойлап жүру, қолды екі жанына созып аяқтың ұшымен жүру, қол белден ұстап аяқтың өкшемен жүру. Жүгіру қолды кеуде тұстан ұстап аяқтың ұшымен жүгіру.тыныс алу жаттығулары. 1. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, басты оңға,солға иілу 5-6 рет 2. Б.қ. аяқты алшақ қойып, қолды алдыға созып , кезек-кезек айқастыру 5-6 рет. 3. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, белді оңға,солға иілу 5-6 рет.				

	4. Б.қ.аяқты қосу, аяқтың ұшын көтеріп, қолды алдыға созу б.қ. келу 5-6 рет. 5. Б.қ. аяқты қосу, қол белде, тізені сәл бүгіп тік тұру 5-6 рет. 6. Б.қ. аяқты қосу қол белде, орында тұрып аяқты қайшылап секіру 5-6 рет. Тыныс алу жаттығулары.2-3 рет.				
Таңғыас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Нан, ботқа, дәмді, тамағыңды ішеміз, ас болсын! **(Сөздік минимум)** **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылғанісәрекетке дайындық	**2-ші апта дәйек сөзі!** «Шебердің қолы алтын.»				
	«Кітаптар жәрмеңкесі» Апта бойы балалардың жасаған кітаптарынан жәрмеңке ұйымдастырып, басқа топтардың балаларын шақырып тамашалату. Кіші топтан келген балаларды кітап жасау шеберханасына шақырып, кітап жасауды үйрету. **(Сөйлеуді дамыту, қоршаған әлем)**	«Менің сүйікті кітабым» Балалармен отбасында оқыған кітаптарын талқылау. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге үйрету. **(Сөйлеуді дамыту)**	«Кітаптағы кейіпкер» Топқа ертегі кейіпкерлері келеді, балалар сәлемдесіп, қай кейіпкер екенін, қай кітаптан екенін табады. Бірлесіп кейіпкерлер ұсынған ойындарды ойнайды. Кейіпкерлердің кітаптағы сөздерін тауып, жалғасын айтады. **(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	«Кітап неден жасалған?» балалардың өз ойларын айту, тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен соңын ойдан шығара білуге үйрету. **(Сөйлеуді дамыту)**	Кітаптардан балалардың сұранысы бойынша ертегі, тақпақтар, әңгімелер оқып беру. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, балалардың мазмұндауын үйрету. **(Көркем әдебиет)** Кітаптарды санау, беттестіру арқылы биіктігі бойынша, қалыңдығы бойынша салысытыру. **(Математика негіздері)**
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:**Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру,	**Математика негіздері** **Міндеті:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте	**Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере»,

	сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтай алуға дағдыландыру. «Сөз неден тұрады? Буынды табайық!» Д/Ойын: «Сиқырлы сөздер» Тәрбиеші сөз айтады, ал балалар сол сөзді 1, 2 немесе 3 рет шапалақтайды. Мысалы: Доп – 1 шапалақ Ал-ма – 2 шапалақ Ба-ла-пан – 3 шапалақ Тәрбиеші қорытындылайды: – Сөз бөліктерден тұрады. Бұл бөліктер – буындар деп аталады. Әр буында міндетті түрде дауысты дыбыс болады Ойын: «Буынға бөл!» Тәрбиеші суреттер көрсетеді: алма кітап арба қоян машина торғай	орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Д/Ойын: «Қайда тұр?») Үстелге ойыншықтар қойылады: аю, қоян, доп. Сұрақтар: – Доп қоянның қай жағында тұр? (оң жағында). – Аю қоянның қай жағында? (сол жағында). – Доп қайда орналасқан? (төменде). – Қоянның жоғарысында не бар? Д/Ойын: «Бағытты тап!» Тәрбиеші қолына бағыт көрсететін стрелкаларды ұстайды. Балалар стрелкаға қарап әрекет жасайды: солға қарай бұрыл оңға бір қадам жас жоғары қолыңды көтер төмен еңкей Музыкамен өткізуге болады. Ойын: «Жолмен жүр!»	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:**Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрете отырып сөздік қорын қалыптастыру. Ойын: «Сиқырлы қораптан не шықты?» Тәрбиеші қораптан сурет карточкаларын шығарады: алма, бала, қоян. Сұрақтар: – Бұл не? – Оның атауы қанша буыннан тұрады? – Бірінші буын қандай? Балалар жауап береді. Мақсат – сөзді буындарға бөліп айтуға үйрету. Ойын: «Буындарды біріктіріп сөз жасаймыз» Балаларға әртүрлі буын карточкалары беріледі. Мысалы: «ба», «ла», «ма», «ша», «лы». Тапсырма: Бірнеше буынды қосып, сөз құрастыру: «ба» + «ла» → «бала» «ма» + «ша» → «маша» Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды: – Бұл сөз не дегенді білдіреді?	болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылығын қалыптастыру Балаларға сұрақтар: – Бұл не? – Бұл затқа қандай сөз сәйкес келеді? – Ол не үшін қажет? Балалар жауап беріп, сөздің мағынасына қызығушылық танытады. Д/Ойын: «Сурет пен сөзді сәйкестендіру» Әр балаға немесе топқа сурет карточкалары беріледі. Тәрбиеші сөз карточкасын көрсетеді, балаларға сұрақ: – Бұл сөзге қандай сурет сәйкес келеді?	«шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Ойын: «Бұл кім маған?» Тәрбиеші отбасы бейнеленген үлкейтілген суретті көрсетеді. Сұрақтар: – Мынау кім? (әке) – Ол саған кім болады? (әке) – Ал бұл? (апа) – Ол саған кім? Балалар өз отбасындағы мүшелерді атайды. Ойын: «Туыстық атауларды табайық» Тәрбиеші карточка көрсетеді: Бауыр – бір әке-шешеден туған ұлдар немесе қыздар Ағайын – бір атадан тараған адамдар Туыстар – жақын адамдар

	Балалар тапсырма орындайды: Сөзді айтады Буындарға бөледі Неше буын бар екенін көрсетеді Мысалы: – Ал-ма → 2 буын – Кі-тап → 2 буын – Ма-ши-на → 3 буын Ойын: «Шапалақтап буын тап» Тәрбиеші сөздерді айтады, балалар буын санына сәйкес: 1 шапалақ 2 шапалақ 3 шапалақ Сөздер: торт, қоян, арба, құлын, асхана, дәптер, айран. Үстел үсті ойын: «Буындарды құрастыр» Тәрбиеші алдын ала дайындалған карточкаларды береді: ал – ма ба – ла бо – та қы – ра – н Балалар карточкаларды	Еденге түзу және ирек жолдар жасалады. Тапсырма: Солдан оң жаққа жүр Оңнан сол жаққа қайт Алға 3 қадам жаса Артқа қарай 2 қадам жаса Жоғары қолыңды созып тоқта Балалар жол ережесін дұрыс орындайды. Ойын: «Ойыншықты орнына қой!» Балаларға ойыншық беріледі. Тәрбиеші: Аюды оң жаққа қой Допты жоғарыдағы сөреге қой Қоянды төмендегі қорапқа сал Машинаны сол жаққа апар Д/Ойын: «Паровоз жолда» Балалар тізіліп пойыз болып тұрады. Тәрбиеші командалар береді: Алға! – поезд қозғалады Артқа! – артқа жүреді Оңға бұрыл! Солға бұрыл! Жоғары! – қолдарын көтереді	– Оны қалай қолдануға болады? Ойын: «Сөз құпиясы» Сиқырлы қорапқа буын карточкалары салынады. Балалар кезекпен қораптан буын шығарады. Бірі шыққан буындардан сөз құрастырады. Егер толық сөз шықпаса, басқалар қосымша буын қосады. Ойын: «Суретпен сәйкестендіру» Сурет карточкалары таратылады (мысалы: алма, қоян, үй, машина). Балалар буын карточкаларын қосып, суретке сәйкес сөз құрады: «ал» + «ма» → алма «қо» + «ян» → қоян Ойын: «Буындар шеруі» Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші бір буынды айтады: «ба», «ла», «ма»… Балалар буынды қайталайды, содан кейін бірге толық сөз жасайды: «ба» + «ла» = «бала». Музыка қосылады, балалар буын айтқанда қозғалады, сөзді жасағанда секіреді.	Балалар сөзді суретке жапсырады немесе көрсетеді. Қосымша: сөздің неге сол суретке сәйкес екенін ауызша түсіндіру. Д/Ойын: «Сөздерді табамыз» Тәрбиеші бірнеше зат немесе әрекет атайды: «Алма, кесе, құс, жүгіру» Балалар затты немесе әрекетті көрсетуі керек. Әр сөздің мағынасын қысқаша айту: – Алма – жеміс, қызыл немесе жасыл болады. – Құс – аспанда ұшып жүретін жануар. Ойын: «Сөзбен әңгіме» Балаларға бірнеше сөз карточкасы беріледі: «бала», «ит», «дом»	Немере – ата-әженің баласының баласы Шөбере – немересінің баласы Балалар суреттен көрсетіп, ара жігін ажыратады. Қарапайым тілмен түсіндіріледі. Ойын: «Кім кімге?» Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші доп лақтырып сұрақ қояды: – Сенің бауырың бар ма? – Сенің немере ағаң бар ма? – Ағайындарың кімдер? – Отбасында кімдер жиі жиналады? Балалар жауап береді. Ойын: «Жеті атамды құрастырамын» 5 жастағы балаға жеңілдетілген нұсқа ұсынылады: ата әке мен Тәрбиеші толық «Жеті ата» ұғымын түсіндіреді (жай, қысқа):

	біріктіріп дұрыс сөз құрайды. Содан соң неше буын бар екенін айтады. Д/Ойын: «Қай буын жоғалды?» Тәрбиеші сөзді толық айтады, бірақ карточкада бір буын түсіп қалған болады. Мысалы: қара-… (қо) бо-…-қа (та) кі-… (тап) Балалар жетіспейтін буынды тауып, сөзді толықтырады. «Буынмен билейік**!»** Музыка қосылады. Тәрбиеші буынмен сөз айтады, балалар буын санына сәйкес қимыл жасайды: 1 буын – секіру 2 буын – екі қадам 3 буын – айналу Мысалы: «күн» – 1 қимыл «қо-ян» – 2 қимыл «ар-ба» – 2 қимыл «ба-ла-пан» – 3 қимыл Ойын: «Буын пойызы» Балаларға буын	Төмен! – отырады Бұл ойын қозғалыс бағытын нақты қозғалыспен бекітеді. Ойын: «Суреттегі бағыт» Сюжеттік сурет көрсетіледі (ойын алаңы, үй, көл, ағаш). Сұрақтар: – Үйдің оң жағында не орналасқан? – Ағаш жоғарыда ма, әлде төменде ме? – Құстар қай жақтан қай жаққа ұшып бара жатыр? – Өзен алдыңғы жақта ма, әлде артта ма? Балалар сурет бойынша бағытты анықтайды. «Жоғары – төмен» Музыка қосылады, балалар тәрбиешінің командаларын орындайды: Жоғары секір! Төмен отыр! Оң жаққа бұрыл! Сол жаққа иіл! Алға бір қадам! Артқа бір қадам! Ойын: «Дұрыс бағытты көрсет!») Тәрбиеші бағыт көрсетеді, балалар бірге айтады:	Ойын: «Кім дұрыс құрады?») Балалар әрқайсысы кезекпен бір сөз құрастырады. Тәрбиеші дұрыс буындарды біріктіргенін мақтап, сөздік қорын арттыруға мән береді. **Мүсіндеу** **Жапсыру** **Сурет салу** **Құрастыру.** **Міндеті:**Сюжеттерде қарапайым мағыналы бейнелерді байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу арқылы қалыптастыру. . Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді ажыратуға үйрету. Шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және	Балалар өздеріне берілген сөздерді пайдаланып қысқа әңгіме құрады. Тәрбиеші сұрақ қояды: – Бала не істеді? – Ит қайда жүрді? – Үйдің ішінде не болды? Ойын: «Сөзбен сурет салу» Балаларға сөз беріледі: «күн», «гүл», «құс» Сол сөзді суретпен көрсету (қолмен салу немесе қимылмен көрсету) Балалар сөзді айтып, суретке немесе қимылға сәйкес әрекет жасайды. Ойын: «Сөздерді есте сақтаймыз» Тәрбиеші сөз айтады: «Алма», «Ит», «Бала», «Кесе» Балалар сол сөзге сәйкес суретті	– Қазақта әр адамның жеті атасын білуі керек деп айтады. – Бұл – туыстықты, жақындықты, тектілікті білдіреді. Балаларға дайын сызбадан 3–4 буынды орналастыру ұсынылады. Д/Ойын: «Отбасылық дәстүрлер**»** Сюжеттік суреттер: Туған күн Наурыз Бесікке салу Тұсау кесу Тәрбиеші сұрақ қояды: – Бұл қандай мереке? – Бұл мерекеде не істейді? – Отбасы қалай жиналады? Балалар өз отбасындағы мерекелерді айтады. Д/Ойын: «Дауысқа қарай тап» (әзіл-ойын) Тәрбиеші жанұя мүшелерінің рөлін орындайды: – «Балам қайдасың?» – «Қарағым, бері кел!» Балалар кімнің дауысын

	карточкалары таратылады. Әр бала өзіндегі буынды айтады және басқа буындармен «пойыз» құрап, сөз жасайды. Мысалы: ба – ла – пан ар – ба ал – ма **Математика негіздері** **Міндеті:** Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Д/Ойын: «Не өзгерді?») Тәрбиеші 3 таяқша көрсетеді: ұзын, орташа, қысқа. Балалар көздерін жабады. Бір таяқша орнын ауыстырады. Сұрақ: "Қайсысы өзгерді? Ол ұзын ба, қысқа ма?" Балалар жауап береді.	Бұл — оң жақ Бұл — сол жақ Бұл — жоғары Бұл — төмен Бұл — алға Бұл — артқа Балаларға қысқа тапсырмалар беру: – Қолыңды оң жағыңа қой. – Сол жағыңа бұрыл. – Дәл алдыңнан не көріп тұрсың? **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасынжәне соңын ойдан шығару дағдысын дамыту Ойын: «Сиқырлы бастама» Тәрбиеші сиқырлы қораптан карточка шығарады: Мысал бастамалар: «Бір күні орманда кішкентай қоян серуендеп жүр еді...» «Орманда жол тауып алмай жүрген бір бала бар еді…»	сопақша пішіндерді қиып алуға дағдыландыру. Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Д/Ойын: «Сиқырлы қорап не айтады?» Қораптан түрлі заттардың шағын үлгілері шығады: кесе, алма, ойыншық көлік, сәбіз. Сұрақ жауап: – Бұл заттардың қайсысы үлкен? – Қайсысы сопақша? – Қайсысы домалақ? – Көлік алманың қай жағында тұр? Балалар кеңістіктік қатынастарды қолдана отырып жауап береді. Ойын: «Көкөніс базары» Балаларға жемістер мен көкөністердің суреттері ұсынылады. Тапсырма: Затты қарап отырып мүсіндеу Пішінін сипаттау: сопақша	көрсетеді немесе ауызша сипаттайды. Тәрбиеші қорытындылайды: – Әр сөздің өз мағынасы бар. – Сөзді білсек, заттарды, әрекеттерді жақсы түсінеміз. **Математика негіздері** **Міндеті:** Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге	салғанын табады: ата, әже, ана, аға, апа. «Тату отбасы» Музыка әуенімен қимылдар: – Аға – биік тұрады – Іні – секіреді – Әже – жай қозғалады – Әке – күш көрсетеді – Тату отбасы – қол ұстасып шеңбер жасайды Д/Ойын: «Менің отбасым – менің мақтанышым» Балалар бір сөйлемнен айтады: – Менің ағам бар. – Менің апам мейірімді. – Мен туыстарымды жақсы көремін. – Біздің отбасымыз тату. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Себеп-салдарлық байланыстарды, жануарларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма

	заттардың ұзындығы әртүрлі болады. Ойын: «Ұзын – қысқа» Балалардың алдына 5 таяқша қойылады (әртүрлі ұзындықта). Тапсырма: ең ұзын таяқшаны табу ең қысқасын табу бәрін өсу ретімен орналастыру (қысқадан ұзынға) бәрін кему ретімен орналастыру (ұзыннан қысқаға) Ойын: «Биік – аласа» Құрылыс кубиктерінен 5 мұнара жасалады. Тапсырма: Балалар: ең биік мұнараны табады ең аласа мұнараны табады барлық мұнараны биіктігіне қарай ретімен орналастырады Қосымша: «Мұнараларды биіктету» – кубиктер қосу арқылы мұнараны көтеру.	«Түлкі бір таңертең оянып қараса, оның үйі жоғалып кетіпті…» Балалар тыңдайды. Тәрбиеші: – Балалар, бұл оқиға қалай жалғасуы мүмкін? Кәне, бірге ойлап көрейік! Д/Ойын: «Әңгімені жалғастыр!» Тәрбиеші оқиғаның басын айтады, балалар жалғасын ойдан шығарады. Ересек жетекшілік етеді: бағыттаушы сұрақтар қояды. Сұрақтар үлгісі: – Қоян кімді кездестірді? – Ол не істеді? – Қандай қиындық болды? – Оған кім көмектесті? Балалар оқиғаның орта бөлігін құрайды. Ойын: «Соңын тап!» Тәрбиеші әңгіме желісін орта тұсына дейін айтып береді: Мысал: «Бала жолда келе жатып, үлкен және жарқыраған кілт тауып алды. Бірақ бұл кілттің қай есікті ашатынын білмеді…»	ма, домалақ па, ұзын ба, жуан ба Ерекшелігі: сабағы, түймесі, жапырағы Үлгі: Сәбіз – ұзын, жіңішке, ұшы сүйір Алма – домалақ, жапырағы бар Қияр – сопақша, ұзындау Балалар мүсіндерін «базарға» қояды. Ойын: «Пішін дүкені» Балаларға шаршы мен тіктөртбұрыш беріледі. Тапсырма: Бұрыштарын дөңгелектей қию → дөңгелек Бұрыштарын сопақша пішінге келтіру → сопақша Осы пішіндерден қарапайым зат бейнелерін құрастыру: Доп табақ күн жұмыртқа Балалар қиған пішіндерін қағазға жапсырады. сурет салуОйын: «Суретім сөйлесін!» Тәрбиеші сюжет бастамасын айтады:	жаттықтыру. Д/Ойын: «Сиқырлы қораптан не шықты?» Тәрбиеші қораптан дөңгелек пен тіктөртбұрышты шығарады. Сұрақтар: – Мынау қандай пішін? (дөңгелек) – Бұл қандай пішін? (тіктөртбұрыш) – Екеуінің қандай айырмашылығы бар? Балалардың жауабы тыңдалады. Сосын қораптан сопақша пішін шығарылады. – Бұл жаңа пішін – сопақша. – Ол дөңгелекке ұқсайды, бірақ созыңқы. – Тіктөртбұрыш сияқты бұрыштары жоқ.	кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалауды дамыту. Ойын: «Бұл кім? Неше түрлі?») Тәрбиеші екі суретті көрсетеді: Шынайы қоян Ертегідегі қоян кейіпкері Сұрақ: – Екеуінің айырмашылығы қандай? Балалар жауап береді. Түйін: – Ертегідегі қоян сөйлейді, ойлайды, адамша әрекет етеді — бұл кейіпкер. – Ал табиғаттағы қоян – шынайы жануар. Ойын: «Ертегіні тыңда және сұраққа жауап бер!» Тәрбиеші қысқа ертегі үзіндісін оқиды (мысалы: *«Түлкі мен қоян»* ертегісінің шағын нұсқасы).Неге қоян қорықты? Қоян неге ағаштың артына тығылды? Түлкі не үшін қуанып

	Ойын: «Ені қалай?» (Кең – тар) Тәрбиеші 5 жолақты көрсетеді (кеңінен тарқасына дейін). Балалар: жолақтарды кеңінен тарқасына қарай орналастырады «Қай жолақ кең? Қай жолақ тар?» сұрақтарына жауап береді Ойын: «Жуан – жіңішке» 5 түрлі түтіктер немесе қарындаштар беріледі: жуаннан жіңішкесіне қарай. Тапсырма**:** ең жуанын табу ең жіңішкесін табу бәрін шамасына қарай реттеу **«**Өлшемдер биі» Тәрбиеші айтады: «Биік!» – балалар қолдарын жоғары созады «Аласа!» – еңкейеді «Ұзын!» – бір қолды алға созады «Жуан!» – қолды кең	Балалар: Оқиғаның соңын ойдан шығарады. Жауаптар тыңдалып, ең қызықты нұсқалар біріктіріліп қысқа әңгіме жасалады. Ойын: «Кейіпкер таңда!» Тақтада 5 кейіпкердің суреті тұрады. Балалар ішінен 2 кейіпкерді таңдап алады да, сол екеуіне байланысты шағын оқиға ойлап табады. Мысалы: – Қоян мен мысық достасыпты… – Аю мен бала орманда адасып қалыпты… Бұл ойын шығармашылық қиялды жақсы дамытады. Ойын: «Қайда өтті?» Балаларға түрлі орындардың суреттері көрсетіледі: Орман Үй Өзен жағасы Жол Тау Балалар оқиғасының өтетін орнын таңдайды һәм соған сәйкес оқиғаны	**Мысалы:** – «Үлкен ағаштың жанында кішкентай қоян отыр. Астыңғы жақта саңырауқұлақтар өсіп тұр, ал жоғарыда құс ұшып жүр.» **Тапсырма:** Балалар осы сюжет бойынша сурет салады, заттардың кеңістіктік орналасуын дәл көрсетуі керек. – Қоян ағаштың алдында ма, артында ма? – Құс қайда орналасады? – Аспан қайда болады? құрастыру Ойын: «Шығармашылық қалашық» Конструктор бөлшектерімен балалар шағын қалашық немесе дүкен, асүй, саябақ құрастырады. Тапсырма: Бірлесіп жұмыс жасау Өз құрылыстарында кеңістікті көрсету: жолдың жанында үй үйдің алдында ағаш көпірдің астында өзен Құрастырып болған соң әр топ өз жұмысының шағын әңгімесін айтады.	Ойын: «Жаңа пішінді тап!» Үш пішін қатар қойылады: дөңгелек – сопақша – тіктөртбұрыш Балалар сопақшаны табады және оны екі пішінмен салыстырады: Дөңгелектей домалақ, бірақ созылған. Тіктөртбұрыш сияқты ұзындау, бірақ бұрыштары жоқ. Д/Ойын: «Пішіндерді үйлеріне орналастыр» Тақтада үш үй бар: Домалақтар үйі (дөңгелек, сопақша) Бұрыштар үйі (шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрыш) Денелер	қалды? Соңында не болды?. Ойын: «Кейіпкерді тап және бағала!» Балаларға бірнеше кейіпкер суреті ұсынылады: қоян – түлкі – қасқыр – аю Тәрбиеші сипаттама береді: «Айлакер, қу әрі қулық жасайды» → балалар түлкіні табады «Жұмсақ, қорқақ, бірақ мейірімді» → қоян «Үлкен, күшті, бірақ кейде момын» → аю Кейіпкер іс-әрекетін бағалау: Смайликтер беріледі: ☺ – жақсы, ☹ – жаман. Тәрбиеші сұрайды: – Түлкінің іс-әрекеті дұрыс па? (балалар смайлик таңдайды) – Қоян неге бұлай жасады? – Аю көмектесті ме? Балалар өз пікірін айтады. Ойын: «Әдемі сөздер әлемі»

	ашады «Жіңішке!» – денені қысады Музыкамен орындалады. Ойын: «Өлшемдер базары») Алдарында әртүрлі заттары бар үстел қойылады: қарындаштар, жолақтар, таяқшалар, мұнаралар. Тапсырма**:** Балалар тәрбиешінің берген «тапсырмаларын» орындайды: «Маған ең ұзын таяқшаны әкел» «Екі биік мұнарадың бірін көрсет» «Үшінші кең жолақты тап» «Заттарды кему ретімен қой» **Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)	жалғастырады. «Ертегі кейіпкерлерін бейнеле» Музыка қосылады, балалар әр кейіпкердің қимылын салады: Қоян – секіреді Аю – ауыр басады Түлкі – жымыңдайды Құс – қанат қағады Бұл сергіту сәті әңгімені эмоциялық түрде жалғастыруға көмектеседі. Ойын: «Біздің ортақ ертегі» Тәрбиеші балалармен бірге бір ортақ ертегі құрайды: бастаманы тәрбиеші айтады әр бала бір сөйлеммен жалғастырады соңында бәрі бірге ертегіні аяқтайды **Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:** Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор,	**Дене шынықтыру** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	әлемі(шар, текше, цилиндр) Балалар пішін мен денелер карточкаларын өз үйлеріне орналастырады. Д/Ойын: «Қолмен таны» Сезіну ойыны Тәрбиеші қапшыққа пішіндер мен денелер салады. Бала қолымен сипап тұрып: – "Бұл домалақ па? Бұрышы бар ма?" деп guess жасайды. Шарт: пішінді тек қолмен сезу арқылы табу. Ойын: «Кім тез табады?» Балаларға әр түрлі пішіндер таратылып беріледі. Тәрбиеші айтады: – Дөңгелекті көтер! – Сопақшаны	Тақтаға әсем сөздер жазылған карточкалар ілінеді: айлакер түлкі батыл қоян зор аю қулық жасаған түлкі қорқақ қоян ақылды аю Балалар қай сөз қай кейіпкерге сай болатынын таңдайды. Тәрбиеші түсіндіріп өтеді: – Бұл сөздерді эпитеттер немесе сипаттамалар деп атаймыз. Олар сөйлемді көркем, мәнерлі етеді. Ойын: «Себебі – салдары» Балаларға карточкалар беріледі: Себеп: Түлкі қоянның үйіне келді. Қоян қатты қорықты. Аю қоянды көрді. Салдар: Қоян қашып кетті. Аю оған көмектесті. Түлкі қуанып қалды. Балалар себеп пен

	Дене тәрбиесі (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Қауіпсіздік ережелері Телефонды ұзақ ұстама! Теледидарға тым жақын отырма! Компьютер мен телефонды тек ересекпен бірге қолдан! Көзге жақын ұстама! Бейтаныс адамдарға телефон арқылы ақпарат айтпа! Ғаламторда ересектердің рұқсатынсыз ештеңе ашпа! Ойындар мен жаттығулар: “Кім не істейді?” ойыны Өткізілуі: Тәрбиеші суреттерді көрсетеді (өрт сөндіруші, дәрігер, полицей, т.б.). Сұрақ қояды: — Бұл кім? Не істейді? Қай көлікпен жүреді? **Мысалы:** — Бұл — өрт сөндіруші. Ол өртті сөндіреді. Ол өрт сөндіру көлігімен жүреді. **“**Артық затты тап” ойыны Өткізілуі: Сөздер тізбегі беріледі:		көрсет! – Үшбұрышты тауып ал! – Цилиндрді көрсет! Балалар тез жауап береді. Д/Ойын: «Неден жасалған?» Балалар пішіндерге сәйкес затты атайды. Дөңгелек → күн, доп, сағат Сопақша → жұмыртқа, айва, табақтың ортасы Шаршы → терезе, қорап Тіктөртбұрыш → кітап, телефон Шар → доп, глобус Текше → лего кубик Цилиндр → стақан, қағаз орамы «Пішіндер билейді» Музыка ойнайды. Тәрбиеші пішіндер атайды,	салдарды дұрыс сәйкестендіреді. «Жануарлар қалай қозғалады?» Музыка қосылады. Тәрбиеші айтады: – Қоян секіреді → балалар секіреді – Аю жүрісін көрсетеді → балалар ауыр басады – Қасқыр ұлығандай → балалар дыбысын салады – Түлкі ақырын басады → балалар жымиып жүрісін салады Ойын: «Кейіпкерге кеңес бер!») Тәрбиеші сұрақ қояды: – Қоян дұрыс жасады ма? Неге? – Түлкіге не айтуға болады? – Аюдың әрекеті қандай? **Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:** Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен

		Теледидар, ұялы телефон, банан, компьютер — Артық зат? (Жауап: банан – техника емес) “Мен не істеймін?” ойыны Мақсаты: Құрылғыны қолдану әрекетін айту. Мысалы: Мен теледидарды не үшін көремін? Компьютермен не істейміз? Телефонмен не істейміз? Суретпен жұмыс: Тапсырма: Сурет бойынша әңгіме құрау. Мысалы: "Өрт сөндіру көлігі өртті сөндіріп жатыр. Ішінде өрт сөндіруші отыр. Оның басында дулыға бар." **Қазақ тілі** **Міндеті:** Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің		балалар денелерімен бейнелейді: Дөңгелек – қолдарын дөңгелете Сопақша – денені созып Үшбұрыш – қолдарын жоғары көтеріп Шаршы – төртбұрыш жасайды Шар – домалап көрсетеді Д/Ойын: «Пішіндер базары» Балаларға пішіндер қоймасы ұсынылады. Тәрбиеші тапсырма береді: – Маған сопақшаны әкел. – Үшбұрыш пен шаршыны бірге көрсет. – Шарды және цилиндрді салыстыр. – Текшені тауып	мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. "Еңбек деген не?" – "Жауапкершілікті қалай көрсетеміз?" – "Өзіңе сенімді болу деген не?" Ертегі / Мультфильм көру: ″Құмырсқа мен Шегіртке" ертегісі Құмырсқаның еңбекқорлығы мен жауапкершілігі талқыланады. Балалардан не ұнады, не ұнамады, кім дұрыс істеді деп сұрау. Жағдаяттық ойын: "Егер сен..." ойыны: "Досың ойыншықтарын жинамай кетті. Не істейсің? ″Ата-анаң үй жинап жатса, сен не істейсің?" Балалар жауап беріп, еңбекқорлық пен жауапкершілік танытудың үлгісін көрсетеді. **Айнамен жұмыс (**өзіне сенімділікті арттыру): Балалар айнаға қарап:

		көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Сұрақ жауап: «Балалар, сендер қазақтың ұлттық киімдерін білесіңдер ме?» «Мысалы, тойда немесе Наурызда қандай киім киеміз?» Тәрбиеші ұлттық киімдердің суреттерін көрсетіп, әрқайсысының атауы мен кімге арналғанын түсіндіреді. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды:«Балалар, сендер қазақтың ұлттық киімдерін білесіңдер ме?» «Мысалы, тойда немесе Наурызда қандай киім киеміз?» Тәрбиеші ұлттық киімдердің суреттерін көрсетіп, әрқайсысының атауы мен кімге арналғанын түсіндіреді. Ойын атауы: «Қуыршақты		маған бер. **Сөйлеуді дамыту Міндеті:** ұқсас дауыссыз б-п, дыбыстарды дұрыс,анықайтуды ыүйрету. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді затесімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Б–п, дыбыстарын ажыратып айтуға үйрету. Дыбыстарды сөздің басында, ортасында, соңында дұрыс айту. **Тапсырмалар:** «Тыңда да тап» ойыны: тәрбиеші сөзді айтады, балалар қай дыбысты естігенін атайды. «Сөз ойла» – берілген	"Мен еңбекқормын!" "Мен бәрін жасай аламын!" "Мен жақсы баламын!" – деген аффирмациялар айтады. **Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)

		дұрыс киіндір» Балаларға қуыршақтар (ұл және қыз) беріледі. Қасына ұлттық киімдердің бөліктері қойылады. Балалар киімдерді таңдап, қуыршақты дұрыс киіндіреді. Киіндіру барысында тәрбиеші сұрайды: «Бұл қандай киім?», «Ол кімге арналған?», «Қайда киіледі?» Қосымша: Балалар бір-біріне қарап, қуыршақты таныстырады: «Бұл – Айша. Ол сәукеле киді, себебі ол ұзатылып жатыр.» «Бұл – Әли. Ол шапан киді, себебі ол атасының тойына бара жатыр.»		дыбыстан басталатын сөздер табу. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын дамытуды арттыру. Кітап – білім бұлағы Балаларды кітаппен таныстыру, кітаптың құрылысы мен безендірілуін түсіндіру. Кітапты күтіп ұстауға үйрету. Тапсырмалар: «Кітапхана қонағы» – түрлі кітаптарды көрсету, беттерін ашып безендірілуін қарау. Суреттер бойынша шағын	

				әңгіме құрастыру.	
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Ересектердің жұмысын бақылау.** Аула сыпырушы Міндеттер. Ересектердің еңбегі туралы білімдерін кеңейту; аула сыпырушының еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын түсінуге, бағалай білуге тәрбиелеу. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды. - Аула сыпырушыға жазда қандай еңбек құралдары керек? (күрек,сыпырғыш, шелек) - Ол жазда қандай жұмыс істейді? (жолдағы түскен	**Желдің соғуын бақылау.** Жұмбақ. Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел.) Бақылау: балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда көшіп жүруі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, желдің бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; баяу жел, қатты жел, ағаш басының тербелуі; күзбен салыстыру.	**Мысықты бақылау.** Міндеттері. Мысықтың бақылау; мысықтың тіршілігіне қызығушылығын арттыру. Көркем сөзді мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы. Міндеттері. Көркем сөзді мәнерлеп айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа қызығушылықты арттыру. Н. Арынова "Мысығым". Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады,	**Бақшадағы сәбіз бен қызылшаны бақылау.** Міндеттері. Көгөністерді туған өлке, бақша өсімдіктері ретінде көруге ынталандыру; "бақша" ұғымын тиянақтау; салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету; көгөністерге тән ерекшеліктер туралы ойларын бекіту, олардың өсуіне қажетті жағдайларды атау. Зерттеу. Сәбіз бен қызылшаның тұқымын анықтау	**Барқытгүлді бақылау.** Міндеттері: тірі табиғат, өсімдік түрі, барқытгүл жайлы түсініктерін дамыту; гүлдерді сыртқы белгілеріне қарап ажырату дағдыларын қалыптастыру; өсімдіктерге деген тұрақты қызығушылық пен оларды күтіп-баптауға деген ұмтылыс тәрбиелеу. Барқыгүлдер сұлу қандай! Оттай көздері жанғандай. Қажеті не? Гүлді жұлмаңдар,

	жапырақтарды, қоқсықтарды тазалайды) - Аула сыпырушының еңбегі қажет пе? (Балабақша ауласы таза болуы үшін керек). Дидактикалық ойын: «Кімге, не керек?» Мақсат-міндеттер: балаларға адамдарға жұмыс құралдары қажет екенін түсіндіру, өздігінен жұмыс істеуге деген құштарлықты қалыптастыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ауланы сыпыру, тазалау. Міндеттер: аула сыпырушыға тротуарды тазалауға көмектесу. "Қарақұс пен балапандар" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдай білуге дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшаңдыққа,	Тәжірибе. Желге қарсы жүгіру. Қорытынды. Желге қарсы жүгіру қиын. «Желбезекпен жүгіру» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болады. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: тәрбиешіге көмек. Үлкендерге қызмет көрсету. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинау. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестікке, жауапкершілікке баулу. «Айгөлек» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттер: ұжымдық ойында жылдамдықты,	Бойын жазып, керіліп, Беті-қолын жуады. Қасымнан қалмайды, Көзін қысып алдайды. Ойнатсам да күнімен, Ойыны бір қанбайды. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: бақшада піскен көгөністерді жинау. Міндеттері. Көгөністерді қазып алуды үйрету; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу; топпен бірге жұмыс істеуге ұмтылысын тәрбиелеу. "Мысық пен тышқан" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жылдам жүгіруге	(түсі, мөлшері). Топқа (табиғат бұрышына) отырғызу үшін қызылша мен сәбізді қазып алу. Көгөністі көп ектік, Өссін, піссін деп ектік, Көктемде еккен көгөніс, Күзде берді көп өнім. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақшадағы егінді жинау. (еңбек іс-әрекеті) Міндеттері. Көгөністерді қазуды үйрету; шамасы келетін, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке, топпен жұмыс істеуге ұмтылыстарын тәрбиелеу.	Нәзік, хош иісін сақтаңдар. (Д. Ахметова) – Балалар, қалай ойлайсыңдар, бұл гүлдерді неге "барқыт" деп атаған? – Барқытгүл – жаз мезгілінің гүлі, сондай-ақ күздің жылы күндерінде де гүлдей береді. Бұл өсімдік аса күтімді қажет етпейді, күтіп-баптасаң, кез келген жерде өсе береді. – Бұл гүлдер ыстыққа және құрғақшылыққа төзімді, күнді жақсы көреді. Қараңдаршы, қандай әдемі! Түстерін атап көріңдерші. Дұрыс, олар сары және қызғылт сары түсті. Күлтелері толқынды, үлпілдек, барқыт сияқты жұмсақ – сондықтан оларды бархат деп атаған. – Қаламыздың (ауылымыздың) қай

	алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып) тұрады. Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады. Педагог: "Қарақұс!" деп, белгі бергенде "қарақұс" "тауықтың" артында бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады. "Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды. Балапандар қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тізбекті бұзбауға тиіс. Ұсталған балапандарды	күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Айгөлек ойыны кең алаңда өткізіледі. Ойыншылар саны мен жас шамасына қарай екі топқа бөлінеді де, арасы 15-20 метрдей жерде қол ұстасып қарама-қарсы тізбек құрып тұрады. Ойын жүргізуші екі топтың біреуіне кезек береді. Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Бізден сізге кім керек? Тізбек үзілген жағдайда, шабушы ойыншы қарсыластардың бірін өз тізбегіне қосып алады. Тізбек үзілмесе, шабушы -	машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Мысығымыз момақан, Жүреді аулада аңдамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? "Допты түсіріп алма" ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Допты қағып алу біліктілігін жетілдіру; сөздік қорды байыту; заттарды топтастыра білу қабілетін, ой шапшаңдығын дамыту. Балалар шеңберде тұрады, кімнің қолына доп түссе, ол оны түсіріп алмай, келісілген топтамаға жататын заттың бірін атау керек. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене	"Көгөністерді ата" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Көгөністердің атауларын бекітіп, допты қағып алу іскерліктерін жетілдіру. «Айгөлек» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттер: ұжымдық ойында жылдамдықты, күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк	жерлерінен, көшелерінен осы гүлдерді көрдіңдер? – Дұрыс. Барқытгүл аллеяларды, бақтарды, саябақтарды, аулаларды әсемдеуге қолданылады. Олар күн мен жазды еске салады, көз қуантады. – Ал енді, барқыт гүлін қалай өсіреді? – Иә, гүлді суарып тұру керек, топырағын қопсыту қажет, солып қалған гүлдерді алып тастап отыру керек, себебі олар жас бүршіктердің өсуіне кедергі келтіреді. – Барқытгүлдің тұқымдарына қараңдаршы: ұзын, жіңішке таяқша тәрізді, сұрғылт ұштары бар. «Өнегелі тәрбие». Экология. Ересек адамдармен бірге орындалатын

	"қарақұс ұясына" алып кетеді. Екі-үш балапан ұсталған соң, ойын жүргізушілер қайта сайланып, ойын қайта басталады. Тәрбиеші ойынның алдында балалармен қауіпсіздік ережелерін қайталау керек. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың еркін	қарсыластардың тізбегіне қосылады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар ойнау: «Желбезекпен ойын». (дене тәрбиесі) Қолайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл күйде болу. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	тәрбиесі) Міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: 1) сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар: жүгіру техникасын жетілдіру. Міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-	терек, Бізден сізге кім керек? Тізбек үзілген жағдайда, шабушы ойыншы қарсыластардың бірін өз тізбегіне қосып алады. Тізбек үзілмесе, шабушы - қарсыластардың тізбегіне қосылады. "Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттері. Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжығанда мұқият болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.	қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл тұқымын жинау. Міндеттері. Жұмысты бірлесіп орындауға ұмтылысты дамыту, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. «Тауық қорасындағы түлкі» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттер: жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту. Қимылдауда қауіпсіздікті қалағалау. Алаңның бір жағында «тауық қора» орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық,

	ойындары. Балалардың өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) (зерттеу, танымдық, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті, дене тәрбиесі)		әрекеті)	Құралдар: үш-төрт шеңбер. "Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: жүгіру техникасын жетілдіру. (дене тәрбиесі) (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	балапандарды сомдайтын балалар жиналады. Алаңның қарама-қарсы жағында «түлкінің іні» орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Соқыртеке» ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттер. Кеңістікті бағдарлау, тепе-теңдікті сақтау, қимылдарын үйлестіре білуді, бір-біріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру. (дене тәрбиесі) (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-

					әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)
Серуенненоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** Ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, майлықпен сүртіңдер, төкпей-шашпай ішіңдер Нан, сусын, сорпа, дәмді, ащы, тұз, тәтті, ет, балық, тамағыңды іш, ас болсын! Көгөністер көгөніс, сәбіз, қияр, қызанақ. **(Сөздік минимум)**				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру **(көркем әрекет)**	"Көкөністер дауы" ертегісін оқып беру **(көркем әдебиет)**	"Бесік" жырын тыңдату. **(музыка)**	"Не дәмді?" ертегісін оқып беру. **(көркем әдебиет)**	Баяу әуенмен ұйықтату **(музыка)**

Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Ұлттық ойын:** Ұшты-ұшты Ойынның барысы: Тәрбиеші түсіндіреді: – Бұл ойынның аты – «Ұшты-ұшты». Мен қандай да бір ұшатын затты немесе ұшпайтын нәрсені айтамын. Егер мен айтқан нәрсе ұшатын болса – қолдарыңды көтеріп, «Ұшты!» деп айту керек. Ал ұшпайтын нәрсе болса – көтермейсіңдер.. «Ұшты-ұшты – кептер ұшты!» → Балалар қолдарын көтереді «Ұшты-ұшты – мысық ұшты!» → Қол көтеруге болмайды «Ұшты-ұшты – көбелек ұшты**!»** → Қол көтереді «Ұшты-ұшты – кітап ұшты!» → Қол көтеруге болмайды Балалар мұқият тыңдап,	**Ұлттық ойын:** **«Жамбы ату»** Лақтыру құралы: жұмсақ шариктер, қапшықша, кіші доп, не болмаса арнайы жасалған садақ (қауіпсіз түрі) Тұру сызығы — балалар қай жерден ату керегін . Бұрын батырлар ат үстінде отырып, алыстағы нысананы (жамбыны білу үші. Ойынның барысы: Балалар кезекпен тұру сызығына келеді. Алда тұрған нысананы (жамбыны) көздеп, жұмсақ доп немесе басқа қауіпсіз затпен лақтырып атуға тырысады. Кім дәл тигізсе — сол ұпай алады немесе жеңімпаз атанады. Әр балаға 2–3	**Ұлттық ойын:** «Бөрік тасу» Ойынның түсіндірмесі: – Балалар, бұл – «Бөрік **тасу»** деп аталатын қызықты ұлттық ойын. Бұл ойында шапшаң жүгіріп, бөрікті тез жеткізу керек. Кім тез әрі бөрікті түсірмей апара алса – сол жеңімпаз! **Ойынның барысы:** Балалар 2 топқа бөлінеді (немесе кезекпен жеке де ойнауға болады). Әр топ кезекпен бір бөрікті басына немесе алақанына қойып, белгілі бір қашықтықтағы белгіге дейін жүгіріп барып, қайтып келеді. Бөрікті түсіріп	**Ұлттық ойын:** **«Ақ сүйек»** Ойын ережесі (балабақшаға бейімделген жеңіл түрі): Балалар екі топқа немесе жеке-жеке ойнауға дайындалады. Тәрбиеші немесе бір бала «Ақ сүйекті» ойын алаңына тығулы немесе алысқа лақтырып қояды (көзін жұмып тұрған балаларға көрсетпей). Белгі бойынша балалар сүйекті іздеуге кіріседі. Кім бірінші болып сүйекті тапса – сол жеңімпаз. Келесі айналымда сүйекті басқа бала тығады/лақтырады	**Ұлттық ойын:** **«Түйе-түйе»** Ойынның барысы: Тәрбиеші балаларға түсіндіреді: – Балалар, қазақта ертеде түйемен жүк тасып, алыс жолға сапар шеккен. Сол түйелер үлкен, күшті, сабырлы жануарлар. Бүгін біз сол түйелер сияқты бірінің артына бірі тұрып, «түйе» болып ойнаймыз. **Ойын ережесі** Балалар бірінің артынан бір болып шеру тәрізді тұрады (құдды түйелер керуені сияқты). Алдыңғы бала — **«**жетекші түйе», артындағы балалар — керуен түйелері. Тәрбиеші нұсқау береді: «Түйе-түйе, не істейсің?» Жетекші бала жауап береді: «Түйе-түйе жүремін!» –

	тек шын ұшатын заттарға ғана қол көтеруі керек. Қателескен бала 1 айналымнан шығып, көрермен болады немесе ойын жалғаса береді.	мүмкіндік беріледі. Соңында ең көп нысанаға дәл тигізген бала/топ жеңеді.	алмауы керек. Кім тез әрі бөрікті түсірмей жеткізсе – сол ұпай алады. Барлық қатысушылар кезекпен ойнап шығады. Соңында ең көп ұпай жинаған топ немесе бала жеңімпаз болады		барлығы жүре бастайды «Түйе-түйе отырамын!» – барлығы отырады «Түйе-түйе секіремін!» – бәрі секіреді «Түйе-түйе демаламын!» – барлығы тоқтап, тыныс алады Жүргізуші қимылдарды шатастырып айтуы мүмкін. Балалар зейін қойып, қателеспей орындауы керек**.** Қате жасаған бала — ойыннан шығады немесе келесі ойында жүргізуші болады.
Балаларменжекежұмыс	өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүруге үйрету Арынбек Азиза	өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жүруге тырысады Исабеков Меиржан	сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренененің бойымен тепе-теңдікті сақтап, жүреді: Әбілшаих Аңсар	еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігіненсомдауға тырысады.Образға кіруін жетілдіру Нәзік Данелия	шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін,сақтауды жалғастыру Тоқтамыс Алдияр
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.**Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				

Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«Миссия: Құтқару» Стратегиялық ойлау, төзімділік пен командалық жұмыс дағдыларын дамыту. **Шарты:** Балалар екі командаға бөлінеді. «Зардап шеккендерді» (ойыншықтар) картада көрсетілген жолмен кедергілерден өтіп құтқару керек.	«Су тасушылар» Төзімділік пен тепе-теңдікті дамыту. **Шарты:** Ыдыста ғы суды төкпей, белгіленген қашықтықтан әкелу.	«Құпия көпір» Тепе-теңдік, дәл қимыл дағдыларын жетілдіру. **Шарты:**Балалар жіңішке жолмен (арқан, тақтай) өтіп, «құлап кетпей» қарсы бетке жетеді.	«Командалық футбол» Ұжымдық әрекет, қозғалыс үйлесімділігін арттыру. **Шарты:**Қысқа матч, әр командада 4–5 ойыншы, уақыт шектеулі.	«Картамен қазына табу» Бағдарлау, топтық келісім және жоспар құру қабілетін дамыту. **Шарты:** Карта бойынша «қазынаны» (доп, қап) табу.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Ойыншық жемістерді көрсету. Көлемі,түсідәмі қандай сұрау. Осындай жемістер жасаймыз деп сазбалшықты алақан арасында домалақтау әдісін қайталап пысықтау**(Мүсіндеу)** фламастерлер беріп осындай жемістердің суретін салуға болады деп көрсетіп үйрету **(сурет салу)**	Кітаптар қарап ата апа, ана әке, аға, әпке сөздерін айтуын пысықтау. **Қуыршақ театры** «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру. **Сазбалшық** Сазбалшықпен	Ойыншық жемістерді көрсету. Көлемі,түсідәмі қандай сұрау. Осындай жемістер жасаймыз деп сазбалшықты алақан арасында домалақтау әдісін үйретуді жалғастыру.	Кітаптардан көліктердің суреттерін көрсету. Көліктің дыбысын салуды үйрету. Жаңбырдың суреттерін көрсету.Сұқ саусақтарын бояуға тигізіп, қағазға таңба қылып басып,	Балаларға мысықты көрсетеді ол далада жүріп табаны лас бопты енді еденде жүргенде және қағазға аяғын басқанда іздері қалыпты деп қағаз бетіндегі іздермен таныстыру. Сосын сұқ саусақпен дақтар түсіру арқылы мысықтың ізін қағаз бетіне салуды үйрету

	Саусақ театры «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру.**(Көркем әдебиет)**	ойындар **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,мүсіндеу)**	**Көлеңке театры** «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру. **Құм терапиясы** Түрлі-түсті құмдармен еркін ойнау . **(көркем әдебиет,мүсіндеу)**	жаңбыр тамшыларын салдырту. **Қуыршақ театры** «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру. **Құрылыс ойындары** Конструкторлармен ойындар **(Қоршаған ортамен танысу,сурет салу)**	Бояуды дұрыс пайдалануға жаттықтыру. **Үстел үсті театры** «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру. **Саусақ ойындары** Дидактикалық ойындармен еркі ойындар **(Сурет салу,көркем әдебиет)**
Балалардыңүйгекай туы	**Өнегелі 15-минут.**Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).				

Тәрбиеші:А.Жумагулова

Г.Болат

Әдіскер_____ Атыгаева А.Т.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Мектепалды «Күншуақ» тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 16.09 - 20.09. 2024 жыл III апта
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілі
Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
Өзіне-өзі қызмет көрсету

Күнтәртібі	Дүйсенбі 16.09.2024ж	Сейсенбі 17.09.2024ж	Сәрсенбі 18.09.2024ж	Бейсенбі 19.09.2024ж	Жұма 20.09.2024ж
Балалардықабылдау	Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! Балалар **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі**-балаларды қабылдау барысында Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу , шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. **(Музыка)** Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15-минут**:Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	Дид ойын: «Дыбысынан таны» Міндеті: Есту қабілеттерін дамыту. **Музыка**	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Балалар екі топқа бөлінеді. «Бір, екі, үш!» деген белгімен екі топ арқанды өзіне қарай тартады. Қай топ белгіні өз жағына шығарса – сол жеңімпаз. **Бір тұтас тәрбие**	Дид ойын: «Пирамида жинау» ойыны Міндеті: көлемін ажырату **Математика негіздері**	Дид ойын: «Сәйкестендіріп жина» ойыны Міндеті: түстеріне қарай ажырату **Математика негіздері**	Дид ойын: «Бөліктерді құрастыр» ойыны Міндеті: қиынды суреттермен құрастыруды үйрету **Құрастыру**
Ертеңгілік жаттығу	**«Менің Қазақстаным»** әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	Сапта бір-бірінің артынан шеңбер бойлап жүру, қол белде аяқтың ішкі,сыртқы қырынмен жүру, жүгіру қолды кеуде тұстан ұстап аяқтың ұшымен жүгіру.тыныс алу жаттығулары. 1. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, басты оңға,солға бұру 5-6 рет 2. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қолды алдыға,жоғары , екі жанына созу б.қ. келу 5-6 рет. 3. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, белді оңға,солға бұру 5-6 рет. 4. Б.қ.аяқты сәл алшақ қойып, қол белде, орында отырып тұру, қолды алдыға созу 5-6 рет. 5. Б.қ.қол төменде, аяқтың ұшымен тұрып, қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру 5-6 рет. 6. Б.қ. қол белде, екі аяқты бірге, оңға,солға бұрылып секіру 5-6 рет. Тыныс алу жаттығулары.2-3 рет.				
Таңғыас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Нан, ботқа, дәмді, тамағыңды ішеміз, ас болсын! **(Сөздік минимум)** **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие**				

	бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**3- ші апта дәйек сөзі!** «Үйренген – үлгереді, ерінген – кейін қалады.»				
	«Кім көп сөз біледі?» балаларды шапшаңдыққа, дұрыс сөйлеуге үйрету Балалардың еркін әрекеттері **Сөйлеуді дамыту**	Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. сақтау. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру **Бір тұтас тәрбие**	«Амандасу әдебі» Құрбыларымен «Қалың қалай досым? сұрақтары аясында диалог құра алуға машықтандыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету. **Сөйлеуді дамыту**	«Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. Ойын: «Аю жүрген орманда». Қимыл қозғалысын дамыту **Көркем әдебиет,Дене шынықтыру**	Тәрбиеші балаларға екі бірдей өсімдікті көрсетеді. Біреуіне күнде су құямыз; Екіншісіне су құймаймыз. Балалармен бірге бірнеше күн бойы бақылау жүргізіледі: Су құйылған өсімдік жасыл, сергек болып өседі; Су құйылмаған өсімдік сола бастайды. Әр күннің өзгерісін сурет арқылы немесе әңгімелету арқылы белгілейді. **Экологиялық тәрбие**
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**3- ші апта дәйек сөзі!** «Үйренген – үлгереді, ерінген – кейін қалады.»				
	Сауат ашу негіздері **Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылығын	**Математика негіздері** **Міндеті:** Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы	**Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:**Буындардан сөздер құрастыруға	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алуға дағдыландыру.	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға,

	қалыптастыру. Қызығушылықты ояту – «Бұл сөз нені білдіреді?» Тәрбиеші 3 сөз айтады: мысық, доп, ұшақ. Балалардан сұрайды: — Бұл сөздерді айтқанда көз алдарыңа не елестейді? Балалардың жауабы тыңдалады. Түйін: — Дұрыс, әр сөз бізге бір затты немесе құбылысты елестетеді. Сондықтан сөздің мағынасы болады «Суретті тап!» ойыны Педагог сөз айтады: аю, орындық, алма. Балалар столдағы сурет карточкаларынан тиісті суретті тауып көтереді. «Қай сөз артық?» ойыны Үш сөз беріледі: Ит, сиыр, көкөніс — Қай сөз басқаларына жанаспайды? Неге? Дұрыс жауап үшін смайлик беріледі. «Сөзді жалғастыр» Тәрбиеші допты лақтырып сөз айтады: "Қызыл…"	түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау. Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды:«Бүгін аптаның қай күні?», «Қазір тәуліктің қай бөлігі?», «Жылдың қай мезгілі?» Апта күндері Балалармен бірге аптаның 7 күнін жаттап алу: Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі Ойын: "Аптаның қай күні жоғалды?" Тәрбиеші 7 күннің суретін қояды, біреуін жасырады. Балалар қай күн жоқ екенін табады. Тәулік бөліктері Таң, түскі, кешкі, түнгі уақыт туралы түсінік беріледі: «Таңертең біз балабақшаға келеміз, Түсте түскі ас ішеміз, Кешке ата-анамыз келеді, Түнде ұйықтаймыз» Д/Ойын: "Бұл қай уақыт?" Сурет көрсетіледі (мысалы,	(ауызша) үйрете отырып сөздік қорын қалыптастыру. «Буын деген не?» Тәрбиеші сөзді буынға бөледі: — Ал-ма, ба-ла, мы-сық. Балалар қайталайды. Тәрбиеші түсіндіреді: — Сөз бірнеше бөліктен тұрады, ол – буын. Бүгін сол буындарды қосып, сөз жасаймыз. Д/Ойын «Қос, сонда сөз шығады!» Тәрбиеші суреттер бар карточкаларды көрсетеді. 1-топ буындар**:** ал – ма ба – ла *құ – с* кө — *же* Балалар буындарды қосып айтады: — жа + на = жана емес → жана емес → жаңа (түсіндіру керек) — ал + ма = алма — ба + ла = бала — құ + с = құс — кө + же = коже емес → көже (Педагог дұрыс	«Дыбыс деген не?» Тәрбиеші түсіндіреді: — Сөз дыбыстардан тұрады. — Әр дыбыстың өз орны бар. — Дауысты дыбыстарды созып айтуға болады (а, ә, о, ө, ы, і, е, и, ұ, ү). — Дауыссыз дыбыстарды созып айтуға болмайды (б, с, м, т...). Балалар дауысты дыбыстарды созып айтады: а-а-а, о-о-о. Д/Ойын «Дыбысты тап!» Тәрбиеші сөзді айтады, балалар бірінші дыбысты анықтайды. Мысалы: Ат → бірінші дыбыс *А* (дауысты) Су → бірінші дыбыс *С* (дауыссыз) Өрік → *Ө* (дауысты) Тас → *Т* (дауыссыз) Тәрбиеші 2 себет қояды: ◯Қызыл себет – дауысты, 🔻Көк себет – дауыссыз. Балалар дыбыс карточкасын дұрыс себетке салады.	сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу. Тапсырмалар: «Досыммен әңгіме» – екі баланың шағын сұхбаты. «Менің сүйікті ойыным» тақырыбында әңгіме. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын дамытуды арттыру. «Сиқырлы сандық» ойыны Тәрбиеші сандықты ашып, ішінен әртүрлі кітаптарды көрсетеді. Сұрақтар: Бұл не? Кітап не үшін

	Балалар допты ұстап жалғастырады: алма, гүл, шар. — Неге бұл сөздерді айттың? Қандай мағына береді? «Мен не білдім?» Балаларға сұрақтар беріледі: — Сөздің мағынасы бола ма? — Сөз нені білдіреді? — Қай ойын ұнады? **Математика негіздері** **Міндеті:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Қызығушылықты ояту Тәрбиеші балаларға екі қолын көтеруді ұсынады. — Оң қолдарың қайсы? Сол қолдарың қайсы? Ойын: «Қолды көтер» Тәрбиеші айтады: Оң қолыңды көтер.	бала тіс жуып тұр → таң). Балалар уақыт бөлігін айтады Жыл мезгілдері: Көктем, жаз, күз, қыс – әрқайсысының ерекшеліктері суреттермен түсіндіріледі. **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Қызығушылықты ояту Тәрбиеші үстелге үш зат қояды: бір алма, екі көлік, үш қоян. — Балалар, мына заттарды қалай атаймыз? Балалар санын айтады → бір алма, екі көлік, үш қоян. — Олай болса, бүгін зат есім мен сан есім дос болатынын білеміз. Д/Ойын «Кімге қандай сан керек?» Балаларға цифрлар беріледі. Тәрбиеші сурет көрсетеді: 1 мысық 2 шар	айтылуын үлгі ретінде береді.) Д/Ойын «Буындарды таны» Тәрбиеші буынды айтады, балалар жалғастырып сөз құрайды. Тәрбиеші: «ал» Балалар: «ма» → алма Тәрбиеші: «жа» Балалар: «қы» → емес, жақы дұрыс емес, тәрбиеші «жар», «жап» секілді дайын буын береді. Тиімді сөздер: жа + рық = жарық ар + ұ = ару қо + еш = қоеш емес → *қо-ңыз, қо-ла*, тәрбиеші дұрыс буын береді. Д/Ойын «Суреттен сөз құрастыр» Тәрбиеші сурет көрсетеді: алма, бала, кеме, құс, мысық. Әр суреттің жанында буын карточкалары беріледі. Мысалы: ал + ма ба + ла	Д/Ойын «Дыбыстардың орны» Педагог сөзді буынмен және дыбыспен талдайды. Мысал сөздер: А-ра дыбыстары: *а – р – а* 1- дыбыс – дауысты 2- дыбыс – дауыссыз 3- дыбыс – дауысты **Су** дыбыстары: *с – у* 1 – дауыссыз 2 – дауысты Балалар фишкаларды қояды: Дауысты дыбысқа – қызыл шеңбер Дауыссыз дыбысқа – көк шаршы Ойын «Суретке қарап дыбыс талда» Тәрбиеші суреттерді көрсетеді: ара, гүл, көл, ата, тіс Балалар сөзді айтады, педагог бірге талдатады. Мысалы: гүл дыбыстар: г – ү – л 1 — дауыссыз 2 — дауысты	керек? Кітапты қалай күтеміз? Балалардың жауаптарын тыңдап, мақтау. «Ертегі бөлмесіне саяхат» интерактивті ойын Тәрбиеші қабырғадағы үш есікті көрсетеді (қағаздан жасалған): Ертегілер елі Жұмбақтар әлемі Кейіпкерлер орманы Балалар қай есікке кіргілері келетінін таңдайды. «Ертегілер елі» «Ертегіні тап» ойыны Тәрбиеші қысқа үзінді оқиды: «Бір күні әже қырық құлықтан қорқып…» Балалар қандай ертегі екенін табады. Нұсқалар: Қызыл

	Сол қолыңды көтер. Екі қолыңды жоғары көтер. Екі қолыңды төмен түсір. «Қайда орналасқан?» ойыны Үстелге ойыншықты қояды. Тәрбиеші сұрайды: — Доп қайда тұр? (сол жақта / оң жақта / жоғарыда / төменде) Балалар кезекпен жауап береді. Түрлендіру: Тәрбиеші ойыншықты жылдам орын ауыстырады, балалар жауабын айтады. **«Бағыт бойынша жүр»** қимылды ойыны Еденге стрелкалар қойылады (сол, оң, жоғары, төмен). Музыка ойнайды. Музыка тоқтағанда педагог айтады: Сол жаққа бір қадам жаса! Оң жаққа жүр! Алға қарай жүр! Артқа қарай кейін жүр! Жоғары секір!	3 алма Балалар тиісті санды көтереді және айтады: — Бір мысық. — Екі шар. — Үш алма. Түрлендіру: Тәрбиеші суретті өзгертеді, балалар жаңа сөз тіркесін құрайды. Ойын «Сипаттап айт!» Тәрбиеші сын есім карточкаларын көрсетеді: үлкен, кішкентай, қызыл, тәтті, ұзын Ойыншықтар қойылады: доп, машина, аю, қалам. Тапсырма: — “Үлкен” сөзін қандай затпен байланыстыруға болады? Балалар айтады: — Үлкен доп. — Кішкентай машина. — Қызыл алма. — Ұзын қалам. — Тәтті кәмпит. Тәрбиешісөйлем құрату: — Үлкен доп домалап кетті. — Кішкентай машина жүреді. Ойын «Сөздердің досын тап!»	мы + сық құ + с же + ме Балалар буынды сәйкестендіріп, сөзді айтады. Қимылды ойын «Доппен буын жалғастыр» Тәрбиеші допты лақтырып буын айтады: «ба» Балалар допты ұстап жалғастырады: — «ла» → бала «жы…» — «ла» → жыла «ке…» — «ме» → кеме Бұл ойын буындарды есту арқылы сөз құрастыруды бекітеді. Тәрбиеші сұрақ қояды: — Сөз неден құралады? — Бүгін қандай сөздер құрастырдық? — Қай ойын сендерге ұнады **Мүсіндеу** **Жапсыру** **Сурет салу** Құрастыру **Міндеті:** Парақта	3 — дауыссыз ата а – т – а дауысты – дауыссыз – дауысты Талдауды балалар фишкаларды қойып орындайды. Қимылды ойын «Дауысты – қол көтер, дауыссыз – қол шапалақ» Тәрбиеші дыбыс айтады: *А* → балалар қолын көтереді. *Б* → қол шапалақтайды. *Е* → қол көтереді. *С* → қол шапалақтайды. **Математика негіздері** **Міндеті:**Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші	телпек, Алдар көсе, Бауырсақ, т.б. «Жұмбақтар әлемі» — «Жұмбақты шеш» Қатты емес, бірақ иіледі, Беті толы суретке бөленеді. *(Кітап)* Өзі бір үй, кітапқа толы, Барып көрсең қызық толы. *(Кітапхана)* Жұмбақты тапқан балаға жұлдызша беріледі. «Кейіпкерлер орманы» Қимылды ойын «Кімге көмектесеміз?» Балалар жануар маскаларын киеді. Тәрбиеші: «Аю кітап таппай қалды! Қайда жасырып қойған?» Балалар бөлмеден кітаптарды тауып, аюға тапсырады. «Кітап ашып

	Төмен отырып ал! Балалар бағытты орындау арқылы кеңістікте бағдарлауды меңгереді. «Суретті орналастыр» Тәрбиеші балаларға үлкен қағаз немесе тақта береді, оған үй, күн, ағаш суреттерін орналастырады. Тапсырма: — Күнді жоғарыға жапсыр. — Гүлді төменге қой. — Құсты оң жаққа орналастыр. — Аюды сол жаққа қой. Бала тапсырманы орындап, бағыттарды бекітеді. «Көліктер қалай жүреді?» ойыны Қолда ойыншық көлік. Педагог қозғалтады: — Міне, машина солдан оңға қарай жүрді. — Енді оңнан солға қарай жүрді. — Енді жоғары көтерілді (кран). — Төмен түсті. Бала бағытты сөзбен айтып отырады.	Балаларға 3 топ карточка таратылады: Сан есімдер Сын есімдер Зат есімдер Тапсырма: Сан есім + зат есім Сын есім + зат есім Мысалы: 4 + қоян = төрт қоян қызыл + шар = қызыл шар Балалар өздері сәйкестендіреді. «Сөйлемді аяқта» ойыны Педагог бастапқы сөйлем айтады: — Менде … (үлкен...) Бала жалғастырады: — Үлкен аю бар. — Мен екі… (не?) — Мен екі кітап алдым. — Үш… (қызыл…) — Үш қызыл гүл өсіп тұр. Сұрақтар: — Зат есімдерге қандай сөздер тіркеседі? — Сан есім заттың несін білдіреді? — Сын есім нені білдіреді? Балалар қолмен көрсетіп, жауап береді. **Қоршаған ортамен танысу**	кеңістіктегі заттардың қалпын беру арқылы дұрыс бағдарлай білуді қалыптастыру. Қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеуге дағдыландыру. «Орманға саяхат» Тәрбиеші орманның суретін көрсетеді. — Орманға саяхат жасаймыз. Қане, кім орманда қандай жануарларды кездестіреді? Балалардың жауаптары тыңдалады. Тәрбиеші: — Бүгін біз парақтағы кеңістікті пайдаланып орман бейнесін жасаймыз. Онда жануарларды мүсіндейміз, ағаштарды жапсырамыз, ал жолын сурет саламыз, ал жаңа үйшікті құрастырамыз. Сурет салу – «Жоғарыда аспан, төменде жер» Парақ беріліп, педагог	екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. Жиын мен бөлік. Салыстыру Кіріспе: Балаларға екі себеттегі алмаларды көрсету. «Қай себетте көп, қай себетте аз?» Негізгі бөлім: Жиын бөліктен үлкен, бөлік жиыннан кіші. Жиын бөліктерін санау. Ойын-жаттығулар: «Сана да салыстыр» – әр бөлік элементтерін санау. «Кім көп?» – қай бөлікте зат көп екенін анықтау. Жиын үлкен, бөлік кіші; санау арқылы салыстыруға болады. **Сөйлеуді дамыту Міндеті:** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару,	қараймыз, Суретіне таңдаймыз. Аударып біз парағын, Ертегіні жалғаймыз!» Балалар қимылмен көрсетеді. «Кітаптан сыйлық» Сиқырлы сандықтан әр балаға кішкентай кітапқұмар жапсырмалары немесе смайлик беріледі. Тәрбиеші: — Бүгін кітаптар бізге не үйретті? — Қандай ертегілерді білдік? **Қоршаған әлеммен таныстыру Міндеті:** Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау,

	Сұрақтар: — Бүгін қандай бағыттарды білдік? — Сол жақ қай жақта? — Оң жақ қайда? — Алға деген не? Артқа деген не? Балалар қолмен көрсетеді. **Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Дене шынықтыру** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	**Міндеті:** Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Болашақ арманым Балалардың арманын тыңдау. Еңбек пен білімнің маңызын түсіндіру. Тапсырмалар «Өскенде кім боласың?» сурет салып айту. «Кім не істейді?» мамандықтар ойыны. **Қазақ тілі** **Міндеті.** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Артикуляциялық жаттығулар Тәрбиеші әр қимылды көрсетеді, балалар айнаға қарап қайталайды.	бағыт береді: — Парақтың жоғарғы бөлігіне аспанды бояймыз. — Төменгі бөлігіне жерді саламыз. — Сол жақта — ағаш, оң жақта — бұта болсын. Балаларға кеңістікті парақта дұрыс бөлуді үйрету. Жапсыру – «Ормандағы ағаштар» Әр балаға дайын жапсырмалық қағаздар беріледі. Тапсырма: — Аспан мен жердің ортасына ағаштарды жапсырыңдар. — Биік ағашты жоғарырақ, аласа ағашты төменірек жапсырамыз. Балалар пропорцияны бақылап, жапсырады. Мүсіндеу – «Орман жануарлары» Балалар пластилиннен қоян, құстар, аю, түлкі секілді жануарларды жасайды. Тәрбиеші түсіндіреді: — Жануарларды	бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру «Балалар, бүгін біз нағыз жазушылар сияқты өзіміз әңгіме құрастырамыз! Бірақ оны бірге ойлап табамыз!»Сұрақтар арқылы тақырыпқа бағыт беру: Суретке қарап не көріп тұрсың? Кейіпкер не істеп жатыр? Ол қайда бара жатыр? Оқиға қалай жалғасуы мүмкін? «Әңгімені жалғастыр» Тәрбиеші: бір оқиғаның бастамасын оқиды: «Бір күні орманда кішкентай қоян адасып қалды...» — Балалар оқиғаны жалғастырады: «Ол жылап отырды. Сол кезде алдынан түлкі шықты...» «Олар дос болды ма, әлде?...» Соңын бірге ойлап табады.	жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. «Сиқырлы қалта» ойыны Қалтаның ішінен түрлі жануарлар мен құстар суреттері шығады. Тәрбиеші: — Бүгін сиқырлы қонақтар келіпті. Олар бізді өз әлеміне саяхатқа шақырады! Балалар суреттегі жануарды немесе құсты атап береді. «Төрт түлік еліне саяхат» Ойын: «Кім қайда тұрады?» Тақтада төрт түлік

		«Күлімде» Ерінді екі жаққа созу (ә дыбысына дайындық). «Үлкейген шие» Ерінді алға домалату, «ө» дыбысына дайындық. «Ат шауып келеді» Тілді тістің артында «д-д-д» деп соқтыру. «Сағат тықылы» Тілді кезекпен оң және сол жаққа қозғалту. Тәрбиеші: — Артикуляциямыз дайын! Енді дыбыстарды айқындап айтамыз. Тыныс алу жаттығуы Ойын: «Көпіршікті ұшыр!» Балалар терең тыныс алып, жұп-жұмсақ үрлейді. Ойын: «Шарды үрле» (көзбен көрсету, қауіпсіз кішкентай шар) — Ұзақ үрлеуге тырысып көрейік! **Ә** және Ө дыбыстарының артикуляциясын түсіндіру Тәрбиеші айнамен көрсетеді: Ә дыбысы — ерін созылады, жақ аздап ашық. Ө дыбысы — ерін домаланады, дөңгеленеді.	мүсіндеу үшін қарапайым бөліктер қолданамыз. Қоян: басы – кішкентай домалақ, денесі – үлкендеу, құлағы – ұзын. Аю: денесі – үлкен, басы – кіші, аяқтары – қысқа. Балаларға пропорция сақтауды ескерту: — Үлкен дене – үлкен бас емес. — Аяқтар денеден кіші болады. Жасалған жануарларды парақтағы орманға орналастыру. Құрастыру – «Жануарларға үйшік Тәрбиеші конструктордан кішкентай үйшік немесе қоршау құрастыруды ұсынады. — Қоянға үйшік жасайық. Ол парақтың оң жағына қойылады. — Аюдың үңгірі сол жақта болсын. Балалар бағытпен құрастырады. «Орман тірілді» – кеңістікте орналастыру ойыны Балалар жасаған	Суретпен жұмыс – сипаттау және хабарлау әңгімесі «Суретке қара – әңгіме құра» Сурет тақырыптары: Балалар саябақта ойнап жүр Мал бағып жүрген бала Анасы дастарқан әзірлеп жатыр Қарлы қыста балалар шанамен сырғанап жүр Сұрақтармен бағыттау**:** Суретте не болып жатыр? Қандай кейіпкерлер бар? Олар не істеп жатыр? Қазір қай мезгіл? Шығармашылық ойындар мен әдістер: Ойын: «Сиқырлы қапшық» Қапшықтың ішінен заттар (муляж, ойыншық, сурет) шығарады. Балалар сол зат бойынша әңгіме құрастырады. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету,	суреттері және олардың төлдері. Балалар төлдерді өз енесіне орналастырады. Тапсырмалар: Сиыр – бұзау Жылқы – құлын Қой – қозы Түйе – бота Бақылау арқылы түсіндіру Тәрбиеші төрт түліктің пайдасын айтады: Сиыр – сүт, қаймақ, май береді. Қой – жүн, ет береді. Жылқы – көлік, қымыз, міну үшін қажет. Түйе – жүк тасиды, шұбат береді. Д/Ойын: «Жыл мезгілін тап» Жыл мезгілдері берілген карточкалар: қыс, көктем, жаз, күз. Балаларға сұрақ:

		Балалар қайталайды: ә-ә-ә, ө-ө-ө. «Дыбысты аңғар» ойыны Педагог сөз айтады, балалар қол көтеріп дыбысты анықтайды. Ө бар сөздер: өрт, өрік, өзен, төл, бөдене Ә бар сөздер: әже, әлім, әйнек, әтеш, әліппе Балалар екі себетті таңдайды: «Ә» себеті және «Ө» себеті. Суреттерді дұрыс себетке салу. «Дыбысты соз» жаттығуы — Мен дыбысты бастаймын, сендер жалғастырасыңдар. Тәрбиеші: «Ә…» Балалар: «…же», «…йнек», «…теш» Тәрбиеші: «Ө…» Балалар: «…рік», «…зен», «…гіз» «Сөйле, тілді жаттықтыр!» ойыны Тәрбиеші тірек суреттер көрсетеді: Сөздерді бірге дұрыс айту: **Ә**: әже, әліппе, әйнек, әтеш, әдемі **Ө**: өрік, өзен, өреде, өлең,	жануарларды орман бейнесіндегі орындарға орналастырады. Тәрбиеші сұрайды: — Қоян қайда тұр? (оң жақта/сол жақта/ағаштың жанында/төменгі бөлік) — Құс қайда? (жоғарыда/ағаш үстінде) — Аю қайда орналасқан? (төменгі жақта/солда) **Дене шынықтыру** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	олардың мазмұнын түсінуді қалыптастыру. "Спандияр Көбеевтің «Құмырсқа мен көгершін» атты ертегісін мазмұндау" Балаларды Спандияр Көбеевтің «Құмырсқа мен көгершін» атты ертегісімен таныстыру; мазмұнын жоспар бойынша айтып беруді үйрету; кейіпкерлердің қасиеттерін көркемдік құралдар, мимика, ым-ишара арқылы жеткізе білуді дамыту; еске сақтау, ойлау қабілеттерін және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын жетілдіру; жақсылық пен жамандық туралы ұғымдарын тереңдету, мақал-мәтелдерді қолдануға машықтандыру; адалдыққа тәрбиелеу; кітапқа құштарлықтарын қолдау	— Қыста жануарлар қалай өзгереді? — Қойдың жүні қалыңдай ма? — Жазда қай мал шомылады? Балалар жыл мезгіліне сәйкес жануарлардың суретін таңдайды. Ойын: «Жыл құсы ма, қыстайтын құс па?» Тәрбиеші суреттерді көрсетеді: Қарлығаш, тырна, бозторғай — жыл құстары Торғай, сауысқан, көгершін — қыстайтын құстар Балалар екі себетке бөліп салады. Құстардың пайдасы туралыайтылады: Зиянды жәндіктерді жейді; Ағаштарды қорғайды;

		өрт Содан соң мини-сөйлем құрату: «Әже әдемі көйлек тікті.» «Өзеннің суы мөлдір.» «Өрік сары болып пісті.» Балалар сөйлемді баяу, анық айтады. Қимылды ойын «Ә деп секір, Ө деп отыру» Педагог дыбыс айтады: «Ә!» — балалар секіреді. «Ө!» — балалар отырады.			Табиғатты әсем етеді; Ұшумен ауа тазалығын сақтауға көмектеседі. Қимылды ойын: «Құстар қалай ұшады?» Әуен қосылады. Әуен баяу — құстар баяу ұшады. Әуен жылдам — құстар тез ұшады. Әуен тоқтайды — құстар ұяларына қонады. Балалар қимыл арқылы бейнелейді. Құс болып ұшамыз, Шаршасақ қонамыз. Құлын болып шабамыз, Қозы болып маңыраймыз! «Табиғат сыйы» ойыны Сиқырлы қораптан балаларға

					сұрақтар шығады: Сұрақтар: Төрт түлікке нелер жатады? Жыл құстары қайда ұшады? Қысқы құстар қалай тіршілік етеді? Жануарларға қалай қамқор боламыз? **Дене шынықтыру** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотористі дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Ауа райын бақылау. Күздің басы**. Міндеттері. Күз мезгіліне тән тірі және өлі табиғаттағы маусымдық құбылыстарды	**Қайыңды бақылау.** Міндеттері. Балалардың тірі табиғат түрі, қайын ағашы, туралы білімдерін тиянақтау; қайыңға тән	**Торғайларды бақылау.** Міндеттері. Торғай туралы білімді бекіту (сыртқы белгілері, тіршілігі) және	**Жапырақтарды бақылау.** Міндеттері. Алтын күздің алуан түрлілігімен, "жапырақтың түсуі"	**Жаңбырды бақылау.** Міндеттері. Өлі табиғат құбылысы, жаңбыр, туралы

	(жапырақтардың түсуі) байқауға; арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға үйрету; өсімдіктердің бұталар және ағаштарға жіктелуі туралы түсініктерді тиянақтау; қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру. Қадыр Мырза Әлі «Күз». Күз де келді, күз келді, Күдерін жаз үзген-ді. Күз де келді, күз келді, Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді, Құстар мекен іздеді. Балаларға жаздың соңындағы және күзгі басындағы байқаған ауа-райының айырмашылығын табуды, атауды ұсыну. Н. Әлімқұлов «Күз» Берекесін сыйлауға Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға Шақырады біздерді. «Өнегелі тәрбие». Экология. Еңбек әрекеті: жапырақтарды гербарийге, бүршіктерді	белгілерді атауға ынталандыру. Қауіпсіздік. Экология. Бақылау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру, өсімдіктерге күтім жасауға баулу. Марфуға Айтқожина "Ақ қайыңдар" Ақ қайыңдар алқаптарды алқымдап, Кешкі арай жатыр шынды алтындап. Самал желмен желпінеді тау тұтас, Бой жазып бір таза ауада салқындап. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ағаштардан түскен жапырақтарды үлеске еденінен жинау. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне	бақылауды жалғастыру; құстардың әртүрлі белгілерін танып, ажырата білуді дамыту; сөздік қорларын торғай туралы көркемсөзбен байыту; қамқорлыққа тәрбиелеу. Ж. Смақов «Торғай» Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы сыпыру. (еңбек іс-әрекеті) Міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына	ұғымын тиянақтау; табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды түсінуге көмектесу; табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Мұзафар Әлімбаев «Күз келді» Сарғайды тоғай, Сап-сары маңай. Соңғы әнін айтып, Құс кетті қайтып. Айнала жым-жырт, Көк аспан сұрғылт. Жер жыртқан тыңда Трактор қырда. Жапырақ ұшты, Суық та түсті. Сонда да бізге, Қызық көп күзде. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:	түсініктерін жетілдіру; табиғи құбылысының өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылауға баулу. Тұманбай Молдағалиев «Жаңбыр» Жаңбыр кеп жауады, Тамшылар тамады. Тырс-тырс! Шаң-тозаң шайылды, Шатырлар шайынды. Тырс-тырс! Көшелер тазарды, Кір үйлер ағарды. Тырс-тырс! Қалалар түледі, Балалар күледі. Тырс-тырс! Жаңартып ауаны, Жаңбыр кеп жауады. Тырс-тырс!

	кешелек шығармашылық жұмыстарға жинау. Міндеттер: балаларды еңбек әрекетіне саналы қарауға, ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу; табиғи тастандыларды қайта пайдалану амалдарымен таныстыру; үнемділікке баулу. «Айгөлек» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: ұжымдық ойында жылдамдықты, күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Бізден сізге кім керек? Тізбек үзілген жағдайда, шабушы ойыншы қарсыластардың бірін өз тізбегіне қосып алады. Тізбек үзілмесе, шабушы -	қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу; жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. «Айгөлек» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: ұжымдық ойында жылдамдықты, күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Айгөлек ойыны кең алаңда өткізіледі. Ойыншылар саны мен жас шамасына қарай екі топқа бөлінеді де, арасы 15-20 метрдей жерде қол ұстасып қарама-қарсы тізбек құрып тұрады. Ойын жүргізуші екі топтың біреуіне кезек	дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. Еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу. "Қу түлкі" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсаты: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген	балабақшадағы қоқыстарды жинау. (еңбек іс-әрекеті) Міндеттері: Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу; жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. "Үйіңді тап" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету, ойын ережелерін дәл орындау қабілеттерін дамыту. "Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттері. Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп	«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтар мен жабдықтарды жинақтау. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестікке, жауапкершілікке, тазалыққа баулу. «Тауық қорасындағы түлкі» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттер: жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту.

	қарсыластардың тізбегіне қосылады. «Тауық қорасындағы түлкі» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттер: жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту. Қимылдауда қауіпсіздікті қалағалау. Алаңның бір жағында «тауық қора» орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады. Алаңның қарама-қарсы жағында «түлкінің іні» орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Міндеттері: Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді	береді. Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Бізден сізге кім керек? Тізбек үзілген жағдайда, шабушы ойыншы қарсыластардың бірін өз тізбегіне қосып алады. Тізбек үзілмесе, шабушы - қарсыластардың тізбегіне қосылады. "Түстерді тап" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Педагогтің белгісі бойынша түстерді табу. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға	баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттер: балалардың қазақ ұлттық ойындарға құштарлығын дамыту;	жылжығанда мұқият болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Құралдар: үш-төрт шеңбер. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Соқыртеке» ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Кеңістікті бағдарлау, тепе-теңдікті сақтау, қимылдарын үйлестіре білуді, бір-біріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері. (дене тәрбиесі) Бір аяқпен орнында секіру. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-	Қимылдауда қауіпсіздікті қалағалау. Алаңның бір жағында «тауық қора» орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады. Алаңның қарама-қарсы жағында «түлкінің іні» орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балалардың қазақ ұлттық ойындарға құштарлығын дамыту;

	сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Өз еркімен ойындар. (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті) Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру; өзіне сенімділікті арттыру. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Міндеттері: Қызығушылықтарына қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу, дене үйлесімдігін жетілдіру. "Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттері. Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжығанда мұқият болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Құралдар: үш-төрт шеңбер. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Міндеттері: Қызығушылықтарына қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз	әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу, дене үйлесімдігін жетілдіру. "Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Өз еркімен ойындар. (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті) Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден алған ақпараттарымен,

			ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)		әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру; өзіне сенімділікті арттыру. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)
Серуенненоралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу**.** **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: қол жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды, жеке тарақты жеке гигиена заттарын пайдалану; қажеттілігін түсінуге мүмкіндіктер жасау; гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. **«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарай білуді қалыптастыру. "Судың сұрауы бар". (қазақ мәтелі)**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** Ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, майлықпен сүртіңдер, төкпей-шашпай ішіңдер Нан, сусын, сорпа, дәмді, ащы, тұз, тәтті, ет, балық, тамағыңды іш, ас болсын!			

	Көгөністер көгөніс, сәбіз, қияр, қызанақ. **(Сөздік минимум)**				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
	"Не дәмді?" ертегісін оқып беру. (сөйлеуді дамыту)	Баяу әуенмен ұйықтату (музыка)	Сиқырлы флейта. Абыздардың маршы. Моцарт.(Музыка)	«Ормандағы жағдай» Бағыт: Өз-өзіне деген сенімсіздік, өз бетінше әрекет етуге деген қорқыныш сезімін жеңу.	«Кенгуру қалай тәуелсіз болды?»
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Ұлттық ойын:** **«Ақ сүйек»** **Ойын ережесі** (балабақшаға бейімделген. жеңіл түрі): Балалар екі топқа немесе жеке-жеке ойнауға дайындалады. Тәрбиеші немесе бір бала «Ақ сүйекті» ойын алаңына тығулы немесе алысқа лақтырып қояды (көзін жұмып тұрған балаларға көрсетпей). Белгі бойынша балалар сүйекті іздеуге кіріседі.	**Ұлттық ойын:** «Жұмыртқа ойыны» **Ойынның барысы:** . Балалар саппен тұрады: Әр бала қасыққа жұмыртқа қойып, белгі бойынша жүруге дайындалады Тәрбиеші белгі береді: – «Назар аудар! Жұмыртқаны түсірмей мәреге жет!» Балалар жүгірмей, жәй жүріспен белгіленген сызыққа дейін барып	**Ұлттық ойын:** «Санамақ» **Ойынның барысы:** Тәрбиеші балаларға түсіндіреді: – Балалар, қазір біз «Санамақ» ойынын ойнаймыз. Мен сандарды реттілікпен айтып, санамақ өлеңін оқимын, сендер де менімен бірге қайталайсыңдар. Санамақ өлеңі Бір – үйде тұрады іркіт, Екі – егеуқұйрық кіріп кетті, Үш – үшеуі жабылып ұстап	**Ұлттық ойын:** «Бөрік тасу» **Ойынның түсіндірмесі:** – Балалар, бұл – **«**Бөрік тасу» деп аталатын қызықты ұлттық ойын. Бұл ойында шапшаң жүгіріп, бөрікті тез жеткізу керек. Кім тез әрі бөрікті түсірмей апара алса – сол жеңімпаз! **Ойынның барысы:** Балалар 2 топқа бөлінеді (немесе кезекпен жеке де ойнауға болады). Әр топ кезекпен бір **б**өрікті	**Ұлттық ойын:** «Арқан тартыс» **Ойынның** сипаттамасы: Тәрбиеші түсіндіреді: – Балалар, бұл – «Арқан тартыс» атты қазақтың ұлттық ойыны. Бұл ойын топпен, бірігіп, күш салып ойнайтын ойын. Арқанды өз жағыңа қарай тартып, қарсылас

	Кім бірінші болып сүйекті тапса – сол жеңімпаз. Келесі айналымда сүйекті басқа бала тығады/лақтырады.	қайтады **Ойын шарты:** Кім жұмыртқаны түсірмей, тез және дұрыс жүріп келсе – сол жеңімпаз Егер жұмыртқа түсіп кетсе – бала сол жерден қайта бастап жүреді немесе ойыннан шығады (тәрбиеші шешеді)	алды, Төрт – төрге апарып қамады, Бес – бесіктен қарап тұр бала, Алты – алтыбақанда ойнайды, Жеті – жеті жұрт келді үйге... (Осылайша 10-ға дейін немесе одан әрі жалғастыруға болады.) Санамақ түрлерін қолдану: Сандарды ретімен жаттау Балаларды нөмірлеп, санау арқылы кезек анықтау Қимылмен байланыстыру: әр санға бір қимыл қосу (мысалы, «бір» – алақан соғу, «екі» – қол көтеру)	басына немесе алақанына қойып, белгілі бір қашықтықтағы белгіге дейін жүгіріп барып, қайтып келеді. Бөрікті түсіріп алмауы керек. Кім тез әрі бөрікті түсірмей жеткізсе – сол ұпай алады. Барлық қатысушылар кезекпен ойнап шығады. Соңында ең көп ұпай жинаған топ немесе бала жеңімпаз болады.	топты өзіңе қарай өткізу керек. Бұл ойын достықты, бірлікті үйретеді. **Ойын барысы:** . Балалар 2 топқа бөлінеді: Әр топ арқанның екі жағын ұстайды Арқанның ортасына қызыл лента (белгі) байланады Ортада сызық немесе белгі қойылады **Ойын басталады:** Тәрбиеші: **«Бастаймыз!»** деген белгі береді Екі топ арқанды өз жағына тартады Қай топ қарсылас топты өз жағына қарай тартып өткізсе, сол топ жеңімпаз болады

Балалармен жеке жұмыс	шығарма мазмұнын қайталап айтуда ішінара реттілігін сақтайды.Шығарма мазмұнын дұрыс айтуды дамыту Әуелбек Мансұр	еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдайдауын жетілдіру. Ниетбай Адэль	Шығарма мазмұнын ішінара қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауды жетілдіру. АрынбекАзиза	шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін ішінара сақтайды:Мазмұнын толық айтуын жетілдіру Исабеков Меиржан	шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін, қайталап айтуға тырысады, дұрыс айтуын дамытуды жалғастыру. ӘбілшаихАңсар
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«Жолдағы тосқауылдар»Ептілік пен шапшаңдықты дамыту. **Шарты:** Жүгіріп, еңбектеп, секіріп түрлі тосқауылдардан өту.	«Кім көп жинайды?» Жылдамдық пен зейінді дамыту. **Шарты:** Белгі берілгенде балалар алаңдағы заттарды (шар, қап) жинап, себетке салады.	«Айқасқан жолдар» Кеңістікте бағдарлау мен қозғалысты үйлестіру. **Шарты:** Екі команда қиылысатын жолдармен бір-біріне кедергі келтірмей жүгіреді.	«Жасырын хабар» Жүгіру жылдамдығын және есте сақтауды дамыту. **Шарты:** Бір балаға сөз айтылады, ол жүгіріп барып келесі ойыншыға жеткізеді, соңғы бала оны айтады.	«Аэропорттағы жарыс» Жылдам реакция, топтық үйлесім. **Шарты:** Балалар «ұшақ» болып жүреді, «ұш» десе ұшады, «қон» десе тоқтайды.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және				

	т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	«Супермаркет» Мақсаты: Рольге бөлініп ойнайды Ойыншық көкөністер мен жемістер, тауарлар (нан, сүт, шырын т.б.). Ақша (қағаз ақша немесе пластик монеталар). Супермаркет кассасы (қораптан жасауға болады). Себеттер немесе сөмкелер. Ермексаздан медуза жасау,пішінін атау **.Математика негіздері, Мүсіндеу** Түрлі түсті қағаздан медуза жасау көк түсті бетке жабыстыру. **Жапсыру** Құмда медузаның суретін салу**.Сурет салу**	Достарымызбен шеңберге тұрайық, ойыншықтардан шеңбер жасайық. Шеңбер бойлап айналайық. Топта шеңберге ұқсас заттарды тауып салыстыру. **математика негіздері** Құрылыс заттарынан достарына үйшік құрастыру **Құрастыру** Дайын жапсыру пішіндерінің ішінен домалақ пішінді табу, атау,тақтайшаға жапсыру.**Жапсыру**	**Үстел-үсті ойын:** «Ойланда тап» **Міндеті:** Тәулікбөліктері(таңертең,күндіз,кеш,түн)олардыңсипаттамалықерекшеліктері мен реттіліктері,туралы ұғымдарынкеңейту. **Шарты:**Тәулік бөліктерінің суреттері беріледі сол суреттерді өз ретттеріліктері бойынша жапсыру. **Жапсыру**	Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? деп«артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату **математика негіздері** Қандай суретті бояймыздеп балаларға қалауы бойынша таңдаған жемісті бояту, ермак саздан жасату немесе тақтаға жапсыру және сипаттауын қалыптастыру. **Сурет салу**,**Мүсіндеу,Жапсыру**	Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша жануарларға қоралады жасауды үйрету **Құрастыру** Мерекелік әсем шарлар деп суретін салу, мүсінін ермексаздан жасауды жетілдіру ,**Сурет салу**,**Мүсіндеу**
Балалардыңүйгек айтуы	**Онегелі 15-минут:** Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).				

Тәрбиеші:А.Жумагулова

Г.Болат

Әдіскер_____ Атыгаева А.Т.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Мектепалды «Күншуақ» тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 23.09 - 27.09. 2024 жыл IV апта
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
Өзіне-өзі қызмет көрсету

Күнтәртібі	Дүйсенбі 23.09.2024ж	Сейсенбі 24.09.2024ж	Сәрсенбі 25.09.2024ж	Бейсенбі 26.09.2024ж	Жұма 27.09.2024ж
Балалардықабылдау	Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! Балалар **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу , шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. **(Музыка)** Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгіме-лесу, кеңес беру	**Өнегелі 15-минут:**Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	Жатқа білер дос атын, Дос бар бізді тосатын. Балабақша біздің үй. Басымызды қосатын Саусақпен ойнаймыз: «Құлып» Міндеті Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету **Коммуникативтік дағдылар (Сөйлеуді дамыту)**	Дидактикалық ойын «Не артық?» Міндеті Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. **Танымдық дағдылар(Математика негіздері)**	Дидактикалық ойын «Бағдаршам не дейді?» Міндеті байланыстырып сөйлеу дағдысын меңгеру **Коммуникативтік дағдылар (Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)** Дидактикалық ойын «Қауіпті заттар» міндеті қоршаған орта заттары жайлы түсінік қалыптастыру **Әлеуметтік дағдылар**	«Жедел қызметтерге қалай қоңырау шалуға болады» Міндеті: Балалармен жедел қызмет,байланыс орталығы нөмірлерін қайталау.Төтенше жағдай кезінде телефон соғу нұсқауларының негізгі элементтерін көрсету.Жедел қызметтерге телефон соғу жаттығуларын өткізу.**Қауіпсіздік ережелері**	Саусақпен ойнаймыз:«Қоян інде» Ақ қоян-ау,ақ қоян, Үркек қоян,сақ қоян, Дыбыс шықса қашасың. Міндеті Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. **Коммуникативтік дағдылар(Көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту)**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге,				

	музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	Сапта бір-бірінің артынан шеңбер бойлап жүру, қол белде аяқтың ішкі,сыртқы қырынмен жүру, жүгіру қолды кеуде тұстан ұстап аяқтың ұшымен жүгіру.тыныс алу жаттығулары. 1. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, басты оңға,солға бұру 5-6 рет 2. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қолды алдыға,жоғары , екі жанына созу б.қ. келу 5-6 рет. 3. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, белді оңға,солға бұру 5-6 рет. 4. Б.қ.аяқты сәл алшақ қойып, қол белде, орында отырып тұру, қолды алдыға созу 5-6 рет. 5. Б.қ.қол төменде, аяқтың ұшымен тұрып, қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру 5-6 рет. 6. Б.қ. қол белде, екі аяқты бірге, оңға,солға бұрылып секіру 5-6 рет. Тыныс алу жаттығулары.2-3 рет.				
Таңғыас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Нан, ботқа, дәмді, тамағыңды ішеміз, ас болсын! **(Сөздік минимум)** **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық	**4 – ші апта дәйек сөзі.** «Білім мен еңбек – болашақтың шамы.»				
	Топтағы ойыншықтарды санау, биік аласа өлшемі бойынша топтастыру, салыстыру Сөрелерге кеңістікті бағдарлай отырып жайғастыру **құрастыру**	Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Балалардың таңдауы бойынша шығармашылық жұмыстар **мүсіндеу**	Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Ойыншық зауыттары туралы фильм, мультфильм тамашалау. **Қоршаған ортамен танысу**	Музыкалық ойыншықтармен танысу. Концерттік қойылымға дайындалу **Қоршаған ортамен танысу, музыка**	Жәрмеңкені ата аналар үшін дайындау. Балалардың әсерлері туралы әңгімелесу **Қоршаған ортамен танысу, құрастыру**
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік	**Математика негіздері** **Міндеті:** Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені	**Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)	**Сауат ашу** **Міндеті:**Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Өзінің бауырлары, туыстары,

	қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылығын қалыптастыру «Сиқырлы қорап» Қораптан бір сөз жазылған карточка шығады (мысалы: *алма*). Жанында — сурет. Тәрбиеші: — Балалар, бұл сөз нені білдіреді? — «Алма» дегенде көз алдарыңа не келеді? Балалар сөздің мағынасы туралы ойлануға дағдыланады. Д/Ойын «Сөзді тап!» Тәрбиеші сурет көрсетеді, балалар оның атауын айтады. Мысалы: Ит Құмалақ Машина Гүл Доп Тәрбиеші сұрайды: — Бұл сөз нені білдіреді? — Бұл затты қай жерде кездестірдіңдер?	мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану. Д/Ойын: «Қайсысы ұзын? Қайсысы қысқа?» Балаларға 5–6 түрлі жолақ беріледі. Тапсырма: Жолақтарды ұзыннан қысқа қарай орналастыру; Содан кейін қысқадан ұзынға қарай реттеу. Тәрбиеші: — Қайсысы ең ұзын? — Қайсысы ең қысқа? Балалар терминдерді қолданады. Д/Ойын: «Биік–аласа мұнаралар» Балаларға биіктігі әртүрлі кубиктен жасалған мұнаралар қойылады. Тапсырма: Биіктен аласаға қарай орналастыру; «ең биік», «ең аласа»	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрете отырып сөздік қорын қалыптастыру. «Сиқыршының шақыруы» Тәрбиеші сиқырлы таяқшаны ұстап балаларды қызықтырады. – «Балалар, бүгін біз Сиқырлы буындар еліне барамыз. Бірақ бұл елге тек сөз құрай алатындар ғана кіре алады!» Ойын: «Қай буын жоғалды?» Тәрбиеші екі буын айтады, бірақ біреуін сыбырлап немесе түсіріп айтады. Мысалы: *ба – ... = бала* Балалар жоғалған буынды табады: ла. Осылай: а – та = ата қа – ла = қала ма – ши – на = машина Ойын: «Сиқырлы сандықтағы буындар» Сандық ішінде буын	қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Көкөністерді бояу “Бұл не?” ойыны Мақсаты: Сөздің мағынасын түсініп айтуға үйрету. Өткізілуі: Тәрбиеші түрлі суреттерді көрсетеді (мысалы: алма, әтеш, орындық, кітап). Әр суретке: — Бұл не? Ол не істейді? Қандай болады? – деген сұрақтар қойылады. Мысалы: – Бұл алма. – Алма қандай? – Тәтті, қызыл. – Не істейді? – Жейді. . “Сөзді тап!” ойыны Мақсаты: Баланың сөз мағынасына қызығушылығын ояту. Өткізілуі: Тәрбиеші жұмбақ немесе сипаттама	ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу **«**Отбасы ағашын толтыр» Тәрбиеші үлкен «Отбасы ағашын» көрсетеді. Балаларға туыс адамдардың суреттері беріледі. Тапсырма: суретті ағаштағы тиісті орынға қою. Мысалы: Әже жоғарғы бұтаққа Ата – әженің қасына Әке – төменгі ортаға Ана – әкенің қасына Бала — төменгі бұтаққа Балалар әрқайсысы өз үйіндегі рөлді айтып береді: «Менің әжемнің аты...», «Менің әпкем...».

	Д/Ойын «Артық сөзді тап» 3–4 сөз айтылады: Мысал: Алма, алмұрт, машина Балалар: машина — артық (мағынасы басқа). Мысал: Жүгіру, секіру, қоян Артық: қоян (бұл әрекет емес). Д/Ойын «Мен қандаймын?» Балаларға бір заттың суреті беріледі. Балалар сипаттайды: Мысалы: Доп — домалақ, секіреді, түрлі түсті. Мысық — жұмсақ, мияулайды, жүреді. Сөз мағынасы детальды ашылады. Қимылды ойын «Дұрыс сөзді таңда!» Тәрбиеші екі сөз айтады: — Ұшады ма? (құс пен ит суретін көрсетеді) Балалар дұрыс суретке жүгіреді. — Жүреді ме? — Домалайды ма?	деген сөздерді қолдану. Қосымша тапсырма: — Екі мұнараны салыстыр: қайсысы биік? қайсысы аласа? Ойын: «Жуан ба, жіңішке ме?» Әртүрлі жуанды қарындаштар немесе баулар беріледі. Балалар: Жуан–жіңішке ұғымдарын қолданады; 5 затты жуандығына қарай реттейді. Ойын: «Кең–тар жолдар» Балаларға кең және тар жолақ суреттер беріледі. Тапсырма: — Машинаны кең жолға орналастыр, ал тар жолға велосипедті қой. Балалар ен ұғымын түсінеді. Біз өлшедік ұзынды, Ажыратып жуандық. Биік болса – тамаша, Ал аласа – алдадық! Балалар қолымен биік–аласа, ұзын–қысқа қимылдарын көрсетеді. Топтық ойын — «Өлшемдер әлемін	карточкалары. Бала бір буын алады, мысалы: ба Суреттен соған сәйкес келетін сөзді табады: бал, банан, баға. Сөзді өзі құрап айтады: – «Менің буыным ба, мен сөз құрастырдым: бал». Ойын: «Суретке сөз тап» Балаларға суреттер таратылады. Тәрбиеші бірінші буынды айтады: – «Қа» Бала сурет көрсетеді: қасық, қарға, қала Тәрбиеші буынды өзгертеді: ма – ... (машина, мама, марат) то – ... (торай, тоқаш, тор) ла – ... (лягушка, лақ) Балалар буыннан сөзді өздері ойлап айтады. Ойын: «Буыннан сөз құрастыр» Үстелге бірнеше буын қойылады. Мысалы:	айтады, бала сөзді табады. Мысалы: "Таңертең бізді оятады, қорада тұрады" → Әтеш "Тәтті, қызыл, дөңгелек жеміс" → Алма **Математика негіздері** **Міндеті:** Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. «Пішіндер қаласына қонаққа барайық!» Тәрбиеші балаларды шеңберге жинайды: – «Бүгін біз Пішіндер	Қорытынды әңгіме: «Менің достарым, отбасым» Ай бойы алған білімді бекіту. Балаларды өз бетінше әңгіме айтуға ынталандыру. Тапсырмалар: «Менің отбасым» суреті бойынша әңгімелеу. «Менің досым» тақырыбында еркін сөйлеу. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Себеп-салдарлық байланыстарды, жануарларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалауды дамыту. «Ормандағы қызық

	Математика негіздері **Міндеті:** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. Қызығушылықты ояту: «Сандар пойызы» Құрал: Сандар жазылған вагондар (0–10), әр балаға бір цифр беріледі. Барысы: – Балалар цифрларды ұстап, тура және кері ретпен «пойыз» болып тұрады. – Тәрбиеші: «Қане, пойыз жүріп көрсін – 0, 1, 2...10!» – Кері: «10, 9, 8...0!» 6–10 сандарымен танысу сол заттардың цифры жазылған карточкалар Барысы:	құрастырайық!» Үстелге аралас заттар қойылады: 5 қарындаш (әртүрлі ұзындықта) 5 кубик (биіктігі әртүрлі) 5 бау (жуандықтары әртүрлі) Балалар тапсырманы өз бетімен орындайды: Қарындаштарды ұзындығына қарай реттеу. Кубиктерді биіктігіне қарай орналастыру. Бауларды жуандығы бойынша өсу не кему ретімен қою.«Қайсысы қалай?» ойыны Тәрбиеші сұрақ қояды: Ұзын сөзінің қарама-қарсы мағынасы қандай? Биікке қарама-қарсы сөз? Кеңге қарама-қарсы? Жуан мен жіңішке туралы мысал келтір. **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру,	ба ла на та Балалар оларды біріктіріп сөз құрайды: ба + ла = бала на + та = ната (балаларға қате екенін анықтату) ры + ба + лық = балық Бұл ойын балаларды дұрыс құрастыруға бағыттайды. «Сөздер еліне жол ашылды!» Сиқыршы таяқшаны көтеріп: – «Бүгін сендер буындардан тамаша сөздер құрастырып, Сөздер еліне жол аштыңдар! Қандай сөз құрастыру сендерге ең қызық болды?» **Мүсіндеу** **Жапсыру** **Сурет салу** **Құрастыр.:** **Міндеті:** Тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар	қаласына саяхатқа барамыз. Ол жақта әр пішіннің өз үйі бар. Пішіндерді дұрыс танысақ қана қалаға кіреміз». Ойын: «Пішінді тап!» Тәрбиеші әр пішінді көрсетеді: дөңгелек шаршы үшбұрыш тіктөртбұрыш Балалар оларды атап, сипаттайды. Тәрбиеші: «Қайсысы бұрышсыз?» → Балалар: дөңгелек. Д/Ойын: «Жаңа көршіні қарсы алайық — Сопақша!» Тәрбиеші үш пішінді қатар қояды: дөңгелек сопақша тіктөртбұрыш Салыстыру: Сопақша мен дөңгелек: екеуі де бұрышсыз сопақша созылған дөңгелек домалақ Сопақша мен	оқиға» «Қоян мен Тауық» Орманда бір сабырлы қоян өмір сүріпті. Бір күні ол жолда адасып қалған кішкентай тауықты кездестіріпті. Тауық қорқып, дірілдеп тұр екен. Қоян оған көмектесіп, жылытқан соң, үйіне дейін жеткізіп салыпты. Бұның бәрін алыстан көріп тұрған қу түлкі тауықты ұстап алмақ болыпты, бірақ қоян оған жолатпапты. Ертегідегі көркем сөздер: сабырлы қоян, кішкентай тауық, қу түлкі, қорқып дірілдеп, жылытқан – балаларға талдауға дайын. **«Орманға саяхат»** Балалар шеңберге жиналады. Тәрбиеші: «Бүгін

	– Тәрбиеші: «Мына суретте неше гүл бар?» – Балалар: «8 гүл» → «Ол 8 санына сәйкес келеді» – Цифрды көрсетеді. Сұрақ: – «8 санының алдында қандай сан тұрады?» – «7» – «Соңында ше?» – «9» **Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Дене шынықтыру** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. – Балалар, бүгін біз «Сиқырлы қонақта» ойынын ойнаймыз. Қонақтарға қалай амандасамыз? Балалар амандасу түрлерін айтады. Әдептілік ережелері қысқаша еске түсіріледі. Д/Ойын : «Сиқырлы қорап сөйлейді» Қораптан ойыншық шығады, бірақ сөйлей алмайды — тек сыбырлайды (тәрбиеші ойыншықтың дауысын береді). Тапсырма: Балалар ойыншықпен диалог бастайды: «Сенің атың кім?» «Қалайсың?» «Қайдан келдің?» Тәрбиеші балаларды	мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар) әдісін қалыптастыру. Қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеуге дағдыландыру. Қағаздан құрастыруды үйрету. «Орман есігі ашылады» Тәрбиеші балаларға сиқырлы карта көрсетеді. – «Балалар, карта бізді орманға шақырып тұр! Бірақ орманға кіру үшін біз оның тұрғындарын жасаумыз керек». Балалар қызығушылықпен жұмысқа бағытталады. Д/Ойын: «Кімнің ізі?» Тәрбиеші жануарлардың ізі салынған карточкаларды көрсетеді. Балалар жануар ізін табады: қоян, түлкі, аю. Тапсырма: бөлшектерді	тіктөртбұрыш: сопақшада бұрыш жоқ тіктөртбұрышта 4 бұрыш тіктөртбұрыштың қабырғалары түзу, сопақшада — иілген Балалар қолдарымен жүргізіп көреді. Д/Ойын: «Қай зат қай пішінге ұқсайды?» Тәрбиеші суреттер көрсетеді: жұмыртқа → сопақша күн → дөңгелек кітап → тіктөртбұрыш сағат → дөңгелек есік → тіктөртбұрыш айна → сопақша Балалар сәйкес пішіннің алдына суретті қояды. Д/Ойын:«Қала тұрғындарын үйлеріне орналастыр» Үш үй суреті: Дөңгелек үй Сопақша үй Тіктөртбұрыш үй	біз орманға саяхатқа шығамыз. Ол жерде түрлі аңдармен кездесеміз». Д/Ойын : «Ертегіні тыңда да ойлан» Тәрбиеші ертегіні мәнерлеп оқиды. Тыңдағаннан кейін сұрақтар: Қоян тауыққа неге көмектесті? (Себебі – салдары) Тауық неге қорықты? Түлкі не істегісі келді? Балалар себеп–салдар байланыстарын сөзбен құрастырады: «Тауық адасып қалды, сондықтан қорықты», «Қоян мейірімді болғандықтан көмектесті». Д/Ойын : «Жануарларды ажырат» Үстелге үй

		түсікті, қысқа әрі нақты сұрақ қоюға жетелейді. Д/Ойын : «Сұрақты тап**!»** Тәрбиеші балаларға бір сурет немесе ойыншық көрсетеді. Балалар бір-біріне сол зат туралы **3** сұрақ қойып, кезекпен жауап береді. Д/Ойын : «Әдепті сөздер жолы» Еденге карточкалар қойылады. Балалар әр карточканы басқанда, оны сөйлемде қолдануы тиіс: «Сәлеметсіз бе, қоян?» «Өтінемін, маған ойыншық бересіз бе?» «Рахмет, аю!» Бұл ойын балаларды мәдениетті сөйлесуге және сабырлы болуға үйретеді. Шеңберге қайта жиналып, тәрбиеші сұрайды: «Диалогты қалай бастауға болады?» «Сұрақты қалай қою керек?» «Әдепті сөздер бізге не үшін керек?»	пропорциямен сақтау Қоян: сопақша дене, ұзын құлақ, қысқа аяқ Аю: домалақ бас, үлкен дене Құс: кішкентай дене, үшбұрыш тұмсық Балалар пластилиннен таңдалған жануарды мүсіндейді. Ойын: «Орманды безендір» Алдарында орман суреті бар парақтар тұрады. Балалар қағаздан дайын элементтерді (жапырақ, гүл, бұтақ) таңдап, өз орманын толықтырады. Тапсырма: Жапсыру кезінде үлгіге сәйкес орналастыру; Үлкен–кіші пропорциясын сақтау (үлкен ағаш – жоғарыда, кішкентай гүл – төменде). Ойын: «Құсты ұшырамыз» Төменгі қиындықтағы құс құрастыру: Түсті қағазды екіге бүктеу;	Балаларға әртүрлі ішіндегі карточкалар аратылады. апсырма: өз пішінін ұрыс үйге қою. Бұл ойын балаларды ажыратуға және топтастыруға үйретеді. Ойын: «Қандай дене?» Тәрбиеші геометриялық денелер көрсетеді: шар текше цилиндр Түсіндіру: шар — домалақ, дөңгелекке ұқсайды текше — шаршыдан құралған цилиндр — сопақша және дөңгелек элементтері бар дене Балалар қолмен ұстап көреді. **«**Қалаға жол ашылды!» Балалар шеңберге оралады. – «Бүгін біз қай пішінмен таныстық?»	жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері қойылады. Балалар екі топқа бөледі: Орман жануарлары Үй жануарлары Тапсырма: ертегіде кездескен жануарларды табу және сипаттау. Мысалы: «Қоян – сабырлы, мейірімді»; «Түлкі – қу». Д/Ойын : «Көркем сөзді тап!» Тәрбиеші эпитет пен сипаттама жазылған карточкаларды араластырып қояды. Балалар ертегіге сәйкес келетіндерін таңдайды: «Сабырлы қоян» – дұрыс «Ұшатын балық» – дұрыс емес «Қорқақ тауық» – дұрыс

		Балалар жауап береді. **Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:**Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Жолға шықпас бұрын...» Сұрақ-жауап: Жолда қалай жүреміз? Жаяу жүргінші жолды кез келген жерден өте бере ме? Бағдаршам не үшін керек? Электросамокатпен қайда жүреміз Бағдаршаммен	Қанаттарын қиып, жапсыру; Көзін дөңгелектеп жапсыру. Соңында балалар құстарын «ұшырып көреді». Ойын : «Суретші достар» Балалар өздері жасаған орман композициясына ұсақ бөлшектерді салады: күн, бұлт, шөп құмырсқа, көбелек ағаштың діңін бояу Бұл кезең бала қиялын толық ашады. «Орманға жан бітіру» Барлық жұмыстар біріктіріліп, үлкен ортақ панно жасалады. Тәрбиеші: – «Біз орманға жан бітірдік! Кім қандай жануар жасады? Қандай қимылмен? Құстарың қалай ұшады?» **Дене шынықтыру** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының	– «Сопақша қандай пішіндерге ұқсайды?» – «Шар қандай денеге жатады?» **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлем ішінде сөздерді үйлестіру (зат есім + сан есім, сын есім + зат есім). Дұрыс сөйлем құруға дағдыландыру. Тапсырмалар: «Сөзді жалғастыр» ойыны: бір бала зат есімді атайды (алма), екіншісі оған сын есім қосады (қызыл алма). Санау ойыны: «Үш кітап», «Бес	«Қу түлкі» – дұрыс Бұл ойын тілдің көркемдігін сезінуге көмектеседі. Д/Ойын : «Кім дұрыс, кім бұрыс?» Смайликтер арқылы кейіпкерлердің әрекетін бағалау. Қоянның әрекеті қандай? (– дұрыс) Тауықтың әрекеті ше? (– ол көмек сұрады) Түлкінің әрекеті? – жаман) Балалар өз шешімдерін неге солай бағалағанын түсіндіреді. «Бүгін не үйрендік?» Балалар шеңберде өз ойымен бөліседі: Ертегіде кім дұрыс әрекет жасады? Қандай көркем сөздерді ойда сақтадың? Неліктен қоян жақсы кейіпкер болды?

		таныстыру Көрнекілік: Үш түсті бағдаршам макеті немесе суреті Түс Мағынасы ҚызылТоқта Сары Дайындал Жасыл Жүр Балалар түсті көріп, әрекетті ажырата біледіЖаяу жүргінші мен велосипедшінің ережесі Жаяу жүргінші: Жолды тек «зебра» арқылы өтеді Бағдаршамға қарайды Солға – оңға – қайта солға қарап өтеді Тротуармен жүреді Велосипедші / электросамокат: Жаяу жүргіншілер жолында жүрмейді Веложолмен жүруі тиіс Жаяу адамдарға кедергі келтірмейді Құлаққап пен телефонсыз жүру – қауіпсіз Көрнекілік: сурет немесе видео (велосипедші дұрыс/бұрыс жүріп келе жатқанЖол белгілерімен	жоспары бойынша)	ойыншық». **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын дамытуды арттыру. «Сиқырлы сандық ашылды!» Балалар шеңберге жиналады. Тәрбиеші сиқырлы сандықты көрсетеді: – «Балалар, сандық ішінде біреу бізден көмек сұраған сияқты. Ашаайық!» Ішінен кішкентай кітапша мен хат шығады. Хатта жазылған: «Кітапханамыздағы кейіпкерлер өз үйлерін таба алмай қалды, көмектесіңдер!» Ойын: «Кейіпкерді кітабына орналастыр» Сандықтан жануар-құыршақтар шығады: қоян, аю, түлкі.	**Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:** Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. Ойын: «Төрт түлік — төрт қазына» Төрт түлік

		таныстыру: Мағынасы Әр белгіні карточкамен көрсету және мағынасын сұрау «Бағдаршам не дейді?» Ойын шарты: Тәрбиеші түстерді көрсетеді – балалар дұрыс әрекет жасайды Түс Баланың әрекеті Тоқтайды Қолын көтеріп тұрады Жүреді **Қазақ тілі** **Міндеті:** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. “Әже не айтты?” ойыны “Ә” дыбысы бар сөздерді дұрыс айтуға үйрету. Тәрбиеші қуыршақты көрсетіп: — Бұл әже. Әже бір нәрсе		Үстелде үш түрлі кітап бар: ертегі, өлеңдер, жануарлар туралы кітап. Балаларға сұрақтар: Қоян қай кітапта кездесуі мүмкін? Ал аю ше? Түлкі қай ертегілерден таныс? Балалар кейіпкерді сәйкес кітапқа орналастырады. Ойын: «Кітап қандай болады?» Тәрбиеші кітаптың құрылымын көрсетеді: Мынау — мұқаба Мынау — бет Мынау — сурет Мәтінді көрсету Тапсырма: Балаларға бірнеше заттар көрсетіледі (ойыншық, дәптер, журнал, кітап). «Кітапты көрсет!» Балалар ажыратады. Ойын: «Суретке қарап әңгіме құра» Кітаптан үлкен сурет көрсетіледі.	карточкаларын үстелге қоямыз: Жылқы — құлын Түйе — бота Сиыр — бұзау Қой — қозы Тапсырма: Балалар төрт түліктің пайдасын айтады: Жылқы – көлік, қымызТүйе – жүк, шұбат, жүн Сиыр – сүт, айран, май Қой – жүн, ет, сүт Ойын элементі**:** Тәрбиеші «Кімнің үні?» ойынын жүргізеді: дыбыс шығарады (мыңқ, мөңі, маңқ, кісінеу). Балалар жануарды түрінен ғана емес, үнінен ажыратады. Ойын: «Жануарлар қайда тұрады?» Тәрбиеші үш мекен суретін көрсетеді: Орман Дала Таулы аймақ Балалар

		айтты, тыңдайық! әже, әтеш, әлем, әдеп, әпке, әмиян Балалар қайталап айтады. Қате айтқан баламен жеке жұмыс жүргізіледі (айнамен жұмыс, баяу қайталау). Өрік пен Өрмекші” ойыны “Ө” дыбысын дұрыс айтуға үйрету.. Тәрбиеші: — Қане, "ө" дыбысымен басталатын сөздерді айтайық: өрік, өрмекші, өлке, өлең, өрт Әр баладан бір сөз айту сұралады. Сөзді дұрыс айтқан балаға марапат (жұлдызша, шапалақ).		Балалар бірге шағын әңгіме құрайды: – «Не болды?», – «Кімдер бар?», – «Қалай ойлайсың, ары қарай не болады?» Бұл балалардың оқуға қызығушылығын, қиялын және сөйлеуін дамытады. Ойын: «Кітапты құтқар!» Бөлменің екі жағына «орман» және «кітапхана» аймағы қойылады. Тәрбиеші қоңырау береді: – «Кітап орманда қалып қойды! Құтқарайық!» Балалар жүгіріп барып, «кітаптарды» (жұмсақ кітапшаларды) алып, кітапханаға әкеледі. Бұл сәт ойын атмосферасын күшейтеді. Ойын: «Оқимын – тыңдаймын –	жануарларды тиісті мекенге орналастырады: Қасқыр — орман Арқар — тау Киік — дала Түлкі — орман/дала Қоңыр аю — орман Ойын: «Жыл мезгілдері қалай әсер етеді?» Суреттер көрсетеді: Қоянның жазда сұр, қыста ақ болатын суреттері Аюдың ұйықтап жатқан суреті Құстардың жылы жаққа ұшуы Балаларға сұрақ: – «Қоян неліктен түсін өзгертеді?» – «Аю неге қыста ұйықтайды?» – «Қай құстар жылы жаққа ұшады?» Балалар себеп-салдарлық байланыстарын айтады. Ойын: «Құстарды ажырат»

				табамын» Мұғалім қысқа өлең немесе ертегінің үзіндісін оқиды. Балалар тыңдап, үстелден сәйкес суретті табады. Мысалы: – «Орманда бір қоңыр аю...» → Аю суретін көтереді. «Кітапхананың алғысы» Тәрбиеші: – «Бүгін біз кітап кейіпкерлеріне көмектестік. Олар бізге алғыс айтып, сыйлық ретінде кішкентай кітапша қалдырыпты».	Тақтада екі себет: Жыл құстары Қыстайтын құстар Балалар құстарды себеттерге бөледі: Жыл құстары**:** қарлығаш тырна бозторғай Қыстайтын құстар: қарға суықторғай көгершін Тәрбиеші: – «Құстар нені жақсы көреді?» – «Қыс мезгілінде көмектесу керек пе?» Балалар: ұя жасау, жем шашу туралы айтады. Ойын: «Жануарды аман алып қал!» Балалар орман ішінен жануарды "құтқаруы" керек: жануар суреттерін жинап, мекеніне жеткізеді. Бұл оларға қамқорлық сезімін дамытады.

					«Табиғатты қорғаушылар»Балалар шеңберге оралады. Тәрбиеші сұрайды: – «Бүгін қандай жануарларды таныдық?» – «Төрт түліктің пайдасы қандай?» – «Құстарға қалай көмектесе аламыз?» **Дене шынықтыру** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотрикаңы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Қауіпсіздік. Көліктерді бақылау.**Міндеттері: Көліктерді мақсатына қарай ажырата білуді үйрету; жүргізуші мамандығына қызығушылығын, оның еңбек әрекеттерін	**Құстарды бақылау.**Міндеттері: Балалардың күз мезгіліндегі аула (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) құстары, олардың тіршілігі жайлы білімдерін кеңейту;	**Желді бақылау.**Міндеттері: Балалардың өлі табиғат түрі, жел, туралы түсініктерді кеңейту; желдің күшін анықтауды үйренуді жалғастыру;	**Жапырақтың түсуін бақылау.**Міндеттері: Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді, күз мезгіліне тән себеп-салдардық байланыстарды түсінуге мүмкіндік жасау; өлі табиғат пен тірі табиғат	**Күзгі ауа райын бақылау.**Міндеттері: Күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі

	игеруге ұмтылысын қалыптастыру. Оразақын Асқар «Машина» Машина істе – серігің, Жолға шықсаң – көлігің. Айта қойшы, сен, інім, Шығаратын оны кім? Тас қорытып домнада Металл құйса құрышшы, Машинаны заводта Жасар іскер жұмысшы. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құрғақ жапырақтарды белгілі бір жерге (контейнерге) жинау. (еңбек іс-әрекеті) Міндеттері: Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта жұмыс істеу қабілетін бекіту, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу.	маусымдық өзгерістердегі себеп-салдардық байланыстарды байқауға үйрету; күзде кейбір құстардың (қарлығаш, көкек, бұлбұл) болмауы туралы білімдерін бекіту; құстарға деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Табиғатта (объектілерді) бақылауда қарапайым тәртіп ережелерін сақтауға үйрету. Педагог балаларға ойын аланы маңына ұшып келген құстардың дыбыстарын тыңдап, ажыратуды ұсынады. Құстардың түрі көп болмаса, педагог смартфонына жазылған құстардың дыбыстарын тыңдатып, дұрыс атауды ұсынады. Құс ұясын бұзбаңдар, Балапанын алмаңдар.	балалардың ұғымындағы жансыз табиғат туралы білімдерін кеңейту. Балаларға учаскідегі желді байқауды ұсыну; желдің бар екендігін дәлелдеуді ұсыну. Жаз мезгіліндегі жел мен күгзі желдің сипаттарын салыстыруды ұсыну: күші, температурасы, соғу бағыты. Қалижан Бекхожин "Жел жамылып, түн қатқан". Жел жамылып, түн қатқан Жылқышымын жау жүрек. Алдаспаным — ақ сойыл, Астымда — атым қара көк. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын	туралы білімдерін кеңейту. Х. Тағаров «Алтын күз» Дәнге толып қызыл қырман, Қырман басы қызыл думан. Мөлдіретіп жүзімдерін, Келді алтын күзім менің. Молшылық күз – береке күз, Береке күз – мереке күз. Зерттеу. Бірден құлап түскен жапырақтарды табу; жан-жаққа тербеліп ақырын ұшатын жапырақтарды табу; бұтақтарға жабысып ұшатын жапырақтарды табу; түскен жапырақтардан асфальтқа өрнек салу. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балабақша алаңында жапырақты тазартуға сыпырушыға көмектесу. (еңбек іс-әрекеті) Міндеттері: Мақсатқа бірлескен күш-жігермен жете отырып, бірлесіп жұмыс істеу қабілетін	маңызы туралы әңгімелеу; өсімдіктер тіршілігінің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін бекіту. Балаларға жан-жағына қарап, айналаны бақылап, күздегі және бүгінгі ауа райының күйі туралы айтуды ұсыну. "М. Әлімбаев "Күз келді". Сарғайған тоғай, Сап-сары маңай. Соңғы әнін айтып, Құс кетті қайтып.

	Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. «Айгөлек» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: ұжымдық ойында жылдамдықты, күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Бізден сізге кім керек? Тізбек үзілген жағдайда, шабушы ойыншы қарсыластардың бірін өз тізбегіне қосып алады. Тізбек үзілмесе, шабушы - қарсыластардың тізбегіне қосылады. «Тауық қорасындағы	Құстар біздің досымыз, Обалына қалмаңдар. *** Торғай - шырылдайды. Қарға - қарқылдайды. Сауысқан - шықылықтайды. Бөдене - бытпылдайды. Бұлбұл - сайрайды. Педагог тақпақтағы құстардың қайсылары неліктен жоқ болғанын сұрап, қарапайы себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді. «Өнегелі тәрбие». Экология. Еңбек әрекеті: жапырақтарды гербарийге, бүршіктерді кешелек шығармашылық жұмыстарға жинау. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбек әрекетіне саналы қарауға, ұқыптылыққа, жауапкершілікке	қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы бұтақтар мен тастардан тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Міндеттері: Бірлесіп жұмыс істеуге, істелген жұмыстан рақат алуды үйретуді жалғастыру; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. «Үшінші артық» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін	бекіту; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. "Қарақұс пен балапандар" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдай білуге дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. «Допты ұста» қмылды ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: балалардың зейінін, шапшаңдығын, көзбен мөлшерлеп-қимыл жасау үйлесімділігін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Ойынға үш бала қатысады. Екі ойыншы бір-біріне	Айнала жым-жырт, Көк аспан сұрғылт. жер жыртқан тыңда Трактор қырда. Жапырақ ұшты, Суық та түсті. Сонда да бізге, Қызық көп күзде. Балаларға тыңдалған тақпақтағы қандай сипаттамалар көзбен көрген құбылыстарға сай екенін табуды ұсыну. «Өнегелі тәрбие». Экология. Еңбек әрекеті: жапырақтарды гербарийге, бүршіктерді

	түлкі» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттер: жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту. Қимылдауда қауіпсіздікті қалағалау. Алаңның бір жағында «тауық қора» орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады. Алаңның қарама-қарсы жағында «түлкінің іні» орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек» (дене тәрбиесі)	тәрбиелеу; табиғи тастандыларды қайта пайдалану амалдарымен таныстыру; үнемділікке баулу. "Ит пен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балалардың қимылды ойындарға қызығушылығын дамыту, ит пен торғайға тиесілі қылықтар жайлы білімдерін бекіту; ойынды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу, физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік), реакциясын, қимыл-қозғалыс үйлесімін дамыту; ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу; достыққа, адалдыққа тәрбиелеу. "Кеглиді қағып ал"	дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады.	қарама-қарсы 3–4 метр қашықтықта тұрады да, бір-біріне доп лақтырады. Үшінші бала олардың ортасында тұрып, допты қағып алуға немесе қолымен ұстауға тырысады. Егер ол допты ұстап алса немесе қолымен тигізсе, допты лақтырған ойыншымен орын ауыстырады. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: 1) сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен	кешелек шығармашылық жұмыстарға жинау. Міндеттер: балаларды еңбек әрекетіне саналы қарауға, ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу; табиғи тастандыларды қайта пайдалану амалдарымен таныстыру; үнемділікке баулу. "Тым-тырақай" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу;

	Мақсаты: балалардың затты (доптар немес қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын дамыту, күшін,ептілігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын қалыптастыру; ережелерді орындай білу қабілетін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері. (дене тәрбиесі) Орыннан екі аяқпен секіру. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке,ептілікке, зеректікке баулу. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Міндеттері: Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке,ептілікке тәрбиелеу. Құралдар: асықтар, шеңбер. Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау. Өз бетімен еркін ойын	Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек» (дене тәрбиесі) Мақсаты: балалардың затты (доптар немес қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын дамыту, күшін, епті лігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын қалыптастыру; ережелерді орындай білу қабілетін дамыту. "Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттері:	ойындар: қозғалыстарды дамыту. (дене тәрбиесі)(экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санандар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа

		әрекеті, қимыл-қозғалысты дамыту. Мақсаты: допты астыңғы жақтан бір-біріне лақтыру дағдыларын бекіту(экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) .	Балаларды ұзындыққа секіруге жаттықтыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: доппен жаттығу. Допты екі қолмен ұстап жерге лақтыруды жалғастыру. (дене тәрбиесі)(экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)		бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. "Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжығанда

					мұқият болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Құралдар: үш-төрт шеңбер. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Міндеттері: Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру;

					дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.(экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)
Серуенненоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** Ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, майлықпен сүртіңдер, төкпей-шашпай ішіңдер Нан, сусын, сорпа, дәмді, ащы, тұз, тәтті, ет, балық, тамағыңды іш, ас болсын! Көгөністер көгөніс, сәбіз, қияр, қызанақ. **(Сөздік минимум)**				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				

	«Қасқыр мен кірпі» ертегісін айтып жағымды үнмен балаларды ұйықтату	Баяу әуенмен ұйықтату (музыка)	Ұйқыға жатқызу. Балаларға әңгімелер оқып беру және жайлы музыка қою **(көркем әрекет)**	«Құйыршық» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату	Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату
Біртіндеп ұйқыданоя ту, сауықтырушаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Ұлттық ойын:** **«Ақ серек,көк серек»** **Ойынның барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді: Бірі – «Ақ серек», бірі – «Көк серек» болады Екі топ бір-бірінен 5–7 метр қашықтықта қатар тұрады Балалар шынтақтасып, бір тізбек құрып тұрады **Ойын ережесі:** Бірінші топ (мысалы, «Ақ серек») хормен өлең айтады: – Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топ (мысалы, «Көк серек») жауап береді: – Бізге керек (баланың аты)!	**Ұлттық ойын:** **«Соқыр теке»** **Ойынның барысы:** – Балалар, бүгін біз «Соқыр теке» атты қазақтың ұлттық ойынын ойнаймыз. Бұл ойында бір бала — «соқыр теке» болады. Оның көзін байлаймыз. Ол көзін ашпай, басқа балаларды ұстап көруі керек. Қай баланы ұстаса, сол орынға соқыр теке болады.	**Ұлттық ойын:** **«Белбеу ұстасу»** **Ойынның барысы:** . Балалар жұппен шығады: Екі бала бір белбеудің екі ұшын ұстап, бетпе-бет тұрады Аяқтары иық деңгейінде, тепе-теңдік сақтауғадайын тұру керек Тәрбиеші белгіні береді: – "Дайындал! Бір, екі, үш!" дегенде ойын басталады Балалар белбеуді тартып немесе еппен итеріп, қарсыласын орнынан жылжытуға, теңгерімін бұзуға тырысады	**Ұлттық ойын:** «Арқан тартыс» Ойынның сипаттамасы: Тәрбиеші түсіндіреді: – Балалар, бұл – «Арқан тартыс» атты қазақтың ұлттық ойыны. Бұл ойын топпен, бірігіп, күш салып ойнайтын ойын. Арқанды өз жағыңа қарай тартып, қарсылас топты өзіңе қарай өткізу керек. Бұл ойын достықты, бірлікті үйретеді. Ойын барысы: . Балалар 2 топқа бөлінеді: Әр топ арқанның екі жағын ұстайды Арқанның ортасына қызыл лента (белгі) байланады	**Ұлттық ойын:** «Тоғызқұмалақ» Ойын туралы қысқаша , «Тоғызқұмалақ» — қазақ халқының ежелден келе жатқан ақыл-ой ойыны. Бұл ойында құмалақтарды (түймелер түсінік: – Балалар, тастар, асықтар) арнайы тақтадағы ұяшықтарға салып, есептеп ойнайды. Кім көп құмалақ жинаса – сол жеңеді. Ойын шахмат пен дойбы

	Аты аталған бала жүгіріп келіп, қарсы топтың шеңберін бұзып өтуге тырысады. Егер қол ұстасқан тізбекті бұзса – өз тобына жеңіспен оралады. Егер бұза алмаса – сол топта қалып қояды. Кезек екі жаққа ауысып отырады.		Қай бала тепе-теңдікті сақтап, басқасын қозғалтса немесе құлатса – сол жеңімпаз болады	Ортада сызық немесе белгі қойылады Ойын басталады: Тәрбиеші: «Бастаймыз!» деген белгі береді Екі топ арқанды өз жағына тартады Қай топ қарсылас топты өз жағына қарай тартып өткізсе, сол топ жеңімпаз болады	сияқты логикалық ойындардың қатарына жатады. Қажетті құралдар: Тоғызқұмалақ тақтасының қарапайым үлгісі (қағаз, тақта немесе ағаштан) Әр балаға – 9 құмалақ (тйме, ұсақ тас, т.б.) Сандар жазылған ұяшықтар Ойын ережесінің жеңілдетілген түрі: Әр бала алдында 9ұяшық болады.
Балаларменжекежұмыс	өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге тырысады. Ойын толық жеткізуге және сөздерді анық айтуын дамыту. Нәзік Данэля	қарапайым себеп-салдарлық ішінара байланысты дұрыс орната алуын жетілдіру Тоқтамыс Алдияр	еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен,қызығушылық танытпайды.Ойын барысында кейіпкерлердің іс әрекетін салуға үйретуді жалғастыру. Әуелбек Мансұр	кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарап, ертегі, әңгіме құрастыруын жалғастыру Ниеибай Адель	дауыс күшін өзгерте отырып, әртүрлі интонацияларды ішінара жаңғыртуға дағдыландыру.Ертегі кейіпкерлерінің дыбыстарын салуын жетілдіру. Арынбек Азиза

Бесінас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: наңды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«Жылдам жеткізу» Қимыл үйлесімділігін арттыру, жүгіру жылдамдығын дамыту. **Шарты:** Допты жерге түсірмей команда бойынша белгіленген жерге жеткізу.	«Қорғанды қорғау» Тактикалық ойлау, қимыл шапшаңдығын дамыту. **Шарты:** Бір команда қорғанды қорғайды, екіншісі ішке кіруге тырысады.	«Штурм» Күш, төзімділік және стратегия. **Шарты:** Бір топ «қамалды» (қорғанды) алуға, екіншісі қорғауға тырысады.	«Құстардың ұшуы» Топтық бірлікті және ырғақ сезімін қалыптастыру. **Шарты:** Балалар топпен құс болып ұшады, бағыт ауыстырады, бірге тоқтайды.	«Үлкен эстафета» Барлық қимыл түрін (жүгіру, секіру, лақтыру) кешенді дамыту. **Шарты:** Команда лар аралас тапсырмалардан тұратын эстафетаны орындайды.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу	Топтағы сүйікті ойыншықтарын атау, алып келу. Ойыншықтары не үшін	«Ғажайып ойыншық жасау шеберханасымен» балаларды таныстыру.	«Менің отбасым» отбасы мүшелерін атау **көркем әдебиет** (мен бақытты баламын	Дидкатикалық ойын «Ойыншық неден жасалған» Ойыншықтарды	Менің ата анамның ойыншығы тақырыбында әңгімелесу. Олар

әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	сүйікті екенін айту, суретін салу немесе мүсінін жасауды ұсыну. **Сөйлеуді дамыту, сурет салу, мүсіндеу**	Балалар қалаған табиғи заттарды алып өз ойыншығын жасайды. **құрастыру**	**сурет салу**	биіктігіне қарай топтастыру санау,жұптастыру «Бестемше» ойын құралы негізінде ұлттық ойыншығымен таныстыру. Қосу кемейту амалдарын үйрету **математика негіздері**	қандай ойыншықпен және қалай ойнағаны туралы сұрау. Балалардың ойын тыңдау. **Сөйлеуді дамыту**
Балалардыңүйгеқайтуы	**Өнегелі 15-минут:**Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).				

Тәрбиеші:А.Жумагулова

Г.Болат

Әдіскер_____ Атыгаева А.Т.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Мектепалды «Күншуақ» тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 30.09 - 04.10. 2024 жыл I апта

Қазан бірлік және ынтымақ айы
Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
Оиы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

Күнтәртібі	**Дүйсенбі 30.09.2024ж**	**Сейсенбі 01.10.2024ж**	**Сәрсенбі 02.10.2024ж**	**Бейсенбі 03.10.2024ж**	**Жұма 04.10.2024ж**
Балалардықабылдау	Қайырлы таң! Қайырлы күн! Сәлеметсіз бе! Балалар **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу , шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. **(Музыка)** Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15-минут:**Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара т үсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік,	**Ерте кәсіптік бағдар беру «Менің арманым»** **Құрал-жабдықтар:** Қағаз,	**Құқықтық сауаттылық «Мен және менің құқығым»**	**Адалдық әліппесі** «Достық көмек» мақсаты:балаларды	**Қаржылық сауаттылық«Отбасылық бюджет»**	**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы «Теңге алу»**

шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	түрлі түсті қарындаштар, мамандық суреттері. **Ойын барысы:** Балаларға әртүрлі мамандық суреттері көрсетіледі (дәрігер, мұғалім, полицей, жүргізуші т.б.). «Өскенде кім болғың келеді?» деген сұрақ қойылады. Балалар қалаған мамандығын қағазға суреттеп салады. Әр бала суретін көрсетіп, «Мен дәрігер болғым келеді, өйткені адамдарға көмектесемін» деп түсіндіреді**.(Сурет салу,сөйлеуді дамыту)**	**Құрал-жабдықтар:** Балалардың құқығын көрсететін суреттер (ойнау, оқу, демалу, тамақтану). **Ойын барысы:** Тәрбиеші суреттерді көрсетіп: «Бұл қандай құқық?» деп сұрайды. Балалар: «Бұл – ойнауға құқым бар», «Бұл – оқуға құқым бар» деп жауап береді. Кейін әр бала өзіне маңызды бір құқығын атап айтады**.(Қоршаған әлем,сөйлеуді дамыту)**	зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды. **(Қоршаған орта,сөйлеуді дамыту)**	**Құрал-жабдықтар:** Ойыншық ақша, суреттер (азық-түлік, киім, ойыншық, кітап). **Ойын барысы:** Балаларға «отбасыға қажетті заттарды сатып алу» тапсырмасы беріледі. Әр балаға белгілі мөлшерде ойыншық ақша беріледі. Балалар өз ақшасына қажетті заттарды таңдап алады. Кейін бірге талқылайды: «Сен не сатып алдың? Неге осыны таңдадың**?»(Математика негіздері,сөйлеуді дамыту,қоршаған әлем**	**(жеңілдетілген нұсқа)** **Құрал-жабдықтар:** Арнайы белгіленген орынға қойылған «теңге» (қағаз немесе пластмасса дөңгелектер). **Ойын барысы:** Тәрбиеші ортаға «теңгені» қояды. Балалар кезекпен белгіленген жерден жүгіріп келіп, еңкейіп «теңгені» алады. Жеңімпаздар анықталады**(Дене шынықтыру)**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу	Сапта бір-бірінің артынан шеңбер бойлап жүру, қолды белден ұстап аяқтың ұшымен жүру, қол белден ұстап аяқтың				

<table>
<tr><td>кешені</td><td colspan="5">өкшемен жүру. Жүгіру қолды кеуде тұстан ұстап аяқтың ұшымен жүгіру.Тыныс алу жаттығулары.
1. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, басты оңға,солға айналдыру 5-6 рет
2. Б.қ. аяқты алшақ қойып, қолды алдыға, жоғары, екі жанына созып, төмен түсіру 5-6 рет.
3. Б.қ. аяқты алшақ қойып, қолды екі иыққа қойып, иық буындарын айналдыру 5-6 рет.
4. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, белді оңға,солға айналдыру 5-6 рет.
5. Б.қ.аяқты сәл алшақ қою, қолды алдыға созып, аяқтың ұшын көтеру б.қ. келу 5-6 рет.
6. Б.қ. аяқты қосу, қол белде, тізені сәл бүгіп тік тұру 5-6 рет.
7. Б.қ. аяқты қосу қол белде, орында тұрып қолды екі жанына созып, аяқты қолды бірге қосып секіру 5-6 рет. Тыныс алу жаттығулары.2-3 рет.</td></tr>
<tr><td>Таңғыас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Нан,шәй, май, ірімшік ботқа, дәмді, тамағыңды ішеміз, ас болсын! (Сөздік минимум)
Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">1-ші апта дәйек сөзі.
«Отан – отбасынан басталады.»
Балаларды ұйымдастырылғаніс-әрекеткепсихологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру
Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері
Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру
<table>
<tr><td>Жыл мезгілі жайлы мнемокестемен жұмыс істеу немесе әңгімелесу. Мнемокестедегі жыл ерекшеліктерін айтып, толық сөйлем құруды үйрету. (қарым-қатынас іс-</td><td>«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». "Мен құмануға да, сенбеуге де құқылымын" ой жинақтау сәті. Балалардың қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз</td><td>Алтын күз тақырыбында, күздің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, экологиялық тәрбие)</td><td>"Менің көңіл-күйім қандай?" жаттығуы. (қарым-қатынас, зерттеу іс-әрекеті) Балалардың өз көңіл-күйлерін сипаттай білу қабілетін дамыту; салауатты өмір салтына деген</td><td>"Күз" тақырыбына байланысты мнемокарточкалар мен жұмыс істеу. Балалар сурет бойынша толық мәтінді құрастырады. (қарым-қатынас іс-</td></tr>
</table></td></tr>
</table>

	әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, экологиялық тәрбие)	өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу); қарапайым оқиғалар, шығарма кейіпкерлерінің әрекеттері мысалдарында жеке қауіпсіздігінің маңызды екендігіне көз жеткізу, талқылау; көз пікірін білдіруге үйрету.		қажеттілігін қалыптастыру; эмпатиялық қасиеттерді дамыту, салауатты қарым-қатынастар ортасын құру. Балалардың көңіл күйін құрдастары арасына келген кезде сұрату. Жаттығудың тағы бір нұсқасы. Белгілі мультфильмнің (шығарманың) желісін, көргеннен (оқылғаннан) кейін алған әсерлерін талқылау.	әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, экологиялық тәрбие)
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсінуін қалыптастыру. Д/Ойын : “Сөйлемді жина” тәрбиеші сөздер жазылған	**Математика негіздері** **Міндеті:** «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Заттар тобы → бір бөлік Тәрбиеші 5 қызыл дөңгелекті қояды. – Бұл — дөңгелектердің тобы. – Ал мен біреуін	**Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Сауат ашу** **Міндеті:** Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қалыптастыру. “Қарындаш жоғалды!” Тәрбиеші үлкен “сиқырлы қарындашты” көрсетеді. — Балалар, бұл қарындаш	**Сауат ашу** **Міндеті:** Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуіне дағдыландыру. “Жолдар еліне саяхат” Тәрбиеші үлкен плакат көрсетеді — жолдар елі. Мұнда**:** Үлкен жолдар Олардың арасындағы	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық

	карточкаларды араластырып қояды: Жүр, ит, келеді. Балалар сөздерді ретімен орналастырып: → Ит жүріп келеді. Әр сөйлемнің неше сөзден тұрғанын дөңгелекшелермен белгілеу (3 дөңгелек). Қимылды ойын – “Сөзге секір!” Тәрбиеші сөйлем айтады, бірақ бөліп береді: – Қоян / секірді. Балалар әр сөз айтылғанда бір рет секіреді. Д/Ойын : “Сурет бойынша сөйлем құра” Балаларға бірнеше сурет ұсынылады: қыз гүл ұстап тұр бала доппен ойнап жатыр құс ұшып барады Балалар өздері сөйлем құрайды. Тәрбиеші сөз санын санатады: – Құс ұшып барады. → 3 сөз	аламын. (Бір дөңгелекті алады.) – Міне, топтан бір бөлік. Балалармен бірге қайталау: – Бір дөңгелек — топтың бір бөлігі. – Бір алма — алмалардың бір бөлігі. – Бір ойыншық — ойыншықтардың бір бөлігі. Д/Ойын “Топтан біреуін тап Балалардың алдында қорапта: бірнеше алма макеті, бірнеше көк шарик, бірнеше машинка. Тәрбиеші айтады: – Маған топтан бір алма әкел. – Маған бір көк шарик тауып бер. – Маған машиналардың ішінен біреуін көрсет. Балалар таңдап алып келеді. Қимылды ойын: “Бір бала, көп бала” Тәрбиеші нұсқау береді: – «Көп» десем — бәрің	ренжіпті. Неге екенін білесіңдер ме? Өйткені оны дұрыс ұстамайтындар көп екен! Оған көмектесеміз бе? Балалар: — Иә! “Қарындашты дұрыс ұстау ережесі” Тәрбиеші үлкен макетпен көрсетеді. Ереже: Қарындашты басбармақ пен сұқ саусақ қысып ұстайды. Ортаңғы саусақ қарындаштың астынан тіреп тұрады. Қарындаштың ұшы параққа 1,5–2 см жақын болуы керек. Қол бос, сұқ саусақ қатты бүгілуі тиіс емес. Денені түзу ұстап отыру. Балалар өз қарындашымен қайталайды. — Егер мен “дұрыс” десем — сендер қарындашты дұрыс ұстайсыңдар, “бұрыс” десем — ауыстырасыңдар. Қолды жазуға дайындайтын жаттығу: “Сиқырлы жолдар”	жоларалық кеңістік Көңілді кейіпкерлер (Құрт, Көбелек, Құмырсқа) — Бұл елдің тұрғындары тек жолмен жүре алады, ал жоларалық кеңістік — демалатын орны. Көмектесеміз бе? Балалар: — Иә! “Жол мен жоларалықты қалай ажыратамыз?” Тәрбиеші дәптер парағын көрсетеді. Түсіндіру: Жол — жазу жүргізілетін сызық. Жоларалық кеңістік — жолдардың арасындағы бос кеңістік. Әр әріп немесе элемент жазу жолында орналасады. Балалар саусақпен көрсетіп қайталайды. “Құрт жолмен жүреді” Балаларға жолды қағаз беріледі. Тапсырма: Стикер-құртты жазу	естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). "Айна алдындағы артикуляция" жаттығулары "Ә" дыбысы: Ауызды кең ашып, "ә-ә-ә" деп айту. "Ө" дыбысы: Ерінді дөңгелетіп, "ө-ө-ө" деп айту. "Қ" дыбысы: Ауызды ашып, тілдің артқы жағын жоғары көтеріп "қ-қ-қ" деп айту. 2.Тыныс жаттығулары Мұрынмен терең тыныс алу, ауызбен баяу "ә-ә-ә" деп шығару. Үрлеу жаттығулары: мақтаны үрлеу, түтікшемен қағаз жылжыту. Шар үрлеу,

	Сұрақтар: – Сөйлем нелерден тұрады? – Сөйлем айтқанда біз не білдіреміз? (ой) – Сөйлемді қалай құраймыз? **Математика негіздері** **Міндеті:**Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. **“**Заттарды белгілері бойынша салыстыр” Тәрбиеші түрлі түсті заттарды алға шығарады. Тапсырма: – Қызыл түсті затты тауып әкел. – Көк затты көрсет. – Сары заттан айырмашылығы неде?	жүгіресіңдер. – «Бір» десем — бір баладан ғана қимыл жасайды (мысалы, қол көтереді). Бұл ойын арқылы «бір» — топтан бөлінген бір бала екенін түсінеді. Д/Ойын “Топты жина да біреуін таңда” Балаларға түрлі суреттер таратылады (үш алма, төрт қоян, үш шар). Тапсырма: Суреттің бәрін атап шығады. Олардың ішінен бір затты саусағымен көрсетеді. Бұл — топтың бір бөлігі” деп айтады. – “Бір” деген не білдіреді? Балалар: Жалғыз зат, топтың ішіндегі біреу, бір бөлік. **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ	Балалар қағаздағы дайын жолдармен жұмыс істейді. Тапсырмалар: Түзу сызық сызу Ирек жолдан шықпай жүру Ұсақ дөңгелектерді қосу Кішкентай доғалар салу — Машинаны жолдан шығармай жүргізейік! — Жыланның ізін салып көрейік! Бұл ойын түріндегі жаттығулар қолды жазуға дайындайды. Қимылды ойын: “Қарындашпен би билейміз!” Музыка қосылады. Балалар қарындашты саусақтарымен айналдырып, жоғары-төмен қозғалтады. Бұл қол икемділігін дамытады. **“**Сиқырлы әліппе жолдары” Балалар дәптерге жолдар бойымен жұмыс істейді. Тапсырма: Жоғарыдан төмен қарай қысқа таяқшалар салу Төменнен жоғарықарай жеңіл сызықтар	жолына жапсыру; Стикер-айнала жүрген көбелекті жоларалыққа жапсыру; Құртты жолдан шығармай сызық жүргізу. Балалар сызық сызады: Жоғарыдан төмен Солдан оңға — Құрт тек жолмен жүреді. Ал көбелек жолдың арасына қона алады! “Сиқырлы сызықтар” Балалар жолды дәптерге жазуға дайындық элементтерін сызады. Тапсырмалар: Жол бойымен түзу сызықтар Жолдан шықпай кішкентай доғалар Жоларалыққа тимей ирек сызық Жолдың ортасын табу (сызықтарды жолдың дәл ортасына салу) — Сызық жолдың ішінде ме?	"жапырақты ұшыру" ойыны. **“**Дыбысты тап” ойыны Дыбысты естіп, сөз ішінен табу. Тәрбиеші айтады: — Қандай дыбыс естіп тұрсың? Мысалы**:** – “Әже” сөзінде қандай ерекше дыбыс бар? (Жауап: **ә**) – “Өрік” сөзінде ше? (Жауап: **ө**) – “Қоян”? (Жауап: **қ**) **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру дағдыларын жетілдіру. **“**Суретті тізбекте” ойыны Балаларға

	Балалар салыстырады: → Қызыл – сарыдан түсі бойынша өзгеше. “Пішіні қандай?” Доп, куб, цилиндр көрсетіледі. Сұрақтар: – Қайсысы дөңгелек? – Қайсысы төрт бұрышты? – Пішіндері бойынша не айырмашылығы бар? Балалар: → Доп — домалақ, куб — бұрышты. Д/Ойын : “Материалын анықта” Балаларға ағаш, пластмасса, жұмсақ ойыншық беріледі. Балалар сипап көреді. – Бұл қай материалдан? – Бұл екіншісінен несімен өзгеше? Ойын 4: “Не үшін керек?” Суреттер: кесе, дәптер, ыдыс, сәбіз, қасық. Балалар қолданылуына қарай салыстырады: → Қасық жеу үшін,	дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. **Тақырыбы:** Г-Ғ дыбыстарын дұрыс айту **Кіріспе** Балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру, дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, сөздік қорын кеңейту Г–Ғ дыбыстарын дұрыс, анық айтуға үйрету Зат есім мен сын есімді үйлестіріп айтуға дағдыландыру Балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту **Әдіс** Түсіндіру, қайталау, ойын әдісі Дыбыстық жаттығулар Сұрақ-жауап **Тапсырма** Дыбыстық жаттығу: *газ – ғаз, гол – ғол* Сурет бойынша жұмыс: *қызыл алма, үлкен кітап* "Бұл не?" сұрағына қысқа жауап беру Суретке қарап әңгіме құрастыру **Қоршаған ортамен танысу**	Шағын доға, жарты шеңбер Тәрбиеші қимыл бағытын айтады: — Жоғарыдан төмен. — Солдан оңға. — Біркелкі, асықпай! **Мүсіндеу** **Жапсыру** **Сурет салу** **Құрастыру** **Міндеті:** Мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеуге үйрету. “Қосамыз — тегістейміз!” Тәрбиеші екі бөлек пішін (шар мен сопақ) алып, оларды біріктіруді көрсетеді. Қадамдар: Бір бөлікті екінші бөліктің үстіне жеңіл ғана басу. Кішкентай саусақтармен біріккен жерді жоғары-төмен тегістеу. Барлық жақтарын жұмсақ қимылмен біртұтас пішінге келтіру. Тәрбиеші: — Қосылған жер көрінбеуі	— Жоларалыққа түспеді ме? — Түзу ме, қисайып кетті ме? Бұл балаларды парақта бағдарлауға үйретеді. Қимылды ойын: “Жоғары – төмен, оң – сол” Балалар қимылмен орындайды: «Жоғары» — қолды көтеру «Төмен» — қолды түсіру «Оңға» — оңға бұрылу «Солға» — солға бұрылу **Математика негіздері** Міндеті:Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтау. “Кеше – бүгін – ертең” Тәрбиеші Уақыт ағашын көрсетеді. Түсіндіру: Бүгін — дәл қазір болып жатқан күн.	ертегінің 4–5 суретін араластырып қояды. Балалар жұмбақ немесе қысқа сипаттама арқылы дұрыс ретімен орналастырады. Әр бала өз таңдаған суреті бойынша шағын сөйлем айтады. Мысалы: – «Алдымен Бауырсақ пісірілді…» – «Сосын ол терезеден домалап шықты…» “Өзің — кейіпкерсің!” ойыны Балалар рөл таңдайды: қасқыр, бауырсақ, әже, қоян. Тәрбиеші эмоция смайликтерін көрсетеді. Балалар оқиғаның өз тұстарын сол эмоциямен

	дәптер жазу үшін, кесе су құю үшін қажет. – Балалар, бүгін нақты сызғышсыз да заттарды өлшей аламыз. Ол үшін шартты өлшем қолданамыз. Шартты өлшем ретінде: *таяқша* немесе кубик алынады. “Өлшеп көрейік!” Үстелге әртүрлі ұзындықтағы жолақтар қойылады. Балалар бір жолақты кубикпен өлшейді: → *Бұл жолақ — 4 кубик.* Келесі жолақ — 2 кубик. – Қайсысы ұзын? – Қайсысы қысқа? Балалар салыстырады. Д/Ойын : “Биіктігін өлше” Екі ойыншық (қуыршақ және аю). Балалар таяқшамен өлшейді: → Аю — 5 таяқша биік.	**Міндеті:** Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Қауіпсіздік ережелері Телефонды ұзақ ұстама! Теледидарға тым жақын отырма! Компьютер мен телефонды тек ересекпен бірге қолдан! Көзге жақын ұстама! Бейтаныс адамдарға телефон арқылы ақпарат айтпа! Ғаламторда ересектердің рұқсатынсыз ештеңе ашпа! Ойындар мен жаттығулар: “Кім не істейді?” ойыны Өткізілуі: Тәрбиеші суреттерді көрсетеді (өрт сөндіруші, дәрігер,	керек. Біріккен жерін тегістесек, мүсін әдемі болады.Қоян жасау (бас + дене + құлақ) **Сурет салу** **Міндеті:** Бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалай білуге дағдыландыру. “Фонға дұрыс дос тап!” Үстелге түрлі түсті қағаздар қойылады. Тәрбиеші ойыншық заттарды көрсетеді (күн, қарлығаш, гүл). Тапсырма: Балалар қай затқа қандай фон үйлесетінін табады. Мысалы: Гүл → жасыл/ашық фон Қарлығаш → көк/ашық фон Күн → көк фон Негізгі ой: фон мен түстің бір-біріне әсерін түсіну. “Бояулард да достасады” Тәрбиеші палитрада бояуларды араластыруды көрсетеді: Сары + қызыл = қызғылт	Кеше — бір күн бұрын. Ертең — бір күн кейін. Қарапайым мысалдар: — Егер бүгін сәрсенбі болса, кеше қандай күн болды? — Ал ертең не болады? Балалар “кеше – бүгін – ертең” сөздерін қайталайды. Д/Ойын: “Уақыт станциялары” Үш түрлі сурет: Кеше: балалар ойнап жүр Бүгін: топта сабақ өтіп жатыр Ертең: серуенге бара жатыр Тапсырма: Балалар суреттерді дұрыс ретпен орналастырады. — Қайсысы кеше болды? — Бүгін не болып жатыр? — Ертең не болады деп ойлайсыңдар? **“**Алдымен – содан кейін”	айтады. Мысалы: – Қоян қуанышты болса қалай айтады? – Қасқыр ашулы кезде ше? Бұл бөлім балалардың дауыс ырғағын, интонацияны қолдануын дамытады. **“**Жоғалған сөзді тап” ойыны Тәрбиеші қысқа сөйлемдерді оқиды, бір сөзді тастап кетеді. Балалар дұрыс сөзді тауып, толық айтып шығады. Мысалы: – «Бауырсақ орманға... (домалап) кетті.» – «Қасқыр оны … (тоқтатып) алды.» Шығарманы толық, бірізді, эмоциямен қайта айтып беру Балалар топпен

	→ Қуыршақ — 3 таяқша биік. Қорытынды: – Аю — қуыршақтан биік. Д/Ойын: “Ені қанша?” Пластикалық табақ пен шағын кітапша. Балалар енін қыстырғыштармен өлшейді. → Кітапша — 2 қыстырғыш. → Табақ — 4 қыстырғыш. Салыстыру: → Табақ кеңірек. – Ұзын бұтақпыз — созыламыз, – Қысқа таяқпыз — тобықтаймыз, – Жоғары өсеміз — көтерілеміз! Балаларға сұрақтар: Заттарды қандай белгілері бойынша салыстырдық? Шартты өлшеммен қалай өлшейміз? Қайсысы ұзын? Қайсысы қысқа? Заттардың биіктігі мен ені неден білінді?	полицей, т.б.). Сұрақ қояды: — Бұл кім? Не істейді? Қай көлікпен жүреді? Мысалы: — Бұл — өрт сөндіруші. Ол өртті сөндіреді. Ол өрт сөндіру көлігімен жүреді. **“**Артық затты тап” ойыны Өткізілуі: Сөздер тізбегі беріледі: Теледидар, ұялы телефон, банан, компьютер — Артық зат? (Жауап: банан – техника емес) “Мен не істеймін?” ойыны Мақсаты: Құрылғыны қолдану әрекетін айту. Мысалы: Мен теледидарды не үшін көремін? Компьютермен не істейміз? Телефонмен не істейміз? Суретпен жұмыс: Тапсырма: Сурет бойынша әңгіме құрау. Мысалы: "Өрт сөндіру	Көк + сары = жасыл Аздап ақ түспен араластыру → жұмсақ, нәзік реңк **Мүсіндеу** **Міндеті:** Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану балшықтан «Жануарлар» мүсіндеу (қоян, кірпі, т.б.), ұзын-қысқа, жуан-жіңішке белгілерін ажырату. **Жапсыру** : Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беруді қалыптастыру. “Орманда серуендеген жануарлар” сюжеттік жапсыру Балалар орман фонын алады. Тапсырма: Ағаштардың өлшемін таңдау:	Балаларға реті бұзылған 3 әрекет беріледі (мысалы: тісті тазалау, тамақ ішу, ұйықтау). Тапсырма**:** Әрекеттерді “алдымен – содан кейін – соңында” реттеп орналастыру. Балалар жауап береді: — Алдымен тіс тазалаймын. — Содан кейін тамақ ішемін. — Кейін ұйықтаймын. Қимылды ойын: “Кім бұрын? Кім кейінірек?” Тәрбиеші қимыл айтады: “Секіру” “Қол шапалақтау” “Отырып тұру” Тапсырма: Балалар тәрбиешінің нұсқауына қарай әрекеттерді ретімен орындайды: — Бұрын секіреміз, кейін қол шапалақтаймыз. — Алдымен	және жеке-жеке әңгімелейді. Тәрбиеші қажет жерде бағыттайды: – «Ал алдымен не болды?» – «Сосын ше?» – «Кейіпкер қалай сезінді?» – «Соңы қалай аяқталды?» **Қоршаған ортамен таныу** **Міндеті:** Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. **Тақырыбы:** «Бөлмемді реттеймін» **Кіріспе:** Сыныптағы немесе үйдегі заттарды орын-орнына қоюды көрсету. **Әдіс:** Практикалық жұмыс, ойын,

	Музыка (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Дене шынықтыру** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	көлігі өртті сөндіріп жатыр. Ішінде өрт сөндіруші отыр. Оның басында дулыға бар." **Қазақ тілі** **Міндеті:** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Сурет көрсетіледі (мысық Сөздерді өзгертіп айту Д/Ойын : «Мен – сен – ол» (жіктеу)): – Мен мысықты көрдім. – Сен мысықты көрдің. – Ол мысықты көрді. Балалар кезекпен айтады. Д/Ойын : «Бұл кімнің?» Ойыншықтар қойылады: қоян, машина, кітап.	үлкен ағаш → артқы жаққа орташа және кіші ағаш → алдыңғы жаққа Жануарларды пропорциясына сай құрастыру: Аю → ең үлкен пішіндер Түлкі → орташа Қоян → кіші Бөліктерді бір-біріне дұрыс қосып жапсыру Сюжет құрастыру (серуендеу, секіру, үйшіктің жанында тұру т.б.) сұрақ: — Бұл пішіндердің қайсысы үлкен? Қайсысы кіші? — Қоянның басы денесіне сай ма? — Үлкен ағашты қай жерге жапсыру керек? — Сюжетіңде кім не істеп жүр? **Дене шынықтыру** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	отырамыз, кейін тұрамыз. **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:**Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. **«**Бір сөз — көп мағына» Тәрбиеші «бас» сөзін көрсетеді (суреттер: адамның басы, төбесі «бас», бастау, көшбасшы). Сұрақ: – Балалар, “бас” дегенді қай кезде естисіңдер?	сұрақ-жауап **Тапсырма:** «Затты орнына қой» ойыны – үстел үстіндегі заттарды көрсетіп, балаларға «Қуыршақты үстелдің үстіне қой», «Допты үстелдің астына қой», «Кітапты орындықтың үстіне қой» деп тапсырма беру. Балалар заттарды дұрыс орналастырып, өз іс-әрекеттерін сөзбен айтып береді. **Дене шынықтыру** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)

		Тәрбиеші: – Бұл менің қояным. – Бұл сенің кітабың. – Бұл оның машинасы. Балалар өзі таңдап айтады: → Менің аюым, сенің допың, оның қаламы. Д/Ойын : «Қайда? Кіммен? Немен?» Көлемді сурет: бала ойнап жүр. Тәрбиеші сұрайды: – Бала кіммен ойнап жүр? → Мысықпен. – Қыз немен сурет салып отыр? → Қаламмен. – Доп қайда жатыр? → Жерде. Балалар өздері жауап құрайды.Сөйлемдерді интонация бойынша ажырату Д/Ойын : «Даусымды тыңда!» Тәрбиеші бір сөйлемді 3 түрлі айтады: Мысық ұйықтап жатыр. (тыныш) – хабарлы Мысық ұйықтап жатыр ма? (сұрақ интонация) – сұраулы		Балалар жауап береді. Тәрбиеші қорытады: – Бір сөз әртүрлі мағына бере алады. Мысалы: адамның басы; бұлақтың басы; топтың басшысы. Көп мағыналы сөздер Д/Ойын: “Суретті сәйкестендір” Карточкалар: *жол*, *аяқ*, *тіс*, *жарық* сөздері мен әртүрлі мағынадағы суреттер. Балалар: “Аяқ” — адам аяғы, үстелдің аяғы “Тіс” — адамның тісі, тарақтың тісі “Жол” — көлік жолы, өмір жолы Тәрбиеші: — Бір сөз бірнеше мағына береді, бірақ айтылуы бірдей. Синонимдер Д/Ойын «Сөйлеуін көркейт!» Тәрбиеші синоним жұбын береді: әдемі — көрікті үлкен — ірі	

		Мысық ұйықтап жатыр! (қуану/ренжу) – лепті Балалар дұрыс белгі карточкасын көтереді. Д/Ойын 5: «Кім қалай айтады?» Балаларға сөйлем беріледі: Доп домалап кетті. Оны үш түрлі айту керек: Хабарлы:Доп домалап кетті. Сұраулы:Доп домалап кетті ме? Лепті:Доп домалап кетті! Жайылма сөйлем құрастыру Ойын : «Сөз қосып сөйлемді өсір!» Тәрбиеші жай сөйлем береді: – Қоян секірді. Балалар сөз қосып сөйлемді жайылма сөйлемге айналдырады: Ақ қоян биікке секірді. Ақ қоян орманда биікке секірді. Келесі сөйлемдер: Бала ойнайды. Қыз жүгірді		кішкентай — шағын жылдам — тез Балалардан сұрайды: – Қоян қалай жүгіреді? Балалар: *тез*, *жылдам*. – Аю қандай? Балалар: *үлкен*, *ірі*. Ойын «Қай сөзді таңдайсың?» Тәрбиеші сөйлем бастайды, балалар сөйлемді синониммен аяқтайды. Орманда өте ... аю тұр. → үлкен / ірі Бұл гүл өте ... гүл. → әдемі / көрікті Д/Ойын “Қарама-қарсысын тап” Тәрбиеші: биік → ? (алқап) көп → ? (аз) жуас → ? (ашулы) қатты → ? (жұмсақ) Балалар дұрыс жұбын табады. Қимылды ойын: “Қарама-қарсы қимыл” Тәрбиеші айтады, балалар қарсы қимылды жасайды: биік → аласа отыру	

				жылдам → жай жүру ауыр → жеңіл секіру Д/Ойын: “Сипаттап таптыр” Тәрбиеші затты жасырады (жасырын қорап). Белгілер береді: – Ол қызыл, домалақ, секіреді. Балалар: Доп! Келесі: – Ол сары, тәтті, жеуге болады. → Банан/жеміс **Көркем әдебиет** **Міндеті:**Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіре білуге дағдыландыру Д/Ойын: “Кім есікті қақты?” Есік қағылып, қуыршақ-Аю кіреді. Аю: – Сәлем, балалар! Мен орманнан келемін. Жолда бір қызық оқиға болды… Тәрбиеші: — Аюдың не айтқысы	

				келіп тұрғанын сұрап көрейік. Балалар кезекпен сұрақ қояды: “Саған не болды?” “Кімді жолықтырдың?” “Неден қорықтың?” Балалардан қысқа диалог құрастыру талап етіледі. Д/Ойын: “Кейіпкерге көмектес” Үш қуыршақ шығады: Қоян, Түлкі, Қасқыр. Олардың әрқайсысы бір әрекет жасайды (мысалы, Қоян сәбізді бөліседі, Түлкі өтірік айтады, Қасқыр ойыншықты тартып алады). Тәрбиеші: — Балалар, бұл кейіпкерлер қалай әрекет етті? Қайсысы дұрыс жасады? Неліктен солай ойлайсың? Балалардың өз пікірін айтуына жағдай жасау: “Менің ойымша, Қоян дұрыс істеді, себебі…”	

				“Маған Түлкінің әрекеті ұнамады, өйткені…” Жұптық ойын: “Сахналап сөйлейік!” Балалар 2–3 адамнан шағын топтарға бөлінеді. Әр топқа бір ертегіден қысқа жағдай беріледі: Аю адасып қалды Маша қатты асығып жүр Қызыл Телпек әжесіне бара жатыр Балалар осы жағдайды сөйлесу арқылы сахналайды. Тапсырма: Бір-бірімен сөйлесу Сұрақ қою және жауап беру Кейіпкерлердің сезімін айту (қуанышты, ренжулі, таңғалған т.б.) Д/Ойын: “Сұрақ қорабы” Балалар қораптан сұрақты суырып, дауыстап оқиды (тәрбиеші көмектеседі):	

				“Ертегідегі кім саған ұнады? Неге?” “Қандай кейіпкерге көмектесер едің?” “Егер сен Аюдың орнында болсаң, не істер едің?”	
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Бұлттарды бақылау**. Міндеттері: Балаларға аспандағы бұлттарды байқауды және күн райының құбылуын бақылауға дағдыландыру; өлі табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және тағы басқа) - Бүгін күн райы қандай? Бүгін аспан қандай? Аспаннан нені көреміз? Бұлттар қандай болып	**Ересектердің жұмысын бақылау.** Аула сыпырушы Мақсат-міндеттер. Ересектердің, аула сыпырушының еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын түсінуге, бағалай білуге және құрметпен қарауға тәрбиелеу. Қадыр Мырза Әлі «Көше тазалаушы». Таныссың ба, бала, менің ісіммен, Көшелерді	**Жаңбырды бақылау**. Міндеттері: Жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту Жауынның алғашқы белгілерін байқау: қалың бұлт, қара бұлт, түнерген бұлт. Жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту (су тамшысынан құрылатын бұлт аспанда ұзақ тұрмайды, ол жерге жауын болып жауады; егер тамшылар кішірек болса жауын сіркірейді, ірі тамшылар жаңбыр болып жауады; әр бағытта, тура,	**Күндізгі жарықтың ұзақтығын бақылау.** Міндеттер. Күз күнінің қысқарып бара жатқанын анықтауға көмектесу; табиғат құбылыстарының арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға, түсінуге үйрету; балаларды жаздың сипаттамалық белгілерімен таныстыру, қоршаған әлем туралы білімдерін бекіту. Түзету міндеті: күннің бөліктерін атауға	**Ауа райын бақылау. Күздің басы.**Міндеттері: Күз мезгіліне тән тірі және өлі табиғаттағы маусымдық құбылыстарды (жапырақтардың түсуі) байқауға; арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға үйрету; өсімдіктердің бұталар және ағаштарға жіктелуі туралы түсініктерді

	көрінеді? Бұлттар қозғала ма немесе қозғалмай ма? Жел бұлттарға не істейді? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауға, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінен ұқсастықтар табуға шақырыңыз. Балалардың айтқан жауаптарын және бейнелі сөздерін мақтаңыз. Қ. Мырза Әли «Аспанда» Аспан малға толып кетті – Бұлттар түлік болып кетті: Бір бұлт шықты ешкі болып, Бір бұлт шықты мешке болып Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: балалармен бірге гүлзарда өскен гүлдерді тексеру; сынған сабақ,	сыпыратын кісі мен. Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз Сыпырғышым сыпырады тынымсыз. Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті, Қораптарды, түймелерді, түйекті. Шиқылдаған екі жақты арбамен Апарам да аударамын орға мен. Аула сыпырушының жаздағы және күз мезгінідегі жұмыс көлемін, сипатын салыстыру. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білуі.“Мен - түлкі!” белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үйлестіруге,	қисық). Жазда жауын әртүрлі болатынын түсіндіруді қалыптастыру. Жылдың жылы уақытында жауынның орнына бұршақ жаууы мүмкін. Бұл мұз жауынның қатқан тамшылары. Егер бұршақ өте ауыр болса, олар жерге түседі. Қорытындылай келе, бұл ауа температурасына байланысты болатынын айту керек. Жерден жоғарыда ауа өте суық, ол жерден көтерілген буды суытады. Күзде жансыз табиғат құбылысына қызығушылығын дамыту. Көркемсөз Жаңбыр-жаңбыр жауады, Тамшылары тамады, Ойнап, ойнап, аламыз, Ойын сауық саламыз! Жау аяма нөсерле, Сенсіз бір түп өсеме? Құйып, құйып өтпесең Бұлт жөніне көшер ме? Мақал-мәтел. Жаңбыр жауса – жер ырысы. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: жағалаудан	үйрету, өлең жаттауға жаттығу. Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр құйсын. Көк аспанда күн күлсін, Ұл қолында ту жүрсін. Қыз қолында гүл жүрсін, Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. (М.Әлімбай) Болжам 1. Күн көзін бұлт шалса, жаз жаңбырлы болады. 2. Күн қызыл шапаққа оранып батса, ертеңінде ыстық болады. 3. Күн батарда көк жиек ашық болып, қызыл шапақ шашса, ауа-райы жылынады. «Өнегелі тәрбие».	тиянақтау; қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру. Қадыр Мырза Әлі «Күз». Күз де келді, күз келді, Күдерін жаз үзген-ді. Күз де келді, күз келді, Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді, Құстар мекен іздеді. Күз де келді, күз келді, Қондырмады түзге елді. Күз де келді, күз келді, Керек оқу бізге енді. Балаларға жаздың соңындағы және күзгі басындағы байқаған ауа-райының айырмашылығын

	бұтақтарды жинау, майысқандарын көтеру. (еңбек іс-әрекеті) Міндеттері: Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Балаларды шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір жаққа, біресе екінші жаққа жүріп, содан кейін жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Д. Ахметова "Әткеншек". Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп,	ептілікке, жігерлілікке тәрбиелеу. Балалар кішкентай шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал ойын жүргізушісі (педагог) балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Содан кейін педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар"қу түлкіден" жан-жаққа қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын	қолөнерге жарайтын малтатастарды жинау. (еңбек іс-әрекеті) Міндеттері: Ортақ мақсат үшін саналы жұмыс істеуді үйрету; жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. «Үшінші артық» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде	Еңбек әрекеті: қоқысты тазарту үшін ұжымдық еңбек. Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге дағдыландыру; жұмысты соңына дейін жеткізе білуге баулу, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Балаларды ойын шартына сай әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар	табуды, атауды ұсыну. Қ. Ыдырысов «Күз» Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау, Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық-ау. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: серуенге шығарылған ойыншықтар мен жабдықтарды жинақтау. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестікке, жауапкершілікке, тазалыққа баулу. «Айгөлек» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: ұжымдық ойында жылдамдықты, күш-жігерді,

	Шеңберді айналдырамыз. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: 1) сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек» (дене тәрбиесі) Мақсаты: балалардың затты (доптар немес қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын дамыту, күшін, ептілігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын қалыптастыру; ережелерді орындай білу қабілетін дамыту.	тигізсе, сол шетке шығады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балалардың қазақ ұлттық ойындарға құштарлығын дамыту; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу, дене үйлесімдігін жетілдіру. «Допты ұста» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: балалардың зейінін, шапшаңдығын, көзбен мөлшерлеп-қимыл жасау үйлесімділігін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Ойынға үш бала қатысады. Екі ойыншы бір-біріне қарама-қарсы 3–4 метр қашықтықта тұрады да, бір-біріне	үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды. "Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжығанда мұқият болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Құралдар: үш-төрт шеңбер. "Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Еркін ойын ойнау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті,	алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер бойымен жүріп мына сөздерді айтады: - Мысығымыз момақан, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: 1) сызықтардан уақытқа	белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Бізден сізге кім керек? Тізбек үзілген жағдайда, шабушы ойыншы қарсыластардың бірін өз тізбегіне қосып алады. Тізбек үзілмесе, шабушы - қарсыластардың тізбегіне қосылады. «Допты ұста» қмылды ойыны. (дене тәрбиесі)

	Еркін ойын. "Күн мен жаңбыр". (дене тәрбиесі) Өз бетімен сурет салу (мүсіндеу, құрастыру) (шығармашылық іс-әрекеті) (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	доп лақтырады. Үшінші бала олардың ортасында тұрып, допты қағып алуға немесе қолымен ұстауға тырысады. Егер ол допты ұстап алса немесе қолымен тигізсе, допты лақтырған ойыншымен орын ауыстырады. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: алаңды тазарту ұжымдық еңбегі. (еңбек іс-ә(зерттеу, танымдық, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті, дене тәрбиесі) рекеті)	танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	жылдам секіруге шақыру. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Міндеттері: Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. (зерттеу, танымдық, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті, дене тәрбиесі)	Міндеттері: балалардың зейінін, шапшаңдығын, көзбен мөлшерлеп-қимыл жасау үйлесімділігін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Ойынға үш бала қатысады. Екі ойыншы бір-біріне қарама-қарсы 3–4 метр қашықтықта тұрады да, бір-біріне доп лақтырады. Үшінші бала олардың ортасында тұрып, допты қағып алуға немесе қолымен ұстауға тырысады. Егер ол допты ұстап алса немесе қолымен тигізсе, допты лақтырған ойыншымен орын ауыстырады. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі)

					Міндеттері: Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: 1) сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру. Өз еркімен ойындар (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)
Серуенненоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»				

	Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** Ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, майлықпен сүртіңдер, төкпей-шашпай ішіңдер Нан, сусын, сорпа, дәмді, ащы, тұз, тәтті, ет, балық, тамағыңды іш, ас болсын! Көгөністер көгөніс, сәбіз, қияр, қызанақ. **(Сөздік минимум)**				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотормканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
	Қазақ халық ертегілерін оқып беру (**көркем әрекет)**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату	Бесік жырын тыңдату	Электронды кітаптан ертегі қойып беру **(көркем әрекет)**	«Мақтаншақ қоян» ертегісін оқып беру(**көркем әрекет)**
Біртіндеп ұйқыдано яту, сауықтырушаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.**Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).**Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотормканы дамыту).**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар),	**Ұлттық ойын:** Ұшты-ұшты Ойынның барысы: Тәрбиеші түсіндіреді: – Бұл ойынның аты – «Ұшты-ұшты». Мен қандай да бір ұшатын затты немесе ұшпайтын	**Ұлттық ойын:** **«Ақ сүйек»** Ойын ережесі (балабақшаға бейімделген жеңіл түрі): Балалар екі топқа немесе жеке-жеке	**Ұлттық ойын:** **«Жамбы ату»** Лақтыру құралы: жұмсақ шариктер, қапшықша, кіші доп, не болмаса арнайы жасалған садақ (қауіпсіз түрі) Тұру сызығы — балалар	**Ұлттық ойын:** **«Түйе-түйе»** Ойынның барысы: Тәрбиеші балаларға түсіндіреді: – Балалар, қазақта ертеде түйемен жүк тасып, алыс жолға	**Ұлттық ойын:** «Бөрік тасу» Ойынның түсіндірмесі: – Балалар, бұл – «Бөрік **тасу»** деп аталатын қызықты ұлттық ойын. Бұл

бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	нәрсені айтамын. Егер мен айтқан нәрсе ұшатын болса – қолдарыңды көтеріп, «Ұшты!» деп айту керек. Ал ұшпайтын нәрсе болса – көтермейсіңдер.. **«**Ұшты-ұшты – кептер ұшты!» → Балалар қолдарын көтереді «Ұшты-ұшты – мысық ұшты!» → Қол көтеруге болмайды «Ұшты-ұшты – көбелек ұшты**!»** → Қол көтереді **«**Ұшты-ұшты – кітап ұшты!» → Қол көтеруге болмайды Балалар мұқият тыңдап, тек шын ұшатын заттарға ғана қол көтеруі керек. Қателескен бала 1 айналымнан шығып, көрермен болады немесе ойын жалғаса береді.	ойнауға дайындалады. Тәрбиеші немесе бір бала «Ақ сүйекті» ойын алаңына тығулы немесе алысқа лақтырып қояды (көзін жұмып тұрған балаларға көрсетпей). Белгі бойынша балалар сүйекті іздеуге кіріседі. Кім бірінші болып сүйекті тапса – сол жеңімпаз. Келесі айналымда сүйекті басқа бала тығады/лақтырады. .	қай жерден ату керегін . Бұрын батырлар ат үстінде отырып, алыстағы нысананы (жамбыны білу үші. Ойынның барысы: Балалар кезекпен тұру сызығына келеді. Алда тұрған нысананы (жамбыны) көздеп, жұмсақ доп немесе басқа қауіпсіз затпен лақтырып атуға тырысады. Кім дәл тигізсе — сол ұпай алады немесе жеңімпаз атанады. Әр балаға 2–3 мүмкіндік беріледі. Соңында ең көп нысанаға дәл тигізген бала/топ жеңеді.	сапар шеккен. Сол түйелер үлкен, күшті, сабырлы жануарлар. Бүгін біз сол түйелер сияқты бірінің артына бірі тұрып, «түйе» болып ойнаймыз. **Ойын ережесі** Балалар бірінің артынан бір болып шеру тәрізді тұрады (құдды түйелер керуені сияқты). Алдыңғы бала — **«**жетекші түйе», артындағы балалар — керуен түйелері. Тәрбиеші нұсқау береді: «Түйе-түйе, не істейсің?» Жетекші бала жауап береді: «Түйе-түйе жүремін!» – барлығы жүре бастайды «Түйе-түйе отырамын!» – барлығы отырады «Түйе-түйе секіремін!» – бәрі секіреді «Түйе-түйе демаламын!» –	ойында шапшаң жүгіріп, бөрікті тез жеткізу керек. Кім тез әрі бөрікті түсірмей апара алса – сол жеңімпаз! **Ойынның барысы:** Балалар 2 топқа бөлінеді (немесе кезекпен жеке де ойнауға болады). Әр топ кезекпен бір бөрікті басына немесе алақанына қойып, белгілі бір қашықтықтағы белгіге дейін жүгіріп барып, қайтып келеді. Бөрікті түсіріп алмауы керек. Кім тез әрі бөрікті түсірмей жеткізсе – сол ұпай алады. Барлық қатысушылар кезекпен ойнап шығады. Соңында ең көп ұпай жинаған топ немесе бала

				барлығы тоқтап, тыныс алады Жүргізуші қимылдарды шатастырып айтуы мүмкін. Балалар зейін қойып, қателеспей орындауы керек**.**	жеңімпаз болады.
Балаларменжекежұмыс	бейнелеген суреттер мен заттар (бұйымдар) бойынша ішінара әңгімелер құрастыруды жалғастыру Исабеков Мейржан	өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, ішінара тақпақтарды жатқа айтады. Тақпақтар жаттауды жалғастыру. Әбілшаих Аңсар	кеңістіктегі заттардың өзіне қатыстыорнын анықтай алмайды.Дұрыс бағдарлай білуін жетілдіру Нәзік Данэля	екі затты ұзындығы, ені және биіктігі, жуандығы бойынша ішінара салыстыруын дамыту. Тоқтамыс Алдияр	тәулік бөліктерін ажыратады, олардың ерекшеліктерін шатастырады. Ерекшеліктеріне қатысты суреттермен жұмыс жасауды жалғастыру Әуелбек Мансұр
Бесінас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	Допты дәл жеткіз Қолдың	Арқан тартыс	Жалаушаны	Кім тез	Кедергіден

	ептілігін, дәлдікті дамыту. **Еңбек әрекеті:** Доптарды жинау. **Қимылды ойын:** Балалар бір-біріне допты домалатады. Белгіленген жерге кім тез жеткізсе, сол жеңеді.	Күш пен төзімділікті дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Еңбек әрекеті:** Спорттық құралдарды орналастыру. **Қимылды ойын:** Балалар екі топқа бөлініп, арқанды тартады. Қай топ сызықтан асыра тартса, жеңімпаз атанады.	ал Жылдамдық пен батылдықты дамыту. **Еңбек әрекеті:** Жалаушаларды орнату. **Қимылды ойын:** Ортаға қойылған жалаушаны екі бала жарыса жүгіріп алып келеді.	жинайды? Шапшаңдық, зейінді дамыту. **Еңбек әрекеті:** Кубиктерді, ойыншықтарды бөлу. **Қимылды ойын:** Балалар шашылған ойыншықтарды белгі бойынша тез жинайды.	өт Епті лікті, батылдықты дамыту. **Еңбек әрекеті:** Кедергілерді орнату. **Қимылды ойын:** Балалар белгіленген кедергілерден (сызық, шеңбер, қақпа) кезекпен өтеді.
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Серуенде жинап алып келген жапырақтарын лупамен , жарық түсіру арқылы зерттеру.Балалардың қалауы бойынша жапырақтарды бастыру әдісі арқылы суретін салу. Ермексаздан ағаштар мен жапырақтар жасап, әр баланың ағашын жинап ортаға қойып, күзгі бақты жасау. Түрлі түсті қағаздарды қиып жапырақтар жасап, ағаштардың арасына салу. **(зерттеу іс-әрекеті,жапсыру,сурет салу)**	Балаларға қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауын ұйымдастыру. Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - ағаштың күзгі жапырақтардан алған әсерлерін суретте бейнелеу; қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету. **(Сурет салу,көркем әдебиет)**	Өз өзіңе көмектес бастамасымен топтағы тазалық жұмыстары. **(еңбек іс-әрекеті)** Қандай тазалық жұмысын жасағанын бейнелеу. **(Сурет салу)**	Көкөністер мен жемістердің айырмашылығы. Дәмі, көлемі түсі туралы өздігінен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.Балалардың қалауы бойынша ермексазбен, түрлі түсті қағазбен шығармашылық жұмыстар **(Қоршағанортамен тансу,мүсіндеу)**	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауы. Терезеге қарап, күзгі табиғатты бейнелеу. Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен таныстыру. Табиғи материалдардан экибано құрастыру **(Сурет салу,құрастыру)**

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**
Балалардыңүйгеқайтуы	**Өнегелі 15-минут:**Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)**Өнегелі 15 минут**

Тәрбиеші:А.Жумагулова
Г.Болат

Әдіскер_____ АтыгаеваА.Т.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Мектепалды «Күншуақ» тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 07.10- 11.10. 2024 жыл II апта
Қазан бірлік және ынтымақ айы
Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

Күнтәртібі	Дүйсенбі 07.10.2024ж	Сейсенбі 08.10.2024ж	Сәрсенбі 09.10.2024ж	Бейсенбі 10.10.2024ж	Жұма 11.10.2024ж
Балалардықабылдау	Қайырлы таң! Қайырлы күн! Сәлеметсіз бе! Балалар **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу , шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру. **(Музыка)** Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15-минут:**Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	Электронды әлемнің мақсаты – заманауи цифрлық технологиялар мен интернетті қолдану арқылы ақпаратты жылдам тарату, байланыс орнату және өмірді жеңілдету жайлы әңгіме. **«SMART BALA»**	Салт- дәстүрлерге қатысты тақырыпта сурет бойынша әңгімелесу. Тұсаукесер рәсімімен таныстыру, тұсау кесуге арналған ала жіпті өріп жасау.**Бір тұтас тәрбие(сөйлеуді дамыту,құрастыру)**	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Жас метеоролог» экологиялық бағытта танымдық, эксперименталдық іс-әрекет.**Бір тұтас тәрбие**	«Лифті (жедел саты) мен кіреберістегі (подъезд) мінез-құлық қағидалары» Міндеті: Балаларды лифті мен кіреберістегі мінез-құлықтың негізгі қағидаларымен таныстыру. Балаларды қауіпті жағдайларды тануға жәнек сол уақытта дұрыс әрекет етуге үйрету.Төтенше жағдайларда өз бетінше шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал ету. **Қауіпсіздік ережелері**	«Күзгі бақ», «Сиқырлы жапырақтар» Балаларды кепкен жапырақтармен ұқыпты, таза жұмыс жасауға жаттықтыру **Экологиялық мәдениет, экологиялық тәрбие**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	Сапта бір-бірінің артынан шеңбер бойлап жүру, қолды белден ұстап аяқтың ұшымен жүру, қол белден ұстап аяқтың өкшемен жүру. Жүгіру қолды кеуде тұстан ұстап аяқтың ұшымен жүгіру.Тыныс алу жаттығулары. 1. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, басты оңға,солға айналдыру 5-6 рет 2. Б.қ. аяқты алшақ қойып, қолды алдыға, жоғары, екі жанына созып, төмен түсіру 5-6 рет. 3. Б.қ. аяқты алшақ қойып, қолды екі иыққа қойып, иық буындарын айналдыру 5-6 рет. 4. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, белді оңға,солға айналдыру 5-6 рет. 5. Б.қ.аяқты сәл алшақ қою, қолды алдыға созып, аяқтың ұшын көтеру б.қ. келу 5-6 рет. 6. Б.қ. аяқты қосу, қол белде, тізені сәл бүгіп тік тұру 5-6 рет. 7. Б.қ. аяқты қосу қол белде, орында тұрып қолды екі жанына созып, аяқты қолды бірге қосып секіру 5-6 рет. Тыныс алу жаттығулары.2-3 рет.				

Таңғыас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**2-ші апта дәйек сөзі.** «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.» Балаларды ұйымдастырылғаніс-әрекеткепсихологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
	«Лифті (жедел саты) мен кіреберістегі (подъезд) мінез-құлық қағидалароы» Міндеті: Балаларды лифті мен кіреберістегі мінез-құлықтың негізгі қағидаларымен таныстыру.Балаларды қауіпті жағдайларды тануға және сол уақытта дұрыс әрекет етуге үйрету. Төтенше жағдайларда өз бетінше шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал ету. **Қауіпсіздік ережелері**	Балаларда эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күн шуағын жинаймын. Достарыма сыйлаймын. Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі Барлық бала саяласын. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны. Міндеттері: Балалардың ұғымындағы туған жерлері туралы білімдерін бекіту, Отанына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Барысы. Педагог балалармен бірге қаланың көрікті жерлерін бейнелейтін суреттерді қарастырады. Педагог балаларға ойын ережелерін түсіндіреді, тұтас суретті бөлшектерден қалай құрастыруға болатыны туралы бұрыннан белгілі ережені есктеріне түсіреді. Ойыншылардың санына сәйкес суреттерді таратады.	Жемістердің суреттерімен дидактикалық ойындар ойнау, сөздерді буынға бөлу. (танымдық іс-әрекет) Көгөністердің пайдасы туралы әңгімелесу. (танымдық іс-әрекет)	"Күз сыйы" тақырыбына әңгімелесу. (танымдық іс-әрекет)

			Педагог ойынды "Бастаймыз!" сөзімен ашып береді. Балалар бөліктерден тұтас суреттерді құрастырады. Суретті бірінші құраған балаларға таңбалауыштар таратылады. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)		
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсінуін қалыптастыру. “Сөздер шашылып қалыпты!” ойыны Тәрбиеші сурет көрсетеді (мысалы: бала доппен ойнап тұр). Жанында араласқан сөздер тұрады: доппен — бала — ойнайды. Балалар: Сөздерді ретімен орналастырады; Дұрыс орналастырған соң дауыстап айтады; Бір сөйлемнің бірнеше сөзден құралатынын байқайды.	**Математика негіздері** **Міндеті:** Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. Ойын: “Зерек денеміз” (қимыл арқылы бағдарлау) Тәрбиеші: – Оң қолыңды көтер! – Сол қолыңды көрсет! – Жоғары қара! – Төмен иіл! Балалар дене арқылы бағыттарды еске түсіреді. “Қонжық қайда тұр?” ойыны	**Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтай алуға, берілген сөзге сөйлем құрастыруға дағдыландыру. Д/ойын: “Сөйлем поезды” Педагог бір сөйлем айтады: «Бала гүл терді.» Әр сөз жеке вагонға салынады. Балалар: сөйлемнің неше сөзден тұрғанын санайды; сөздердің ретін реттеп орналастырады; сөйлемді бірге қайталайды. Ойын бірнеше сөйлеммен	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қалыптастыру. Саусақ моторикасын дамыту Д/Ойын: “Сиқырлы саусақтар” «Құмырсқалар» – саусақтарды жүгіру «Бүршіктер» – жұдырықты ашып-жұму «Тышқан мен мысық» – екі саусақты жүргізу «Көбелек» – екі алақанды тауып, ашу Қарындашты дұрыс ұстауды үйрету Қарындаш үш саусақпен ұсталады: Басбармақ	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. "Бақаның аузы" – "Ә" дыбысына: Ауызды кең ашып, "ә-ә-ә" деп айту Жоғарғы және төменгі тістер көрініп тұруы керек "Балықтың ерні" – "Ө" дыбысына: Ерінді дөңгелетіп, алға созып "ө-ө-ө" деп айту

	– Қараңдаршы, біз үш сөзді қосып, бір сөйлем жасадық. **“**Лего-сөйлем” ойыны Әр лего-кубик — бір сөз. Балаларға 3–4 лего беріледі. Тәрбиеші кубиктерді тізіп қойып: – Міне, бұл — *бір сөйлем!* Балалар кубиктерді өздері жалғап, сөйлем құрастырады. Мысық ұйықтап жатыр. Әже бауырсақ пісірді. Құс жоғары ұшты. “Кім тез құрастырады?” қозғалыс ойыны Залда әр жерде сөздер жазылған карточкалар жатады. Тәрбиеші сөйлемнің мағынасын айтады: – «Орманда ақ қоян жүгіріп жүр». Балалар: Қажетті сөздерді тауып алып келеді. Сөйлемді ретімен құрайды. Хормен бірге айтады. “Өз сөйлемімді айтамын”	Тәрбиеші қонжықты әр түрлі жерге қояды: Қонжық үстелдің үстінде Қонжық үстелдің астында Қонжық доптың жанында Қонжық орындықтың алдында Балалар: Заттың орнын табады Сөйлем құрап айтады → «Қонжық кубиктің артында тұр.» → «Доп қонжықтың оң жағында.» “Затты жылжытта айт” зерттеу ойыны Балалар жұппен жұмыс істейді. Әр балаға ойыншық беріледі. Тапсырма: Ойыншықты солға жылжыт → сөйлем құра: «Доп сол жақта.» Ойыншықты оңға жылжыт → «Доп оң жақта тұр.» Ойыншықты артқа қой → «Машина қонжықтың артында.» Алға жылжыт → «Машина алдында тұр.»	жалғасады: «Мысық сүт ішті.» «Құс ұшты.» «Жаңбыр жауды.» Д/Ойын: “Сөйлемді бөл!” Тәрбиеші сөйлем айтады: «Қыз доп ойнады.» Балалар алақандарын бір рет соғып, әр сөзді жеке айтады: – Қыз (шапалақ) – доп (шапалақ) – ойнады (шапалақ) “Қай сөз бірінші?” ойыны Тәрбиеші сөздерді араластырып айтады: «Ұшты құс.» Балалар түзетеді: → «Құс ұшты.» Тәрбиеші суретті көрсетеді: бала су ішіп отыр қыз гүл ұстап тұр Балалар сөйлем құрастырады және сөз тәртібін айтады. **“Санап көр!”** «Ағашта құс отыр.» Балалар санайды: → 3 сөз. «Көктем келді.» → 2 сөз. «Бала бақшаға барды.» → 3 сөз.	Саусақ Ортаңғы Қалған екі саусақ алақанға жұмсақ бүгіледі. Қарындаш тым жоғары да, тым төмен де ұсталып қоймайды. Қол білезігі еркін болуы керек. Д/Ойын: “Қарындашты кім дұрыс ұстады?” Тәрбиеші үш үлгі көрсетеді: Үш саусақпен дұрыс ұсталған. Бес саусақпен қысқан. Төмен жақтан ұстап алған. Балалар дұрыс үлгіні табады. Ойын-жаттығу: “Жолмен жүр!” Балалар қарындашпен: Түзу сызықтар Толқынды сызық Сатылар Қоршау Шеңберлер бойымен жүріп өтеді. **Математика негіздері**	Ерін бұлшықеттері жұмыс істейді "Аюдың үні" – "Қ" дыбысына: Ауыз ашық, тіл артқа тартылып, "қ-қ-қ" деп айту Жоғарғы таңдайдан терең дыбыс шығару керек Ойын жаттығулары: "Дыбысты тап" ойыны: Тәрбиеші сөзді айтады, балалар "ә", "ө", "қ" дыбысы бар-жоғын айтады. "Сөзден дыбысты тап": Мысалы: — "Өрік" сөзінде қандай ерекше дыбыс бар? (Ө) — "Қалам" сөзінде ше? (Қ) — "Ән" сөзінде? (Ә) **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен

	Тәрбиеші бір сурет таңдайды (мысық, жаңбыр, доп, гүл). Балалар сурет бойынша 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрайды. Мысал ы: Гүл әдемі өсіп тұр. Бала сурет салып *жатыр.* Балалардың сөйлемін мақтап, сөз санын бірге санатады: – Қанша сөз бар? – Дұрыс, үш сөзден тұр екен. **Математика негіздері** **Міндеті:** Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың	Қағаз бетінде бағдарлау: “Сурет бойынша жол сал” Балаларға қағаз парағы беріледі. Тәрбиеші бағыт береді: «Парақтың жоғарғы жағына күн сал.» «Парақтың ортасына үй сал.» «Парақтың сол жағына ағаш сал.» «Парақтың оң жағына құс сал.» Соңында балалар парақты көрсетеді: – «Күн жоғарыда», – «Үй ортасында», – «Ағаш сол жақта», – «Құс оң жақта». Лабиринт ойыны: “Жоғары — төмен — оң — сол” Тәрбиеші үлкен қағаздағы жолды көрсетеді. Балалар бағыт бойынша жүреді: «Солға бұрыл» «Жоғары көтеріл» «Оңға жүр» «Артқа қайт»	**Мүсіндеу** **Жапсыру** **Сурет салу** **Құрастыру** **Міндеті:** Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін әдемі беруді қалыптастыру. **Сурет салу “Түсті табиғат”** Балалар өз қалауы бойынша тақырып таңдайды: Күн мен бұлт Гүл Балық Үй мен ағаш Шарлар Тәрбиеші бағыттайды: Алдымен пішіндерді салады (дөңгелек – күн, төртбұрыш – үй, сопақ – жапырақ). Содан кейін бөліктерінің өлшемін белгілейді (үлкен–кіші). Соңында түсті және реңкті таңдайды (ашық, қою). **Міндеті:** Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете	**Міндеті**10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. Д/Ойын: “Теңсіздікті теңдікке айналдырайық” Сол жақ: 5 шар Оң жақ: 7 шар Балаларға тапсырма: «Кем жинаққа бір шар қосса ше?» → Екі жақ тең болады (6+1 = 7)? «Көп жинақтан бір шар алсақ ше?» → Екі жақ тең болады (7–1 = 6)?. Топтық ойын: “Сандық теңдік орнат” Балалар 2 топқа бөлінеді: Әр топқа 1–10 көлеміндегі заттар беріледі. Тәрбиеші теңсіздік белгілерін көрсетеді: >, <	мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау дағдысын қалыптастыру. Рөлдерді сахналау Тәрбиеші сахнадағы қимылдарды көрсетеді:Жүру, отыру, ұшып жүру, секіру Балалар рөлін қайталап, сахналық қозғалысты орындайды. Қойылымның қысқаша бөлігін бірге орындайды:«Қоян қорқып қашты» «Қарлығаш оны тыныштандыруға ұшып келді» «Аю оларға көмектесті» Интонация және мәнер Балалар кейіпкердің сөздерін түрлі интонациямен

	пішіндерін анықтау. “Қоршаған ортадан іздейміз” Тәрбиеші балаларға тапсырма береді: – «Залда немесе сыртта қандай заттар біздің пішіндерімізге ұқсайды?» Балалар заттарды тауып, қай фигураға ұқсайтынын айтады. Мысалы: Шар → шеңбер Терезе → төртбұрыш Қапшық → тікбұрыш Жол белгілері → үшбұрыш Балалар әр затты көрсете отырып, «Мен тауып алдым!» деп айтады. “Сурет салу / қиып алу” ойыны Балаларға қағаз, қарындаштар, және кесу құралдары беріледі. Тапсырма: қоршаған ортадағы заттардан шабыт алып пішіндерден сурет құрастыру. Мысалы:** Шеңбер мен үшбұрыш → үйлер салу Төртбұрыш → машина	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.“Оқиға бөлшектері” ойыны Балаларға сурет көрсетеді. Сурет үш бөлікке бөлінген: басы дамуы соңы Балалар: суретті дұрыс ретімен орналастырады әр бөліктің негізгі ойын айтады соңында толық әңгіме құрайды Мысалы: «Бала орманға келді.» «Ол қоянды көріп, тамақ берді.» «Қоян қуанып кетті.» “Сөздік көпір” ойыны Балаларға байланыстырғыш сөздер	білуге, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтауға дағдыландыру. “Саңырауқұлақ”, “Ағаш” Балаларға таңдауға 2–3 қарапайым үлгі ұсынылады: “Көңілді құрт” Қажет бөліктер: 4–5 домалақ бөлік — денесі Бір үлкен бөлік — басы Мұрын, көз — кішкене бөліктер Балалар: дене бөліктерін *үлкен–кіші етіп* жасайды құрттың ұзындығын өздері реттейді басын денесінен *үлкендеу* етіп мүсіндейді “Саңырауқұлақ” Бөліктері: басы — жуан, домалақ сабағы — жіңішке, ұзындау **Міндеті:** Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың	Балалар теңсіздікті түзету үшін зат қосады немесе алады. Мысал: 4 шар < 7 шар «Қанша қосу керек?» → 4+3=7 Немесе «Қанша алу керек?» → 7–3=4 Балалар белгілерді тақтаға қойып көрсетеді. Д/Ойын: “Құмырсқалар мен алма” Құмырсқалар жинағы: 6 Алмалар: 8 Балалар әрқашан кем жинаққа біреу қосып немесе көп жинақтан біреу алып, теңдікті жасайды. «Құмырсқалар мен алмалар тең болды ма?» Жеке жұмыс: “Өз теңсіздігіңді түзет” Балалар жеке карточкамен жұмыс істейді: Бір жағы: 3 шар < 5 шар Міндеті: кем жинаққа 2 шар қосу Немесе көп жинақтан 2 шар алу	айтады: → қорқақ, қуанышты, ренжулі, таңғалған. Тәрбиеші «Қоян қорқып айтады» деп үлгі көрсетеді. Балалар өз сөздерін қайталап, эмоцияны береді. Дербес орындау Әр бала өз рөлін жеке сахналап көрсетеді. Тәрбиеші немесе басқа балалар оған қарап, эмоцияны түсінгендерін айтады: → «Қоян қорықты» → «Қарлығаш батылды» Топтық қойылым Барлық балалар бірігіп қысқа сахнаны орындайды. Тәрбиеші әр рөлдің қимылын, сөз мәнерін бақылап, түзетеді. Қойылым аяқталғаннан кейін балалар бір-біріне мадақ айтады:

	немесе кітап салу Балалар өздерінің жұмысын көрсетіп, “Мен зерттедім!” деп сипаттайды. “Пішіндерді сәйкестендіру” ойыны Тәрбиеші әр пішіннің карточкасын көрсетеді. Балалар қоршаған ортадан тапқан заттарын карточкаға қосады. “Зерттеушілер дөңгелегі” ойыны Балалар шеңбер бойымен тұрады. Әр бала кезекпен: Бір затты көрсетеді Пішінін атайды Қарапайым сөйлеммен сипаттайды: «Бұл шар, ол шеңбер сияқты **Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Дене шынықтыру** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	беріледі: алдымен содан кейін соңында өйткені сондықтан Тәрбиеші сөйлем бастамаларын айтады, балалар жалғастырады: – «Бала ерте тұрды…» – «Алдымен ол жуынған.» – «Ол орманға барды…» – «Содан кейін қоянды көрді.» Бұл ойын логикалық тізбектілікті қалыптастырады. “Кейіпкерді сөйлет!” ойыны Балаларға ойыншық кейіпкер беріледі: қоян бала мысық робот Балалар кейіпкердің атынан әңгіме айтады: → «Мен орманға бардым. Күн жылы болды. Мен саңырауқұлақ тердім.» Балаларға сұрақ қойып әңгімелеуді тереңдетеді:	құрылымын, пропорцияларын беруді қалыптастыру. “Қай бөлік үлкен? Қай бөлік қайда орналасады?” Тәрбиеші иллюстрация көрсетеді: Үйдің төбесі — кішірек үшбұрыш Терезе — төртбұрыш, кішірек Күн — үлкен дөңгелек Ағаштың діңі — жіңішке төртбұрыш Жапырақ бөлігі — үлкен сопақ Балалар сұрақтарға жауап береді: – «Күн жоғарыда ма, төменде ме?» – «Ағаштың діңі жіңішке ме?» – «Үйдің төбесі қайда орналасады?» Сюжеттік жапсыру “Бақтағы бір күн” немесе “Көше көрінісі” Балалар пішіндерді өздері қияды (немесе дайын пішіндер беріледі). Тақырыпты өздері таңдайды: Жапсыру үшін қажет	Балалар өз шешімін көрсетеді. **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Түбірлес сөздерге арналған ойын: “Сиқырлы түбір” Тәрбиеші түбір сөзді көрсетеді: Балалар түбірлес сөздер жасайды: жүр: жүр-іс, жүр-ек, жүр-у; жаз: жаз-у, жаз-ғыш, жаз-дық; бар: бар-ды, бар-мақ, бар-ыс. Тапсырма: Балалар түбір сөзді ұстап тұрады, педагог қосымша береді – балалар біріктіріп жаңа сөз жасайды.	→ «Сенің Қоян ролің керемет болды!» → «Қарлығаш шебер ұшты!» **Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:** Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну **Тақырыбы: «**Арнайы көліктер» **Кіріспе:** Өрт сөндіру, жедел жәрдем, полиция көліктерін суреттен немесе ойыншық түрінде көрсету Балаларды арнайы көліктердің қызметімен таныстыру **Әдіс:** Әңгімелеу, көрнекілікпен жұмыс **Тапсырма:** «Кімге көмектеседі?» – балалар көлік түрін атап, оның міндетін айтады **Дене шынықтыру**

		«Сен неге орманға бардың?» «Не істедің?» «Қандай қызық жағдай болды?» Шағын логикалық әңгіме құрастыру: “Себебі–салдары” Карталар беріледі: жаңбыр жауды бала қолшатыр алды далаға шықты Балалар логикалық жүйемен айтады: → «Жаңбыр жауды, сондықтан бала қолшатыр алды. Ол далаға шықты.» Күрделі нұсқа: мысық жоғалды бала оны іздеді тапты тамақ берді Хабарлау әңгімесі: “Мен бүгін…” Әр бала 3–4 сөйлемнен тұратын шағын монолог айтады: не істеді қайда болды кіммен болды не үйренді Тәрбиеші қажет болса	бөліктер: Үй Төртбұрыш – қабырға Үшбұрыш – төбе Кіші төртбұрыш – терезе Ағаш Тік төртбұрыш – діңі Сопақ/дөңгелектер – жапырақ бөлігі Күн Дөңгелек – негізгі бөлік Ұзын үшбұрыштар – сәулелер Бұлт Бірнеше сопақ – біріктіру Тәрбиеші бағыттайды: «Алдымен үлкен пішінді орналастыр.» «Кішкентай бөліктерді кейін жапсырамыз.» «Заттардың өлшемін сәйкестендір: терезе үйден кіші болсын.» **Дене шынықтыру** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	Етістік жалғауларымен жұмыс: “Кім не істеп жатыр?” Сурет көрсетіледі: Бала → доп ойнап жатыр. Мысық → секіріп жүр. Құс → ұшып кетті. Балалар сөйлемді аяқтайды: «Бала не істеп жатыр?» «Мысық не істеді?» «Мен ойнаймын, біз ойнаймыз» (жақ жалғауларын қолдану). Ойын элементі: Балаларға қимыл жасап көрсетеді, балалар оны етістікпен айтады: Секіреді→ «Секіріп жүр!» Отырады → «Отырды!» Жүгіреді → «Жүгіремін!» Жай және жайылма сөйлемдер: “Сөйлем ағашы” Тақтада ағаш бейнесі. Тамыры – түбір сөздер Діңі – сөйлемнің негізі (жай сөйлем) Бұтақтары – сөйлемді кеңейтетін сөздер	(Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)

		бағыт береді: – «Алдымен… Сосын… Соңында…» **Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:** Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге ж **“**Қоғамдық орындарда қалай жүреміз?” ойыны Тәрбиеші суреттер көрсетеді: кітапхана асхана саябақ дүкен емхана Балалар әр суретке мінез-құлық ережесін айтады: → «Кітапханада айқайлауға болмайды.» → «Дүкенде кезекке тұрамыз.» → «Саябақта қоқыс		(жайылма сөйлем) Мысал: Жай сөйлем: Бала ойнайды. Жайылма: Бала аулада доп ойнайды. **Д**/Ойын: Тәрбиеші жай сөйлем айтады, балалар оны кеңейтеді: Мысық секіреді. → Қара мысық жоғары секіреді. Құс ұшты. → Көк құс ағаштың үстінен ұшты. Сөйлеу әдебі: “Әдепті бала” рөлдік ойын Балалар жұптасып диалог құрады: Өтініш: «Маған берші…» Рұқсат сұрау: «Мен алайын ба?» Рахмет айту: «Рахмет, өте жақсы!» **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды жетілдіру. “Музыкалық көңіл күй” Тәрбиеші баяу әуен қосады.	

		тастамаймыз.» → «Асханада жайлап отырамыз.» Тез сұрақ–жауап: Педагог: «Саябақта қоқысты қайда тастаймыз?» Балалар: «Қоқыс жәшігіне.» “Жақсы ма, жаман ба?” ойыны Тәрбиеші суретті карточкалар көрсетеді: достың ойыншығын сұрап алу итеру үлкенге сәлем беру дастархан басында мәдениетті отыру төлеген жерден жүгіріп кету қоқысты жерге тастау Балалар 2 топқа бөледі: Жасыл – жақсы Қызыл – жаман Балалар таңдауын түсіндіреді: → «Бұл жақсы, өйткені ол сәлем берді.» → «Бұл жаман, себебі итеруге болмайды.» “Менің міндетім” рөлдік ойыны		Балалар көзін жұмып тыңдайды: – “Музыка қандай? Жайма-шуақ па? Қуанышты ма?” Балалар сезімдерін бір–екі сөзбен айтады. Өлеңмен таныстыру Тәрбиеші өлеңді әуезді, баяу, мәнерлеп оқиды. (Кез келген қысқа, 2–4 жолды балалар өлеңі болуы мүмкін. Мысалы: Ә. Дүйсенбиев, М. Әлімбаев, Қ. Мырзалиев т.б.) Балалардың міндеті: Өлең ритмін сезіну Негізгі сөздерді тыңдау Өлең мазмұнын түсіну Тәрбиеші сұрайды: – Өлең ненің туралы? – Қалай көңіл күймен айтылған? “Сиқырлы дауыс” ойыны Тәрбиеші смайликтерді көрсетеді: ☺ қуанышты 😳 таңданған 🤭 жұмсақ 😑 мұңды Балалар өлеңнің бір	

		Балалар карточка таңдайды: ойыншық жинау еден жинауға көмектесу кезекші болу су құю кітап орнына қою Тәрбиеші сұрайды: – «Бұл қайда жасалатын міндет? Үйде ме, балабақшада ма?» – «Бұл не үшін қажет?» Балалар қысқа монолог жасап жауап береді: → «Мен балабақшада кезекшімін. Мен үстел жинаймын.» → «Үйде ойыншықтарымды жинаймын, өйткені үй таза болу керек.» “Дұрыс жолды таңда!” логикалық-қозғалыс ойыны Залда екі жол бар: Жасыл жол — дұрыс әрекет Қызыл жол — дұрыс емес әрекет «Досың жылап тұр. Сен көмектесесің бе?» «Сен кітапты жыртып жібердің… не істейсің?»		жолын әр эмоциямен айтып көреді. Мысалы: – “Көктем келді…” (қуанышты) – “Көктем келді…” (жұмсақ) – “Көктем келді…” (таңданған) “Жоғалған сөз” ойыны Тәрбиеші өлең жолын оқиды, бір сөзді тастап кетеді. Балалар жетіспейтін сөзді табады. Мысалы: – “Көктем келді, күн… (жылды).” – “Гүлдер өсіп, дала… (көрікті).” Жаттауды жеңілдетеді. “Өлеңді қимылмен” ойыны Балалар өлеңді айтып тұрып, оның мазмұнына сай қимыл жасайды: құс сияқты қанат қағады гүл сияқты ашылады жаңбыр сияқты сыбдырлайды Бұл әдіс есте сақтауды да күшейтеді. “Кім қалай айтады?”	

		«Ойыннан кейін ойыншықты тастап кетесің бе?» Балалар дұрыс жауапқа сәйкес жолмен жүреді және жауап береді. “Әдепті бала” қысқа әңгіме құрастыру Балаларға 3–4 сурет беріледі. Тапсырма: 3 сөйлемнен тұратын әңгіме құрау: Мысалы: → «Бала дүкенге келді. Ол кезекте тұрды. Сатушыға рахмет айтты.» Немесе: → «Қыз кітапханаға келді. Ол кітапты ұқыпты оқыды. Жинап орнына қойды.» Д/Ойын: “Жақсы бала не істейді?” Балалар допты бір-біріне лақтырады, ұстап алған бала жақсы іс айтады: – «Мен үлкендерге көмектесемін.» – «Мен жолдастарымды итермеймін.» – «Мен ойыншықты жинаймын.» әне ажырата білуге		сахналық ойын Балалар топпен және жеке орындап көреді: микрофон ұстап бетперде киіп шағын сахнаға шығып Тәрбиеші балаларды бағыттайды: – Баяу айт – Екпінді қой – Үзіліс жаса – Дауысыңды көтерме, бәсеңдет	

		үйрету. **Қазақ тілі** **Міндеті:** Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. түсіндіру және үлгі көрсету Тәрбиеші балаларға мақал-мәтелді көрсетеді: → «Еңбек етсең, ерінбей, тояды қарның тіленбей» Мысалмен түсіндіреді: «Егер біз өз ісімізді жақсы жасасақ, нәтижесін көре аламыз» Ойын: “Мақалды тап” Балаларға суреттер көрсетіледі: → Аю мен бала, құмырсқа мен бүршік, дос пен жолдас. Балалар дұрыс мақал-мәтелді таңдайды. Тәрбиеші сұрақ қояды: «Бұл суретке қай мақал			

		сай келеді?» Ойын: “Сөйлемді толықтыр” Тәрбиеші сөйлемді бастайды: → «Досыңды біл…» Балалар аяқтайды: «…дұшпаныңды таны» Сол сияқты бірнеше мақал-мәтелді толықтыру арқылы жаттығу жүргізіледі. Рөлдік ойын: “Сөзбен сөйлесеміз” Балалар өзара рөлдерге бөлінеді: → дос пен дос, ата-ана мен бала, табиғатпен сөйлесетін кейіпкерлер. Берілген көркем сөздер мен мақалдарды қолдана отырып, диалог құрады. Мысалы: → «Досым, бірге ойнайық!» → «Досыңды біл, дұшпаныңды таны»			
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотрикаңы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті				

	заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Күз мезгілінің басындағы ауа райын бақылау**. Міндеттері: Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді, күз мезгіліне тән себеп-салдардық байланыстарды түсінуге мүмкіндік жасау; өлі табиғат пен тірі табиғат туралы білімдерін кеңейту. "Күз мезгілінің белгісін ата, болғанын дәлелде" зерттеу жаттығуы. Міндеттері. Күз мезгіліне тән тірі және өлі табиғаттағы маусымдық құбылыстарды байқауға үйрету; арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға және түсінуге ынталандыру. Сәкен Сейфуллин "Күз". Алтын күз бірде шуақ, бірде салқын, Жер мен көк жалтыраған сап-сары алтын. Ағашта жапырақтар сылдырлайды,	**Жапырақтардың жерге түсуін бақылау.** Күзгі жапырақтарды қарастыру. Мақсаты-міндеттері. Табиғат құбылыстары (маусым) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну; зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, салыстыру. балалармен бірге жапырақтардың жерге түсуін бақылату, күзгі маусымға тән құбылыс деп түсінуге көмектесу; ұлпа арқылы жапырақтардың құрылымын қарастыру, ойларымен бөлісуге мүмкіндік беру. Сәкен Сейфуллин (Алтын күз) Алтын күз бірде шуақ,	**Бақылау. "Көгөніс өсірушілер мен бағбандардың еңбегі".**Міндеттері: Көгөніс өсірушілер мен бағбандар мамандарының көгөністер өсіру бойынша жұмыстардың жүйелілігі, техниканы пайдалану және олардың көгөніс өндірісіндегі рөлі туралы балалардың білімдерін нақтылау; бақшадағы жұмыстың мазмұны мен табиғаты туралы ойларын бекіту. Көгөністер мен жемістердің атауларын жинақтау, жалпылауды дұрыс қолдану («көгөністер», «жемістер»). "Бақшаға не отырғызылып жатыр?" дидактикалық ойыны. Міндеттері: Балаларға заттарды белгілері бойынша (өсу орнына қарай, қолданылуына қарай) жіктеуге дағдыландыру, тез	**Көгөніс бақшасындағы жұмысты бақылау.**Міндеттері: Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білуге ынталандыру. Адамның бақшадағы еңбегі туралы, "бақша" ұғымын бекіту; өсімдіктердің жіктелуі, сипаты туралы білімдерін тиянқтау. Жұмбақтар. 1. Бақшада өседі, көп өнімдерін береді. (Көгөніс.) 2. Жер астында жез қазық, Жеуге болар ас қазық. (Сәбіз.) 3. Әр желінің асты толған көк қоян, Жаз болғанда көк қоянды жеп қоям. (Қияр.) Эксперименттік іс-әрекет. "Бақша арамшөптен арылмаған жағдайда не болады?" (зерттеу іс-әрекеті) Тәжірибенің Міндеттері: болашақ егін үшін	**Қауіпсіздік. Күнді, күн сәулесінің қозғалысын бақылау**. Міндеттері: Өлі табиғаттың алуан түрлілігі, көкжиектер туралы түсініктерін кеңейту; қызығушылықты тәрбиелеу; табиғаттағы өзгерістер мен күннің позициясы арасындағы байланысты орнату қабілетін дамыту; күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызын түсінуге көмектесу. Қауіпсіздік. Күнге тура қарамау қауісіздік ережесін бекіту; көк шыны, пленканы қолдануға үйрету. Жұмбақ. Жалғанда бір нәрсе

	Мұқағали Мақатаев "Төгілген алтын теңге сансыз жалқын". Сап-сары жапырақтар Сап-сары жапырақтар… Сал-сары жапырақтар… Саудырап құлап жатыр атырапқа. Біреудің жанарында, Біреудің табанында, Сап-сары жапырақтар жоғалуда. Қаусаған қаңқасы тұр ағаштардың, Жасыл бақ тоналуда, тоналуда. "Қу түлкі" қимыл- қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсаты: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру,	бірде салқын, Жер мен көк жалтыраған сап-сары алтын Ағашта жапырақтар сылдырлайды, Төгілген алтын теңге сансыз жалқын. Сары алтын батсайыдай дала мидай, Үйілген мая-мая қызыл мидай Қырманда қызыл алтын, қызыл маржан, Жайнайды жаратылысберген сыйдай. «Өнегелі тәрбие». Экология. Еңбек әрекеті: жапырақтарды гербарийге, бүршіктерді кешелек шығармашылық жұмыстарға жинау. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбек әрекетіне саналы қарауға, ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу; табиғи тастандыларды қайта пайдалану амалдарымен таныстыру; үнемділікке баулу. "Тауық қорасындағы	ойлауды, есту зейінін дамыту. - Балалар, сендер бақшаға не отырғызатынын білесіңдер ме? Мен әртүрлі заттарды атаймын, сендер мұқият тыңдап жауап бересіңдер. Егер мен бақта өсетінді атайтын болсам, «иә» деп жауап бересіңдер, ал егер бақшада өспейтін болса, «жоқ» деп жауап бересіңдер. Кім қате жіберсе, сол ұтылады». - Сәбіз. (Иә!) - Қияр. (Иә!) - Қызылша. (Иә!) - Өрік. (Жоқ!) «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті. Бақшада өсірілген көгөністердің орнын тазалау. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. "Тым-тырақай" ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Ынта мен	арамшөптердің рөлін эксперименталды түрде көрсету. Эксперименттің барысы: балабақшаны жүйелі түрде арамшөптермен тазарту арқылы балалар бір егіннің кішкене учаскесіне қол тигізбейді. Біраз уақыттан кейін олар арамшөптердің мәдени өсімдіктерге қарағанда тез өсетініне сенімді болады. Соңғысы, жарықтың жетіспеушілігінен зардап шегеді, өсуден айтарлықтай артта қалып, жұқа, әлсіз болады. Себілген тұқымдарды көру үшін оларды шөптен ұзақ іздеу керек. "Бақшашылар" қимыл- қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Балалардың көгөністерді бірлесіп жинауларын ұйымдастыру. Ойын ережесі: тәрбиешінің белгі беруін күтіп, эстафетаны жалғастыру. "Ақсақ үйрек" украин ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)	бар аяқ қапты, Ұшады кешке дейін дамыл таппай. (Күн.) - Балалар, күн жоғары болған кезде өте ыстық болады. Таңертең және кешке күн төменірек болады, сондықтан ол онша ыстық емес. Күннің шығатын және бататын уақыттарын бақылап отырыңдар. Күн бататын жерді белгілеңдер. Болжам. - Күн көзі күз айларында бұлттанып батса жаңбыр болады. - Күн құлақтанып шықса, не боран, не аяз болады. - Күн құлақтанып батса, ауа райы жылынуға бет алғаны. Тәжірибе. "Күн сәулесі".

	жетілдіру); қимылдарды үлестіруге,ептілікке тәрбиелеу. «Өнегелі тәрбие». Еңбек: бақшадағы жұмыс. Көгөністерді жинау. (еңбек іс-әрекеті) Міндеттері: Бақшадағы көгөністерді жинауға атсалысып, ересектер мен жолдастарына белсенді түрде көмек көрсеткен балаларды мақтау; дербестікке, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. "Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәірбиесі) Міндеттері: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, шыдамдылыққа, шапшаңдыққа баулу.	түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Жалтарып жылдам жүгіруді, қимылдарды үйлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту. Алаңның бір жағында "тауық қора" орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады. Алаңның қарама-қарсы жағында "түлкінің іні" орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады. "Тауықтар, жем шаштым!" - деп жүргізуші (педагог) ойыншыларды алаңға шақырады. "Тауықтар мен балапандар серуенге шығады, жүреді, ұшады, жем шоқиды". "Түлкі!" деген белгі естілген кезде "түлкі" інінен шығып, тауықтарға шабады, оларды ұстап алуға ұмтылады". "Тауық пен	шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; ойын шартына сай ойнауды баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. "Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене	Міндеттері: Балалардың секіру дағдысын, күш-жігерін, шыдамдылығын дамыту. Алаңда бір аяғымен жүру дағдысын жетілдіру, мына сөзден кейін осындай қозғалыс жасау: "Күн шықты, ойын басталды"; ойын шарттарын сақтау (екі аяғын қатар жерге қоймау керек). "Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балалардың доп ойындарына қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жетуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала	Міндеттері: Заттың жарығы мен бейнесін бірнеше рет қалай көрсетуге болатынын мысалмен көрсету керек (оны көрінбейтін жерде көру). Эксперименттің барысы. Күн шуақты күні балалар күнді "қоянға" қарайды. Оны қалай алуға болатынын талқылаңдар (айнадағы жарық шағылысы). Олар қабырғадағы «қоянға» күн түскен жерде басқа айна қойса не болатынын біледі (ол тағы бір рет шағылысады). Балалар педагогтің сөздерінің дұрыс екеніне тәжірибе арқылы көз жеткізеді. «Өнегелі тәрбие». Еңбек: ағаштардан жерге түскен

	Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші былай жариялайды: Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт! Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсы қарсыласын арқалап кетсе, сол шарт қояды. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Еркін ойындар.	балапандар қораға қаша жөнеледі". "Ұсталынды" деген баланы қолмен түртіп қалу керек. Балалар "қора" сызығынан асып кетсе, "түлкі" ұстай алмайды. Ойын "түлкінің іні толғанша" қайталанады. Басқа "түлкіні" ойнату үшін, санамақты қайта қолдану керек болады. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Еркін ойындар.	тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: оң және сол қолымен 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықтан лақтыруды үйрету, белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	педагог домалатып жіберген допты тез қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Еркін ойындар.	бұтақтарды жинау. (еңбек іс-әрекеті) Міндеттері: Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. "Шымшықтың балапандары мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Балаларды белгі бойынша алаңда жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдық пен ептілікті дамыту, табандылыққа тәрбиелеу. Балалар "торғайлардың" рөлін сомдайды, санамақ арқылы

					"мысықты" таңдайды. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының "Итеріспек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Ұлттық ойындарды ойнату; күштілікке, ептілікке, ойын кезінде бірін-бірі түсінуді үйрету. Қауіпсіздік: ойын шартын қауіпсіз орындауға үйрету. "Осындай бола ма, болмай ма?" дидактикалық ойыны. (таныс іс-әрекеті) Сұраққа жауап беруді және жауабын түсіндіруді үйрету. Күзде қар жауа ма? Күн шығып тұр, жаңбыр жауып тұр? (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет,

					зерттеу іс-әрекеті) Еркін ойындар.
Серуенненоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотормканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
	«Ормандағы жағдай» Бағыт: Өз-өзіне деген сенімсіздік, өз бетінше әрекет етуге деген қорқыныш сезімінңу.	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Түлкі мен қоян ертегісін оқып беру **(көркем әдебиет)**	Түлкі мен қоян ертегісін оқып беру **(көркем әдебиет)**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау	Бесік жырын тыңдату
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.**Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).**Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотормканы дамыту).**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Ұлттық ойын: «Белбеу ұстасу»** Ойынның барысы: . Балалар жұппен шығады: Екі бала бір белбеудің екі ұшын ұстап, бетпе-бет тұрады Аяқтары иық деңгейінде, тепе-теңдік сақтауға дайын тұру керек Тәрбиеші белгіні береді: – "Дайындал! Бір, екі, үш!" дегенде ойын басталады Балалар белбеуді тартып немесе еппен итеріп, қарсыласын орнынан жылжытуға, теңгерімін бұзуға тырысады Қай бала тепе-теңдікті сақтап, басқасын қозғалтса немесе құлатса – сол жеңімпаз болады	**Ұлттық ойын:** «Жұмыртқа ойыны» Ойынның барысы: . Балалар саппен тұрады: Әр бала қасыққа жұмыртқа қойып, белгі бойынша жүруге дайындалады Тәрбиеші белгі береді: – «Назар аудар! Жұмыртқаны түсірмей мәреге жет!» Балалар жүгірмей, жәй жүріспен белгіленген сызыққа дейін барып қайтады Ойын шарты: Кім жұмыртқаны түсірмей, тез және дұрыс жүріп келсе – сол жеңімпаз Егер жұмыртқа түсіп кетсе – бала сол жерден қайта бастап жүреді немесе ойыннан шығады (тәрбиеші шешеді)	**Ұлттық ойын:** «Ақ серек,көк серек» Ойынның барысы: Балалар екі топқа бөлінеді: Бірі – «Ақ серек», бірі – «Көк серек» болады Екі топ бір-бірінен 5–7 метр қашықтықта қатар тұрады Балалар шынтақтасып, бір тізбек құрып тұрады Ойын ережесі: Бірінші топ (мысалы, «Ақ серек») хормен өлең айтады: – Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топ (мысалы, «Көк серек») жауап береді: – Бізге керек (баланың аты)! Аты аталған бала жүгіріп келіп, қарсы топтың шеңберін бұзып өтуге тырысады. Егер қол ұстасқан тізбекті бұзса – өз тобына жеңіспен оралады. Егер бұза алмаса – сол топта қалып қояды. Кезек екі жаққа ауысып	**Ұлттық ойын:** «Санамақ» Ойынның барысы: Тәрбиеші балаларға түсіндіреді: – Балалар, қазір біз «Санамақ» ойынын ойнаймыз. Мен сандарды реттілікпен айтып, санамақ өлеңін оқимын, сендер де менімен бірге қайталайсыңдар. Санамақ өлеңі Бір – үйде тұрады іркіт, Екі – егеуқұйрық кіріп кетті, Үш – үшеуі жабылып ұстап алды, Төрт – төрге апарып қамады, Бес – бесіктен қарап тұр бала, Алты – алтыбақанда ойнайды, Жеті – жеті жұрт келді үйге... (Осылайша 10-ға дейін немесе одан әрі жалғастыруға болады.) Санамақ түрлерін қолдану: Сандарды ретімен жаттау Балаларды нөмірлеп, санау арқылы кезек анықтау Қимылмен байланыстыру: әр санға бір қимыл қосу (мысалы, «бір» – алақан соғу, «екі» – қол көтеру)	**Ұлттық ойын:** «Тоғызқұмалақ» Ойын туралы қысқаша , «Тоғызқұмалақ» — қазақ халқының ежелден келе жатқан ақыл-ой ойыны. Бұл ойында құмалақтарды (түймелер түсінік: – Балалар, тастар, асықтар) арнайы **тақтадағы** ұяшықтарға салып, есептеп ойнайды. Кім көп құмалақ жинаса – сол жеңеді. Ойын шахмат пен дойбы сияқты логикалық ойындардың қатарына жатады. **Қажетті құралдар:**Тоғызқұмалақ тақтасының қарапайым үлгісі (қағаз, тақта немесе ағаштан) Әр балаға – 9 құмалақ (тйме, ұсақ тас, т.б.) Сандар жазылған ұяшықтар Ойын ережесінің жеңілдетілген түрі: Әр бала алдында 9ұяшық болады. Әр ұяшықта 1 құмалақтан

			отырады	Санамақ арқылыойын бастаушыныанықтау **(Математика негіздері,тіл дамыту,қоршаған орта)**	тұрады. Балалар кезекпен бір ұяшықтан бастап, құмалақтарды келесі ұяшықтарға бір-бірден салып отырады (сағат тілімен). Қарсыластың ұясына келген соң, соңғы құмалақ түскен ұяшықта жұп сан болса – сол құмалақтарды жинайды. Кім көп құмалақ жинаса – сол жеңімпаз. Дамытушылық бағыт**:**Санау (1-ден 9-ға дейін) Сағат тілі бойынша жүруді үйрену Кезекпен ойнауды меңгеру Жеңісті, жеңілісті дұрыс қабылдау
Балалармен жекеж ұмыс	екі затты ішінара ұзындығы, ені және биіктігі, жуандығы бойынша салыстыруын дамыту Ниетбай Адель	5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды ажырата алмайды. Дұрыс ажырата білуін дамыту. Арынбек Азиза	геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді көру және сипап сезу арқылы зерттейді, оларды ішінара ажыратады және дұрыс айтуын жетілдіру. Исабеков Мейржан	5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға ие: Әбілшаих Аңсар	геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді көру және сипап сезу арқылы зерттейді, оларды ішінара ажыратады және атайды:Дұрыс ажыратуын жалғастыру Нәзік Данеля
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында				

	қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	Допты жоғары лақтыр Қол қимылдарын дамыту, дәлдікке үйрету. **Еңбек әрекеті:** Доптарды жинау. **Қимылды ойын:** Балалар допты жоғары лақтырып, қайта қағып алуы тиіс.	Кім жылдам жүгіреді? Жүгіру шапшаңдығын арттыру. **Еңбек әрекеті:** Жүгіру жолын тазалау. **Қимылды ойын:** Балалар топпен жарысып жүгіріп өтеді.	Топпен жарыс Ұжымшылдықты, бәсекелестікті дамыту. **Еңбек әрекеті:** Спорт құралдарын орнына қою. **Қимылды ойын:** Балалар екі топқа бөлініп, кезекпен жарысады (жүгіру, секіру).	Жүгіріп барып белгіге тию Жылдамдық, шапшаңдықты дамыту. **Еңбек әрекеті:** Белгі орнату. **Қимылды ойын:** Балалар белгіленген жерге барып, қолымен тиіп қайтады.	Кедергі арқылы секіру Секіру дағдыларын жетілдіру. **Еңбек әрекеті:** Кедергі қою. **Қимылды ойын:** Балалар бір-бірлеп кедергіден секіреді.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу	Кітаптар қарау, кітаптағы ертегілерді суреттеріне қарап бір біріне айтып беру. Құрастыру құралдарынан суреттерге қарап әр	Кітаптар қарау негізінде еңбек туралы нақыл сөздердің сәйкес келетін бейнелерін табу, неге олай ойлағанын айтып беруін үйрету Еңбек иелеріне арнап	Күз бейнесі бар пазлдарды жинау, логикалық ойын тапсырмаларын робототехника арқылы орындау **(Құрастыру, зерттеу іс әрекет)**	телефон, компьютер, теледидар, радионың қызметтерімен, оларды қолданудың бірнеше қарапайым ережесі туралы білімдерін бекіту**.** Бір біріне техникалардың	Еңбек құралдарына қарап суретін салу Тұзды қамырдан еңбек құралдарын жасау**.(Сурет салу,мүсіндеу)**

іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	түрлі құрылымдар құрастыру. **(Көркем әдебиет,құрастыру)**	ашық хат жасау **(Қоршаған әлем, тіл дамыту,жапсыру,сурет салу)**		қандай түрлерін білетінін және оларды қалай қолданатынан айтып беруін ұйымдастыру.**(Тіл дамыту,қоршаған әлем)**	
Балалардыңүйгеқайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)**Өнегелі 15 минут**				

Тәрбиеші:А.Жумагулова
Г.Болат

Әдіскер_____ АтыгаеваА
.Т.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Мектепалды «Күншуақ» тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 14.10 - 18.10. 2024 жыл III апта
Қазан бірлік және ынтымақ айы
Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

Күнтәртібі	Дүйсенбі 14.10.2024ж	Сейсенбі 15.10.2024ж	Сәрсенбі 16.10.2024ж	Бейсенбі 17.10.2024ж	Жұма 18.10.2024ж
Балалардықабылдау	Қайырлы таң! Қайырлы күн! Сәлеметсіз бе! Балалар **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу , шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру. **(Музыка)** Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15-минут.**Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	Халық шығармаларының желісі бойынша түрлі-тәсілдерден (ермексаздан,қамырдан)тұрмыстық заттарды мүсіндеу.Жасаған мүсіндерден ерекшелігін айтқызу және ұлттық бұрышта көрме жасау.**Бір тұтас тәрбие (Мүсіндеу,тіл дамыту)**	Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауды. Жол белгілері тротуар, велосипед, электросамокатқа арналғанжолды білу,бағдаршамныңбелгілері несәйкесжолданөту қағидаларын меңгерту. **Қауіпсіздік ережелері:** Қимылды ойын «белбеу тастау» Балалардың еркін әрекеті Қалаулары бойынша музыка қосу	Қимылды ойын «Орамал тастамақ» Балалардың еркін әрекеті. Балалардың алып шыққан ойыншықтарын "үлкен – кіші", "үлкенірек – кішірек", Сөздерімен сипаттау. Ойыншықтардың салмағын өлшеміне қарай алдымен қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауға үйрету **(Математика негіздері)**	Асықтардан не құрастыруға болады. Балалардың шығармашылығымен құрылыстар құрастыру Ұлттық ойын «Ханталапай» Балалардың еркін ойыны **Бір тұтас тәрбие (Құрастыру)**	Ұлттық ойын «Ханталапай» Балалардың еркін ойыны **Бір тұтас тәрбие**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. **Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	Сапта бір-бірінің артынан шеңбер бойлап жүру, қол белде, бір қырынан аяқты аяққа тигізіп жүру, жүгіру қолды кеуде тұстан ұстап аяқтың ұшымен жүгіру.тыныс алу жаттығулары. 1. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, басты оңға,солға бұру 5-6 рет 2. Б.қ.аяқты алшақ қойып, екі қолды екі жаққа созып, иыққа тигізу 5-6 рет. 3. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қолды жоғары көтеру, оңға солға иілу 5-6 рет. 4. Б.қ.аяқты сәл алшақ қойып, қолды алдыға созып, отырып, тұру 5-6 рет. 5. Б.қ.қол төменде, оң,сол аяқты көтеріп тізенің астынан шапалақтау 5-6 рет. 6. Б.қ.қол белде, оң,сол аяқты кезекпен көтеріп секіру 5-6 рет. Тыныс алу жаттығулары.2-3 рет.				
Таңғыас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып				

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Нан,шәй, май, ірімшік ботқа, дәмді, тамағыңды ішеміз, ас болсын!(Сөздік минимум)
Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">3-ші апта дәйек сөзі:
«Менің Отаным – Қазақстан!»
Балаларды ұйымдастырылғаніс-әрекеткепсихологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру
Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері
Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру
<table>
<tr><td>"Ас атасы — нан" тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Балалардың еркін диалог құруға мүмкіндік беру, нан туралы суреттер бойынша әңгіме құрасты
Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.уға ынталандыру.</td><td>Нан туралы тыйым сөздер, нақыл сөздер айту.
Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.
1. Нанды шашуға, жерге тастауға, аяқпен басуға, рәсуа етуге, онымен ойнауға болмайды. Нан - негізгі ас, онсыз өмір жоқ. Ең алдымен, дастарқанға нан қойылады.
2. Жерде жатқан нанды жоғары көтеріп, адам баспайтын жерге қою керек.
3. Нанды төңкеріп қоюға болмайды.
(қарым-қатынас іс-әрекеті)</td><td>"Астық өсірушіге жұмыс істеу үшін не қажет?" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) міндеттері.
Балалардың ауылшаруашылық технологиясы, астық өсірушінің құралдары туралы білімдерін бекіту, визуалды қабылдауын, зейінін, еске сақтауын дамыту.
Барысы. Балалар ауылшаруашылық техникалары мен астық өсірушінің құралдары бейнеленген суреттерді таңдайды.</td><td>«Қаржылық сауаттылық». "Тауар мен қызмет" тақырыбына әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)
Балаларды тауарлар мен қызметтердің айырмашылығын, олардың қоғамдағы рөлін түсінуге бағыттау.
Мысалы, оларды дүкенге алып барып, сатып алу процесіне қатыстыру, тауардың бағасын түсінуге мүмкіндік беру</td><td>Нан туралы мақал-мәтелдер жаттау. Шешендікке баулу, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануына қолдау көрсету,
1. Ас атасы — нан.
2. Нан— тамақтың атасы,
Ынтымақ — көптің батасы.
3. Нан бар жерде ән бар.
(қарым-қатынас іс-әрекеті)</td></tr>
</table></td></tr>
</table>

Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсінуін қалыптастыру. Д/Ойын: «Сөйлем құрастыр» Балаларға сурет көрсетіледі. Тәрбиеші: – Суретте не көріп тұрсыңдар? (Бала, доп) – Ал енді бірге айтайық: Бала доп ойнап жүр. – Мен бір сөз айтамын, сендер жалғастырыңдар: Құс … (ұшады) Күн … (жарқырап тұр) Мысық … (жүгіреді) Балалар сөйлемнің сөздерден құралатынын тәжірибе арқылы түсінеді. Қимылды ойын: «Тірі сөздер» 3–4 балаға суреттермен карточка таратылады.	**Математика негіздері** **Міндеті:** 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. Д/Ойын: «Кімде көп?» Екі себет қойылады. 1-себетте – 5 алма 2-себетте – 6 алма Тәрбиеші сұрайды: – Қай себетте алма көп? – Қайсысында аз? Балалар санап, салыстырады. Тәрбиеші: – Аз себетке не істесек, тең болады? (Бір алма қосу) Бір алма қосылады → тең болды Үстел үсті ойын: «Тең қыл» Балаларға санақ таяқшалары таратылады. Тапсырма: – Бір қатарға 7 таяқша, екінші қатарға 8 таяқша қойыңдар. Сұрақтар: – Қайсысы көп? – Қалай теңестіреміз?	**Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтай алуға, берілген сөзге сөйлем құрастыруға дағдыландыру. Д/Ойын: «Сөйлемді тыңда» Тәрбиеші жай сөйлем айтады: – Мысық сүт ішті. Сұрақтар: – Мен не айттым? (сөйлем) – Енді бірге бөлейік: – мысық / сүт / ішті Балалар әр сөзге бір фишка қояды. Д/Ойын: «Неше сөз?» Сөйлем:Бала доп ойнап жүр. Балалар: әр сөзді саусақпен санайды фишкаларды қатарлап қояды Сұрақ: – Бұл сөйлемде неше сөз бар? (3 сөз) Д/Ойын: «Дұрыс ретпен	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қалыптастыру. Қол бұлшық етін дамыту жаттығулары Тәрбиеші көрсетеді, балалар қайталайды: «Қолды сермеп, саусақтарды жай» – саусақтарды ашып-жабу. «Қарындашпен «сиқырлы жол»» – ауада қарындашпен түрлі сызықтар салу. «Шаңды сүрту» – үстел үстінде қолмен дөңгелек қозғалыстар жасау. Жазуға отырғызу және позицияны тексеру Балалар парталарға отырып, қағаз алады. Тәрбиеші: – Арқа тіке, аяқ жерге, бас сәл жоғары. – Қарындашты ұстау: бас бармақ пен көрсеткіш саусақпен ұстап, ортаңғы саусақпен қолдау. Ойын: «Сен – суретші» Арқасы тік тұрған	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. Шығармамен танысу Тәрбиеші: Ерекше иллюстрациялар көрсетеді (мысалы, «Қоян мен Аю» ертегісінен). Балалар суреттерді

	Мысалы: *Бала* *гүл* *суарады* Балалар алға шығып, қатар тұрады. Тәрбиеші: – Қазір сендер бір-біріңмен дос болып, сөйлем құрайсыңдар. Балалар сөздерді ретімен айтып шығады: Бала гүл суарады. Барлығы бірге қайталайды Қимылмен: Біз сөздерді айтамыз, Сөйлем құрап шығамыз. Бір сөз, екі сөз, үш сөз, Ойымызды жеткіземіз! «Дұрыс па, бұрыс па?» Тәрбиеші айтады: – Мысық. – Бұл сөйлем бе? (Жоқ) – Мысық сүт ішіп жатыр. – Ал бұл ше? (Сөйлем) **Математика негіздері** **Міндеті:** Заттарды әртүрлі белгілері	Балалар: Кем жаққа 1 таяқша қосады немесе Көп жақтан 1 таяқшаны алады Қимылды ойын: «Артық–кем» Еденге екі шеңбер салынады. 1-ші шеңберде – 4 бала 2-ші шеңберде – 5 бала Тәрбиеші: – Қай шеңберде бала көп? – Енді тең болу үшін не істейміз? Бір бала ауысады → теңдік Бір бала шықса → теңсіздік **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:**Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Д/Ойын: «Сурет сөйлейді» Балаларға бір сюжетті сурет көрсетіледі. Сұрақтар: – Суретте кімдер бар? – Олар не істеп жатыр? – Бұл оқиға қай жерде	айт» Сөздер араласып айтылады: – жүр / бала / ойнап / доп Тапсырма: – Сөздерді дұрыс ретімен айт. **Мүсіндеу** **Жапсыру** **Сурет салу** **Құрастыру** **Міндеті:** Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті дұрыс пайдалануға дағдыландыру . Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқаруға дағдылау. Практикалық жұмыс Жеке жұмыс Балалар: адамды, жануарды, ағашты әртүрлі қалыпта мүсіндейді (жүгіру, отыру, ойнау) Пішіннің бетін тегістейді,	суретші ретінде әрекет ету. Қарапайым жазу жаттығулары Балалар: Сызықтар (тік, көлденең, қисық), толқындар, дөңгелектерді сызады. Қарындашпен әр жолды бірнеше рет қайталау. Тәрбиеші: – Қолды тым қатты ұстама, бірақ босама. – Арқаңды тік ұстап, көзбен бақыла. Қимылды ойын: «Қарындашпен саяхат» Балалар парақта жолдар арқылы «саяхат жасайды»: Тік жол – қалаға барамыз Толқын – өзеннен өтеміз Дөңгелек – тауға шығамыз **Математика негіздері** **Міндеті:** Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтау.	қарастырып, оқиғаның негізгі сәттерін талқылайды. Сұрақтар: – Қандай кейіпкерлер бар? – Олар не істеп жатыр? – Қандай оқиға болып жатыр? Мазмұнды қайталау Тәрбиеші: Ертегіні қысқаша оқиды немесе айтады. Балалар иллюстрация бойынша ертегінің мазмұнын ретімен айтып береді. Тапсырма: – «Бұл суретте не болып жатыр?» – «Ал мына суретте кейін не болды?» Рөлдерге бөліп сомдау Тапсырма: Балалар кейіпкерлерді бөліп алады: қоян, аю, түлкі және т.б. Әр бала өз кейіпкерінің

	бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Д/Ойын: «Түсі бойынша тап» Алдында түрлі түсті заттар қойылады. Тәрбиеші: – Қызыл заттарды бір себетке салайық. – Көк заттарды басқа себетке салайық. Сұрақ: – Бұл заттар несімен ұқсас? (Түсі бірдей) Д/Ойын: «Пішінін айт» Геометриялық пішіндер көрсетіледі. Тәрбиеші: – Бұл не? (дөңгелек, шаршы) – Қайсысы домалайды? – Қайсысының бұрышы бар? Балалар пішін бойынша салыстырады. Д/Ойын: «Үлкен – кіші» Үлкен және кіші доптар, ойыншықтар беріледі. Тәрбиеші: – Үлкен затты көрсет.	болуы мүмкін? Балалар қысқа жауап береді, тәрбиеші оларды байланыстырып айтуға бағыттайды. Д/Ойын: «Басы – ортасы – соңы» 3 сурет ретімен қойылады. Тәрбиеші: – Алдымен не болды? – Кейін не болды? – Соңында не болды? Бір бала немесе бірнеше бала кезекпен айтып, шағын әңгіме құрайды. Үлгі: – Алдымен бала допты алды. Кейін ол достарымен ойнады. Соңында бәрі қуанды. Қимылды сергіту ойыны: «Жалғастыр» Тәрбиеші бастайды: – Бір күні қоян орманда жүрді… Балалар кезекпен бір сөйлемнен қосып жалғастырады. Монологқа бірізділік сақталады. Д/Ойын: «Хабарлаушы бала»	бөлшектерді кескішпен жасайды. Топтық жұмыс Балалар 2–3 топқа бөлінеді. Тапсырма: – Ортақ ватманға: үйді, күнді, бұлтты, шөпті жапсыру; мүсінделген бейнелерді орналастыру. **Міндеті:** Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу) дағдысын қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдана білу дағдысын қалыптастыру.. Тәжірибе-ойын: «Түстер сиқыры Балалар бояғышта акварельмен жұмыс істейді. Тәрбиеші көрсетеді: – Көк + сары = жасыл – Қызыл + сары = қызғылт сары Балалар судың мөлшерін өзгертіп, ашық–қою түстер алады.	Д/Ойын: «Кеше, бүгін, ертең» Тәрбиеші көрсетеді: – Үш сурет: баланы таңғы асқа отырғызу, мектепке бару, ойын ойнау. Тапсырма: – Қайсысы кеше болды? – Қайсысы бүгін? – Қайсысы ертең болады? Балалар суреттерді ретімен орналастырады. Д/Ойын: «Алдымен – содан кейін» Сценарий: Балаларға күнделікті іс-әрекеттер карточкалары беріледі: таңғы ас, ойын, серуен, кітап оқу. Тапсырма: – Оқиғаларды логикалық реттілікпен қою: алдымен – содан кейін. Тәрбиеші: – Алдымен таңғы ас іштік, содан кейін ойын ойнадық. Балалар қайталайды. Қимылды ойын: «Уақыт бойынша қозғалыс» Балалар залда тұрады. Тәрбиеші:	диалогын мәнерлі интонациямен айтады. Қуыршақ немесе маска қолдануға болады. Мысалы: – *Қоян:* Мен ойнағым келеді! – *Аю:* Жарайды, бірге ойнайық. Балалар эмоцияны, көңіл-күйді көрсетуге үйренеді. Шығарманы талқылау Тәрбиеші сұрақ қояды: – Қандай кейіпкер саған ұнады? Неге? – Қандай оқиға қызық болды? – Егер сен кейіпкер болсаң, не істер едің? Ойын: «Менің ойым» – әр бала өз пікірін айтады. Тәрбиеші: – Біз бүгін қандай ертегілер әлемінде болдық? – Қандай кейіпкерлерді

	– Кішісін тап. Балалар өлшем бойынша салыстырады. Д/Ойын: «Неден жасалған?» Заттарды қолмен ұстап көреді. Тәрбиеші: – Бұл зат неден жасалған? – Қайсысы қатты? Қайсысы жұмсақ? Материалы бойынша салыстыру. Д/Ойын: «Не үшін керек?» Заттар ұсынылады: қасық, доп, кітап, тарақ. Тәрбиеші: – Бұл зат не үшін керек? – Қайсысымен ойнаймыз? – Қайсысымен тамақ ішеміз? **Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Дене шынықтыру** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	Бір бала «хабарлаушы» болады Тапсырма: – Балабақшада не болды? – Бүгінгі ауа райы қандай? – Біз бүгін немен айналыстық? **Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:** Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі. Бақылау: «Гүлді зерттейік» Балалар тірі гүлді қарайды. Сұрақтар:	Сұрақтар: – Қай түс ашық болды? – Неге? Практикалық жұмыс: «Қаланы бояйық» Балалар қағазға: аспанды үйлерді жолды бояйды **Дене шынықтыру** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	– Кеше қозғалыс жасаймыз: баяу жүру – Бүгін: орташа жылдамдық – Ертең: тез жүру **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Ойын: «Сиқырлы қорап» Қораптан бір бала затты алып шығады. Тәрбиеші сұрайды: – Бұл не? – Түсі қандай? – Үлкен бе, кіші ме? – Ол не үшін керек? Бала затты сипаттайды, тәрбиеші толық сөйлеуге бағыттайды. – Бұл – доп. Ол қызыл, үлкен, жұмсақ. Онымен ойнаймыз. Д/Ойын: «Сұра да, жауап бер» Балалар жұппен жұмыс істейді.	сомдадық? – Қандай эмоциялар көрсеттік? **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау дағдысын қалыптастыру. Д/Ойын-жаттығу: «Көңіл күйді тап» Тәрбиеші бір көңіл күйді айтады. Мысалы: – Қоян қуанды – Түлкі ашуланды Балалар сол кейіпкердің: бет-әлпетін қимылын дауыс ырғағын көрсетеді. Рөлдерге бөлу Ертегі кейіпкерлері

		– Гүлдің жапырақтары қандай? – Сабақтары тік пе? – Олар қозғала ала ма? (жел соққанда, суарғанда) Қорытынды: – Өсімдік қозғалады, демек ол тірі. Д/Ойын-бақылау: «Күн мен түн» Гүл суреті көрсетіледі. Тәрбиеші: – Күн шыққанда гүл не істейді? (жапырағын ашады) – Кешке ше? (жабылады) Себеп–салдар: – Күн болса – гүл ашылады. – Күн болмаса – жабылады. Тәжірибе: «Су қалай өтеді?» Суды гүлге құю. Тәрбиеші: – Суды қай жерге құямыз? (тамырға) – Су қайда барады? Түсіндіру (қарапайым): – Тамыр суды сорады, – Сабақ арқылы су жапыраққа, гүлге барады, – Өсімдік қоректенеді. Қимылды ойын: «Мен – өсімдікпін» Балалар өсімдік болып қимылдайды		Бір бала сұрайды: – Бұл қандай зат? – Ол саған ұнай ма? Екінші бала жауап береді: – Иә, ұнайды. Өйткені ол әдемі және пайдалы. Қарым-қатынас сөздері белсенді қолданылады. Қимылды ойын: «Сипатта да тап» Тәрбиеші затты жасырып, сипаттайды. Мысалы: – Ол дөңгелек, түрлі түсті, секіреді. Балалар табады: Доп! Балалар сипаттайтын сөздерді түсінеді және қолданады. Ойын: «Маған ұнайды, себебі» Әр бала бір затты таңдап, айтады: – Маған бұл кітап ұнайды, себебі ол қызық. – Маған қонжық ұнайды, себебі ол жұмсақ. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және	таныстырылады. «Шалқан» ертегісі кейіпкерлері: Ата Әже Немере Ит Мысық Тышқан Балалар өз қалауы бойынша рөл таңдайды. Дайындық ойыны: «Кейіпкер қалай қозғалады?» Әр бала өз кейіпкерінің қимылын көрсетеді. Мысалы: Ата – баяу, салмақты Әже – қамқор, асықпай Тышқан – тез, жеңіл Кейіпкер мінезін қимыл арқылы беру. Сахналау: «Ертегіні ойнайық» Балалар сахнаға шығып, ертегіні рөлдерге бөліп ойнайды. Тәрбиеші– Дауысты анық айт

		– Күн шықты – өсеміз (қолды жоғары көтеру) – Су құйылды – сергідік – Суық болды – бүрісеміз – Жылы болды – қайта өсеміз **Қазақ тілі** **Міндеті:** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. «Құстарды қорғау» Тілдік орта Балалар табиғатты қорғау туралы әңгімелейді: «Қорықшы құстарды қорғайды». Дыбыстық мәдениет «ө» дыбысының орнын табу («қорықшы», «өрік», «дөң»). Сөздік қор «Қорықшы, құс, торғай, тырна». Грамматикалық құрылым Жіктеу: «Мен құс көрдім», «Сен тырна көрдің». Лепті сөйлем: «Қара, торғай ұшты!». Байланыстырып		олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіре білуге дағдыландыру.. Диалогпен танысу Тәрбиеші: – Бізге қонаққа мысық пен қоян келді. – Балалар, қоян не істейді, мысық не істейді? Тапсырма: – Балалар кезекпен сұрақ қояды және жауап береді. – Қоян: Сен бүгін не істедің? – Мысық: Мен бақшада ойнадым. Рөлдік ойын: «Кейіпкерлермен сөйлесу» Балаларға рөлдер беріледі: Күйкі қоян, мейірімді мысық, күлкілі түлкі Тапсырма: – Бір-біріңізге сұрақ қойып, жауап беріңіз. – Кейіпкердің көңіл-күйін, әрекетін көрсетіңіз. Мысалы: – *Қоян:* Мен бүгін қандай тамаша күн! Сен не	– Қолыңмен көрсет – Кейіпкерің қалай сөйлейді? Балалар өз рөлін дербес орындайды. – Қай рөлді ойнау ұнады? – Кейіпкердің көңіл күйін қалай көрсеттің? **Қоршаған ортамен танысу** Көлік және байланыс құралдары **Міндеті:** Ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Тақырыбы: «Байланыс құралдары»: Телефон, смартфон, компьютерді сурет арқылы көрсету Балаларды байланыс құралдарының қызметімен және қауіпсіз қолдану ережелерімен

		сөйлеу «Қорықшы орманда жүр. Ол құстарды қорғайды».		істедің? – *Мысық:* Мен гүлдерге су бердім. Балалар өз эмоцияларын интонация, мимика арқылы көрсетеді. Оқиғаға өз көзқарасын білдіру Тәрбиеші: – Қоян бақшада ойнады, сен ол туралы не ойлайсың? – Балалар: Қоян көңілді, ол ұнаған ойын тауыпты. Тапсырма: – Өз пікіріңді айтып көр: жақсы ма, қызық па, неге? Қорытынды ойын: «Менің ойым» Тәрбиеші: – Біз кейіпкерлермен сөйлестік. Енді өз ойымызды айтайық. – Карточкамен: «Менің ойым» – әр бала бүгінгі диалогтан өз пікірін айтады.	таныстыру Әдіс**:** Әңгімелесу, рөлдік ойын Тапсырма: «Телефон соғу» – ойын түрінде бір-біріне қоңырау шалу көрінісін ойнау **Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды				

	ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Күнді бақылау.**Міндеттері: Балалардың тірі және өлі табиғат арасындағы себеп-салдарды түсінуге көмектесу; күннің оның өсімдіктер, ағаштар, жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру Экологиялық міндет: күн сәулесінің адам мен өсімдіктердің тіршілігі үшін құндылығын көрсету. Көркемсөз Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты! Жұмбақ. Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты, Ұшады кешке дейін дамыл таппай... (Күн.) Болжам. Кешке күн батыс жақ қызарып тұрса, ертеңінде күн ыстық болатынын білдіреді.	**Торғай құсын бақылау.** Мақсат-міндеттер: Қазақстан аумағын мекендейтін құстарды, торғайды және құстың өзіне тән белгілері бойынша ажыратуға ынталандыру, тіршілігі жайлы білімдерін тереңдету; сөздік қорларын молайту. "Торғайдың әні". Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Ж. Сымақов. Торғайдың қимылдарын бақылап, құстың екі аяқпен секіретіні, алаңның өзге жеріне секіріп, қанаттарымен бір-екі рет қағып, тез жете білетіні, ағаш бұтасына шыр етіп ұшып кететіні туралы әңгімелеу. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойын жабындысын жинау. Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамыту. "Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер	**Күннің биіктігін бақылау** Міндеттері: Балалардың өлі табиғат түрі, күн, туралы түсініктерді кеңейту; күн энергиясының өсімдіктер, жануарлар мен адамдардың тіршілігіне әсері туралы білімдерін бекіту. Қауіпсіздік. Күннің көзіне тура қарамауды ескеру, күнді қарауда фотопленканы қолдануды ұсынуды ұйғару. Ғафу Қайырбеков «Көсілген көк астында Қазақстан, Сағатың даңқың тағы ғажап ұшқан. Ояндым кірпігімді желпіп өткен «Миллиард!» «Миллиард!» деген зор дауыстан. Тағы да сен екенсің сермеп алыс, Таратқан жер бетіне зор	**Күзгі теректі бақылау.**Міндеттері: Балалардың тірі табиғат түрі, туған өлкенің өсімдігі, терек ағашы туралы білімдерін кеңейту; терек ағашына тән белгілерді атауға ынталандыру; себеп-салдарлық байланыстарды ажыратуды: өсімдік жапырақтарының түсуін түсіндіруге үйрету. Қауіпсіздік. Экология. Бақылау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру, пайдасы туралы әңгімелеу, өсімдіктерге күтім жасауға баулу. Тоғайда бір Терек тұрды, Өзге ағаштан ерек тұрды. Өйткені, ол биік тұрды, Көкте бұлтқа тиіп тұрды. (Адбрахман Асылбек) «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ағаштардан түскен жапырақтарды үлеске еденінен жинау.	**Өнелегі тәрбие. Қауіпсіздік. Аула сыпырушының еңбегін бақылау.**Міндеттері: Аула сыпырушы еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға тәрбиелеу. Қауісіздік. Еңбек құралдарын қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Көркемсөз А. Меңдібай "Аула тазалықшысы". Балабақша ауласында, Көмектесем мен де оған, Таң атқаннан кешке дейін,

	«Өнегелі тәрбие». Еңбек: құм жәшіктерін құммен толтыру. Міндеттері: Балалардың бойына еңбекке құштарлығын ояту. "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту;ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп,	бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. "Бақшадағы тауықтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: орташа қарқындағы жүгіруде, жартылай отыруды және қанаттарын қаққан қозғалысты келтіруді жаттықтыру. Белгі бойынша екі аяқпен	қуаныш. - Балалар, бұл Ғафу Қайырбековтың әйгілі өлеңінен үзінді? Өлең не туралы? - Күн неғұрлым жоғары болса, күн соғұрлым жылы әрі ұзақ болады. Күннің ыстығынан қар ериді, жер қызады және еріген дақтар пайда болады. Шөп өсе бастайды. Табиғатта тағы не болып жатыр? (Экологиялық байланыстар туралы сенімді бекіту.) Күн қайдан шығады, күн қайда батады? Зерттеу қызметі Міндеттері: Металл заттарға тиіп, күннің қай жерде көбірек жылынатынын анықтау. Қандай түсті заттар тез қызады: қара ма, ақ па? Күнге ұзақ уақыт қарау үшін нені қолдану керек? (Қара көзілдірік.) «Өнегелі тәрбие». Еңбек: аула тазалаушыға алаңды тазартуға көмектесу.	Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу; жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. «Айгөлек» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: ұжымдық ойында жылдамдықты, күш-жігерді, белсенділікті,ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Айгөлек ойыны кең алаңда өткізіледі. Ойыншылар саны мен жас шамасына қарай екі топқа бөлінеді де, арасы 15-20 метрдей жерде қол ұстасып қарама-қарсы тізбек құрып тұрады. Ойын жүргізуші екі топтың біреуіне кезек береді. Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Бізден сізге кім керек?	Жинап қоқыс, қағаздарды. Тынбай еңбек ететін Құметтеймін, қадірлеймін, Бар тазалық сақшысы. Еңбексүйгіш адал жанды. Ауланы да тазалайды, Ағашты да бұтайды. Су себеді гүлдерге де, Шаршамайды, тынбайды. Балаларға сұрақтар: - Балалар, біздің балабақшамызда кімдер еңбек етеді? - Ал, біздің ауламыздың әсем де, таза болуына кім қарайды? - Аула сыпырушы қандай жұмыстар атқарады? - Біз ол кісіге қандай көмек

	Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. "Қарақұс пен балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдауға дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 баладан) тұрады. Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады. "Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-	секіру;ептілікке, зейіндікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту. "Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, "қақпаға"допті өткізуді, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Міндеттері: Үлкендерге көмектесуге ұмтылысты дамыту. "Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Балаларды ойынның шарты бойынша ойнауға, зерек, шапшаң болып, қимылдарды үйлестіріп, жылдамы жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу. Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұп құрайды. Қуғыншы мен қашқын шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-	Тізбек үзілген жағдайда, шабушы ойыншы қарсыластардың бірін өз тізбегіне қосып алады. Тізбек үзілмесе, шабушы - қарсыластардың тізбегіне қосылады. "Түстерді тап" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Педагогтің белгісі бойынша түстерді табу. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Міндеттері: Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке,ептілікке тәрбиелеу. "Допты бастаушыға" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсаты: допты лақтырып және екі қолымен қағып алуға жаттықтыру; щапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. (экологиялық тәрбие,	көрсете аламыз? Аула сыпырушының балабақшада өзіндік орны бар. Ол балабақша ауласының тазалығына, гүлдер мен ағаштардың жақсы өсуіне, аулады сендерге зиян немесе кедергі келтіретін бөгде заттардың болмауына қарайды. Ол кісінің еңбегін дұрыс бағалап, көмектесіп отыруымыз керек. Қажетсіз заттарды кез келген жерге лақтыруға, ауланы бүлдіруге болмайды. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: аула сыпырушыға көмек жасау: кесілген бұтақтарды, жиналған

	әрекет, зерттеу іс-әрекеті)		бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрі қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашқын балаға қолын тигізіп немесе түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды. "Күн және планета" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Күннің айналасындағы планеталардың қозғалысы туралы білімдерін бекіту. "Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Серуенде қимылды ойындарға	қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	қоқыстарды тасу. Міндеттері:Үлкендердің еңбегін бағалауға, көмек көрсетуге тәрбиелеу. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үйлестіру, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу. Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының "Итеріспек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)

			қатысуға қызығушылықты арттыру. Балалардың доп ойындарына қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жетуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Еркін ойындар.		Міндеттері: Ұлттық ойындарды ойнату; күштілікке, ептілікке, ойын кезінде бірін-бірі түсінуді үйрету. Қауіпсіздік: ойын шартын қауіпсіз орындауға үйрету. «Допты ұста» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: екі қолмен допты қағып алуды жаттықтыру; зейінін, шапшаңдығын, көзбен мөлшерлеп-қимыл жасау үйлесімділігін дамыту; достыққа тәрбиелеу. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Еркін ойындар

<table>
<tr><td>Серуенненоралу</td><td colspan="5">Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).</td></tr>
<tr><td>Түскіас</td><td colspan="5">Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»
Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы
Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.
Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.
Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.
Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.
Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру
Ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, майлықпен сүртіңдер, төкпей-шашпай ішіңдер
Нан, сусын, сорпа, дәмді, ащы, тұз, тәтті, ет, балық, тамағыңды іш, ас болсын!
Көгөністер көгөніс, сәбіз, қияр, қызанақ. (Сөздік минимум)</td></tr>
<tr><td rowspan="2">КүндізгіБіртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары ұйқы</td><td colspan="5">Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.
Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)
Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)</td></tr>
<tr><td>«Ана мен бала» музыкасын тыңдату Музыка</td><td>Түлкі мен қоян ертегісін оқып беру (көркем әдебиет)</td><td>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау
Көңілді баяу күй қою</td><td>«Үйшік» ертегі Көркем әдебиет</td><td>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау
«Құлыншағым» музыка</td></tr>
<tr><td></td><td colspan="5">Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту).Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес іс-</td><td>Ұлттық ойын: «Асық ату»</td><td>Ұлттық ойын: «Соқыр теке»</td><td>Ұлттық ойын:
«Тоғызқұмалақ»</td><td>Ұлттық ойын:
«Арқан тартыс»</td><td>Ұлттық ойын:
«Санамақ»</td></tr>
</table>

әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Асық — қазақтың ұлттық ойыны. Бұл ойын шапшаңдықты, дәлдікті, көзді дұрыс мөлшерлеуді талап етеді. Асықтың түрлі түстері мен аттары бар (сақа, омпы, бүк, шік, тәйке). **Қауіпсіздік ережелері:**Асықты тек белгіленген жерде ғана атады. Басқа балалар жаққа қарай лақтыруға болмайды. Кезекпен ойнаймыз. **Ойын түрі:** «Кім көп асық атады?» Жүргізілуі: Балалар кезекпен сақамен ортада жатқан көреді. Қай бала көбірек асық ата алса, сол асықтарды атып жеңімпаз атанады.	**Ойынның барысы:** – Балалар, бүгін біз «Соқыр теке» атты қазақтың ұлттық ойынын ойнаймыз. Бұл ойында бір бала — «соқыр теке» болады. Оның көзін байлаймыз. Ол көзін ашпай, басқа балаларды ұстап көруі керек. Қай баланы ұстаса, сол орынға соқыр теке болады.	**Ойын туралы қысқаша** , **«Тоғызқұмалақ»** — қазақ халқының ежелден келе жатқан ақыл-ой ойыны. Бұл ойында құмалақтарды (түймелер түсінік: – Балалар, тастар, асықтар) **арнайы тақтадағы** ұяшықтарға салып, есептеп ойнайды. Кім көп құмалақ жинаса – сол жеңеді. Ойын шахмат пен дойбы сияқты логикалық ойындардың қатарына жатады. **Қажетті құралдар:** Тоғызқұмалақ тақтасының қарапайым үлгісі (қағаз, тақта немесе ағаштан) Әр балаға – 9 құмалақ (тйме, ұсақ тас, т.б.) Сандар жазылған ұяшықтар **Ойын ережесінің жеңілдетілген түрі:** Әр бала алдында 9ұяшық болады. Әр ұяшықта 1	**Ойынның** сипаттамасы: Тәрбиеші түсіндіреді**:** – Балалар, бұл – **«**Арқан тартыс**»** атты қазақтың ұлттық ойыны. Бұл ойын топпен, бірігіп, күш салып ойнайтын ойын. Арқанды өз жағыңа қарай тартып, қарсылас топты өзіңе қарай өткізу керек. Бұл ойын достықты, бірлікті үйретеді. **Ойын барысы:** **.** Балалар 2 топқа бөлінеді: Әр топ арқанның екі жағын ұстайды Арқанның ортасына қызыл лента (белгі) байланады Ортада сызық немесе белгі қойылады **Ойын басталады:** Тәрбиеші: **«Бастаймыз!»** деген белгі береді Екі топ арқанды өз жағына тартады Қай топ қарсылас топты өз жағына қарай тартып өткізсе, сол топ жеңімпаз болады	**Ойынның барысы:** Тәрбиеші балаларға түсіндіреді: – Балалар, қазір біз «Санамақ» ойынын ойнаймыз. Мен сандарды реттілікпен айтып, санамақ өлеңін оқимын, сендер де менімен бірге қайталайсыңдар. Санамақ өлеңі Бір – үйде тұрады іркіт, Екі – егеуқұйрық кіріп кетті, Үш – үшеуі жабылып ұстап алды, Төрт – төрге апарып қамады, Бес – бесіктен қарап тұр бала, Алты – алтыбақанда ойнайды, Жеті – жеті жұрт келді үйге... (Осылайша 10-ға дейін немесе одан әрі жалғастыруға болады.) Санамақ түрлерін қолдану:

			құмалақтан тұрады. Балалар кезекпен бір ұяшықтан бастап, құмалақтарды келесі ұяшықтарға бір-бірден салып отырады (сағат тілімен). Қарсыластың ұясына келген соң, соңғы құмалақ түскен ұяшықта жұп сан болса – сол құмалақтарды жинайды. Кім көп құмалақ жинаса – сол жеңімпаз. **Дамытушылық бағыт:**Санау (1-ден 9-ға дейін) Сағат тілі бойынша жүруді үйрену Кезекпен ойнауды меңгеру Жеңісті, жеңілісті дұрыс қабылдау		Сандарды ретімен жаттау Балаларды нөмірлеп, санау арқылы кезек анықтау Қимылмен байланыстыру: әр санға бір қимыл қосу (мысалы, «бір» – алақан соғу, «екі» – қол көтеру)
Балалармен жеке жұмыс	таңдап, ойдан композицияны,ішінара өз бетінше таңдайды, құрастырады, дұрыс құрастыруын дамыту. Тоқтамыс Алдияр	екі затты ұзындығы, ені және биіктігі, жуандығы бойыншасалыстырмайды. Салыстыруын жетілдіру. Әуелбек Мансұр	5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды ажырата алмайды. Дұрыс ажырата білуін дамыту. Ниетбай Адель	кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты ішінара орнын анықтауды жалғастыру Арынбек Азиза	тәулік бөліктерін ішінара ажыратады, ерекшеліктерін шатастырмауға үйрету Исабеков Мейржан

Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	Кім тез жүреді? Төзімділікті дамыту. **Еңбек әрекеті:** Жолды сыпыру. **Қимылды ойын:** Балалар белгіленген жерге дейін жүгіреді, қайта оралады.	Жалаушаны жеткіз Шапшаңдық, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Еңбек әрекеті:** Жалаушаларды жинау. **Қимылды ойын:** Бір бала жалаушаны келесі балаға береді, тізбек бойынша соңғысы мәреге жеткізеді.	Қарлығаштар мен қыран Сақтық пен ептілікті дамыту. **Еңбек әрекеті:** Құстарға жем шашу. **Қимылды ойын:** Балалар қарлығаш болып ойнайды, қыран шыққанда паналайды.	Шеңберден шықпа Зейінді, ережені орындауды дамыту. **Еңбек әрекеті:** Шеңбер сызықтарын сызу. **Қимылды ойын:** Балалар шеңбер ішінде жүреді, белгі берілгенде тоқтап қалады. Шеңберден шыққан бала ойыннан шығады.	Жылдам қояндар Жылдам секіруге тәрбиелеу. **Еңбек әрекеті:** Шөп жинау. **Қимылды ойын:** Қояндар белгіленген орынға секіріп барады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа	Әшекей заттарға қарап отырып бейнелеу, мүсіндеу, қиып жапсыру Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атаудыжәнеолардыңөздерін	Зергерлік бұйымдардан ұжымдық шығармашылық жұмыс. Құрастыру	Табиғи және қалдық материалдардан, қағаздардан нан өнімдерін жасау Қалаған нан өнімдерінің суретін салу Ою өрнектермен нан салынған астауды сәндеу	«Ұр тоқпақ» ертегісін оқып беру.Эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. Кейіпкерлерді сомдау арқылы ойындар	пазлдарды жинау, логикалық ойын тапсырмалары бар ойындар ойнату Ойыншықтар арасынан жануарлар мен олардың

ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	етән белгілерібойыншаажыратуын дамыту **(Қоршаған орта,мүсіндеу,жапсыру) бір тұтас тәрбие**	материалдарынан әр түрлі заттар құрастыру. **(Құрастыру,мүсіндеу, сурет)**	**(Құрастыру,жапсыру,сурет салу) бір тұтас тәрбие**	«Бестемше» ойынын ойнату. **бір тұтас тәрбие(Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет)**	төлдерін тауып атау. Тіршіліктерін сипаттау. **(зерттеу іс-әрекеті, математика негіздері)**
Балалардыңүйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)**Өнегелі 15 минут**				

Тәрбиеші:А.Жумагулова
Г.Болат

Әдіскер_____ АтыгаеваА.Т.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Мектепалды «Күншуақ» тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 21.10 - 25.10. 2024 жыл IV апта
Қазан бірлік және ынтымақ айы
Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

Күнтәртібі	Дүйсенбі 21.10.2024ж	Сейсенбі 22.10.2024ж	Сәрсенбі 23.10.2024ж	Бейсенбі 24.10.2024ж	Жұма 25.10.2024ж
Балалардықабылдау	Қайырлы таң! Қайырлы күн! Сәлеметсіз бе! Балалар **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу , шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. **(Музыка)** Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15-минут.**Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.				

	Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	Қағазды бүктеу арқылы құс жасау. **(Танымдық іс-әрекеті)** Жасаған құстарын сәндеу, әр түрлі бояулармен **(Бейнелеу іс-әрекеті)** Құстың мүсінін ермексаздан жасау **(Шығармашылық іс-әрекеті)**	Заттың кеңістікте орналасуын үйрету. Оң, сол, алға, артқа, жоғары, төмен ұғымдарын дидкатикалық ойын карточкаларын ойнату. **(Танымдық іс-әрекеті)**	Топтағы кітаптарға қарап, ішіндегі суреттері бойынша әр түрлі жиындар жасау. **(Танымдық іс-әрекеті)** Құстардың қорегі, суретін салу. Ермексаздан дәндер жасау, қағаздардан түйіршік жасау. **(Шығармашылық іс-әрекеті)**	Аққу торғай, қарлығаш үлкен кіші екенін ажырату, салыстыру. **(зерттеу, танымдық іс-әрекет)** Барлық ертегі кейіпкерлері сыйатын достық үйін құрастыру құрылыс материалдарынан құрастыру. **(Танымдық, іс-әрекеті)** «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісін сахналау. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**	
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	Сапта бір-бірінің артынан шеңбер бойлап жүру, қол белде, бір қырынан аяқты аяққа тигізіп жүру, жүгіру қолды кеуде тұстан ұстап аяқтың ұшымен жүгіру.тыныс алу жаттығулары. 1. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, басты оңға,солға бұру 5-6 рет 2. Б.қ.аяқты алшақ қойып, екі қолды екі жаққа созып, иыққа тигізу 5-6 рет. 3. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қолды жоғары көтеру, оңға солға иілу 5-6 рет. 4. Б.қ.аяқты сәл алшақ қойып, қолды алдыға созып, отырып, тұру 5-6 рет. 5. Б.қ.қол төменде, оң,сол аяқты көтеріп тізенің астынан шапалақтау 5-6 рет. 6. Б.қ.қол белде, оң,сол аяқты кезекпен көтеріп секіру 5-6 рет. Тыныс алу жаттығулары.2-3 рет.				
Таңғыас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді				

	суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Нан,шәй, май, ірімшік ботқа, дәмді, тамағыңды ішеміз, ас болсын!**(Сөздік минимум)** **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылға ніс-әрекетке дайындық	**4-ші апта дәйек сөзі:** «Қазақстан – менің сүйікті елім!» Балаларды ұйымдастырылғаніс-әрекеткепсихологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
	«Көшедегі қауіпті орындар» **Міндеті:** Балаларды көшедегі түрлі қауіпті орындармен таныстыру (ашық люктер, қаңырап қалған ғимараттар,септиктер,құрылыс алаңдары, гараждар) балалаоға бұл орындардың неге қауіпті екенін және іс-әрекет жасамаған жағдайда салдары қандай болатындығын түсіндіру.Балаларға қауіпті орындардағы қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын үйрету.**(Қауіпсіздік ережелері)**	Қастек Баянбаев «Тырналар». (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Қысқа өлеңдерді есте сақтауға ынталандыру. Аспанда самғайды Тырналар тізіліп. Біреуі қалмайды Қатардан үзіліп. Сақтайды сапарда Бірлікті кім мұндай?! Бұзылмас қатары Кәдімгі шынжырдай	«Қаржылық сауаттылық». "Жұмыс және еңбек" тақырыбына әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Балаларға еңбек ету арқылы қаржы табу немесе қандай да бір нәрсеге қол жеткізудің маңызды екенін көрсету. Оларға ересектердің мамандықтарын таныстырып, өздерінің кішкентай жұмыстарымен де (ойыншықтарын жинау, көмек көрсету) еңбек	Қаржылық сауапттылық. Сюжетті-рөлдік ойын."Киімдер" дүкені. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) "Киімдер" дүкені, киім сатушы жұмысының ерекшелігі жөніндегі балалардың ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Қаржылық сауаттылық негіздерін қалау. Сатушы мамандығы, еңбегі туралы түсініктерін кеңейту	

			ете алатындарына сендірту.		
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтай алуға, берілген сөзге сөйлем құрастыруға дағдыландыру. Д/Ойын: «Сөйлемді тыңда» Тәрбиеші жай сөйлем айтады: «Бала доп ойнады.» Сұрақтар: Мен не айттым? (Сөйлем) Сөйлемде кім туралы айтылды? Не істеді? Балалар сөйлемді толық қайталап айтады. Д/Ойын: «Сөздерге бөлейік» Ойын: «Қадаммен сана» Тәрбиеші сөйлемді қайта айтады: «Бала доп ойнады.» Балалар әр сөзді айтқанда: алақандарын соғады немесе бір қадам жасайды. Нәтиже: Бала (1)	**Математика негіздері** **Міндеті:** Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. Д/Ойын: «Фигураны таны» Тәрбиеші балаларға геометриялық фигураларды көрсетеді. Сұрақтар: Бұл қандай фигура? Оның бұрыштары бар ма? Домалай ма? Балалар фигураларды қолмен ұстап көреді. Д/Ойын: «Сиқырлы қорап» Қораптың ішінде әртүрлі заттар бар. Тапсырма: Бала бір затты алады, зерттейді де айтады:	**Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуіне дағдыландыру. Д/Ойын: «Қарындаш баламен танысу» Тәрбиеші ойыншықты көрсетеді: — Бұл Қарындаш бала. Ол жазу жолымен жүргісі келеді, бірақ жолды шатастырып алады. Оған көмектесеміз бе? Балалар: *Иә!* Д/Ойын: «Жолды тап» Тәрбиеші тақтадағы үлкейтілген жазу парағын көрсетеді. Түсіндіру: Бұл — жазу жолы Ал мынау — жоларалық кеңістік	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсінуін қалыптастыру. Д/Ойын: «Сөйлемді толықтыр» Тәрбиеші айтады: — «Бала …» Балалар: — «Бала жүгіреді.» — «Бала сурет салды.» Сөйлемді өз бетінше құрастыру. Д/Ойын: «Қайсысы сөйлем?» Тәрбиеші айтады: «Доп» «Қызыл доп» «Қызыл доп домалады» Балалар: Қайсысы бәрін айтып тұр? Қайсысы сөйлем? Тәжірибе арқылы түсіну. «Сөзден сөйлемге» ойыны Тәрбиеші: — Бір сөз – отырып қал — Көп сөз – тұрып қол соқ	

	доп (2) ойнады (3) Сұрақ: Сөйлемде неше сөз бар? Балалар: Үш сөз бар. Д/Ойын: «Сөздердің орнын тап» Тәрбиеші сөздердің ретін әдейі бұзады: «Ойнады бала доп.» Сұрақ: Дұрыс па? Қалай дұрыс болады? Балалар дұрыс ретін айтады: «Бала доп ойнады.» **Математика негіздері** **Міндеті:** Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. Сұрақтар: Қуыршақтың жанында не тұр? Доп қайда жатыр? (Мысалы: үстелде, үстінде, астында) Түсінік беру: – Біз күнделікті өмірде	Бұл зат қандай? Қандай фигураға ұқсайды? Неге олай ойлайсың? Мысалы: Доп – дөңгелек Кітап – тік төртбұрыш Сағат – дөңгелек Бала өз ойын дәлелдеуге үйренеді. Д/Ойын: «Қоршаған ортадан тап» Балалар бөлмеге қарайды. Тәрбиеші: — Бөлмеден дөңгелекке ұқсас затты тап. — Енді шаршыға ұқсас затты тап. Балалар: Терезе – тік төртбұрыш Кілем – тік төртбұрыш Тәрелке – дөңгелек **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Д/Ойын: «Сиқырлы дорба» Балалар дорбадан бір зат алады, көрмей ұстап көреді. Сұрақтар:	Тапсырма: — Жазу жолын саусағымен көрсет. — Жоларалық кеңістікті көрсет. Балалар көзбен ажыратады. Д/Ойын: «Саусақпен серуен» Балалар саусағымен: тек жазу жолының үстімен жүреді; жоларалық кеңістікке шықпайды **Мүсіндеу** **Жапсыру** **Міндеті:** Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеуге үйрету. Әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыруды	**Математика негіздері** **Міндері:** Зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту; Сандарды салыстыру Кіріспе Балаларды сандарды салыстыруға үйрету, заттардың санын ажырата білуге дағдыландыру. Салыстыру арқылы ойлау қабілетін дамыту, қоршаған ортадағы заттарды топтастырып, олардың санын анықтай білуге үйрету. Әдіс Көрнекілік, сұрақ-жауап, ойын элементтері, практикалық жаттығулар Тапсырма Үстелге 3 алма және 5 алмұрт қойылады. Балалардан: «Қайсысы көп? Қайсысы аз?» деп сұрау. «Кім жылдам санайды?» ойыны – балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, жылдам санату. «Артық не жетпей тұр?»	

	заттың қайда орналасқанын білу үшін кеңістік сөздерін қолданамыз: ☞ үстінде, астында, жанында, алдында, артында, оң жағында, сол жағында Д/Ойын: "Қуыршақ қайда отыр?" Тәрбиеші қуыршақты үстелдің үстіне, астына, жанасына орналастырады. Балалар жауап береді: – Қуыршақ үстінде отыр. – Қуыршақ астында отыр. Бағытты өзгерту жаттығуы: "Бұрын қайда еді, енді қайда?" Мысалы: «Доп оң жағында еді, енді оны сол жағына қой» «Кітап алдында тұр, енді артына қой» Қағаз парағымен жұмыс Жаттығу: "Орнына сал" Балаларға қағаз парағы беріледі. Тәрбиеші нұсқау береді: – Парақтың жоғарғы жағына күннің суретін сал – Төменгі жағына гүл сал – Оң жаққа үй сал – Сол жаққа ағаш сал Бұл тапсырмада бала	Бұл қандай зат? Қандай түсті? Үлкен бе, әлде кіші ме? Қатты ма, жұмсақ па? Мысалы: — Бұл доп. Ол қызыл, дөңгелек, жұмсақ. Балалар сын есімдерді белсенді қолданады. Д/Ойын: «Сөзді тап» Тәрбиеші затты көрсетеді, бірақ атын атамайды. Мысалы: — Бұл зат дөңгелек, секіреді, ойнаймыз. Балалар: — Доп! Сөзді түсіну және болжау қабілеті дамиды. Д/Ойын: «Қандай? Қалай?» Тәрбиеші сұрайды: Қуыршақ қандай? Кітап қандай? Балалар: Қуыршақ әдемі, жұмсақ, кішкентай. Кітап қалың, ауыр, қызық. **Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:** Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның	дағдыландыру. Мүсіндеу жұмысы Тапсырма: Балалар пластилиннен: қимылдағы баланы немесе қозғалыстағы жануарды мүсіндейді. Реті: Дене Бас Қол-аяқ Қимылын көрсету Қол-аяқтың қалпына назар аудару. Жапсыру жұмысы Тақырып:«Балалар алаңда ойнап жүр» Балалар: шаблондар арқылы балаларды, ағашты, допты қияды; дайын үлгілерге қарап орналастырады; алдыңғы–артқы жоспарды сақтайды. Тәрбиешінің түсіндіруі: Алдыңғыда – үлкен Артында – кіші Қарапайым перспектива. «Тірі мүсін» ойыны Балалар:	ойыны – балаларға заттар топтамасын көрсетіп, бір затты алып тастау немесе қосу арқылы өзгерісті байқауын сұрау. «Теңдікті табайық!» – екі топтағы заттарды салыстырып, теңдігін анықтау. **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп,, г-ғ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Тақырыбы: Г–Ғ дыбыстарын дұрыс айту Кіріспе Г–Ғ дыбыстарын ажырату, сөйлеуде дұрыс қолдану Әдіс Қайталау Д/Ойын Сұрақ-жауап Түсіндіру: г – қатты, ашық айтылады (дауыссыз, қатаңдау) ғ – жұмсақ, тамақтан шыққандай (үнді, жұмсақтау) Мысал сөздер: Гүл – Ғұмыр	

	парақтағы бағытты бағдарлауға үйренеді **Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Дене шынықтыру** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	маңызы туралы білімдерін кеңейту. Д/Ойын: «Туған өлке деген не?» Тәрбиеші сұрайды: Біз қай қалада (ауылда) тұрамыз? Үйің, балабақшаң бар жер қалай аталады? — Бұл — біздің туған өлкеміз. Д/Ойын: «Рәміздерді тап» Тәрбиеші суреттерді көрсетеді. Сұрақтар: Бұл не? (Ту, Елтаңба) Тудың түсі қандай? Елтаңбада не бар? Қимылды ойын: — Туды көрсең – қолыңды көтер — Елтаңбаны көрсең – алақаныңды соқ Мемлекеттік рәміздерді тану. Д/Ойын: «Әнұранды тыңдайық» Тәрбиеші: — Әнұран – еліміздің басты әні. Оны тыңдағанда не істейміз? Балалар: — Тік тұрамыз, тыныш	— секіріп тұрған бала — жүгіріп бара жатқан ит болып қатып қалады. **Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша) .	Ғалам – Гараж Ғазиз – Гаухар Д/Ойын: «Дұрыс дыбыста» Тәрбиеші дұрыс/бұрыс айтылған сөздерді оқиды. Балалар дұрыс нұсқасын табады. Қимылды ойын: «Секір – шапалақта!» Тәрбиеші сөз айтады. Егер сөзде б болса – секіреді Егер п болса – шапалақтайды (осылайша г–ғ дыбыстарымен де өткізіледі) **Көркем әдебиет** **Міндеті:**Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну дағдысын қалыптастыру. Әдеби мәтінді тыңдау «Қоян мен Тиін» Қоян орманда келе жатып, Тиіннің жаңғақтарын төгіп алғанын көрді. Қоян үндемей өтіп кетті. Кейін Тиін оны көріп, көңілі түсіп қалды. (Әдейі Қоянның не үшін олай істегені айтылмайды.) Д/Ойын: «Не болды?» Сұрақтар:	

		тыңдаймыз. (Қысқаша әуен тыңдатылады) Рәмізге құрмет. Д/Он: «Мерекені таны» Суреттер көрсетіледі: Наурыз Тәуелсіздік күні Балалар мерекесі Сұрақтар: Бұл қандай мереке? Не істейміз? Балалардың жауаптары: — Наурызда көже ішеміз, ойнаймыз — Мерекеде қуанамыз **Қазақ тілі** **Міндеті:** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Сөз түрлендіру (жіктік, тәуелдік, септік): Жіктеу (Мен, Сен, Ол...) Мысал: – Мен ойнаймын		Әңгімеде кімдер бар? Қоян не істеді? Тиіннің көңіл күйі қандай болды? Балалар көрінетін әрекетті айтады. Д/Ойын: «Қалай қабылдадым?» Тәрбиеші: — Қоянның әрекеті сендерге ұнады ма? — Сен өзіңді Тиіннің орнына қойсаң, қалай сезінер едің? Балалардың жауаптары: — Маған ұнамады, себебі ол көмектеспеді. — Мен ренжер едім	

		– Сен оқисың – Ол жүгіреді Д/Ойын: "Кім не істейді?" Тәрбиеші етістік айтады, бала "мен", "сен", "ол" арқылы сөйлем құрайды. Тәуелдік (менің, сенің, оның...) Мысал: – Бұл – менің қуыршағым – Бұл – сенің кітабың – Бұл – оның добы Жаттығу: Балалар сурет таңдайды, сөйлем құрайды: – Бұл – менің әткеншегім. Септік (кімге? неде? неден? кіммен?) Сұрақ-жауап арқылы: – Қайда барасың? – Мектепке – Кіммен ойнадың? – Досыммен – Неден қорықтың? – Иттен			
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Құстардың дыбыстары**. Міндеттері: Жыл құстары	**Құстарды бақылау** Зерттеу. "Күз мезгілінде	**Ауа райын бақылау**. Күз. Міндеттері: Күз мезгіліне тән	**Саябақтағы құстарды бақылау**.	.

	мен қыстайтын құстарды, сондай-ақ дыбыстарынан, ажырата білу қаьілетін дамыт, құстардың күзгі тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау; сөздік қорын байыту. Құстар қалай үн қатады? Тырналар – тыраулайды. Аққу– қиқулайды. Қарлығаш– шықылықтайды. Бұлбұл – сайрайды. Қаз – қаңқылдайды. Үйрек – барқылдайды Бүркіт – саңқылдайды, бістәктайды. Торғай – шырылдайды. Қарға – қарқылдайды. Сауысқан – шықылықтайды. Торғай – шиқылдайды. Көгершін, үкі – уілдейді. Тоқылдақ – тоқылдайды. Бөдене – бытпылдайды. Балалардың құстарды не себептен жыл құстары және қыстайтын құстар болып бөлетінін түсіндіруге шақыру. «Өнегелі тәрбие». Ересек	қалалық жердегі құстар не жейді?" Міндеттері: Балалардың құстардың сыртқы түр-түсі, тіршілік етуі, мінез-құлық ерекшеліктері және оларды қоршаған ортаға бейімделуі туралы білімдерін кеңейту; құстарға сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Зерттеу барысы. - Құстар не жегенді ұнатады? - Қоректі қайдан табады? - Құстар туралы не білетінімізді еске түсірейік? Тапсырма: құстарды бақылау. Білу керек: күзде құстар не жейді, қаладан қоректі қайдан табады. - Балалар, тапсырма түсінікті ме? - Құстарды бақылау ережесін еске түсірейік. Құстарды бақылау ережесі. Құстар өте үркек. Құстардың қасында	тірі және өлі табиғаттағы маусымдық құбылыстарды (жапырақтардың түсуі) байқауға; арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға үйрету; "өлі табиғат" ұғымын тиянақтау (ауа, күн, бұлт, жел, жаңбыр); қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру. Қадыр Мырза Әлі «Күз». Күз де келді, күз келді, Күдерін жаз үзген-ді. Күз де келді, күз келді, Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді, Құстар мекен іздеді. Күз де келді, күз келді, Қондырмады түзге елді. Күз де келді, күз келді, Керек оқу бізге енді. Балаларға күз мезгілінің айларын атауды, ауа-райының күздің басындағы және ортасындағы байқалған айырмашылықтарын табуды ұсыну Алаңның бір жағында «тауық қора» орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады. Алаңның қарама-қарсы	Міндеттері:Құстардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білуге тәрбиелеу. Құстарды адамның достары ретінде қабылдай білу дағдыларына машықтану. Аулаларыңда немесе жақын маңдағы саябақта құстарды бақылауды ұсыну. Құстар адамдарды көргенде жасырынып қалатыны немесе ұшып кететінін бақылау. Құстардың адамның мекеніне жақын жерге қоныстанатынына көңіл аудару. Құстардың жылдың әр мезгілінде тіршілік етуінің ерекшеліктерін салыстыру және зерттеу. Құстардың қауырсындарын	

	адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балабақша алаңында жапырақты тазартуға сыпырушыға көмектесу. (еңбек іс-әрекеті) Міндеттері: Мақсатқа бірлескен күш-жігермен жете отырып, бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. "Қарақұс пен балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Тәрбиешінің бұйрықтарын тыңдауды үйрету, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. "Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Ынта мен	тыныштық сақтап, шуламай жүру керек. Құстарға қарай жүгіруге болмайды, олардың демалуына немесе қоректенуіне кедергі жасайсыңдар. Құстарға тас атуға немесе таяқ лақтыруға болмайды. Құстар тірі, олардың да денесі ауырады. Қорытынды: қалада тіршілік ететін құстар әртүрлі қорек жейді; құстар жәндіктерді аулайды. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: алаңнан малтатастарды жинату. (еңбек іс-әрекеті) Міндеттері: Еңбектенуге ұмтылысты тәрбиелеу. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үйлестіру,	жағында «түлкінің іні» орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: 1) сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру. "Допты бастаушыға" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсаты: допты лақтырып және екі қолымен қағып алуға жаттықтыру; щапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: серуенге шығарылған ойыншықтар мен жабдықтарды жинақтау. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестікке, жауапкершілікке, тазалыққа	қарастыру. Әңгімелесу: - Өздеріңе жақын жерде тұратын құстар туралы не білесіңдер? Олар немен және қалай қоректенеді? Қайда ұшады, қайда ұя салғанды ұнатады? Көркемсөз Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын еңбек тапсырмалары: ауланы бұтақтар мен тастардан тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Міндеттері: Бірлесіп жұмыс істеуге, істелген жұмыстан рақат алуды үйретуді жалғастыру; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге,	

	шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, шыдамдылыққа, шапшаңдыққа баулу. Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші былай жариялайды: Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт! Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсы қарсыласын арқалап кетсе, сол шарт қояды. "Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет,	зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу. Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. "Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде жасырынып отырады. "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Дидактикалық ойын. "Құстарды сана". (танымдық іс-әрекет) Міндеттері: Сан есімдерді зат есіммен үйлестіру жаттығулары (бір торғай, екі торғай және тағы басқа).	баулу. Өз еркімен ойындар. (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті) (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. "Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Балаларды ойынның шарты бойынша әртүрлі бағытта жалтарып, қимылдарды үйлестіріп, бір-біріне соқтықпай жүгіруге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту,ептілікті, жылдамдықты дамыту. Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" рөліне санамақ арқылы бір-екі бала тағайындалады. Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады. Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды,	

	зерттеу іс-әрекеті) Еркін ойындар	Жеке жұмыс: көлбеу жүру, "Қарлығаш" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттері: дене тепе-теңдігін дамыту; ептілікке тәрбиелеу. Тура жүру, тақтайдың (бөренеңің) ортасында тоқтап, "қарлығаш" фигурасын көрсету (екі қолды жан-жаққа созу, дене түзу, бір аяққа тұрып екінші аяқты артқа қарай жоғары көтеру, түзу созып тұру), содан кейін жүруді жалғастыру, тақтайдан (бөренеден) секіріп, екі аяқпен түсу, екі қол екі жақта. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)		жеңімпазды анықтайды. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Аз қимылды ойын. "Суық-ыстық". (дене тәрбиесі) Міндеттері: Есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. Жүргізуші затты жасыратын кезде оған қарауға болмайды. Жүргізуші залдан кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші кіріп, бөлмеден затты іздейді. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... (сөздерін айтып жасырылған затты табуға көмектеседі). (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Еркін ойындар.	
Серуенненоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту,				

	орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** Ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, майлықпен сүртіңдер, төкпей-шашпай ішіңдер Нан, сусын, сорпа, дәмді, ащы, тұз, тәтті, ет, балық, тамағыңды іш, ас болсын! Көгөністер көгөніс, сәбіз, қияр, қызанақ. **(Сөздік минимум)**				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
	Баяу музыкамен ұйықтату.	«Үйшік ертегісі» тыңдату.	«Мақта қыз бен мысық» ертегісін оқып беру	«Құлыншағым» әнін тыңдау	
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.**Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).**Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту).**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа	**Ұлттық ойын:** **«Ақ серек,көк серек»** **Ойынның барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді: Бірі – «Ақ серек», бірі – «Көк серек» болады Екі топ бір-бірінен 5–7 метр қашықтықта қатар	**Ұлттық ойын:** **«Соқыр теке»** **Ойынның барысы:** – Балалар, бүгін біз «Соқыр теке» атты қазақтың ұлттық ойынын ойнаймыз. Бұл ойында бір бала — «соқыр теке» болады. Оның көзін	**Ұлттық ойын:** **«Белбеу ұстасу»** **Ойынның барысы:** **.** Балалар жұппен шығады: Екі бала бір белбеудің екі ұшын ұстап, бетпе-бет тұрады Аяқтары иық деңгейінде,	**Ұлттық ойын:** «Жұмыртқа ойыны» **Ойынның барысы:** . Балалар саппен тұрады: Әр бала қасыққа жұмыртқа қойып, белгі бойынша жүруге дайындалады Тәрбиеші белгі береді: – «Назар аудар!	

ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	тұрады Балалар шынтақтасып, бір тізбек құрып тұрады **Ойын ережесі:** Бірінші топ (мысалы, «Ақ серек») хормен өлең айтады: – Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топ (мысалы, «Көк серек») жауап береді: – Бізге керек (баланың аты)! Аты аталған бала жүгіріп келіп, қарсы топтың шеңберін бұзып өтуге тырысады. Егер қол ұстасқан тізбекті бұзса – өз тобына жеңіспен оралады. Егер бұза алмаса – сол топта қалып қояды. Кезек екі жаққа ауысып отырады.	байлаймыз. Ол көзін ашпай, басқа балаларды ұстап көруі керек. Қай баланы ұстаса, сол орынға соқыр теке болады.	тепе-теңдік сақтауғадайын тұру керек Тәрбиеші белгіні береді: – "Дайындал! Бір, екі, үш!" дегенде ойын басталады Балалар белбеуді тартып немесе еппен итеріп, қарсыласын орнынан жылжытуға, теңгерімін бұзуға тырысады Қай бала тепе-теңдікті сақтап, басқасын қозғалтса немесе құлатса – сол жеңімпаз болады	Жұмыртқаны түсірмей мәреге жет!» Балалар жүгірмей, жәй жүріспен белгіленген сызыққа дейін барып қайтады **Ойын шарты:** Кім жұмыртқаны түсірмей, тез және дұрыс жүріп келсе – сол жеңімпаз Егер жұмыртқа түсіп кетсе – бала сол жерден қайта бастап жүреді немесе ойыннан шығады (тәрбиеші шешеді)	
Балалармен жекеже ұмыс	кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты ішінара орнын анықтайды:Кеңістікті бағдарлай алуын жетілдіру. Әбілшаих Аңсар	мүсіндейтін затты қолына алып, зерттейді оның өзіне тән ерекшеліктерін беруге тырысады: Заттарға сипаттама беруді жетілдіру. Нәзік Данеля	қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерді ішінара таниды:Түстердмен жұмысты жалғастыру. Тоқтамыс Алдияр	жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтауды, жұмысты ұқыптылықпен орындауды жетілдіру. Әуелбек Мансұр	

Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	Кім шапшаң? Жарыс арқылы төзімділікті дамыту. **Еңбек әрекеті:** Ойын алаңын реттеу. **Қимылды ойын:** Балалар жарысып жүгіріп, мәреге кім бірінші жетеді.	Жануарларды құтқар Ептілік, қиялды дамыту. **Еңбек әрекеті:** Ойыншықтарды жинау. **Қимылды ойын:** Балалар ойыншық жануарларды «құтқарып», белгіленген жерге жеткізеді.	Допты нысанаға тигіз Дәлдікті, көз мөлшерін дамыту. **Еңбек әрекеті:** Нысана орнату. **Қимылды ойын:** Балалар допты белгіленген нысанаға лақтырады.	Жылдам жүгіру эстафетасы Топпен жарысуға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Еңбек әрекеті:** Спорт құралдарын орнына қою. **Қимылды ойын:** Балалар топқа бөлініп, эстафета ойнайды.	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-	Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п,г-ғ, дыбыстарды дұрыс,анық	Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып,эмоциямен,қисынды қайталап айтып беруді, диалогтік сөйлеуді дамыту,	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,сөздің мағынасына қызығушылыққа	Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату дағдысын дамыту **Математика негіздері**	

баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	айтуды үйрету. **Сөйлеуді дамыту**	кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруді, Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу **Көркем әдебиет**	баулу.Сөздерді дыбыстық талдау:сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды үйрету **Сауат ашу**		
Балалардыңүйгеқа йтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)**Өнегелі 15 минут**			

Тәрбиеші:А.Жумагулова

Г. Болат

Әдіскер_____ АтыгаеваА.Т.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Мектепалды «Күншуақ» тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 28.10 - 01.11. 2024 жыл V апта
Қазан бірлік және ынтымақ айы
Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
Оиы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

Күнтәртібі	Дүйсенбі 28.10.2024ж	Сейсенбі 29.10.2024ж	Сәрсенбі 30.10.2024ж	Бейсенбі 31.10.2024ж	Жұма 01.11.2024ж
Балалардықабылдау	Қайырлы таң! Қайырлы күн! Сәлеметсіз бе! Балалар **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу , шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. **(Музыка)** Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15-минут:**Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	Салт- дәстүрлерге қатысты тақырыпта сурет бойынша әңгімелесу. Тұсаукесер рәсімімен таныстыру, тұсау кесуге арналған ала жіпті өріп жасау.**Бір тұтас тәрбие(сөйлеуді дамыту,құрастыру)**	**Ерте кәсіптік бағдар беру «Менің арманым»** **Құрал-жабдықтар:** Қағаз, түрлі түсті қарындаштар, мамандық суреттері. **Ойын барысы:** Балаларға әртүрлі	**Құқықтық сауаттылық «Мен және менің құқығым»** **Құрал-жабдықтар:** Балалардың құқығын көрсететін суреттер (ойнау, оқу, демалу, тамақтану). **Ойын барысы:** Тәрбиеші суреттерді	**Адалдық әліппесі** «Достық көмек» мақсаты:балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына	**Қаржылық сауаттылық«Отбасылық бюджет»** **Құрал-жабдықтар:** Ойыншық ақша, суреттер (азық-түлік, киім, ойыншық, кітап). **Ойын барысы:** Балаларға «отбасыға

		мамандық суреттері көрсетіледі (дәрігер, мұғалім, полицей, жүргізуші т.б.). «Өскенде кім болғың келеді?» деген сұрақ қойылады. Балалар қалаған мамандығын қағазға суреттеп салады. Әр бала суретін көрсетіп, «Мен дәрігер болғым келеді, өйткені адамдарға көмектесемін» деп түсіндіреді**.(Сурет салу,сөйлеуді дамыту)**	көрсетіп: «Бұл қандай құқық?» деп сұрайды. Балалар: «Бұл – ойнауға құқым бар», «Бұл – оқуға құқым бар» деп жауап береді. Кейін әр бала өзіне маңызды бір құқығын атап айтады**.(Қоршаған әлем,сөйлеуді дамыту)**	қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды. **(Қоршаған әлем,сөйлеуді дамыту)**	қажетті заттарды сатып алу» тапсырмасы беріледі. Әр балаға белгілі мөлшерде ойыншық ақша беріледі. Балалар өз ақшасына қажетті заттарды таңдап алады. Кейін бірге талқылайды: «Сен не сатып алдың? Неге осыны таңдадың**?»(Математика негіздері,тіл дамыту,қоршаған орта)**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	Сапта бір-бірінің артынан шеңбер бойлап жүру, қолды белден ұстап аяқтың ұшымен жүру, қол белден ұстап аяқтың өкшемен жүру. Жүгіру қолды кеуде тұстан ұстап аяқтың ұшымен жүгіру.Тыныс алу жаттығулары. 1. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, басты оңға,солға айналдыру 5-6 рет 2. Б.қ. аяқты алшақ қойып, қолды алдыға, жоғары, екі жанына созып, төмен түсіру 5-6 рет. 3. Б.қ. аяқты алшақ қойып, қолды екі иыққа қойып, иық буындарын айналдыру 5-6 рет. 4. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, белді оңға,солға айналдыру 5-6 рет. 5. Б.қ.аяқты сәл алшақ қою, қолды алдыға созып, аяқтың ұшын көтеру б.қ. келу 5-6 рет.				

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">6. Б.қ. аяқты қосу, қол белде, тізені сәл бүгіп тік тұру 5-6 рет.
7. Б.қ. аяқты қосу қол белде, орында тұрып қолды екі жанына созып, аяқты қолды бірге қосып секіру 5-6 рет. Тыныс алу жаттығулары.2-3 рет.</td></tr>
<tr><td>Таңғыас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Нан,шәй, май, ірімшік ботқа, дәмді, тамағыңды ішеміз, ас болсын! (Сөздік минимум)
Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">5-ші апта дәйек сөзі.
«Отан – отбасынан басталады.»
Балаларды ұйымдастырылғаніс-әрекеткепсихологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру
Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері
Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру
<table>
<tr><td>Нан туралы мақал-мәтелдер жаттау. Шешендікке баулу, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануына қолдау көрсету,
1. Ас атасы — нан.
2. Нан— тамақтың атасы,
Ынтымақ — көптің батасы.
3. Нан бар жерде ән бар.
(қарым-қатынас іс-әрекеті</td><td>«Үйдегі қауіпті заттар»
Міндеті: Балаларды үйдегі әртүрлі қауіпті заттармен (дәрілер,тұрмыстық химия,газ баллондары) таныстыру. Балаларға бұл заттардың неге қауіпті екенін және оларды дұрыс емес қолданған жағдайда салдары қандай болатынын түсіндіру.Балаларға қауіпті заттардың жанындағы қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын үйрету.
Қауіпсіздік ережелері</td><td>Міндеті:
Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру
«Әңгіме жалғастыр»
Тәрбиеші әңгіме бастайды:
Бір күні Айдос орманға серуенге шықты. Ол</td><td>«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». "Мен күмануға да, сенбеуге де құқылымын" ой жинақтау сәті. Балалардың қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың</td><td>"Күз" тақырыбына байланысты мнемокарточкалармен жұмыс істеу. Балалар сурет бойынша толық мәтінді құрастырады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, экологиялық тәрбие)</td></tr>
</table></td></tr>
</table>

			кенет ағаш арасынан бір дыбыс естіді... Балалар әңгімеге жалғасын ойлап табады: – Ол не көрді деп ойлайсыңдар? – Кейін не болды? – Әңгіме немен аяқталды? **Тіл дамыту**	өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу); қарапайым оқиғалар, шығарма кейіпкерлерінің әрекеттері мысалдарында жеке қауіпсіздігінің маңызды екендігіне көз жеткізу, талқылау; көз пікірін білдіруге үйрету.	
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қалыптастыру. «Әдемі отырсақ – әдемі жазамыз!» Шаттық шеңбері Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші: – Балалар, бүгін бізге қонаққа бір досымыз келіпті. Бірақ ол бір нәрсені білмейді екен (Қуыршақты көрсетеді) Сюжеттік ойын: «Қуыршаққа көмектесейік» (5	**Математика негіздері** **Міндеті:** Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. – Мына үстелде қуыршақ тұр. Доп қайда? (қуыршақтың жанында) – Ал қоян қайда отыр? (қуыршақтың артында) – Ал үстелдің үстінде не бар? (кітап) – Ал астында не жатыр? (қарындаш) Тәрбиеші бағыттау сөздерді нақтылап, балаларды	**Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Сауат ашу** **Міндеті** : Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтай алуға, берілген сөзге сөйлем құрастыруға дағдыландыру. Балалар, бүгін біз «Сөйлемдер еліне» саяхат жасаймыз. – Ол елде сөздер бірге тұрып, сөйлем құрайды. Д/Ойын: «Сиқырлы доп» Допты алған бала бір сөз	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қалыптастыру. «Арқамызды түзейік» ойыны Тәрбиеші түсіндіреді (ойын түрінде): – Балалар, жазу кезінде біз мысық сияқты бүктеліп отырмаймыз, кербез керік сияқты түзу отырамыз. Ереже: Арқа – түзу	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), сөздермен толықтыру. Киіз үй бөліктерімен танысу Д/Ойын: «Құрастыр да ата» Балалар киіз үй

	мин) Қуыршақ партада қисық отырып «жазады». Сұрақтар: Қуыршақ дұрыс отыр ма? Арқасы қандай? Егер осылай отырса, не болады? Балалар жауап береді. Қорытынды: – Дұрыс отырмасақ, арқамыз ауырады, тез шаршаймыз. Қимылды ойын: «Дұрыс – бұрыс» (5 мин) Тәрбиеші түрлі қалыптарды көрсетеді. Егер дұрыс отырса – балалар қол шапалақтайды 👏 Егер бұрыс отырса – аяқпен жерді ақырын тарсылдатады Дұрыс отыру ережесі ойын арқылы айтылады: Арқа – тік Аяқ – еденде	қайталап айтуға үйретеді: жоғарыда, төменде, алдында, артында, жанында, үстінде, астында, оң жақта, сол жақта. Ойын және жаттығулар: «Қоян қайда отыр?» Тәрбиеші ойыншық қоянды әр түрлі орынға қояды. Балалар айтады: – Қоян үстелде. – Қоян үстелдің астында. – Қоян қуыршақтың жанында. – Қоян қуыршақтың алдында. «Бағытпен жүр» Балалар орындарында немесе алаңда қозғалады. Тәрбиеші бағыт береді: – Бір қадам алға! – Артқа! – Оңға бұрыл! – Солға бұрыл! – Үш қадам алға жүр! Балалар бағытты сөзбен айтып, іс-әрекетпен орындайды. «Қағаз бетінде бағдарлау» Балаларға қағаз және қарындаш беріледі. Тәрбиеші бағыттайды: – Қағаздың жоғары жағына күн сал. – Төменгі жағына шөп сал.	айтады. Сөйлемді сөздерге бөлу Д/Ойын: «Сөздерді санайық» Тәрбиеші жай сөйлем айтады: «Мысық ұйықтап жатыр.» Балалар: Сөйлемді бірге қайталайды; Әр сөзге бір фишка қойып, сөз санын анықтайды; Сөздердің ретін айтады (бірінші сөз, екінші сөз). Сөздердің орнын анықтау Д/Ойын: «Қай сөз қайда?» Тәрбиеші сұрайды: – Бірінші сөз қайсы? – Соңғы сөз қайсы? Балалар жауап береді. Берілген сөзге сөйлем құрастыру Д/Ойын: «Сөйлемді жалғастыр» Тәрбиеші бір сөз береді: «доп» Балалар толық сөйлем құрастырады: «Бала доппен ойнап	Екі аяқ – еденде Үстел мен кеуде арасы – бір алақан Бас сәл еңкейген Қимылды ойын: – «Түзу отыр!» дегенде балалар дұрыс отырады – «Мысық отырды!» дегенде әдейі қисаяды (күліп, қайта түзеледі) Саусақ жаттығуы «Сиқырлы саусақтар» Жаттығулар: «Саусақтар амандасады» – Бас бармақ басқа саусақтармен кезек-кезек тиеді «Жаңбыр жауды» – Саусақтармен үстелді жеңіл тықылдату . «Күн ашылды» – Қолды ашып, жабу Жаттығу өлеңмен орындалады: Саусақтарым ойнайды, Жазуға да дайындалады! Қолды жазуға дайындау ойыны «Жолмен жүр»	макетін құрастырады. Тәрбиеші түсіндіреді: Кереге – киіз үйдің қабырғасы; Уық – кереге мен шаңырақты жалғайды; Шаңырақ – киіз үйдің төбесі. Балалар әр бөлікті атап, қайталайды. Тұрмыстық және қолөнер бұйымдары Д/Ойын: «Сиқырлы қоржын» Қоржыннан заттың суреті шығады. Балалар: – Заттың атын айтады; – Қайда қолданылатынын айтады. Таныстырылатын сөздер: ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп. Сөздерді бекіту Д/Ойын: «Қайда тұрады?»

	Көз бен дәптер арасы – бір қарыс **Математика негіздері** **Міндеті:** Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтау. **«Уақыт жолында жүру»** Мақсаты: Тәулік бөліктерін тәжірибеде қолдану және оқиғалардың ретін көрсету. Ойын барысы: Балалар «оқиғалар жолы» бойынша жүреді (қадамдап): «Кеше – бүгін – ертең». Әр қадамда карточка немесе сурет көрсетіледі. Балалар қимылмен көрсетеді, сөйлем құрастырады: – «Кеше мен	– Оң жаққа гүл сал. – Сол жаққа көбелек сал. – Ортасына үй сал **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:**Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. «Сиқырлы қапшық»ойыны Ойын барысы: Бала қапшықтан бір ойыншықты алады, бірақ көрмей сипап сипаттайды. Бағыттаушы сұрақтар: – Ол қандай? (үлкен, жұмсақ, қатты) – Түсі қандай? – Не істей алады? Мысал жауап: – Бұл жұмсақ, ақ қоян. Ол секіріп жүреді. «Сурет сөйлейді» ойыны	жүр.» Қимылды ойын: «Сөз – қимыл» Тәрбиеші сөз айтады (жүгіру, ұшу, отыру), балалар қимылмен көрсетеді. Д/Ойын: «Сөйлем құрастырғыш» Балалар суретке қарап, өздері сөйлем құрайды және сөз санын айтады. **Сурет салу** **Құрастыру** **Міндеті:** Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін әдемі беруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдана білу дағдысын қалыптастыру.. .Сурет салу Үстел үсті ойын тапсырма: «Ертегі үйін	Балаларға қағаз таратылады (ирек, түзу, дөңгелек жолдар). – Қарындашты дұрыс ұстау көрсетіледі: Үш саусақпен (бас бармақ, сұқ саусақ, ортаңғы) Тапсырма: – Құмырсқа жолмен адаспай жүрсін – Көлікті жолдан шығармай жүргіз **Математика негіздері** **Міндеті:** «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру **«Бір зат» ойыны** Ойын барысы: Тәрбиеші үстелге бір ойыншық қояды. – Үстелде неше доп бар? – Бір доп. Түрлі заттармен	Балалар затты киіз үйдің ішіне дұрыс орналастырады. Мысалы: – Сырмақ – еденге; – Сандық – төрге. Қимылды ойын: «Уық болып тұрамыз» Балалар қолдарын жоғары көтеріп, шаңыраққа уық болып «бекітеді». Д/Ойын: «Бір сөз айт» Әр бала бір жаңа үйренген сөзді айтады. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіре білуге дағдыландыру Кейіпкермен диалог Д/Ойын: «Сиқырлы микрофон» Тәрбиеші кейіпкерді көрсетеді (мысалы, қоян). Сұрақтар:

	ойнадым», «Бүгін мен сурет саламын», «Ертең мен ойынға барамын». **Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Дене шынықтыру** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	Балаларға сюжеттік сурет көрсетіледі. Тәрбиеші үлгі береді: – Суретте балалар аулада ойнап жүр. Алдымен олар шықты, кейін доп ойнады, соңында үйге кірді. Балаларға тірек сұрақтар: Суретте не болып жатыр? (басы) Олар не істеп жүр? (ортасы) Соңында не болды? (соңы) Назар: Сын есімдер мен үстеулерді қолдануға жетелеу: – Қалай ойнап жүр? (көңілді, тез, жай) – Ауа райы қандай? Қимылды-сөйлеу ойыны «Қандай? Қалай?» Қимылды ойын: Тәрбиеші затты немесе қимылды көрсетеді. – Қоян қалай жүреді? → Тез секіреді. – Көлік қандай? → Үлкен, қызыл. – Жел қалай соғады? → Қатты соғады. «Табиғат бізге не айтады?» ойыны Тәрбиеші сурет көрсетеді (жаңбыр, күн, қар).	боя» – Үй қандай пішіндерден тұрады? – Шатыры қандай түсті болады? Балалар: Үйдің үлкен және кіші бөліктерін белгілейді; Түстерді үйлестіріп, әдемілеп бояйды. «Үй саламыз» – қолмен шатыр, қабырға қимылдарын жасау. Құрастыру Қимылды ойын тапсырма: «Берік үй сал» Балалар текшелерден немесе легодан үй құрастырады. Тәрбиеші бағыттайды: – Үй құламас үшін алдымен нені қоямыз? – Үлкен бөліктер қайда орналасады? Балалар өз құрылыстарын аяқтаған соң, оны тексеріп көреді. Д/Ойын: «Сәулетші айтып бер» Әр бала: Қандай түстерді таңдағанын; Қандай бөліктерді қалай	қайталайды: Бір алма Бір қуыршақ Бір көлік – Егер зат жалғыз болса, біз «бір» дейміз. «Көптің ішіндегі біреу» ойыны Үстел үсті ойын: Үстелге 5–6 бірдей ойыншық қойылады (мысалы, көліктер). – Мұнда көліктер көп пе? – Иә, көп. Тәрбиеші біреуін алып көрсетеді: – Ал мен не алдым? – Бір көлік. – Ол көп көліктің ішіндегі біреуі ме? – Иә! Түсіндіру: – «Бір» деген сөз жалғыз тұрған затты да, көптің ішіндегі бір затты да білдіреді. Қимылды ойын «Маған біреуін бер» ♪ Ойын шарты: Балалар шеңберге тұрады. Ортада себет ішінде көп ойыншық	– Қоян не істеді? – Ол дұрыс істеді ме? Неліктен? Балалар микрофонды кезекпен алып жауап береді. Өз көзқарасын білдіру Д/Ойын: «Маған ұнады – ұнамады» Балалар смайликтерді таңдап, пікірін айтады: – «Маған түлкінің әрекеті ұнамады, себебі ол алдады». – «Мен қоянға көмектесер едім». Рөлдік диалог Р/Ойын: «Кейіпкер болып сөйлеймін» Балалар екі-екіден кейіпкер рөлін алып, қысқа диалог құрады. Мысалы: – Қоян: «Мен қорқып тұрмын». – Аю: «Қорықпа, мен саған көмектесемін». Қимылды ойын: «Көңіл күйді көрсет» Тәрбиеші көңіл күйді айтады, балалар

		Бала жауап үлгісі: – Бүгін күн ашық. Күн жылы жарық шашып тұр. Адамдар жай жүріп бара жатыр. **Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:** Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. Өз мүмкіндіктерін таныстыру Д/Ойын: «Менің күшім қандай?» Балалар өзіне қатысты бір қабілетін айтады: – «Мен допты жақсы лақтыра аламын», – «Мен ойыншықтарды жинай аламын». Тәрбиеші қолдау көрсетіп, әр балаға «қуаныш жұлдызы» береді. Жауапкершілік пен еңбекқорлық Д/Ойын: «Кім көмектеседі?» Балалар түрлі әрекеттерді жасайды:	орналастырғанын айтады; Неліктен солай құрастырғанын түсіндіреді. **Дене шынықтыру** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	бар. Тәрбиеші: – Маған бір ойыншық беріңдер. Бала себеттен біреуін ғана алып береді. Ойын бірнеше рет қайталанады. **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:**Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. **«Көп мағыналы сөзді тап»** Мақсаты: Көп мағыналы сөзді тану және сөйлеу кезінде қолдану. Ойын барысы: Тәрбиеші сөз айтады: – Мысалы, «жапырақ». – Бір мағынасы – ағаштан түсетін жапырақ, – Екінші мағынасы – дәптер парағының	мимикамен көрсетеді. Д/Ойын: «Мен не айтар едім?» Балалар бір кейіпкерді таңдап, оған өз кеңесін айтады. **Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:** Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. **Тақырыбы:** «Бөлмемді реттеймін» **Кіріспе:** Сыныптағы немесе үйдегі заттарды орын-орнына қоюды көрсету. **Әдіс:** Практикалық жұмыс, ойын, сұрақ-жауап **Тапсырма:** «Затты орнына қой» ойыны – үстел үстіндегі заттарды көрсетіп, балаларға «Қуыршақты үстелдің үстіне қой»,

		Ойыншықтарды жинау Үстелді ретке келтіру Бір-біріне көмек көрсету Әр әрекет үшін мақтау және жұлдызша беру арқылы еңбекқорлықты бағалау. Қоғамға пайдасын тигізу Д/Ойын: «Біздің команда» Балалар топқа бөлініп, шағын тапсырмаларды орындайды: Қоғамға пайдалы іс жасау (мейірімді сөз айту, бір-біріне көмектесу) Топтық жұмыс арқылы өз үлесін қосу Балалар өз әрекеттерін талқылайды: – «Мен қалай көмектестім?» – «Қандай жақсы нәрсе істедім?» Қимылды ойын: «Күшті мен!» Балалар бір-бірімен жарысып, жеңіл қимыл-қозғалыс жасайды: секіру, қолды көтеру, жүгіру. – Тәрбиеші «Менің денсаулығым – менің күшім!» деп түсіндіреді. Д/Ойын: «Менің жетістігім» Балалар өз жетістіктерін ортаға салып, бір сөйлеммен айтады:		жапырағы. Тапсырма: Балалар сөзді өз ойларымен сөйлемге қолданып, екі мағынасын да айтуға тырысады. **Көркем әдебиет** **Міндеті:**Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау дағдысын қалыптастыру. **Д/**Ойын: «Көңіл күйді көрсет» Тәрбиеші әртүрлі көңіл күйді айтады (қуанышты, ренішті, қорқынышты), балалар мимикамен көрсетеді. Ертегімен танысу «Мақта қыз бен мысық», Тәрбиеші ертегіні қысқаша	«Допты үстелдің астына қой», «Кітапты орындықтың үстіне қой» деп тапсырма беру. Балалар заттарды дұрыс орналастырып, өз іс-әрекеттерін сөзбен айтып береді. **Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)

		– «Мен бүгін досыма көмектестім» – «Мен тапсырманы орындадым» **Қазақ тілі** **Міндеті:** Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. **«**Сурет не айтады?» ойыны Тәрбиеші ертегінің ретімен орналаспаған суреттерін көрсетеді. Тапсырма: – Суреттерді дұрыс ретімен қой – Әр сурет бойынша не болғанын айт Бағыттаушы сұрақтар: – Алдымен не болды?		мазмұндайды. Рөлдерге бөлу Балалар өз қалауы бойынша кейіпкерлерді таңдайды. – Әр кейіпкер қандай? (мейірімді, айлакер, батыл т.б.) Сюжеттік ойын: «Мен – кейіпкермін» Балалар рөліндегі кейіпкер сияқты жүріп, сөйлеп көреді. Д/Ойын: «Сиқырлы айна» Балалар айнаға қарап, кейіпкердің бет-әлпетін көрсетеді сахналау Балалар ертегіні сахналайды: Дауыс ырғағын өзгерту; Қимыл-қозғалысты қолдану; Бір-бірін тыңдау. Тәрбиеші тек бағыт-бағдар береді, балалар дербес орындайды. Сұрақ-жауап: – Саған қай рөл ұнады?	

		– Кейін ше? – Соңында не аяқталды? «Әңгіме жалғастыр» ойыны Тәрбиеші әңгімені бастайды: – Ерте, ерте, ертеде… Бала бір-екі сөйлеммен жалғастырады. Келесі бала ары қарай айтып кетеді. Назар: – Уақыт сөздерін қолдану: алдымен, кейін, сосын, ақырында «Кейіпкер қалай сөйлейді?» ойыны Балалар кейіпкер бетпердесін таңдайды. Тәрбиеші: – Қоян қалай сөйлейді? (қорқақ, жай) – Түлкі қалай сөйлейді? (айлакер, тәтті үнмен) Балалар қысқа диалогты интонациямен айтады. «Ертегіні ойнайық» рөлдік ойын Балалар рөлдерге бөлінеді. Тәрбиеші баяндаушы (немесе бір бала). Тапсырма: – Кейіпкердің қимылын, дауысын, көңіл күйін көрсет – Аю – ауыр, баяу жүреді – Мысық – сақ, жұмсақ		– Қандай көңіл күйде болдың?	

		қозғалады			
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Күнді бақылау.**Міндеттері: Балалардың тірі және өлі табиғат арасындағы себеп-салдарды түсінуге көмектесу; күннің оның өсімдіктер, ағаштар, жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру Экологиялық міндет: күн сәулесінің адам мен өсімдіктердің тіршілігі үшін құндылығын көрсету. Көркемсөз Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты! Жұмбақ. Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты,	**Торғайдың күз мезгіліндегі тіршілігін бақылау.**Міндеттері: Торғай туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; құстардың мекендеу орны (бақша, бақ), қозғалу тәсілі туралы бекіту; күздің келуімен құстардың мінез-құлқындағы өзгерістерді көруді үйрету; зейін мен жадын белсендіру. Жақан Смақов "Торғай ағаш қорғайды" Шыр-шыр еткен торғайды Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкентай торғайлар Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды, Ұя бұзған оңбайды.	**Теректі бақылау.**Міндеттері: Күзгі терек туралы түсінік қалыптастыру. Өсімдіктер түрі, ағаштың тірі тіршілік иесі екендігін анықтау, күзде жапырақтардың түскенін себеп-салдарлық байланыстар ретінде қабылдауға үйрету. Абдрахман Асылбек "Ойлы теректер". Қызылорда келешегін ойлаған: Теректерің көшені өрлей бойлаған Биік үйдің өркешіне жармасып, Жапырақтар жас баладай ойнаған. Зерттеу. Жаңа түскен жапырақты лупамен	**Маусымдық өзгерістерді бақылау.**Міндеттері: Табиғат құбылыстары туралы түсініктер қалыптастыру; табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Ескен Елубаев «Күзде» Қайтқан құсты көрдің бе, Қаптай ұшқан әуелеп? Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп? Қамба толды астыққа, Алғыс саған, алтын күз! Бір уыс дән шаштық та, Арба қауын алдық біз!	**Жаяу жүргіншілерді бақылау.**Міндеттері: Жолдың жаяу жүргіншілерге арналған бөлігі, жол ережелері туралы білімдерін бекіту. Зайда Елғондинова «Светофор» Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса қызыл шырағы: «Тоқта, жолдас!» – дегені. Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса сары шырағы: «Ал, дайындал!» –

	Ұшады кешке дейін дамыл таппай... (Күн.) Болжам. Кешке күн батыс жақ қызарып тұрса, ертеңінде күн ыстық болатынын білдіреді. «Өнегелі тәрбие». Еңбек: құм жәшіктерін құммен толтыру. Міндеттері: Балалардың бойына еңбекке құштарлығын ояту. "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: ЫІнта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту;ептілікке, ұйымшылдыққа	Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштарды емдеу үшін жұмыс күшін ұйымдастыру. Міндеттері: Ағаштар мен бұталарға дұрыс көмек көрсетуді үйрету; адал еңбектенуге тәрбиелеу. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсаты: ЫІнта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге,ептілікке тәрбиелеу.	қарау. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жапырақтарды үйінділерге жинау және ауланы тазарту. Міндеттері: Топпен жұмыс істеуге ұмтылуға тәрбиелеу. "Тым-тырақай" ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: ЫІнта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; ойын шартына сай ойнауды баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп,	«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы қоқыстардан тазарту. Міндеттері: Орындалған жұмысқа сүйсінуді, қуануды үйрету. "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: ЫІнта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту;ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті	дегені. Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса жасыл шырағы: «Ал, өте бер!» – дегені. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау; ағаштардың түбіне түскен жапырақтарды тырнауышпен тырналау. Міндеттері: Табиғатты құрметтеу сезімін тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойыны. "Бағдаршам".(дене тәрбиесі) Міндеттері:Ептілікті дамыту; бағдаршамның мағынасы туралы

	тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. "Қарақұс пен балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдауға дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 баладан) тұрады. Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады. "Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті,	Қауіпсіздік: ойын шартын қауіпсіз орындауға үйрету. "Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, "қақпаға"допті өткізуді, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. "Жалауша". (дене тәрбиесі) (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене тәрбиесі) "Бағбандар", "От жағушылар". Міндеттері: Педагогтің белгісі бойынша жүгіру іскерліктерін жетілдіру. "Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттер: оң және сол қолымен 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықтан лақтыруды үйрету, белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту.	қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Үйсіз қоян". (дене тәрбиесі) Міндеттері: Бір-біріне соқтығыспай жүгіру жаттығулары, ептілікке және төзімділікке тәрбиелеу. "Допты бастаушыға" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсаты: допты лақтырып және екі қолымен қағып алуға жаттықтыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. . (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	білімдерін бекіту. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үйлестіру, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу. Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. "Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде жасырынып отырады. "Нысанаға тигіз"

	танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)		Өзіндік еркін ойын (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)		қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Қапшықты нысанаға көзбен мөлшерлеп, лақтыруды жетілдіру; күшін дамыту. Өзіндік еркін ойын (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)
Серуенненоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** Ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, майлықпен сүртіңдер, төкпей-шашпай ішіңдер Нан, сусын, сорпа, дәмді, ащы, тұз, тәтті, ет, балық, тамағыңды іш, ас болсын! Көгөністер көгөніс, сәбіз, қияр, қызанақ. **(Сөздік минимум)**				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы				

	сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату	Қазақ халық ертегілерін оқып беру (**көркем әрекет)**	Электронды кітаптан ертегі қойып беру **(көркем әрекет)**	Бесік жырын тыңдату	«Мақтаншақ қоян» ертегісін оқып беру(**көркем әрекет)**
Біртіндеп ұйқыдано яту, сауықтырушаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.**Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).**Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту).**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Ұлттық ойын:** «Ақ серек,көк серек» Ойынның барысы: Балалар екі топқа бөлінеді: Бірі – «Ақ серек», бірі – «Көк серек» болады Екі топ бір-бірінен 5–7 метр қашықтықта қатар тұрады Балалар шынтақтасып, бір тізбек құрып тұрады Ойын ережесі: Бірінші топ (мысалы, «Ақ серек») хормен өлең айтады: – Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топ (мысалы, «Көк серек») жауап береді:	**Ұлттық ойын:** **«Ақ сүйек»** Ойын ережесі (балабақшаға бейімделген жеңіл түрі): Балалар екі топқа немесе жеке-жеке ойнауға дайындалады. Тәрбиеші немесе бір бала «Ақ сүйекті» ойын алаңына тығулы немесе алысқа лақтырып қояды (көзін жұмып тұрған балаларға көрсетпей). Белгі бойынша балалар сүйекті іздеуге кіріседі. Кім бірінші болып сүйекті тапса – сол	**Ұлттық ойын:** **«Жамбы ату»** Лақтыру құралы: жұмсақ шариктер, қапшықша, кіші доп, не болмаса арнайы жасалған садақ (қауіпсіз түрі) Тұру сызығы — балалар қай жерден ату керегін . Бұрын батырлар ат үстінде отырып, алыстағы нысананы (жамбыны білу үші. Ойынның барысы: Балалар кезекпен тұру сызығына келеді. Алда тұрған нысананы (жамбыны) көздеп, жұмсақ доп немесе басқа қауіпсіз затпен лақтырып атуға тырысады.	**Ұлттық ойын:** «Бөрік тасу» Ойынның түсіндірмесі: – Балалар, бұл – «Бөрік **тасу»** деп аталатын қызықты ұлттық ойын. Бұл ойында шапшаң жүгіріп, бөрікті тез жеткізу керек. Кім тез әрі бөрікті түсірмей апара алса – сол жеңімпаз! **Ойынның барысы:** Балалар 2 топқа бөлінеді (немесе кезекпен жеке де ойнауға болады). Әр топ кезекпен бір бөрікті басына немесе алақанына қойып, белгілі бір қашықтықтағы белгіге дейін жүгіріп	**Ұлттық ойын:** **«Түйе-түйе»** Ойынның барысы: Тәрбиеші балаларға түсіндіреді: – Балалар, қазақта ертеде түйемен жүк тасып, алыс жолға сапар шеккен. Сол түйелер үлкен, күшті, сабырлы жануарлар. Бүгін біз сол түйелер сияқты бірінің артына бірі тұрып, «түйе» болып ойнаймыз. **Ойын ережесі** Балалар бірінің артынан бір болып шеру тәрізді тұрады (құдды түйелер

	– Бізге керек (баланың аты)! Аты аталған бала жүгіріп келіп, қарсы топтың шеңберін бұзып өтуге тырысады. Егер қол ұстасқан тізбекті бұзса – өз тобына жеңіспен оралады. Егер бұза алмаса – сол топта қалып қояды. Кезек екі жаққа ауысып отырады	жеңімпаз. Келесі айналымда сүйекті басқа бала тығады/лақтырады. .	Кім дәл тигізсе — сол ұпай алады немесе жеңімпаз атанады. Әр балаға 2–3 мүмкіндік беріледі. Соңында ең көп нысанаға дәл тигізген бала/топ жеңеді.	барып, қайтып келеді. Бөрікті түсіріп алмауы керек. Кім тез әрі бөрікті түсірмей жеткізсе – сол ұпай алады. Барлық қатысушылар кезекпен ойнап шығады. Соңында ең көп ұпай жинаған топ немесе бала жеңімпаз болады.	керуені сияқты). Алдыңғы бала — «жетекші түйе», артындағы балалар — керуен түйелері. Тәрбиеші нұсқау береді: «Түйе-түйе, не істейсің?» Жетекші бала жауап береді: «Түйе-түйе жүремін!» – барлығы жүре бастайды «Түйе-түйе отырамын!» – барлығы отырады «Түйе-түйе секіремін!» – бәрі секіреді «Түйе-түйе демаламын!» – барлығы тоқтап, тыныс алады Жүргізуші қимылдарды шатастырып айтуы мүмкін. Балалар зейін қойып, қателеспей орындауы керек**.** Қате жасаған бала — ойыннан шығады немесе келесі ойында

					жүргізуші болады.
Балалярменжекежұмыс	суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояу тәсілдерін білуге үйретуді жалғастыру Ниетбай Адель	ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден ішінара әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеуін жетілдіру. Арынбек Азиза	ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына ішінара қарапайым композициялар құрастыруын дамыту. Исабеков Мейржан	кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты ішінара орнын анықтайды:Кеңістікті бағдарлай алуын жетілдіру. Әбілшаих Аңсар	жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды түрлі тәсілдермен ішінара қияды:Дұрыс қиып жапсыруды дамыту. Нәзік Данеля
Бесінас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	Допты жоғары лақтыр Қол қимылдарын дамыту, дәлдікке үйрету. **Еңбек әрекеті:** Доптарды жинау. **Қимылды ойын:** Балалар допты	Кім тез жинайды? Шапшаңдық, зейінді дамыту. **Еңбек әрекеті:** Кубиктерді, ойыншықтарды бөлу. **Қимылды ойын:** Балалар шашылған ойыншықтарды белгі бойынша тез	Жалаушаны ал Жылдамдық пен батылдықты дамыту. **Еңбек әрекеті:** Жалаушаларды орнату. **Қимылды ойын:** Ортаға қойылған жалаушаны екі бала	Допты дәл жеткіз Қолдың ептілігін, дәлдікті дамыту. **Еңбек әрекеті:** Доптарды жинау. **Қимылды ойын:** Балалар бір-біріне допты домалатады. Белгіленген жерге кім тез жеткізсе, сол жеңеді..	Кедергіден өт Ептілікті, батылдықты дамыту. **Еңбек әрекеті:** Кедергілерді орнату. **Қимылды ойын:** Балалар

	жоғары лақтырып, қайта қағып алуы тиіс.	жинайды	жарыса жүгіріп алып келеді.		белгіленген кедергілерден (сызық, шеңбер, қақпа) кезекпен өтеді.
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Көкөністер мен жемістердің айырмашылығы. Дәмі, көлемі түсі туралы өздігінен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.Балалардың қалауы бойынша ермексазбен, түрлі түсті қағазбен шығармашылық жұмыстар **(Қоршаған ортамен танысу,мүсіндеу)**	Көкөністер мен жемістердің айырмашылығы. Дәмі, көлемі түсі туралы өздігінен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.Балалардың қалауы бойынша ермексазбен, түрлі түсті қағазбен шығармашылық жұмыстар **(Қоршаған әлем,мүсіндеу)** Өз өзіңе көмектес бастамасымен топтағы тазалық жұмыстары. **(еңбек іс-әрекеті)** Қандай тазалық жұмысын жасағанын бейнелеу. **(Сурет салу)**	Серуенде жинап алып келген жапырақтарын лупамен , жарық түсіру арқылы зерттеру.Балалардың қалауы бойынша жапырақтарды бастыру әдісі арқылы суретін салу. Ермексаздан ағаштар мен жапырақтар жасап, әр баланың ағашын жинап ортаға қойып, күзгі бақты жасау. Түрлі түсті қағаздарды қиып жапырақтар жасап, ағаштардың арасына салу. **(зерттеу іс-әрекеті,жапсыру,сурет салу)**	Балаларға қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауын ұйымдастыру. Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - ағаштың күзгі жапырақтардан алған әсерлерін суретте бейнелеу; қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету. Ертегілерді үтел үсті театры арқылы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. **(Сурет салу,көркем әдебиет)**	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауы. Терезеге карап, күзгі табиғатты бейнелеу. Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен таныстыру. Табиғи материалдардан экибано құрастыру **(Сурет салу,құрастыру)**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардыңүйгекайтуы	**Өнегелі 15-минут:**Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)**Өнегелі 15 минут**				

Тәрбиеші:А.Жумагулова
Г.Болат

Әдіскер_____ АтыгаеваА.Т.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Мектепалды «Күншуақ» тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 04.11 - 08.11. 2024 жыл I апта
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы
Жауапты болу
Уәделерді орындаи ̆ білу
Адамдар барлығы әртүрлі екендігін білу, түсіну

Күнтәртібі	**Дүйсенбі 04.11.2024ж**	**Сейсенбі 05.11.2024ж**	**Сәрсенбі 06.11.2024ж**	**Бейсенбі 07.11.2024ж**	**Жұма 08.11.2024ж**
Балалардықабылдау	Қайырлы таң! Қайырлы күн! Сәлеметсіз бе! Балалар **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу , шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. **(Музыка)** Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				

Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15 минут.**Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерінбіріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	**Адалдық әліппесі** **Ойын:** «Шындық жолы» Тәрбиеші әртүрлі жағдаяттарды айтады. Мысалы: – «Бала қателесіп, мойындады» – «Бала достарының затын алып қойды» Балалар дұрыс жауап бойынша «шындық жолымен» жүреді.	**Құқықтық сауаттылық** **Ойын:** «Менің құқығым бар!» Тәрбиеші карточканы оқиды, балалар: – «Бұл менің құқығым» немесе «Бұл менің міндетім» – деп жауап береді.	**Біртұтас тәрбие бағдарламасы** **Ойын:** «Біздің мектеп – біздің үй» Балалар бірге үлкен «үй» құрастырады. Әр бөлікті жапсырған сайын тәрбиеші сұрайды: – «Бұл үй не үшін?» – «Біз бірге не үйрендік?»	**Біртұтас тәрбие бағдарламасы** **Ойын:** «Салт-дәстүрді тап!» Тәрбиеші салттардың суреттерін немесе бейнелерін көрсетеді (тұсаукесер, бата беру, бесікке салу). Балалар дәстүрдің атауын және оның мағынасын айтады.	**Ерте кәсіптік бағдар беру** **Ойын:** «Кімге не керек?» Тәрбиеші суреттерді араластырып қояды да: – «Бұл құралды кім қолданады?» деп сұрайды. Балалар сәйкес маманды табады және оның не істейтінін айтады. Мысалы: – «Дәрігер науқасты емдейді», – «Құрылысшы үй салады».
Ертеңгілік жаттығу	**«Менің Қазақстаным»** әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	Сапта бір-бірінің артынан шеңбер бойлап жүру, қолды жоғары ,екі жанына созып аяқтың ұшымен жүру, қол белден ұстап аяқтың өкшемен жүру.Бір қалыпта жеңіл жүгіру қолды кеуде тұстан ұстап аяқтың ұшымен жүгіру.тыныс алу жаттығулары. 1. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, басты оңға,солға иілу 5-6 рет 2. Б.қ. аяқты алшақ қойып, қолды иыққа ұстап, шынтақты алға және артқа айналдыру 5-6 рет. 3. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қолды жоғары созып, оңға солға иілу 5-6 рет.				

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">4. Б.қ.аяқты қосу, аяқты алшақ қойып, екі қолды екі жаққа созып, оң қолды сол аяққа, сол қолды оң аяққа кезекпен тигізу 5-6 рет.
5. Б.қ. аяқты бірге, қол төмен, аяқтың ұшымен көтеріліп, қолды жоғары көтеру 5-6 рет.
6. Б.қ. аяқты қосу қол белде, орында тұрып аяқты қайшылап секіру 5-6 рет. Тыныс алу жаттығулары.2-3 рет.</td></tr>
<tr><td>Таңғыас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Нан,шәй, май, ірімшік ботқа, дәмді, тамағыңды ішеміз, ас болсын! (Сөздік минимум)
Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылғанісәрекетке дайындық</td><td colspan="5">1-ші апта дәйек сөзі!
«Әділ болсаң – ардақты боласың.»</td></tr>
<tr><td></td><td>«Адасып кеткен жағдайда мен не істеу керекпін»
Міндеті:Балаларды адасып кеткен жағдайда көмектесетін негізгі кеңестермен таныстыру.Адасып кеткен жағдайда орнында қалудың маңыздылығын түсіндіру.
Қауіпсіздік ережелері</td><td>Қаржылық сауаттылық
Ойын атауы: «Дүкен»
Ақша туралы қарапайым түсінік қалыптастыру, санауды үйрету.
Құралдар: Жеміс-жидек макеттері, ойыншық ақша, дорба.
Ойын барысы:
Бір бала – сатушы, қалғандары – сатып алушылар.
Балалар ақшаларын санап, «тауарды» сатып алады.
Тәрбиеші «артық ақша қалды ма, әділ төледің бе?» деп бағыт береді
(Математика негіздері,қоршаған</td><td>Біртұтас тәрбие бағдарламасы
Ойын атауы: «Шындық пен өтірік»
Балаларды адалдыққа тәрбиелеу, шындықты айтуға үйрету.
Құралдар: Суреттер (мысық, ит, бала, ойыншықтар).
Ойын барысы:
Тәрбиеші суретті көрсетіп, қасақана қате айтады («мынау ит емес, мысық»).
Балалар қатесін тауып, дұрыс жауап береді.
«Адал бала әрқашан шындықты айтады» деп</td><td>Балаларды ұйымдастырылғаніс-әрекеткепсихологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру
Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері
Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</td><td>Адалдық әліппесі
Ойын атауы: «Жоғалған ойыншық»
Балаларды адалдыққа баулу, бір-бірінің затын рұқсатсыз алмауға үйрету.
Құралдар: Қуыршақ немесе ойыншық.
Ойын барысы:
Тәрбиеші ойыншықты ортаға қойып: «Бұл ойыншықтың иесі жоқ сияқты. Не істейміз?» – деп сұрайды.
Балалар: «Иесіне қайтарамыз»,</td></tr>
</table>

		әлем)	бекітеді. **(Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)**		«Тәрбиешіге апарамыз» деп шешім айтады. Соңында тәрбиеші: «Адал бала – әрқашан жоғалғанды иесіне қайтарады» деп бекітеді.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыруға, бояуға дағдыландыру. Ойын арқылы түсіндіру «Сиқырлы қапшық» ойыны Қапшықтан бір заттың суретін шығару: шеңбер алма сәбіз т.б. Сұрақтар: Бұл не? Оның түсі қандай?	**Математика негіздері** **Міндеті:** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру Д/Ойын: «Түстер патшалығы» Тапсырма: Балаларға әртүрлі түсті заттар беріледі. Оларды түстері бойынша себеттерге бөледі. ● Қызыл ◍ Көк □ Сары Сұрақтар: – Бұл заттың түсі қандай? Д/Ойын: «Үлкен – орта – кіші» Тапсырма: Заттарды өлшеміне қарай орналастыру. □ Үлкен аю	**Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:**Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей жазуға дағдыландыру. Д/Ойын: «Қаламды дұрыс ұстайық» Тәрбиеші қаламды қалай ұстау керегін көрсетеді: үш саусақпен бос, еркін Ойын тапсырмасы: – Қалам «ұйықтап қалмасын», бірақ «ауырмасын»	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға дағдыландыру. Д/Ойын: «Ауада сурет саламыз» Тәрбиеші көрсетеді, балалар ауада қайталайды: тігінен сызық – «биік ағаш» көлденең – «жол» ирек – «жылан» толқынды – «өзен» Д/Ойын: «Құмдағы жолдар» Балалар саусақпен немесе таяқшамен құмға сызықтар салады. Тапсырма: қысқа және ұзын сызық салу арақашықтықты сақтау	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. сөздерді жіктеу (жекеше – көпше) Бір ғана зат болса – жекеше: қоян, гүл, бала. Көп зат бірге болса – көпше: қояндар, гүлдер, балалар. Тапсырмалар “Көп пе, біреу ме?” Тәрбиеші сурет көрсетеді: 1 алма → алма 5 алма → алмалар

	Ол қандай пішінге ұқсайды? Балалар жауап береді. «Дәл боя» ойыны Балаларға дайын контурлы суреттер таратылады Тәрбиеші көрсетеді: Қарындашты дұрыс ұстау Сызықтан шықпай бастыру Бір бағытта бояу Ереже: «Сурет сызықтың ішінде әдемі тұруы керек» Тәрбиеші балаларға жеке-жеке көмек көрсетеді. «Пішіндер билейді» қимылды ойыны Шеңбер – қолды дөңгелетеміз Үшбұрыш – қолды жоғары көтереміз Төртбұрыш – қолды екі жаққа созамыз «Суреттер сөйлейді» Балалар өз жұмыстарын	□ Орташа аю □ Кішкентай аю Д/Ойын: «Пішіндерді тап» Тапсырма: Заттарды пішіні бойынша топтастыру. ◯ Шеңбер ■ Төртбұрыш ▲ Үшбұрыш Д/Ойын: «Есті де бөл» Тапсырма: Дыбыс шығаратын және дыбыс шығармайтын заттарды бөлу. ♪♪ Сылдырмақ – дыбыс бар Кубик – дыбыс жоқ **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:**Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Д/Ойын: «Сәлемдесеміз» Тәрбиеші әртүрлі дауыс қарқынымен амандасады: жай дауыспен орташа қатты Балалар қайталайды. – Біздің дауысымыз ойнақы, оны жай да, қатты да айтуға	Д/Ойын: «Көзбен жүр, қолмен сыз» Балалар үлгі сызықты көзбен қадағалап, үстінен сызады. Ескерту: – Алдымен көзіміз жүреді, сосын қолымыз. Д/Ойын: «Жұмсақ іздер» Балалар: алдымен ауада жазады; кейін параққа жеңіл сызық сызады. Тапсырма: – Қағаз жыртылмасын ☺ Д/Ойын: «Жолдан шықпа» Жолақтың ішінде сызық жүргізу. Шарт: – Қатты баспай, асықпай Қимылды ойын: «Қолымыз демалсын» Қолды сілку, уқалау, айналдыру.Әңгімелесу: Қаламды қалай	Д/Ойын: «Үлгімен сал» Парақта дайын үлгілер беріледі. Балалар: нүктелерді қосады тамшы пішінін қайталайды сызықтарды арақашықтық сақтап сызады Ескерту: – Сызықтар бір-біріне тым жақын болмасын. Д/Ойын: «Өз жолымды саламын» Балалар өз бетінше: жолдар жаңбыр өрнек ойлап салады Қимылды сергіту сәті «Қалам болайық» Балалар денесімен: тік тұрады – тігінен қолын созады – көлденең бұралады – ирек Әңгімелесу: Қандай сызықтар салдық? Қайсысы оңай болды? Қайсысы қызықты? **Математика негіздері** **Міндеті:** Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды	**“**Сөзді өзгертіп айт” Құс → құстар Үй → үйлер Ағаш → ағаштар “Жұпта” ойыны Қасық – қасықтар Доп – доптар Кітап – кітаптар ТӘУЕЛДЕУ (менің, сенің, оның) Термин айтылмайды. Тек қолдану үйретіледі. “Бұл менікі. Бұл сенікі. Бұл оның.” Тапсырмалар “Кімнің?” Балалар қолындағы затты айтады: Менің допым. Сенің қаламың. Оның кітабы. Сурет бойынша: Қыз → оның қуыршағы Бала → оның машинасы Әже → оның орамалы **Көркем әдебиет** **Міндеті:**Балалардың назарын кітаптың

	көрсетеді. – Қандай сурет боядың? – Қандай түсті таңдадың? **Математика негіздері** **Міндеті:**Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. Д/Ойын: «Жиынды бөліктерге бөлейік» Тәрбиеші жиындағы заттарды екі себетке бөледі. Сұрақтар: Неше зат болды?	болады. Д/Ойын: «Кім қалай сөйлейді?» Тәрбиеші ойыншықтарды көрсетеді. Аю – жуан, баяу Қоян – жылдам, жеңіл Түлкі – жай, сыбырлап Балалар бір сөзді әртүрлі қарқынмен айтады: «Сәлеметсің бе!» Д/Ойын: «Тыңда да, тоқта» Тәрбиеші сөйлем айтады, қоңырау соғылғанда бала тоқтайды. Мысалы: – «Орманда / қоян секіріп жүр» Балалар пауза жасап қайталайды. – Сөйлеуде үзіліс керек, сонда сөз анық естіледі. Д/Ойын: «Сиқырлы екпін» Бір сөйлем әртүрлі екпінмен айтылады: – Мен алма жедім – Мен алма жедім – Мен алма жедім Балалар мағынасының өзгеретінін байқайды. Қимылды ойын Ойын: «Көңіл күймен айт» Карточка таңдайды:	ұстадық? Қатты басу керек пе? Көзіміз не істеді? **Сурет салу** **Мүсіндеу** **Міндеті:** Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану дағдысын қалыптастыру **Мүсіндеу** **Міндеті:** Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық жеке бөліктерден және мүсіндік негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасауға дағдыландыру. Д/Ойын: «Суретшілер шеберханасы» Балалар 4 шағын «шеберханаға» бөлінеді: Штрихтармен сурет салу – Қысқа, ұзын, тік,	санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау. Д/Ойын: «Әр топты санайық» Тәрбиеші екі түрлі заттан топ қояды (мысалы, 4 доп, 4 кубик). Сұрақтар: Әр топта неше зат бар? Заттар бірдей ме? Сандары ше? Қорытынды: – Заттары әртүрлі, сандары тең. Д/Ойын: «Жұптастыр» Балалар бір допты бір кубикпен жіп арқылы немесе қатар қойып жұптастырады. Сұрақ: Артық зат қалды ма? Түсіндіру: – Барлығы жұптасса – тең. Д/Ойын: «Қай топ көп, қайсы аз?» Мысалы: 3 аю – 5 қоян Балалар санайды, салыстырады. Д/Ойын: «Дұрыс таңда» Тәрбиеші сан айтады (мысалы, 4). Балалар: әртүрлі заттардан 4-тен	безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Д/Ойын: «Мұқаба не айтады?» Тәрбиеші кітаптың мұқабасын көрсетеді. Сұрақтар: Мұқабада не көріп тұрсың? Қандай түстер бар? Бұл кітап не туралы болуы мүмкін? Д/Ойын: «Суреттер сөйлейді» Кітаптың ішіндегі иллюстрациялар көрсетіледі. Балалар: кейіпкерлерді атайды; олардың не істеп жатқанын айтады; көңіл күйін болжайды. Д/Ойын: «Түсті тап» Тәрбиеші айтады: – Кітаптан қызыл түсті тауып көрсет – Жасыл түсті кейіпкерді көрсет Д/Ойын: «Қай сурет бұрын?»

	Қазір неше бөлікке бөлдік? Қай себетте көп? Қайсысында аз? Үлкені — жиын Кішісі — бөлік Жиын бөліктен үлкен, бөлік жиыннан кіші Д/Ойын: «Қайта біріктір» Балалар екі себеттегі заттарды қайта бір себетке салады. Сұрақтар: Екі бөлікті біріктірсек не болады? Заттар саны өзгерді ме? – Бөліктерді біріктірсек, қайтадан бүтін жиын болады. Д/Ойын: «Кім көп, кім аз?» Балаларға екі түрлі жиын беріледі (мысалы, 3 доп және 5 кубик). Тапсырма: Санап көр	қуанышты – көңілді дауыспен ренжіген – жай таңданған – екпінмен Бір сөйлемді айтады: «Мен бақшаға келдім» Сұрақтар: Дауысты қалай өзгертуге болады? Қай кезде үзіліс жасаймыз? Екпін не үшін керек? **Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Ойын: “Тірі ме, өлі ме?” Тәрбиеші заттың атын айтады, балалар екі топқа бөледі. Мысалы: *Құс* → тірі *Қар* → өлі *Ағаш* → тірі *Тас* → өлі Ойын: “Табиғат па, адам	көлденең штрихтармен күн, ағаш салу Бояуларды араластыру – Сары + көк = жасыл – Балалар жаңа түстерді табады Кляксография – Бояуды тамызып, қағазды бүктеп, бейне табу Жіппен сурет салу – Боялған жіпті қағаздың арасына қойып, тарту Д/Ойын: «Мүсіншілер қаласы» Балалар мүсіндеудің екі әдісін орындайды: Құрылымдық әдіс – Жеке бөліктерден (бас, дене, аяқ) қоян мүсіндеу Тұтас кесектен мүсіндеу – Бір үлкен кесектен алма немесе балық жасау Қимылды ойын: «Өнер қимылы» Балалар: қылқалам болып «билейді»	құрастырады (4 тас, 4 қарындаш) Қорытынды: – Заттар әртүрлі, сан бірдей. Қимылды ойын «Тең топты тап» Тәрбиеші: – 3 бала – бір топ – Тағы 3 бала – бір топ Балалар салыстырады. Әңгімелесу: Қашан топтар тең болады? Заттар әртүрлі болса да, тең бола ма? **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Артикуляциялықжаттығу «Айнамен сөйлесейік» «Күлімде» – ерінді кең ашу «Түтікше» – ерінді түтікше етіп жинау «Ат шапты» – тілмен дыбыс шығару Айна арқылы бақылау. Д/Ойын: «Дауыстыны соз» Мақсаты: дауысты дыбыстарды анық айту.	Кітаптағы 3–4 суретті араластырып қояды. Балалар: оқиға ретін анықтайды; суреттерді ретімен орналастырады. Қимылды ойын «Кейіпкерді бейнеле» Балалар суреттегі кейіпкердің қимылын салады. Әңгімелесу: Кітаптың қай жері саған ұнады? Суреттер неге керек? Кітапты қалай ұстау керек? **Қоршаған ортамен танысу** **Міндеті:** Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну

	Қайсысы көп? Қайсысы аз? Салыстыру элементтерді жұптастыру арқылы жасалады. Қимылды ойын «Өз орныңды тап» Балалар – «заттар». Тәрбиеші: «Үш бала — бір бөлік» «Барлығың бірге — бір жиын» Балалар бірігіп, бөлініп қозғалады. Сұрақ-жауап: Жиын деген не? Бөлік деген не? Қайсысы үлкен: жиын ба, бөлік пе? **Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	жасады ма?” Заттардың суреттерін араластырып береді. Балалар екі себетке бөліп салады: **“**Табиғат жасаған” және “Адам жасаған”. Суреттер**:** су, бұлт, үстел, машина, тас, жел, кітап. Ойын: “Қайсысын ұстай аласың?” Балалар өлі табиғаттың кейбірін ұстай алады (тас, су, мұз), ал кейбірін ұстай алмайды (жел, күн, ауа, жарық). Бұл балалардың түсінігін тереңдетеді. Ойын: “Сипаттап бер**”** Тәрбиеші затты атайды. Бала оның тірі немесе өлі екенін, қайдан пайда болатынын айтады. Мысалы: – Қар — өлі табиғат, себебі өспейді, адам жасамайды. – Жаңбыр — табиғи, аспаннан жауады. **Қазақ тілі** **Міндеті:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ	ермексазды «илеуді» қимылмен көрсетеді Көрме: «Біздің жұмыстар» Балалар өз жұмысы туралы айтады: Қандай әдіс ұнады? Қалай жасадың? **Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	Тәрбиеші карточка көрсетеді: – А-а-а, О-о-о, Ү-ү-ү Балалар бірге және жеке-жеке қайталайды. Д/Ойын: «Допты қағып ал» Тәрбиеші допты лақтырып дыбыс айтады: – Ба, Па, Ға, Ка Бала дұрыс дыбысты қайталайды. Д/Ойын: «Суретті ата» Суреттер: Б – бала / П – парта Г – гүл / Ғ – ғарыш К – кітап / Қ – қоян Балалар суретті атап, бірінші дыбысты анық айтады. Д/Ойын: «Тыңда да ажырат» Тәрбиеші сөз айтады: бала – пала көл – қөл **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру дағдысын қалыптастыру Д/Ойын: «Сөйлейтін	және бағалау. Мамандық дегеніміз не? Мамандық – адам не істейтінін көрсетеді, қандай жұмыс істейтінін айтады. Мысалы: дәрігер, мұғалім, жүргізуші, аспаз. Тапсырма: “Мамандықты таны” Суреттер көрсетіледі, балалар: Дәрігер не істейді? → Адамдарды емдейді Аспаз не істейді? → Тағам пісіреді Пожарный не істейді? → Өрт сөндіреді Балалар әр мамандықтың не үшін қажет екенін түсінеді. Балабақша қызметкерлерінің еңбегі Кімдер жұмыс істейді: Тәрбиеші – балаларға сабақ өткізеді, оларға

		халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Д/Ойын: «Сиқырлы қоржын» Қоржыннан бір сурет немесе заттың макеті алынады. Балалар сұрақтарға жауап береді: Бұл не? Ол не үшін керек? Оны кім қолданады? Мысалы: Кесе – шай ішуге арналған Тақия – ұлттық бас киім Д/Ойын: «Кім қалай өмір сүрген?» Суреттер арқылы әңгімелесу: Мал бағып жүрген адам Аңшы Егін егіп жүрген адам		микрофон» Микрофон кімде болса, сол бала сөйлейді. Тәрбиеші сұрақтары: Үйде теледидардан не көрдің? Ғаламтордан не қызық болды? Үлкендер саған не айтып берді? Балалар қысқа сөйлеммен жауап береді. Д/Ойын: «Қайдан білдім?» Суреттер көрсетіледі: теледидар | ғаламтор жақындар Бала өз әңгімесіне сәйкес суретті таңдайды. Мысалы: – Мен мультфильмді теледидардан көрдім – Әжем маған ертегі айтып берді Д/Ойын: «Досыңды тыңда» Бір бала сөйлейді, екіншісі: тыңдайды соңында «Мен сенің … айтқаныңды естідім» деп қайталайды Қимылды ойын «Көрдім – көрсетемін» Балалар көргенін қимылмен бейнелейді: ұшқан құс жүрген көлік	ойнауды, оқу мен тәртіпті үйретеді. Ата-анамен байланыс жасайтын тәрбиешінің көмекшісі. Аспаз – тамақ дайындайды. Кір жуушы – балалардың киімдерін таза ұстайды. Есепші, санитар, тәрбие бөлімі қызметкерлері – балалардың қауіпсіздігі мен тәртібін қамтамасыз етеді. Тапсырма: “Кім не істейді?” Балалар суреттер бойынша атайды: Тәрбиеші – балалармен ойнайды Аспаз – тамақ пісіреді Кір жуушы – киімді жуып береді Еңбектің мазмұны мен сипаты Түсіндіру Еңбектің мазмұны –

		Сұрақтар: Бұл адам не істеп жүр? Оған қандай құрал керек? Ол не үшін қажет? Д/Ойын: «Туған өлкеге саяхат» Табиғат пен көрікті жерлердің суреттері көрсетіледі. Балалар сөйлем құрайды: Мен не көріп тұрмын? Табиғат қандай? Маған не ұнады? Қимылды-сюжетті ойын «Қонаққа бардық» Балалар рөлге бөлінеді: қонақ үй иесі Диалог: – Сәлеметсіз бе! – Қош келдіңіз! – Дастарханға отырыңыз! Әңгімелесу: Бүгін не туралы сөйлестік? Қандай заттарды көрдік? Саған не ұнады?		секірген кейіпкер Әңгімелесу: Біз бір-бірімізге не айттық? Досыңды тыңдау ұнады ма? Өз ойыңды айту маңызды ма?	адам не істейді, қандай іс-әрекеттерді орындайды. Еңбектің сипаты – қандай тәсілмен істейді, ережелерді сақтай ма, абайлап істей ме. Еңбектің нәтижесі – не пайда болады, кімге пайдалы. Тәрбиеші балаларға сабақ өткізеді → балалар жаңа нәрсе үйренеді. Аспаз тамақ пісіреді → балалар тамақтанады. Кір жуушы киімді жуып береді → балалар таза киім киеді. Еңбектің маңызын бағалау Балаларға сұрақтар Бұл адамсыз балалар күнде не істей алады? Егер бұл маман жұмыс істемесе, не болады? Бұл жұмыс жақсы ма, не үшін?

		Әр бала бір жылы сөз айтады: – Күн жылы – Ағаш әдемі – Мен табиғатты жақсы көремін Тәрбиеші: – Жылы сөз айтсақ, көңіліміз де жылынады. Д/Ойын : «Мен не сеземін?» Тәрбиеші сурет көрсетеді (табиғат, жануар, бала). Сұрақтар: Сен не көріп тұрсың? Бұл саған ұнай ма? Неліктен? Балалар өз ойын айтады: – Маған гүл ұнайды, себебі ол әдемі. – Мен құсты жақсы көремін, ол еркін ұшады. Балаларды толық сөйлеммен сөйлеуге ынталандыру. Д/Ойын : «Мақалын тап» Тәрбиеші мақалдың басын айтады, балалар жалғастырады: Бірлік бар жерде … (тірлік бар) Еңбек етсең … (ерінбей, тояды қарның тіленбей)		Д/Ойын : «Кім қалай еңбек етеді?» Суреттер көрсетіледі (тәрбиеші, аспаз, тазалықшы). Балалар сөйлем құрайды: Аспаз дәмді тамақ пісіреді. Тәрбиеші балалармен мейірімді сөйлеседі. Тазалықшы мұқият тазалайды. Қимылды ойын. «Қалай істейміз?» Тәрбиеші айтады: Баяу жүр Тез жүгір Ұқыпты жина Ақырын отыр **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру дағдысын жетілдіру, қойылымдағы өзінің	«Жасыл» Әр бала өз сөздерімен сипаттайды: – «Бұл доп жұмсақ, резеңкеден жасалған, серпімді» Д/Ойын: «Материал биі» Балалар әр материалға сәйкес қимыл жасайды: – Ағаш – қатты секіру – Резеңке – серпіп секіру – Мақта – жұмсақ жүріс – Металл – ауыр қадам Бекіту ойыны Д/Ойын: «Қайсысы өзгеше?» Бір топ заттар беріледі (мысалы, ағаш доп, резеңке доп, қағаз доп) Балалар табады: қайсысы өзгеше, сипаттайды: – «Қағаз доп жеңіл, ал ағаш пен резеңке доп ауыр» **Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)

		Таза болса табиғат … (аман болар адамзат) Түсіндіру: – Мақал-мәтелдер – ақылды сөздер, олар ойымызды әдемі жеткізуге көмектеседі. Д/Ойын : «Көркем сөзбен айт» Балаларға қарапайым сөйлем беріледі: – Күн шықты. Балалар оны көркемдеп айтады: – Жарқыраған күн аспанға шықты. – Күн күліп тұр.		рөлін мәнерлі дербес орындауға дағдыландыру. Ойын: «Мен дайынмын!» Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші: – Бүгін біз ертегі кейіпкерлеріне айналамыз. Ал кім дайын? Балалар қолдарын көтеріп жауап береді: – Мен дайынмын! Шығарманы таныстыру Тәрбиеші қысқа ертегіні оқиды немесе суреттер арқылы көрсетеді. Кейіпкерлерді анықтайды: – Қоян, Қарлығаш, Досы, Жануарлар т.б. Әр кейіпкерге бала тағайындалады. Рөлдерді бөліп сахналау Д/Ойын: «Кейіпкерді таны» Балалар өз кейіпкерлерін алады (қуыршақ, маска, аксессуар) Тәрбиеші сұрақ қояды: – Қоян қандай көңілде?	

				(қуанған, қорққан) – Қарлығаш қалай қимылдайды? (ұшып, секіріп) Балалар интонациямен, мимикамен бейнелейді Рөлдік сахнаны жаттау Д/Ойын: «Қимылмен сөйлейміз» Әр бала өзінің рөлін көрермендерге көрсетуге дайындалады Қимыл, мимика, дауыс ырғағы сақталады Кішкентай сахналық мини-қойылым жасалады (2–3 минут) Д/Ойын: «Эмоцияларды көрсет» Тәрбиеші эмоцияны айтады (қуаныш, ашу, қорқыныш) Балалар мимикамен, қимылмен көрсету Қол мен дене қимылдарын қосып, көңіл-күйді көрсетеді Бекіту ойыны Д/Ойын: «Менің кейіпкерім» Балалар кезекпен сахнаға шығып: – өз кейіпкерін	

				– рөлін – көңіл күйін көрсету	
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенгедайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Қар тазалайтын машина жұмысын бақылау** Міндеті: Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ролі, олардың құрлысының ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту, Техникаға деген қызығушылықтарын арттыру, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады Бұл неткен күшті тазалаушы еді, Үйілген қарды Әп- сәтте жинап алды? (қар жинайтын машина)	**Қарды бақылау** Міндеті: Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру Бақылау барысы Көркем сөз «Қыс» Қ. Жұмағалиев Қысым-ақ, қысым-ақ, Жібердің қысып-ақ. Қалмаспыз біз деген, Боранға ұшырап. Аппақ қар жауа бер, Риза ғой саған ел. Боратты-ау бораным, Қайратын қарай көр. Біз батыл баламыз, Жылы үй, қорамыз. Ақ ұлпа қарыңнан, Аққала соғамыз. Халықта мынадай	**Желді бақылау** Міндеті: өлі табиғат туралы білімдерін байыту; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Бақылау барысы Ұйытқыма жел Ө. Ақыпбекұлы Ұбырып-шұбырып, Ұйтқиды құбылып. Ұлпадай ақ қарды, Ұршықтай үйіріп. Ұлиды қасқырдай, Ұйтқып көз аштырмай. Екпіндей соғады, Алдыға бастырмай. Баларға сұрақтар Бүгін ауа райы қандай?	**Бұлттарды бақылау** Міндеті: Аспан және оның біздің планетамызға әсері жайлы түсініктерін кеңейту; Аспан әлемінің әсемдігін қабылдауларын дамыту Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Етек жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай. Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. Көшіп жүріп желменен, Сеуіп шықты тамшысын, Қыраттарға шөлдеген.	**Ауладағы ағаштарды бақылау** Міндеті : — ағаштар туралы білімдерін молайту; — ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру Бақылау барысы Көркем сөз «Қыс» Р.Сәбитұлы Қар жамылды бақтарым Қыратым да, сайым да. Тағыпты қыс ақ қарын, Үкі етіп қайыңға. Бүркеніп ақ желекті, Жарқырайды маңайым. Ойға шомып теректің, Ақ шалыпты самайын. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.

	Қар жинайтын машинаның алдына үлкен қырғыш бекітілген. Алдыңғы және артқы дөңгелектерінің ортасында түкті дөңгелек щетка айналып тұрады. Олар неден жасалған? (темір сымдардан) Олардың қылшықтары қандай? (қатты, тікенекті) Ал, мына екінші машинаға назар аударыңдар, оның несі бар? (үлкен екі бұрандасы бар) Бұл бұрандалар не істейді? (еттартқыш сияқты қарды іліп алады да, қарды алысқа лақтыратын желдеткіш астына апарады, ол қарды алысқа лақтырады) Бұл машиналар несімен ұқсас? (екеуі де көшені қардан тазалайды) ♦ қар тазалағыш машиналар көліктің қай түріне жатады? (арнайы көлік түрлеріне) Зерттеу жұмысы Қар тазалайтын машина мен «Жедел жәрдем» машинасын салыстыру Еңбек Алаңды қардан	болжам бар: қарға қарқылдаса, қар жауады. Қыс мезгілі басталған уақыттан бастап, қалың қар түседі. Кейде жел соғып боран болады. Күндер жылжыған сайын қардың қабаты қалыңдай түседі. Кей уақытта оңтүстіктен жылы жел соғады. Бұндай жылы желден қар сәл босап ериді де, жылылықтан кейінгі аяздың әсерінен қар мұзқатқақа айналады. Бұл кезде жан-жануарларға қатты қар үстімен жүру, өз қоректерін табу қиынға соғады. Бұлан, бұғы, тауешкілері өздерінің өткір тұяқтарымен қарды теуіп ояды, оның астынан мүктер мен жапырақтарды қиындықпен алып жейді. Кей кезде тұяқтарын мұзқатқақ қар қиып жаралайды. Тәрбиеші сұрақтары. қыс айларын атаңдар? қар бетінде пайда болған жұқа қабықша қалай	(суық, желді, аязды) Қыс мезгілінде желді қалай атайды? (боран,үскірік) Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауғаболады?(компаспен, зырылдауықпен) Жел қалай пайда болады? Тәрбиеші түсіндіреді: Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады. Еңбек Жолдарды, орындықтарды, ұсақ архитектуралық мүсіндерді қардан тазалау. Міндеті: бір-біріне достық көмек беруге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын «Мысық пен тышқан».	Күн сайын күн өзендер мен көлдерді, теңіздер мен мұхиттарды қыздырады. Судың ұсақ түйіршіктері аспанға көтеріліп бірігеді де, аспанда бұлт пайда болады. Бұлттағы су түйіршіктері ауыр тартқан кезде, олар жерге жаңбыр болып төгіледі. Бұлттар – шарбы бұлттар және түйдек бұлттар деп аталады. Шарбы бұлттар ашық күндері пайда болады, ал, түйдек бұлттар жауын немесе қар жауарда пайда болады. Балаларға сұрақтар. Бұлттар қандай болады? Олар қайдан пайда болады? Бұлттар нелерге ұқсайды? Зерттеу жұмысы Апспаннан атқа немесе түгеге ұқсас бұлтты табу. Шарбы бұлттар мен түйдек бұлттарды салыстыру. Еңбек	Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді?? Күзде қандай болды? Қазіргі бейнесі қандай? Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді? Айналадағы ағаштар бейнесі қандай? **Зерттеу жұмысы** Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру **Еңбек** Жолды қардан тазалау. Міндеті: аула қараушыға көмектесу. Қимылды ойын: «Кім аққалаға бұрын жетеді?» Міндеті: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру. Жаттығу ойындары Секіру Міндеті:орнында тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру Халық болжамы. Ит қарға аунаса, қарлы боран болады. Мысық қабырғаны

	тазалау, қардан көше қиылысын құрастыру Міндеті: Бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға үйрету; Еңбек дағдыларына тәрбиелеу. Қимылды ойын «Аңшылар мен аңдар» Міндеті: Қозғалыс дағдыларын бекіту; Батылдықтары менептіліктерін дамыту. Жаттығу ойындары «Көпірден өт». Міндеті: тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру Халық болжамы: Мұржадан түтін аспанға тік көтерілсе, аяз болады	аталады? қарқатқақ қалай пайда болады? Зерттеу жұмысы Балабақша ауласындағы ашық алаңдағы және қоршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. Қай жерде қар қалың, қай жерде жұқа. Неге? Еңбек Сырғанаққа су себу Міндеті: суық суды ақырын алып жүруге, сырғанақ бетіне тегіс себуге үйрету. Қимылды ойын «Екі аяз» Міндеті: кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру.	Міндеті: Ептіліктері мен жылдамдықтарын дамыту; Әр бағытта жүкіруге жаттықтыру Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту. Міндеті: қар лақтыру кезінде көз мөлшерлей білулерін дамыту, лақтыру кезінде қол сүйектерін белсенді қозғалта отырып, нысанаға тигізу Халық болжамы: Мысық жылы жерді паналаса, қатты аяз болады	Жолдар мен сырғанақтарды қардан тазалау.. Міндеті: бірлесе жұмыс істеуге үйрету, жұмыс нәтижесіне қуана білу. Қимылды ойын:«Қар үстіндегі хоккей». Міндеті: шайбаны қақпаға домалатуға үйрету. Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту. Міндеті: Сырғанауға үйрету; Сырғанау кезінде отыруға үйрету. Мақал-мәтел: Мезгіл жетсе мұз ерір.	тырналаса, бұрқасын боран болады.
Серуенненоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.				

	Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** Ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, майлықпен сүртіңдер, төкпей-шашпай ішіңдер Нан, сусын, сорпа, дәмді, ащы, тұз, тәтті, ет, балық, тамағыңды іш, ас болсын! Көгөністер көгөніс, сәбіз, қияр, қызанақ. **(Сөздік минимум)**				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртінде п ұйқыда н ояту, сауықтырушаралар ы	Түлкі мен қоян ертегісін оқып беру **(көркем әдебиет)**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайылы баяу музыка тыңдау.	Қазақ халық ертегілерін оқып беру **(көркем әрекет)**	«Бесік жырымен» ұйықтату	Жайлы баяу күй тыңдату.
	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Ұлттық ойын:** «Санамақ» **Ойынның барысы:** Тәрбиеші балаларға түсіндіреді: – Балалар, қазір біз «Санамақ» ойынын ойнаймыз. Мен сандарды реттілікпен айтып, санамақ өлеңін оқимын, сендер де менімен бірге қайталайсыңдар. Санамақ өлеңі Бір – үйде тұрады іркіт,	**Ұлттық ойын:** **«Асық ату»** Асық — қазақтың ұлттық ойыны. Бұл ойын шапшаңдықты, дәлдікті, көзді дұрыс мөлшерлеуді талап етеді. Асықтың түрлі түстері мен аттары бар (сақа, омпы, бүк, шік, тәйке). Қауіпсіздік	**Ұлттық ойын:** **«Соқыр теке»** **Ойынның барысы:** – Балалар, бүгін біз «Соқыр теке» атты қазақтың ұлттық ойынын ойнаймыз. Бұл ойында бір бала — «соқыр теке» болады. Оның көзін байлаймыз. Ол көзін ашпай, басқа балаларды ұстап көруі керек. Қай	**Ұлттық ойын:** «Арқан тартыс» Ойынның сипаттамасы: Тәрбиеші түсіндіреді: – Балалар, бұл – «Арқан тартыс» атты қазақтың ұлттық ойыны. Бұл ойын топпен, бірігіп, күш салып ойнайтын ойын. Арқанды өз жағыңа қарай тартып, қарсылас топты өзіңе қарай өткізу керек. Бұл ойын достықты, бірлікті үйретеді. Ойын барысы:	**Ұлттық ойын:** «Тоғызқұмалақ» Ойын туралы қысқаша , «Тоғызқұмалақ» — қазақ халқының ежелден келе жатқан ақыл-ой ойыны. Бұл ойында құмалақтарды (түймелер түсінік: – Балалар, тастар, асықтар) арнайы тақтадағы ұяшықтарға салып, есептеп ойнайды. Кім көп құмалақ жинаса – сол жеңеді. Ойын

	Екі – егеуқұйрық кіріп кетті, Үш – үшеуі жабылып ұстап алды, Төрт – төрге апарып қамады, Бес – бесіктен қарап тұр бала, Алты – алтыбақанда ойнайды, Жеті – жеті жұрт келді үйге... (Осылайша 10-ға дейін немесе одан әрі жалғастыруға болады.) Санамақ түрлерін қолдану: Сандарды ретімен жаттау Балаларды нөмірлеп, санау арқылы кезек анықтау Қимылмен байланыстыру: әр санға бір қимыл қосу (мысалы, «бір» – алақан соғу, «екі» – қол көтеру	ережелері:Асықты тек белгіленген жерде ғана атады. Басқа балалар жаққа қарай лақтыруға болмайды. Кезекпен ойнаймыз. Ойын түрі: «Кім көп асық атады?» Жүргізілуі: Балалар кезекпен сақамен ортада жатқан көреді. Қай бала көбірек асық ата алса, сол асықтарды атып жеңімпаз атанады. **(Дене тәрбиесі)**	баланы ұстаса, сол орынға соқыр теке болады.	Балалар 2 топқа бөлінеді: Әр топ арқанның екі жағын ұстайды Арқанның ортасына қызыл лента (белгі) байланады Ортада сызық немесе белгі қойылады Ойын басталады: Тәрбиеші: «Бастаймыз**!»** деген белгі береді Екі топ арқанды өз жағына тартады Қай топ қарсылас топты өз жағына қарай тартып өткізсе, сол топ жеңімпаз болады **(Дене тәрбиесі)**	шахмат пен дойбы сияқты логикалық ойындардың қатарына жатады. Қажетті құралдар: Тоғызқұмалақ тақтасының қарапайым үлгісі (қағаз, тақта немесе ағаштан) Әр балаға – 9 құмалақ (тйме, ұсақ тас, т.б.) Сандар жазылған ұяшықтар Ойын ережесінің жеңілдетілген түрі: Әр бала алдында 9ұяшық болады. Әр ұяшықта 1 құмалақтан тұрады. Балалар кезекпен бір ұяшықтан бастап, құмалақтарды келесі ұяшықтарға бір-бірден салып отырады (сағат тілімен). Қарсыластың ұясына келген соң, соңғы құмалақ түскен ұяшықта жұп сан болса – сол құмалақтарды жинайды. Кім көп құмалақ жинаса – сол жеңімпаз. Дамытушылық бағыт:Санау (1-ден 9-ға

						дейін) Сағат тілі бойынша жүруді үйрену Кезекпен ойнауды меңгеру Жеңісті, жеңілісті дұрыс қабылдау **(Математика негіздері)**
Балаларменжекежұмыс	бақылаулар мен сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастыра алмайды. Сөздерді анық әрі байланыстырып сөйлеуге үйрету. Болат Ералы	қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұраты кейбір сөздерді ішінара анық айта алуын дамыту Сайлау Меруерт	жазу парағында бағдарлай біледі, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті бағдарлауға тырысады.Әдемі жазуға үйрету. Мұрат Хансұлтан	мазмұнның бірізділігін сақтай отырып, шығарма мазмұнын ішінара қайталап айтады Әуелбек Мансұр	қаламды дұрыс ұстауға тырысады.Қаламды дұрыс ұстап әдемі жазуын жетілдіру. Ниетбай Адель	
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**					
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**					
Серуен	**«Жел мен жапырақтар» Міндеті:** Табиғат құбылыстарын қимылмен бейнелеу, ептілікті дамыту.	«Эстафеталық лабиринт»Ептілік, бағдарлау және уақытпен жарысу қабілетін	«Ғарыш сапары» Қиялды, бағыт-бағдар сезімін дамыту.	«Кодты жеткіз» Жүгіру жылдамдығы мен зейінді дамыту. **Шарты:** Бір бала «код»	«Мылтықсыз мергендер» Дәлдік, көз мөлшерін және қол бұлшық етін дамыту.	

	Шарты: Балалар – жапырақтар. Тәрбиеші «жел соқты» десе, балалар айналып, әр тарапқа жүгіріп кетеді. «Жел басылды» десе, бәрі тоқтайды.	арттыру. **Шарты:** Балалар кезекпен лабиринттен өтіп, таяқшаны келесі ойыншыға береді.	**Шарты:** Балалар «ғарыш кемесі» рөлінде станциялардан өтеді, әр станцияда тапсырма орындайды (секіру, еңбектеу, лақтыру).	(қағаз) алып, кедергілерден өтіп командаласына жеткізеді, команда оны әрі қарай жалғастырады	**Шарты:** Балалар допты немесе қапты нысанаға дәл тигізеді, әр түрлі қашықтықтан.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Дербес ойын** «Қуыршақты тамақтандыр». Міндеті:Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру. **Мүсіндеу Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті**	Балаларды орталықтарға бөлу. Қалаулары бойынша дербес шығармашылық әрекеттер ұйымдастыру. **(мүсіндеу) (жапсыру)**	Көлеңке театрымен таныстыру, көлеңке театрының кейіпкерлерінен ата, апа бейнесін танып атау, сәлемдесу, қоштасу сөздерін айтуды үйрету **(Көлеңке театры) Құм терапиясы** Құм терапиясымен таныстыру, құммен ойнаудың алғашқы техникасын үйрету.	Қуыршақ театрының кейіпкерлерінен ата, апа, ана, әке бейнесін танып атау, сәлемдесу, қоштасу сөздерін айтуды үйретуді пысықтау **(Көркем әдебиет)** ойыншықтармен ойынойнауын жетілдіру **(Құрылыс ойындары)**	Топтағы табиғат бұрышын тамашалатуды үйрету. **(Қоршаған әлеммен таныстыру) Үстел үсті театры** Үстел үсті театрымен таныстыруды жалғастыру, кейіпкер аттарын қайталату**.(Көркем әдебиет)**
Балалардыңүйгеқайтуы	**Өнегелі 15-минут:**Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).				

Тәрбиеші:А.Жумагулова

Г.Болат

Әдіскер_____ АтыгаеваА.Т

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Мектепалды «Күншуақ» тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 10.02 - 14.02. 2025 жыл II апта
Ақпан – Жасампаздық пен жаңашылдық айы

Күнтәртібі	**Дүйсенбі** **10.02.2025ж**	**Сейсенбі** **11.02.2025ж**	**Сәрсенбі** **12.02.2025ж**	**Бейсенбі** **13.02.2025ж**	**Жұма** **14.02.2025ж**
Балалардықабылдау	Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! Балалар **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу , шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. **(Музыка)** Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Ата-аналармен немесе баланың	**Өнегелі 15-минут**:Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;				

басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	Топта тазалық сақтауға,ойыншықтарды сүртуге,табиғат бұрышындағытірші лікиелерінекүтімжасауға,кезекшілікмінделерінжауапкершілікпенатқаруға баулу Дидактикалық ойын «Айырмашылығын тап», «Қай ойыншық жоқ», «Ұқсайды-ұқсамайды» Балалармен жеке жұмыстарды ұйымдастыру **(Танымдық, еңбек іс-әрекеті)**	Сырмақ» Қазақтың сәндік қолданбалы өнер бұйымдарын атауға үйрету. Ұлттық ою-өрнек элементтерін пайдаланып,сырмақтың үстіне оюды жиектеп бастырып бояту. Ойын барысы: Оюларды сырмаққа орналастыру: Балалар қиылған оюларды сырмақтың үлгісіне (қағазға немесе матаға) орналастырады. Әр бала оюларды түрлі-түсті үйлесіммен реттейді, тәрбиеші олардың дұрыс орналастыруына көмектеседі. **Бір тұтас тәрбие**	«Торсық» Қазақтың ұлттық ыдысы торсықты көрсету,пайдасын айтып беру. Үлгіге қарап ермексаздан түрлі тәсілдерді қолданып мүсіндеуі және кескішті пайдаланып , ою-өрнекпен әшекейлеуді үйрету.Тәрбиеші балаларға ою-өрнектердің үлгілерін көрсетеді.Балалар кескіш құралдарды пайдаланып, торсықтың бетіне ұлттық өрнектерді салады (қошқармүйіз, гүл, геометриялық пішіндер).Ермексаздан кішкентай бөліктерді қиып алып, торсықтың бетіне жапсырып, қосымша сән береді. **Бір тұтас тәрбие**	«Әжемнің өрнектері» Оюларды трефераттарды басу арқылы салуға дағдыландыру. Негізгі түстерді ажыратып, қолдану. Балаларға дайын трафареттер ұсынылады. Әр бала өзіне ұнаған оюды таңдап алады. Тәрбиеші балалардың оюларды дұрыс таңдауына және оларды қалай бастыру керектігін көрсетеді. Трафаретпен жұмыс:Балалар трафаретті қағаздың немесе матаның бетіне орналастырады. Қылқалам немесе губка арқылы трафареттің ішіне бояуды мұқият жағады. Балаларға бояуды үйлесімді қолдану ұсынылады (мысалы, бір өрнекке екі немесе үш түсті қолдану). **Бір тұтас тәрбие**	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Табиғи материалдармен құрастыру, шығармашылық жұмыстар. Балалармен жеке жұмыстарды жасау **(Танымдық, қарым -қатынас іс-әрекеті)**
Ертеңгілік жаттығу	**«Менің Қазақстаным»** әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту				

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">қабілетін дамытуға ықпал ету.
Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Таңғы жаттығу кешені</td><td colspan="5">1. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, басты оңға,солға айналдыру 5-6 рет
2. Б.қ. аяқты алшақ қойып, қолды иыққа ұстап, екі жанына созу 5-6 рет.
3. Б.қ. аяқты алшақ қойып, бір қолды белге ұстап, екінші қолды жоғары көтеріп, оңға,солға кезекпен иілу 5-6 рет.
4. Б.қ.тік тұрып, бір аяқпен алға қарай бір қадам жасап, тізені бүгіп, екі қолды тізенің үстіне қойып, төмен басылып, б.қ. келу 5-6 рет.
5. Б.қ.аяқты сәл алшақ қою, қолды белден ұстап, аяқтың оң,сол ұшынмен тұру 5-6 рет.
6. Б.қ. екі қолды екі тізеге ұстап, тізені ішке және сырқа айналдыру 5-6 рет.
7. Б.қ. аяқты қосу қол белде, орында тұрып қолды екі жанына созып, аяқты қолды бірге қосып секіру 5-6 рет. Тыныс алу жаттығулары.2-3 рет.
Саппен бір-бірінің артынан шеңбер бойлап қолды екі жанына созып аяқтың ұшымен жүру, қол белден ұстап өкшемен жүру, жүгіру қолды кеуде тұстан ұстап аяқтың ұшымен жүгіру.тыныс алу жаттығулары 2-3 рет.</td></tr>
<tr><td>Таңғыас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Нан, ботқа, дәмді, тамағыңды ішеміз, ас болсын! (Сөздік минимум)
Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылғанісәрекетке дайындық</td><td colspan="5">2-ші апта дәйек сөзі!
«Жаңа істен жақсылық туады.»</td></tr>
<tr><td></td><td>Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік жайлы әңгімелесу
«Бағдаршам» мобильді ойыны
Балалар бағдаршамның айналасында тұрады. «Барамыз, барамыз, барамыз» әнінің аудио жазбасы естіледі. Бағдаршам қызыл жасыл</td><td>Қаржылық сауаттылық
Міндеті: Ойын: «Дүкенші мен сатып алушы»
Міндеті: Ақша мен заттарды тану, қарапайым сатып алу-сату әрекетін түсіну.
Құралдар:
Қағаздан жасалған ақша</td><td>Д/Ойын «Адалдық әріптері»
Міндеті: Адалдық, шыншылдық, әділдік ұғымдарын ойын арқылы түсіндіру.
Құралдар:
– Әріптер жазылған карточкалар (А, Ш, Д, М т.б.)
– Суреттер (досына көмектесу, шын айту, кезек күту)
Ойын барысы:</td><td>Біртұтас тәрбие бағдарламасы
Д/Ойын: «Адал боламын»
Адал әрекеттерді тәжірибе жүзінде көрсету
Ойын барысы:
Балалар топқа бөлінеді
Тәрбиеші рөлдік</td><td>Біртұтас тәрбие бағдарламасы
Адал әрекеттерді бейнелеу
Ойын барысы:
Балалар сурет салады: досына көмектесу, ойыншықпен бөлісу, шын айту
Әр бала суретін</td></tr>
</table>

	немесе сары жалаушаны көтереді. Жасыл сигнал түссе балалар шеңбер бойымен жүреді, қызыл түсте тоқтайды, сары түсте қол соғады. **Қауіпсіздік ережелері**	(монета, банкнота) Ойыншықтар немесе суреттер (жеміс, тәтті, ойыншықтар) Кішкентай сөмке немесе касса Ойын барысы: Бір бала – дүкенші, басқа бала – сатып алушы. Сатып алушы затты таңдап, ойыншық ақшасын береді. Дүкенші ақшаны алады, затты береді. Рөлдерді ауыстыру.	Тәрбиеші бір әріпті көрсетеді (мысалы, **А**). Балалар бірге айтады: А – Адал бала Сол әріпке байланысты суретті таңдап, не болып жатқанын әңгімелейді.		жағдай береді: – «Досыңды ойнауға шақыру» – «Өтірік айтқанын айтпай тұру» Балалар өздерін көрсетеді Содан кейін талқылау: «Бұл адалдық па?»	таныстырады және әрекетін түсіндіреді
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға дағдыландыру. Д/Ойын 1: «Үлгіні тап» Тәрбиеші қағаздағы үлгілерді көрсетеді: – тігінен, көлденең,	**Математика негіздері** **Міндеті:**Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу. «Салыстыру, сәйкестендіру және ерекшені табу» Құралдар: Түстері, пішіні немесе өлшемі әртүрлі заттар Карточкалар (сәйкестендіру үшін) Д/Ойын түрлері	**Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:**Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей жазуға дағдыландыру. Саусақ пен қолды дайындау Саусақ ойыны: «Қарындаш оянды»		**Сауат ашу** **Міндеті:**Саусақтарменн біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салуды қалыптастыру Үлгі бойынша сызық салу Д/Ойын : «Ауадағы жол» Тәрбиеші тақтада тік сызық көрсетеді Балалар саусағымен ауада жүргізеді:	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Жіктеу, тәуелдеу Д/Ойын : «Кімнің заты?»

	қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтар – нүктелер, тамшы тәрізді пішіндер Балалар үлгіні қайталайды, арақашықтықты сақтай отырып Тәрбиеші түзетіп, қолын бірдей қимылмен жүргізуге үйретеді Д/Ойын : «Сызықтар жолы» Балалар сызықтарды бір-біріне жалғайды Мысалы: тігінен сызықтан көлденең сызыққа ауысады Толқынды немесе ирек сызықтар арқылы «жол салу» Д/Ойын : «Менің сызықтарым» Балалар өз қағазында өз жолдарын салады Тәрбиеші көмектесіп, арақашықтықты сақтауды ескертеді Бірінші қадамда кіші сызықтар, нүктелер, кейін ұзын, күрделі толқынды сызықтар Д/Ойын: «Қол биі»	«Беттестір» Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға бірдей заттардан топтар көрсетеді (мысалы, қызыл шар, көк шар, қызыл куб) Балалар тек бірдей заттарды табады және бір-бірімен беттестіреді Тәрбиеші сұрақ қояды: – «Қай заттар бірдей?» – «Қандай белгілер бойынша?» (түс, пішін) «Тұстастыр» Ойын барысы: Балалар заттарды жұппен табады: – Түрі бірдей (мысалы, 2 шар, 2 куб) – Өлшемі бірдей – Түсі бірдей Тәрбиеші тексеріп, әр жұпты мақтайды «Қайсысы сәйкес емес?» Ойын барысы: Балаларға 3–4 зат топтары беріледі (мысалы: қызыл шар, қызыл куб, көк шар) Сұрақ: «Қайсысы басқа заттарға сәйкес емес?» Балалар топтан ерекшеленетін затты бөліп алады Тәрбиеші түсіндіреді: «Бұл зат	Саусақтарды ашып-жұму «Жаңбыр» – саусақпен үстелді жеңіл тықылдату «Құм себу» – саусақтарды босаңсыту Қаламды дұрыс ұстауға үйрету Д/Ойын: «Үш саусақ дос» Қаламды бас бармақ, сұқ саусақ, ортаңғы саусақпен ұстау Айнаға қарап көрсетеді Тәрбиеші түзетіп көмектеседі Түсіндіру: – Қарындашты қыспаймыз, ол еркін жүреді. Көзбен қадағалап жазу Д/Ойын : «Көз бен қол – дос» Үлгі сызықтарды көзбен қарап, саусақпен ауада жүргізу Кейін қарындашпен дәптерге салу Тәрбиеші ескертеді: – Қарындашқа қатты баспа, жай жүргіз Д/Ойын : «Жай жүретін жол» Нүктелі сызықтарды қосу	– жоғарыдан төменге Кейін көлденең сызық: – солдан оңға Д/Ойын : «Құмдағы із» Балалар құмға немесе манкаға саусақпен сызық салады Сызықты үзбей салуға назар аударылады Қарындашпен сызық салу Д/Ойын: «Ұзын жол» Үлгі бойынша тік және көлденең сызықтарды қарындашпен сызу Сызықты басталған жерден соңына дейін тоқтамай жүргізу Тәрбиеші: – Қарындаш демалып жүрсін, қатты баспа Д/Ойын: «Қолдар биі» Қолды жоғары-төмен, солға-оңға біркелкі қозғау Толқынды қимыл жасау Бекіту ойыны	Тәрбиеші бір затты көрсетеді (доп) Балалар айтады: – Менің добым – Сенің добың – Оның добы Балалар кезекпен сөйлем құрайды Септік жалғауларды қолдану Д/Ойын : «Сұраққа жауап бер» Тәрбиеші сұрайды: – Доп қайда? (үстелде) – Кітапты кімге? бердің? Балалар сөйлеммен жауап береді: – Мен допты досыма бердім Сөйлем түрлерін ажырату Ойын 3: «Қалай айтылды?» Тәрбиеші сөйлемді түрлі интонациямен

	Қолдарын жоғары-төмен, оңға-солға, толқынды түрде қозғалу Қимыл арқылы сызықтарды «суреттеп» көрсету **Математика негіздері** **Міндеті:**Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру. Пішіннің бір формасынан екіншісін жасау Д/Ойын : «Пішінді өзгерту» Тәрбиеші қағаздан дайын шаршыны, тікбұрышты көрсетеді Балалар оны екіге немесе бірнешеге бөліп, жаңа треугольник, кішкене шаршы жасайды Тәрбиеші түсіндіреді: – «Бір үлкен пішінді	түсі немесе пішіні бойынша басқаша» «Топқа біріктіру» Ойын барысы: Балалар заттарды 2–3 белгілері бойынша топқа бөледі: – Түсіне қарай – Пішініне қарай – Өлшеміне қарай Әр топты талқылап, неге сол заттар бірге екенін анықтайды **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:**Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Негізгі ойды анықтау Д/Ойын : «Басты ойды тап» Тәрбиеші сурет көрсетеді (мысалы: бала алма жеп отыр) Сұрақ қояды: – «Суретте не болып жатыр?» Балалар негізгі ойды бір сөйлеммен айтады – «Бала алма жеп отыр.» Дұрыс айтқаны үшін смайлик береді Монологты құру	Тік, көлденең, толқынды сызықтарды баяу салу Балалар жазғанын көзбен бақылап отырад Д/Ойын: «Қарындаш демалады» Қолды сілкілеу Терең тыныс алу «Жеңіл–ауыр» жаттығуы – ауада қатты басып салу – сосын жеңіл салу (айырмашылығын сезіну) **Құрастыру: Жапсыру** **Міндеті:** Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыруды үйрету. **Құрастыру:** **Міндеті:** Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге	Д/Ойын: «Қай жол дұрыс?» Бір суретте үзілген сызық, бірінде үзілмеген сызық көрсетіледі Балалар дұрыс жолды таңдайды Өздері үзбей салып көреді Д/Ойын: «Менің әдемі жолым» Балалар өз сызықтарын көрсетеді. Тәрбиеші мадақтайды: – Сен сызықты үзбей, біркелкі салдың! **Математика негіздері** **Міндеті:** Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау. «Кеше – Бүгін – Ертең» ұғымдарын таныстыру	айтады: Хабарлы: Мен доппен ойнадым. Сұраулы: Мен доппен ойнадым ба? Лепті: Мен доппен ойнадым! Балалар қай түрі екенін айтады және қайталайды. Д/Ойын: «Интонация қимылы» Хабарлы – қолды жай көтеру Сұраулы – иықты көтеру Лепті – алақан соғу Д/Ойын: «Микрофон сөйлейді» Балалар микрофонды алып, бір сөйлем айтады Тәрбиеші: – Бұл қандай сөйлем? – Кімнің заты айтылды? Д/Ойын: «Мен

	бөлшектерге бөліп, жаңа пішіндер аламыз» Бүтін мен бөлікті салыстыру Д/Ойын : «Бүтін немесе бөлік?» Балаларға қағаздан жасалған бөліктер беріледі Тәрбиеші сұрақ қояды: – «Бұл пішін бүтін бе, әлде бөлік пе?» Балалар қолдарын көтеріп жауап береді Мысалы: «Бұл үлкен шаршы – бүтін, ал кішкене үшбұрыш – бөлік» Пішіндерді бөлу Д/Ойын : «Тең немесе тең емес?» Қағаз парағын 2-ге, 3-ке немесе 4-ке бөлу Балалар бөліктердің тең немесе тең емес екенін айтады Тәрбиеші түзетеді және үлгілерді көрсетеді Бөліктерден пішін құрастыру Д/Ойын : «Пазл жаса» Балаларға 8–10 бөліктен тұратын пішіндер	Д/Ойын : «Мен айтып беремін» Балаларға 2–3 сурет беріледі Суреттер бойынша бір сөйлемнен бірнеше сөйлемге дейінгі монолог құрады – Мысалы: «Бала алма жейді. Алма тәтті. Ол қуанып отыр.» Тәрбиеші көмектеседі, интонация мен байланысқа назар аударады Әңгімені бірізді айту Д/Ойын : «Сурет жолы» Бірнеше сурет беріліп, дұрыс ретімен орналастыру қажет Балалар суреттерді қарап, логикалық түрде әңгіме құрады – «Бала оянады → ас ішеді → мектепке барады» Әр бала өз монологын айтады Шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелер құру Д/Ойын : «Әңгіме құрастырушылар» Тәрбиеші ойыншық немесе зат көрсетеді (мысалы: ойыншық ит) Балалар сұрақтарға жауап бере отырып қысқа хабарлау сипатындағы әңгіме құрастырады – «Ит бақтады. Ол қуанды. Ит ойнады.»	жоспарлауға үйрету. Ойынға қажетті құрылысты бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру. Жоспарлау кезеңі Д/Ойын: «Алдымен ойланайық» Тәрбиеші сұрақтар қояды: Қаламызда не болады? (үй, жол, дүкен, ағаш, көпір) Қайсысы үлкен, қайсысы кіші? Алдыда не тұрады, артында не болады? Балалар бірге талқылап, жұмысты бөліседі: Бір топ – үйлерді құрастырады Бір топ – жол, көпір жасайды Бір топ – ағаш, күн, бұлттарды жапсырады Құрастыру бөлімі Д/Ойын: «Құрылысшылар» Балалар құрылыс материалдарынан үйлер, көпірлер салады	Д/Ойын : «Уақыт күнтізбесі» Тәрбиеші үш карточканы қатар қояды: кеше – бүгін – ертең Мысалдар келтіреді: – Кеше біз балабақшаға келдік – Бүгін ойнап отырмыз – Ертең тағы да келеміз Балалар өз өмірінен мысал айтад Оқиғалардың ретін анықтау Д/Ойын : «Не алдымен, не содан кейін?» Балаларға 3–4 сурет беріледі (қол жуу → тамақ ішу → ойнау) Балалар суреттерді дұрыс ретімен қояды Сөйлеммен айтады: – «Алдымен қолымды жудым, содан кейін тамақ ішемін» «Бұрын – кейінірек» ұғымын бекіту Д/Ойын : «Уақыт	дұрыс сөйлеймін» Балалар бір сөйлем құрайды: – Менің ойыншығым сөренің үстінде! **Көркем әдебиет** **Міндеті:**Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Кітаптағы иллюстрацияларға назар аудару Д/Ойын : «Суреттерді тап» Тәрбиеші кітапты көрсетеді Балалар: – «Мынау қандай сурет?» – «Не істеп жатыр кейіпкер?» Балалар көрген нәрсесін айтады, түсіндіріп сипаттайды Мысалы: «Мысық доп ойнап жатыр»,

	беріледі Бөлшектерді жинап, бүтін пішін құру Тәрбиеші бағыттайды: – «Мына кішкене үшбұрыштарды біріктіріп үлкен квадрат жасап көр» Балалар топпен немесе жеке жұмыс істейді Д/Ойын: «Қимыл арқылы пішін» Балалар пішіндерді қолымен немесе денесімен бейнелейді: – Шаршы – төртбұрыш жасап тұру – Үшбұрыш – қолымен үшбұрыш жасау – Шеңбер – қолмен дөңгелек жасау Д/Ойын: «Мен пішін шеберімін» Балалар кезекпен өз жасаған пішіндерін көрсетеді Сөйлеммен сипаттайды: – «Мен кішкентай үшбұрыштан үлкен шаршы жасадым» **Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)	Әңгіме логикалық байланыста болуы керек Д/Ойын: «Әңгіме биі» Балалар әңгімедегі кейіпкерлердің әрекетін қол-қимылмен көрсетеді – Бала жүгіру → қолдарын сермеп жүру – Ит ойнау → қолмен иттің әрекетін көрсету **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. "Өлі табиғат" ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Тірі және өлі табиғат ұғымымен таныстыру Д/Ойын : «Не тірі, не өлі?» Тәрбиеші суреттер көрсетеді: – Ит, гүл → тірі – Күн, бұлт, тастар, су → өлі Балалар қолдарын көтеріп жауап береді: «тірі» немесе «өлі» Қажет болса, қысқаша	Бір-бірімен келісіп, көмектесіп жұмыс істейді Тәрбиеші бағыттайды: – Үй неге биік? – Көпір не үшін керек? Жапсыру бөлімі Д/Ойын: «Қаланы әсемдейік» Балалар сюжеттік жапсыру орындайды Үлкен–кіші заттардың өлшемдік арақатынасын сақтайды Пішіндерді дұрыс таңдайды (үй – тікбұрыш, шатыр – үшбұрыш) Перспектива: алдыңғы қатар – үлкен заттар артқы қатар – кіші заттар Дайын құрылыспен ойнау Сюжеттік-рөлдік ойын: «Біздің қалада» Балалар ойыншықтарды пайдаланып ойнайды Қалада не болып жатқанын әңгімелейді Бір-бірінің жұмысын құрметтейді Д/Ойын: «Қаламызды таныстырайық» Әр топ өз жасағанын	жолы» Еденге сызық жүргізіледі Сол жағы – бұрын, оң жағы – кейінірек Балалар оқиғаларды тиісті орынға қояды – «Мен кішкентай едім» – бұрын – «Мен қазір балабақшаға барамын» – кейінірек Д/Ойын: «Уақыт қимылы» Тәрбиеші айтады: – «Алдымен» – қолды жоғары көтеру – «Содан кейін» – секіру – «Кеше» – артқа қадам – «Ертең» – алға қадам **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Тілдің грамматикалық құрылымы. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы,	«Күн жарқырап тұр» Сурет арқылы әңгіме құру Д/Ойын : «Сурет әңгімесі» Балаларға бір иллюстрация беріледі Сурет бойынша қысқа әңгіме құрастыруға шақырылады Тәрбиеші бағыттайды: – «Мұнда не болып жатыр?» – «Кейіпкерлер не істеп жатыр?» Балалар бір-біріне айтып, монологты жаттығады Детальдарға назар аудару Д/Ойын : «Не айырмашылық?» Тәрбиеші екі ұқсас сурет көрсетеді Балалар айырмашылықтарын табады – «Бұл суретте мысықтың қолы

	Дене тәрбиесі (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	түсіндірме береді: – «Тас – өлі, себебі қозғалмайды және өмір сүру қасиеті жоқ» Өлі табиғат заттарын адамның жасаған заттардан ажырата білу Д/Ойын : «Қайсысы табиғат, қайсысы адам жасаған?» Суреттер мен нақты заттар беріледі: – Өлі табиғат: су, мұз, тастар – Адам жасаған заттар: ойыншық, доп, ыдыс Балалар қолдарын көрсету арқылы ажыратады Тәрбиеші түзетіп, түсіндіреді: – «Су – өлі табиғат, доп – адам жасаған зат» Қосымша ойындар Д/Ойын : «Тірі мен өлі табиғат саяхаты» Тәрбиеші табиғат заттарының суреттерін шеңберге қояды Балалар кезекпен жүреді, – «Мен өлі табиғатпын» → тасқа барады – «Мен тірі табиғатпын» → гүлге барады Д/Ойын : «Табиғаттар мен адам жасаған заттар» Балаларға екі қапша беріледі: – Біреуіне өлі табиғат заттарын	көрсетіп айтады: – Бұл – үлкен үй. – Бұл – жол, ол машиналарға керек. Тәрбиеші мадақтайды: – Сендер бірлесіп, келісіп жұмыс істедіңдер! **Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесінұсқаушысының жоспары бойынша)	лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Хабарлы сөйлемді таныту Д/Ойын 1: «Айтамын, көр» Тәрбиеші хабарлы сөйлем айтады: – «Мен алма жедім.» Балалар айнаға қарап, интонациямен қайталайды Интонация: дауысты біркелкі, соңын төмен түсіріп айту Балалар өздеріне жұлдызшаларды алады Сұраулы сөйлемді таныту Д/Ойын : «Сұрақ жасаймыз» Тәрбиеші сұраулы сөйлем айтады: – «Сен алма жедің бе?» Балалар интонацияны көтеріп айтады Айнаға қарап бет мимикасын қоса көрсетеді	жоғарыда, ал мынада төменде» Детальдарға назар аудару арқылы байқау қабілеті дамиды Суреттен эмоция мен көңіл-күйді көрсету Д/Ойын : «Кейіпкерді сезін» Балалар суреттегі кейіпкердің көңіл-күйін айнаға қарап көрсетеді Мысалы: қуанышты, ренжіген, таң қалған Дауыс ырғағы мен мимикамен қоса көрсету арқылы шешендік өнерге шағын дайындық Д/Ойын: «Сурет биі» Балалар музыкамен қимыл жасап, суреттегі кейіпкерлердің әрекетін бейнелейді Мысалы: ұшып

		салады – Екіншісіне адам жасаған заттарды салады Тәрбиеші қадағалап, дұрыс салыстырады **Қазақ тілі** **Міндеті:**Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу. Шағын өлеңдер мен тақпақтарды жаттау Д/Ойын 1: «Мен айтып беремін» Тәрбиеші шағын өлең немесе тақпақты айтады Балалар бір-біріне қарап, интонациямен қайталайды Қайталай отырып, балалар өлеңнің мәнін түсінеді Әр дұрыс айтқан бала смайлик алады Санамақтарды жаттау Д/Ойын : «Санамақтар маршы» Балалар санамақты ритммен айтып, қол қимылдарын қосады – Мысалы: «Бір, екі, үш, төрт, бес, барлығы жиналды біз!» Тәрбиеші ритм мен		Д/Ойын 3: «Мәтінді эмоциямен айт» Лепті сөйлем айтылады: – «Қандай әдемі алма!» Балалар қуанған, таңқалған дауыс ырғағымен айтады Қол мен бет қимылын қосып көрсету Д/Ойын : «Сөйлемдерді тап» Сөйлем карточкаларын таратады Балалар өз карточкасын оқып, интонацияға сай орындайды Мысалы: – «Мен доп ойнадым.» → хабарлы – «Сен доп ойнадың ба?» → сұраулы – «Қандай қызық ойын!» → лепті Тәрбиеші әр дұрыс айтқан балаға смайлик береді Д/Ойын: «Сөйлем	жүрген құс, секіріп ойнап жүрген бала **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:**Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, "орман", "шалғын" және "бақша" ұғымдарымен таныстыру. Өсімдіктермен таныстыру Д/Ойын : «Бұл не?» Тәрбиеші суреттерді көрсетеді Балалар атайды: – Ағаш – Бұта – Гүл – Шөп Әр өсімдікке қысқаша

		интонацияға мән береді Жаңылтпаштарды айту Д/Ойын : «Жылдам айт» Балалар кезекпен жаңылтпаштарды дыбыстап айтады Мысалы: «Қара қасқа қасқа қарақат» Балалар дәлірек және тез айтуға үйренеді Тәрбиеші дұрыс айтқандарды бағалайды Жұмбақтар шешкізу Д/Ойын : «Жұмбақ шешушілер» Тәрбиеші жұмбақ жазады немесе айтады: – «Аспанда жарық, түні мен күні бар» (Күн) Балалар шешімін табады Әр дұрыс жауап үшін смайлик немесе жұлдызша беріледі Шешендік өнерін дамыту Д/Ойын : «Мен шешенмін» Балалар кезекпен қысқа өлең, тақпақ немесе санамақты интонациямен, мимикамен айтады Қол қозғалысын қосу, дауыс ырғағын қолдану арқылы ойынға көркемдік енгізеді Тәрбиеші ойынға қызығушылықты арттырады		биі» Музыка қосылады Балалар сөйлем түріне қарай қозғалады: – Хабарлы → бір қалыпты жүріс – Сұраулы → қолды жоғары көтеру – Лепті → секіріп, қолмен қимыл жасау Д/Ойын: «Мен сөйлем шеберімін» Балалар кезекпен кез келген сөйлемді алады Интонациясы бойынша айтып, өз эмоциясын көрсетеді **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік	сипаттама беріледі «Орман», «Шалғын», «Бақша» ұғымдарын таныстыру Д/Ойын : «Қай жерде өседі?» Үш плакат ілінеді: Орман – Шалғын – Бақша Балалар суреттерді дұрыс мекенге орналастырады – Орман: қарағай, қайың – Шалғын: гүлдер, шөптер – Бақша: алма ағашы, сәбіз Топтастыру ойыны Д/Ойын : «Өз үйін тап» Әр бала бір өсімдік суретін алады Музыка тоқтағанда, өз өсімдігінің мекеніне барып тұрады Балалар неге сол

		Д/Ойын: «Сөз биі» Балалар музыкамен қимыл жасап, өлең жолдарын, санамақтарды, тақпақтарды қайталайды Мысалы: қолдарын сермеп, секіріп айту		беру дағдысын қалыптастыру Ақпарат көздерімен таныстыру Д/Ойын : «Қайдан білдім?» Тәрбиеші карточкаларды көрсетеді: теледидар, телефон, ата-әже, кітап Балалар атайды: – «Мен теледидардан көрдім» – «Маған әжем айтты» Әр бала бір дереккөзді таңдап, соған байланысты мысал келтіреді Әсерлерімен бөлісу Д/Ойын : «Сөйлейтін микрофон» Микрофонды ұстаған бала сөйлейді Тәрбиеші бағыттайды: – Сен не көрдің? – Қайдан білдің? – Ол саған ұнады ма? Балалар қысқа, нақты сөйлеуге үйренеді Тыңдау және сұрақ	жерді таңдағанын айтады Д/Ойын: «Өсімдіктер қимылы» Ағаш – тік тұрып, қолды жоғары созу Гүл – жай ашылу Шөп – желмен тербелу Бекіту Д/Ойын: «Дұрыс айт» Тәрбиеші сұрайды: – Қай жерде ағаштар көп? – Шалғында не өседі? – Бақшада кім күтеді? Балалар толық сөйлеммен жауап береді. **Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)

				қою Д/Ойын : «Досыңды тыңда» Бір бала әңгімелейді Екіншісі 1 сұрақ қояды: – «Ол не туралы?» – «Саған несі ұнады?» Бұл балаларды тыңдай білуге үйретеді Д/Ойын: «Көрдім – естідім – білдім» «Көрдім» – көзін көрсетеді «Естідім» – құлағын көрсетеді «Білдім» – басын ұстайды Бекіту ойыны Д/Ойын: «Дұрыс айт» Тәрбиеші бастайды: – Мен теледидардан… – Маған анам… Балалар жалғастырады Д/Ойын: «Мен бөлісе аламын» Балалар бір сөйлеммен айтады:	

				– Мен бүгін достарыма … айтып бердім	
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
				жинаған бала марапатталады. Д/ойын: «Дыбыс тауып, суретке апар» Ойын барысы: Тәрбиеші дыбысты айтады: мысалы, р – л Балалар суреттен сол дыбысты табады және дұрыс айтып көрсетеді Дұрыс айтса, суретке «смайлик» немесе «жұлдыз» қойылады **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру. Д/ойын:«Рөлді өзің таңда» Ойын барысы: Балалар үстелден өздеріне ұнаған кейіпкерді таңдайды. Тәрбиеші тек бағыт береді: Бұл кейіпкер қандай? Ол не істейді?	«Тротуарда тек жаяу жүреді» және т.б. **Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)

				Д\ойын: «Ертегіні өзгертіп көр» Ойын барысы: Тәрбиеші таныс ертегіні айта бастайды. Балалар сюжетті өз қалауларынша жалғастырады немесе өзгертеді. Ал егер қасқыр мейірімді болса ше? Д/ойын: «Кімболамын?» Ойын барысы: Қапшықтан кейіпкер аты жазылған карточка алынады. Бала сол рөлді қимыл, дауыс арқылы көрсетеді. Д/ойын:«Сахна құрастыр» Ойын барысы: Балалар сахнаны өздері құрастырады, қай жерде не болатынын келіседі	
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**				

	Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**1.Көктемгі табиғатқа бақылау** **Мақсаты:** Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру. Көктемгі табиғат әсемдігінен ләззат ала білуге баулу. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Көркем сөз Жайраңдасып кәрі жас Құстар келе бастады Қыс киген ақ шапанды Көктем сөгіп тастады. Мысал сұрақтар -Қазір қай жыл мезгілі? -Көктемде неше ай бар? -Қазір қай ай? -Көктемнің хабаршысы деп қай құсты атайды? -Көктем сендерге несімен ұнайды? **2. Қимылды ойындар:** «Кегли»	**1.Суға бақылау** **Мақсаты:** Балалардың су туралы білімдерін бекіту. Сұрақ –жауап арқылы сөздік қорларын, ой -өрісін дамыту. Жұмбақ Жылт –жылт еткен Жылғадан өткен (су) Мысал сұрақтар -Балалар далада не ағып жатыр? -Су неден пайда болады? -Бүгін ауа –райы қандай? -Судың түсі қандай -Сусыз адам өмір сүре ала ма? -Неге су тіршілік нәрі деп атайды? -Егер су болмаса не болады? **2.Қимылды ойындар:«Күн мен жаңбыр»** **Мақсаты:** Балаларға	**1.Ағып жатқан суға бақылау** **Мақсаты:** Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру. Сұрақ –жауап арқылы сөздік қорларын, ой-өрісін дамыту. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Көркем сөз Алақай –ау, алақай Көктем келді балақай Құстар келіп ән салып Жылғалардан су ақты Мысал сұрақтар -Балалар қазір қай жыл мезгілі? -Көктемде неше ай бар? -Қазір қай ай? -Далада қандай өзгерістер болып жатыр? -Қар еріп неге айналды? -Жылғалардан нелер ағып жатыр? **2.Қимылды ойын:** «Аңшылар мен қояндар»	**1.Ұшаққа бақылау** **Мақсаты:** Балалардың ұшақ туралы білімдерін молайту. Сұрақ –жауап арқылы сөздік қорларын, ой -өрісін дамыту. Жұмбақ Аспанда ұшар қалықтап Құс қанаты секілді (ұшақ) Мысал сұрақтар -Аспанда не ұшады? -Ұшақты неменеге ұқсатады? -Балалар сендер қандай ұшақ түрлерін білесіңдер? -Ұшақ не үшін керек? -Ұшақ күнделікті көлік жүретін жолмен жүре ала ма? -Ұшақты кімдер жүргізеді? **2. Қимылды ойындар:**«Көрінбейтін тақия». Ойыншылар айнала шеңбер болып	**1.Құстың ұясына бақылау** **Мақсаты:** Балаларға құстың ұясы тупалы мағлұмат беру. Ұяны құстар неден және қалай жасайтыны туралы мағлұмат беру. Құстарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Жұмбақ Тал басында түндіксіз отау (ұя) Мысал сұрақтар -Балалар біз ағаштың басынан не көріп тұрмыз? -Құстар ұяны не үшін жасайды? -Қай құс ұясын балшықтан жасайды? -Құстың ұясын

	Ойынды пластамассадан жасалған кеглилер қолданылады.Оларды бір-бірінен 10-15см қашықтықта орналастырады. Балалар 1-1,5 м жерден бір-бір доптан домалатады. Тәрбиеші балалардың қайсысының кеглиге тигізгенін белгілеп тұрады; жеңілгеніне онша назар аудармай, тигізе алмағандарға көмектеседі. **3.Еңбек:** серуеннен кейін ойыншықтарды жинап себетке салу. **Мақсаты:**Ұқыптылыққа, өздігінен көмектесуге тәрбиелеу. **4. Жеке жұмыс:** **5. Еркін ойнау**	табиғат құбылыстарын сезіне білуге үйрету. Бір бала күн, екінші бала жаңбыр болады. Күн болып тұрған бала «күн»деп орнынан тұрғанда балалар жүгіреді, ойнайды. «Жаңбыр» деп екінші бала орнынан тұрғанда барлық бала бастарын жасырып тығылады. **3.Еңбек:** бала бақша ауласын қоқыстан тазарту. **Мақсаты:** адамгершілікке, ұқыптылыққа, бастаған ісін аяқтай білуге тәрбиелеу. **4.Жеке жұмыс:**«Анықтап түсіндір» **Мақсаты:** Көктем мезгіліндегі өзгерістерді әңгімелеп беруге үйрету. **5.Еркін ойнау**	Бұл ойынды жылдың қай мезгілінде болса да ойнауға болады (жазда доппен, қыста қармен). Ойынға жиналғандар екі топқа бөлінеді. Аңшылардың саны қояндардан екі есе аз болады. Екі жерде бір-бірінен қашықтығы елу жүз адымдай шеңбер сызылады. Қояндар сол екі шеңбердің біріне – «інге» орналасады. Шеңбер шетінде тұрған аңшылар қояндардың інін тықырлатып сыза бастайды (жерді аяқтарымен түрткілейді). Сол кезде қояндар өз інінен шығып, екінші інге – шеңбңрге қарай қашады. Осы кезде аңшылар қояндарды ата бастайды. Екінші шеңберге жеткенше оққа ұшқан қоян ойыннан шығып қалады. Барлық қоянды аңшылар атып біткенше, ойын тоқтамайды. **3.Еңбек:** ойын алаңын	тұрады. Жүргізуші барлық ойыншыларды айналып өтіп, білдіртпей бір ойыншының артына тақияны тастап кетеді. Егер ойыншы бірден оны байқамаса, онда ол жүргізуші болады. Тақияны тапқан ойыншы жүргізушіні қуып жетіп, оған тақияны кигізу керек. **3. Еңбек:** Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құпшыныстарын арттыру. **Қимылды ойын:** «Ұшты ұшты». Мақсаты: зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету. **Жеке жұмыс** Жаңылтпаштар жаттау: Үйір, үйір үйректі, Қаз маңғаз, Үйірге кім үйретті? Маңғаз қаз.	бұзуға бола ма? -Қандай құс ұя салмайды? -Біз құстарға ұя жасауымыз керек пе? **2.Қимылды ойындар:**«Мысық пен тышқан». Барлық балалар айнала шеңберге тұрып, «тышқан» мен «мысық» таңдайды. «Тышқандар» «мысықтан» қашады, дөңгелек ішінде жүругеде болады. «Мысықты» балалар дөңгелек ішіне жібермейді. **3.Еңбек:** **Еңбек** Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу. Мақсаты: ағаш

			тазалау. **4.Жеке жұмыс:**«Аудара білу» **Мақсаты:** Жануарларды орыс тілінде атай білу білімдерін бекіту. **5. Еркін ойнау**	Үйір, үйір үйректі, Әр кез маңғаз, Үйірге өзім үйреттім. Қаз маңғаз. Мақсаты: сөздік қорларын байыту. Тыйым сөздер: Құс ұясын бұзба. Құсқа тас атпа. Құс жұмыртқасын сындырма.	отырғызу және оны өсіруге деген ынталарын ояту, табиғатты көркейтуге тәрбиелеу. **Қимылды ойын** «Біздің аулада не өседі?». Мақсаты: ағаштар аттарын есте сақтауларын тиянақтау, аталған жерге тез жетуге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу. **Жаттығу ойыны** Қимылдарын дамыту Мақсаты: доп лақтыруға жаттықтыру. Мақал-мәтел: Бір тал кессең, он тал ек. Бір ағаштан жасалады мың шырпы, Мың ағашты өртеп кетер бір шырпы.

<table>
<tr><td>Серуенненоралу</td><td colspan="5">Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).</td></tr>
<tr><td>Түскіас</td><td colspan="5">Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»
Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.
Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы
Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.
Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.
Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.
Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.
Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру
Ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, майлықпен сүртіңдер, төкпей-шашпай ішіңдер
Нан, сусын, сорпа, дәмді, ащы, тұз, тәтті, ет, балық, тамағыңды іш, ас болсын!
Көгөністер көгөніс, сәбіз, қияр, қызанақ. (Сөздік минимум)</td></tr>
<tr><td>Күндізгіүйқы</td><td colspan="5">Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.
Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)
Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)
<table>
<tr><td>Баяу әуенмен ұйықтату (музыка)</td><td>«Қасқыр мен кірпі» ертегісін айтып жағымды үнмен балаларды ұйықтату</td><td>Ұйқыға жатқызу. Балаларға әңгімелер оқып беру және жайлы музыка қою (көркем әрекет)</td><td>Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату</td><td>«Құйыршық» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату</td></tr>
</table></td></tr>
<tr><td>Біртіндеп ұйқыданоя ту, сауықтырушаралары</td><td colspan="5">Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес іс-әрекеті</td><td>Ұлттық ойын: «Ақ серек,көк серек»</td><td>Ұлттық ойын: «Арқан тартыс»</td><td>Ұлттық ойын: «Тоғызқұмалақ»</td><td>Ұлттық ойын: «Белбеу ұстасу»</td><td>Ұлттық ойын: «Соқыр теке»</td></tr>
</table>

(қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Ойынның барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді: Бірі – «Ақ серек», бірі – «Көк серек» болады Екі топ бір-бірінен 5–7 метр қашықтықта қатар тұрады Балалар шынтақтасып, бір тізбек құрып тұрады **Ойын ережесі:** Бірінші топ (мысалы, «Ақ серек») хормен өлең айтады: – Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топ (мысалы, «Көк серек») жауап береді: – Бізге керек (баланың аты)! Аты аталған бала жүгіріп келіп, қарсы топтың шеңберін бұзып өтуге тырысады. Егер қол ұстасқан тізбекті бұзса – өз тобына жеңіспен оралады. Егер бұза алмаса – сол топта қалып қояды. Кезек екі жаққа ауысып отырады.	Ойынның сипаттамасы: Тәрбиеші түсіндіреді: – Балалар, бұл – «Арқан тартыс» атты қазақтың ұлттық ойыны. Бұл ойын топпен, бірігіп, күш салып ойнайтын ойын. Арқанды өз жағыңа қарай тартып, қарсылас топты өзіңе қарай өткізу керек. Бұл ойын достықты, бірлікті үйретеді. Ойын барысы: . Балалар 2 топқа бөлінеді: Әр топ арқанның екі жағын ұстайды Арқанның ортасына қызыл лента (белгі) байланады Ортада сызық немесе белгі қойылады Ойын басталады: Тәрбиеші:	Ойын туралы қысқаша , «Тоғызқұмалақ» — қазақ халқының ежелден келе жатқан ақыл-ой ойыны. Бұл ойында құмалақтарды (түймелер түсінік: – Балалар, тастар, асықтар) арнайы тақтадағы ұяшықтарға салып, есептеп ойнайды. Кім көп құмалақ жинаса – сол жеңеді. Ойын шахмат пен дойбы сияқты логикалық ойындардың қатарына жатады. Қажетті құралдар: Тоғызқұмалақ тақтасының қарапайым үлгісі (қағаз, тақта немесе ағаштан) Әр балаға – 9 құмалақ (тйме, ұсақ тас, т.б.) Сандар жазылған ұяшықтар Ойын ережесінің жеңілдетілген түрі: Әр бала алдында 9ұяшық болады.	**Ойынның барысы:** **.** Балалар жұппен шығады: Екі бала бір белбеудің екі ұшын ұстап, бетпе-бет тұрады Аяқтары иық деңгейінде, тепе-теңдік сақтауғадайын тұру керек Тәрбиеші белгіні береді: – "Дайындал! Бір, екі, үш!" дегенде ойын басталады Балалар белбеуді тартып немесе еппен итеріп, қарсыласын орнынан жылжытуға, теңгерімін бұзуға тырысады Қай бала тепе-теңдікті сақтап, басқасын қозғалтса немесе құлатса – сол жеңімпаз болады	**Ойынның барысы:** – Балалар, бүгін біз «Соқыр теке» атты қазақтың ұлттық ойынын ойнаймыз. Бұл ойында бір бала — «соқыр теке» болады. Оның көзін байлаймыз. Ол көзін ашпай, басқа балаларды ұстап көруі керек. Қай баланы ұстаса, сол орынға соқыр теке болады.

		«Бастаймыз!» деген белгі береді Екі топ арқанды өз жағына тартады Қай топ қарсылас топты өз жағына қарай тартып өткізсе, сол топ жеңімпаз болады			
Балалярменжекежұмыс	спорттық ойындар мен жаттығуларда ішінара белсенділік танытады Саят Әбілмансұр	салауатты өмір салтының құндылығынтүсінуге талпынбайды.Спортқа деген талпынысын ояту. Тоқтамыс Алдияр	сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүреді, ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттардың арасымен, жіптерден аттап жүруін жетілдіру Сайлау Меруерт	әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіруге тырысады.Жылдамдықпен жүруін жетілдіру. Мұрат Хансұлтан	өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру Әуелбек Мансұр
Бесінас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				

Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«Қорғанды қорғау» Тактикалық ойлау, қимыл шапшаңдығын дамыту. **Шарты:** Бір команда қорғанды қорғайды, екіншісі ішке кіруге тырысады.	«Жылдам жеткізу» Қимыл үйлесімділігін арттыру, жүгіру жылдамдығын дамыту. **Шарты:** Допты жерге түсірмей команда бойынша белгіленген жерге жеткізу.	«Құстардың ұшуы» Топтық бірлікті және ырғақ сезімін қалыптастыру. **Шарты:** Балалар топпен құс болып ұшады, бағыт ауыстырады, бірге тоқтайды.	«Штурм» Күш, төзімділік және стратегия. **Шарты:** Бір топ «қамалды» (қорғанды) алуға, екіншісі қорғауға тырысады.	«Үлкен эстафета» Барлық қимыл түрін (жүгіру, секіру, лақтыру) кешенді дамыту. **Шарты:** Командалар аралас тапсырмалардан тұратын эстафетаны орындайды.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топтағы сүйікті ойыншықтарын атау, алып келу. Ойыншықтары не үшін сүйікті екенін айту, суретін салу немесе мүсінін жасауды ұсыну. **Сөйлеуд дамыту, сурет салу, мүсіндеу**	«Ғажайып ойыншық жасау шеберханасымен» балаларды таныстыру. Балалар қалаған табиғи заттарды алып өз ойыншығын жасайды. **құрастыру**	Менің ата анамның ойыншығы тақырыбында әңгімелесу. Олар қандай ойыншықпен және қалай ойнағаны туралы сұрау. Балалардың ойын тыңдау. **Сөйлеуді дамыту**	Дидкатикалық ойын «Ойыншық неден жасалған» Ойыншықтарды биіктігіне қарай топтастыру санау,жұптастыру «Бестемше» ойын құралы негізінде ұлттық ойыншығымен таныстыру. Қосу кемейту амалдарын үйрету **математика негіздері**	«Менің отбасым» отбасы мүшелерін атау **көркем әдебиет** (мен бақытты баламын **сурет салу**

Балалардыңүйгеқайтуы	**Өнегелі 15-минут:**Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).

Тәрбиеші: Жумагулова А.
Болат Г.

Әдіскер_____ Атыгаева А.Т.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Мектепалды «Күншуақ» тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 31.03. -04.04.2025 жыл I апта
Сәуір – «Құндылық – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы

Күнтәртібі	Дүйсенбі 31.03.2025 ж	Сейсенбі 01.04.2025 ж	Сәрсенбі 02.04.2025 ж	Бейсенбі 03.04.2025 ж	Жұма 04.04.2025 ж
Балалардықабылдау	Қайырлы таң! Қайырлы күн! Сәлеметсіз бе! Балалар **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу , шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. **(Музыка)** Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				

Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15 минут.**Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	**Адалдық әліппесі** **Ойын:** «Шындық жолы» Тәрбиеші әртүрлі жағдаяттарды айтады. Мысалы: – «Бала қателесіп, мойындады» – «Бала достарының затын алып қойды» Балалар дұрыс жауап бойынша «шындық жолымен» жүреді.	**Құқықтық сауаттылық** **Ойын:** «Менің құқығым бар!» Тәрбиеші карточканы оқиды, балалар: – «Бұл менің құқығым» немесе «Бұл менің міндетім» – деп жауап береді.	**Біртұтас тәрбие бағдарламасы** **Ойын:** «Біздің мектеп – біздің үй» Балалар бірге үлкен «үй» құрастырады. Әр бөлікті жапсырған сайын тәрбиеші сұрайды: – «Бұл үй не үшін?» – «Біз бірге не үйрендік?»	**Біртұтас тәрбие бағдарламасы** **Ойын:** «Салт-дәстүрді тап!» Тәрбиеші салттардың суреттерін немесе бейнелерін көрсетеді (тұсаукесер, бата беру, бесікке салу). Балалар дәстүрдің атауын және оның мағынасын айтады.	**Ерте кәсіптік бағдар беру** **Ойын:** «Кімге не керек?» Тәрбиеші суреттерді араластырып қояды да: – «Бұл құралды кім қолданады?» деп сұрайды. Балалар сәйкес маманды табады және оның не істейтінін айтады. Мысалы: – «Дәрігер науқасты емдейді», – «Құрылысшы үй салады».
Ертеңгілік жаттығу	**«Менің Қазақстаным»** әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	Сапта бір-бірінің артынан шеңбер бойлап жүру, қолды белден ұстап аяқтың ұшымен жүру, қол белден ұстап аяқтың өкшемен жүру. Жүгіру қолды кеуде тұстан ұстап аяқтың ұшымен жүгіру.Тыныс алу жаттығулары. 1. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, басты оңға,солға айналдыру 5-6 рет				

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">2. Б.қ. аяқты алшақ қойып, қолды алдыға, жоғары, екі жанына созып, төмен түсіру 5-6 рет.
3. Б.қ. аяқты алшақ қойып, қолды екі иыққа қойып, иық буындарын айналдыру 5-6 рет.
4. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, белді оңға,солға айналдыру 5-6 рет.
5. Б.қ.аяқты сәл алшақ қою, қолды алдыға созып, аяқтың ұшын көтеру б.қ. келу 5-6 рет.
6. Б.қ. аяқты қосу, қол белде, тізені сәл бүгіп тік тұру 5-6 рет.
7. Б.қ. аяқты қосу қол белде, орында тұрып қолды екі жанына созып, аяқты қолды бірге қосып секіру 5-6 рет. Тыныс алу жаттығулары.2-3 рет.</td></tr>
<tr><td>Таңғыас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Нан,шәй, май, ірімшік ботқа, дәмді, тамағыңды ішеміз, ас болсын! (Сөздік минимум)
Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылғанісәрекетке дайындық</td><td colspan="5">1-ші апта дәйек сөзі!
«Еңбек еткеннің жүзі жарқын – жолы ашық!»</td></tr>
<tr><td></td><td>Қаржылық сауаттылық
Ойын атауы: «Дүкен»
Ақша туралы қарапайым түсінік қалыптастыру, санауды үйрету.
Құралдар: Жеміс-жидек макеттері, ойыншық ақша, дорба.
Ойын барысы:
Бір бала – сатушы, қалғандары – сатып алушылар.
Балалар ақшаларын санап, «тауарды» сатып алады.
Тәрбиеші «артық ақша қалды ма, әділ төледің</td><td>«Адасып кеткен жағдайда мен не істеу керекпін»
Міндеті:Балаларды адасып кеткен жағдайда көмектесетін негізгі кеңестермен таныстыру.Адасып кеткен жағдайда орнында қалудың маңыздылығын түсіндіру.
Қауіпсіздік ережелері</td><td>Біртұтас тәрбие бағдарламасы
Ойын атауы: «Шындық пен өтірік»
Балаларды адалдыққа тәрбиелеу, шындықты айтуға үйрету.
Құралдар: Суреттер (мысық, ит, бала, ойыншықтар).
Ойын барысы:
Тәрбиеші суретті көрсетіп, қасақана қате айтады («мынау ит емес, мысық»).
Балалар қатесін тауып,</td><td>Балаларды ұйымдастырылғаніс-әрекеткепсихологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру
Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері
Қауіпсіз,жайлы</td><td>Адалдық әліппесі
Ойын атауы: «Жоғалған ойыншық»
Балаларды адалдыққа баулу, бір-бірінің затын рұқсатсыз алмауға үйрету.
Құралдар: Қуыршақ немесе ойыншық.
Ойын барысы:
Тәрбиеші ойыншықты ортаға қойып: «Бұл ойыншықтың иесі жоқ сияқты. Не істейміз?» – деп сұрайды.
Балалар: «Иесіне</td></tr>
</table>

	бе?» деп бағыт береді **(Математика негіздері,қоршаған әлем)**		дұрыс жауап береді. «Адал бала әрқашан шындықты айтады» деп бекітеді. **(Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)**	**дамытушы білім беру ортасын құру**	қайтарамыз», «Тәрбиешіге апарамыз» деп шешім айтады. Соңында тәрбиеші: «Адал бала – әрқашан жоғалғанды иесіне қайтарады» деп бекітеді.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Сауат ашу негіздері** Міндеті:Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуіне дағдыландыру. Д/ойын:*«Жолды тап»*Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға жазу парағын көрсетеді. Алдымен жазу жолын, содан кейін жоларалық кеңістікті түсіндіреді. – «Қайсысы — жазу жолы?» – «Қайсысы — жоларалық кеңістік?» деген сұрақтар қояды. Балалар көрсетіп жауап береді. Содан кейін балалар жазу жолына белгі (нүкте, таяқша, дөңгелек) салып, жоларалық кеңістікке салмау керектігін	**Математика негіздері** Міндеті:10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Д/ойын:*«Санап көр»* Ойын барысы: Тәрбиеші еденге немесе тақтаға 1-ден 10-ға дейінгі сандарды ретімен орналастырады. Балалар бірге дауыстап тура санайды (1-ден 10-ға дейін). Содан кейін тәрбиеші: – «Енді кері санайық» – деп, балалармен бірге 10-нан 1-ге дейін санайды. Ойын жалғасады: – Тәрбиеші бір санды көрсетеді, балалар сол саннан бастап тура немесе кері санайды. – Бір бала алға шығып, сандарды көрсетіп санайды.	**Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Сауат ашу** Міндеті: Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыруға қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз) Д/ойын:*«Сөйлем құрастыр»*Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетеді (мысалы: бала, доп, ойнап жүр). Балаларға сұрақ қояды: – «Суретте не болып жатыр?» Балалар жауап береді: *«Бала доппен ойнап жүр».* Тәрбиеші түсіндіреді:	**Сауат ашу негіздері** Міндеті: Сөйлем сөздерден тұратынын түсінуін қалыптастыруды дағдыландыру. Д/ойын:*«Сөйлемді жина»* Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға сюжетті суретті көрсетеді (мысалы: мысық, сүт ішіп отыр). Сурет бойынша бір сөйлем айтады: *«Мысық сүт ішіп отыр».* Содан кейін тәрбиеші сөйлемді сөздерге бөліп, әр сөзді жеке карточкаға орналастырады. Балалар әр карточкадағы сөзді атап шығады. Тәрбиеші сұрайды:	**Қазақ тілі** Міндеті:Көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.Д/ойын:*«Әдемі сөз айт»* Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға түрлі суреттерді көрсетеді (табиғат, жануарлар, отбасы, ойын сәттері). Әр бала суретке қарап, бір әдемі сөз немесе тіркес айтады: – «Жасыл жайлау», – «Жарқын күн», – «Мейірімді ана», – «Тату балалар». Тәрбиеші балаларды мадақтап, қажет жағдайда сөздерді толықтырып отырады. Ойын соңында бір сурет бойынша балалар

	ажыратады. Көрнекіліктер: Жазу парағы, үлгі парақ, қарындаштар. **Математика негіздері** Міндеті: «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Д/ойын:*«Бірді тап»* Ойын барысы: Тәрбиеші үстелге бірнеше ойыншық қояды (мысалы, 5 кубик). – «Мұнда неше кубик бар?» – деп сұрайды. Балалар жауап береді. Содан кейін тәрбиеші бір кубикті бөліп алып: – «Бұл не?» – «Бұл — бір кубик» — деп нақтылайды. Кейін кубиктерді топтарға бөліп көрсетеді (мысалы, 2 және 3). – «Мынау не?» – «Бұл — бір топ кубик» — деп түсіндіреді. Балаларға тапсырма беріледі:	Көрнекіліктер: 1-ден 10-ға дейінгі сан карточкалары, текшелер немесе қадам белгілері. **Сөйлеуді дамыту** Міндеті: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. 💥 1. Фонематикалық естуді дамыту Мұғалім сөздерді айтады, балалар қай дыбысты естігенін табады. Тапсырма: – Сөз басындағы дыбысты тап: Ат, Алма, Айдаһар → [А] Бала, Бұлақ, Балық → [Б] – Сөз соңындағы дыбысты тап: Бал, тас, құс → соңында кім тұр? [л], [с], [с]. – Сөз ортасындағы дыбысты тап: қала, сана, жолаушы → ортасында [а], [н], [а]. 👉 Мұғалім әр дыбысты анық айтуға бағыттайды, балалар тыңдайды және	– «Бір ойды білдіретін сөздер бірігіп сөйлем болады». Содан кейін балаларға жеке сөздер немесе суретті карточкалар беріледі. Балалар соларды ретімен қойып, бір ойды білдіретін сөйлем құрайды. Көрнекіліктер: Сюжетті суреттер, сөз немесе сурет карточкалары. **Сурет салу:** Міндеті: Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады)дағдысын қалыптастыру. Құрастыру: Міндеті: Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді	– «Бұл неше сөзден тұрады?» Балалар санап жауап береді. Кейін балалар сөз карточкаларын қайтадан ретімен орналастырып, сөйлемді құрастырады. Көрнекіліктер: Сюжетті суреттер, сөз карточкалары. **Математика негіздері** Міндеті: Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. "Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.Д/ойын:*«Сандар әлемінде»* Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға санау таяқшаларын немесе кубиктерді көрсетеді. Біртіндеп көбейте отырып, 6, 7, 8, 9, 10 сандарының қалай	бірігіп қысқа әңгіме құрайды, көркем сөздерді қолдануға ынталандырылады. Көрнекіліктер: Сюжетті және тақырыптық суреттер, көркем сөздер жазылған карточкалар. **Көркем әдебиет** Міндеті:Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсінуге дағдыландыру.Д/ойын:*«Оқиға сезімдері»* Ойын барысы: Көрнекілікпен таныстыру: Тәрбиеші балаларға қысқа ертегілер немесе әңгімелер оқиды (3–5 сөйлем). Сюжетті суреттер арқылы көрсетеді. Эмоцияны анықтау: Балалардан сұрайды: – «Кейіпкер қандай көңіл-күйде?» – «Сіз бұл оқиғада

	– «Бір ойыншықты алып кел», – «Бір топ қарындашты көрсет». Көрнекіліктер: Кубиктер, ойыншықтар, қарындаштар. **Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша) .	қайталайды. 2. Ойын – «Дыбысты тап!» Мақсаты: Сөздегі дыбысты тыңдай отырып, оның орнын анықтау. Өту барысы: Мұғалім бір сөз айтады, мысалы: – "Қала" — қай дыбыспен басталады? (қ) – "Жылан" — соңында қандай дыбыс бар? (н) – "Балапан" — ортасында қандай дыбыс бар? (л) Суреттер арқылы жұмыс жасау ұсынылады (әр баланың қолында суреттер болуы мүмкін). 3. Д/ойын – «Дыбыстың орны» Мақсаты: Сөздегі дыбыстың орнын (басында, ортасында, соңында) табу. Ойын шарты: Мұғалім сөз айтады – бала үш түсті карточкамен жауап береді: 🔴 Қызыл – дыбыс басында, 🟡 Сары – дыбыс ортасында,	қалыптастыру.Д/ойын:*« Пішіндер қалай орналасады?»* Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға әртүрлі пішіндерді (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрыш) көрсетеді. Пішіндерді парақ бетіне әртүрлі қалыпта орналастырады: – «Мына пішін тұр ма, әлде жатып тұр ма?» – «Егер бұрсақ, қалай өзгереді?» Балалар пішіндерді қозғап, қалпын өзгертіп көреді. Содан кейін балалар парақ бетіне пішіндерді жапсырады немесе салып, қарапайым композиция құрастырады (үй, ағаш, көлік, робот т.б.). Тәрбиеші балаларды бағыттап отырады: – «Үйдің қабырғасы қалай тұрады?» – «Жол қалай жатады?» Көрнекіліктер:	пайда болатынын түсіндіреді. Балалар әр санды көрнекілік арқылы санап айтады. Содан кейін сәйкес цифр карточкасын табады (0–9). Келесі кезеңде ойыншықтарды қатарға қояды. – «Қанша ойыншық бар?» — балалар санын айтады. – «Қоян нешінші тұр?» — балалар реттік санмен жауап береді (бірінші, екінші, үшінші т.б.). Көрнекіліктер: Санау таяқшалары, кубиктер, цифр карточкалары (0–9), ойыншықтар. **Сөйлеуді дамыту** Міндеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л	қандай сезімде болдыңыз?» Балалар эмоцияны бет-әлпетімен немесе қимылмен көрсетеді (мейірімді, қуанышты, қобалжыған, таңғалдырған). Оқиғаны түсіндіру: – «Бұл оқиға не туралы?» – «Кейіпкерлер не істеді?» Балалар өз сөздерімен қысқаша айтып береді. Шығармашылық элемент: Балалар оқиғаны өз қиялымен жалғастырып, әртүрлі нұсқасын ойлап, эмоцияны көрсетеді. Көрнекіліктер: Суреттер, қысқа мәтін, эмоцияны бейнелейтін карточкалар. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Міндеті: Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың

		Жасыл – дыбыс соңында. Мысалы: – Арба → [а] басында – Қала → [л] ортасында – Бал → [л] соңында **Қоршаған әлеммен таныстыру** Міндеті: Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.Д/ойын:*«Менің болашақтағы сапарым»* Ойын барысы: Сюжет құру: Тәрбиеші балаларға өмірлік кезеңдерді көрсететін суреттерді көрсетеді: «Бала», «Балабақша», «Мектеп», «Ересек адам», «Кәсіби жұмыс»	Түрлі түсті қағаздан қиылған пішіндер, ақ парақ, желім, қарындаштар. **Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Д/ойындар: Ойын 1: «Дыбысты тап!» Мақсаты: Ұқсас дыбыстарды есту арқылы ажырату. Мұғалім сөз айтады, бала қай дыбысты естігенін атайды. Мысалы: (қала) – қ (кітап) – к Ойын 2: «Кім жылдам?» Тақтаға суреттер ілінеді. Балалар суреттің атын айтып, қай дыбыспен басталатынын табады: бал – б, палта – п, жапырақ – ж, шөп – ш, т.б. Ойын 3: «Тыңда да айт!» Мұғалім сөйлем айтады, балалар соңғы сөздегі дыбысты айтады: «Бала бал жеді.» → б «Аң қашты.» → ң, қ **Көркем әдебиет** Міндеті: Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен	қолданылуын түсіну. Д/ойын:*«Затты танып, белгісін тап»* Ойын барысы: Көрнекілікпен таныстыру: Тәрбиеші әртүрлі заттарды көрсетеді (мысалы: доп, қасық, қалам, гүл, арнайы бейтаныс зат). Сипаттау:Балалар әр заттың белгілерін атап шығады: – «Бұл не?» – «Қандай түсі бар?» – «Қандай пішіні бар?» Қолдану: Тәрбиеші затты қалай қолдануға болатынын көрсетеді немесе балалардан сұрайды: – «Бұл затты не үшін қолданамыз?» Бейтаныс зат: Тәрбиеші балаларға жаңа немесе бейтаныс зат көрсетеді, олардан: – «Бұл затты қайда қолдануға болады?» – «Қандай белгілері бар?» — деп ойлануды сұрайды. Қорытынды: Балалар

		және т.б. Талқылау: Балалар сурет бойынша өз ойларын айтады: – «Мен қазір қандай болдым?» – «Мен мектепке барғанда не үйренемін?» – «Болашақта мен қандай маман болғым келеді?» Әрекеттік элемент: Балалар суреттерді уақыттық ретімен орналастырады (балабақшадан бастап, ересек өмірге дейін). Қорытынды: Тәрбиеші балаларға білім мен дағдылардың болашақта маңызды екенін түсіндіреді: – «Мектепте үйренгендерің саған болашақта көмектеседі» – «Жаңаны үйрену қызық әрі маңызды» Көрнекіліктер: Суреттер, уақыттық жол (плакат немесе жолақ), карточкалар, магниттік тақта немесе стикерлер. **Қазақ тілі**		фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамытуды жетілдіру.Д/ойын:*«Кітаптар мен ертегілер әлемінде»* Ойын барысы: Көрнекілікпен таныстыру: Тәрбиеші балаларға суреттер, кітаптар немесе лэпбук арқылы танымал ертегілер мен әңгімелерді көрсетеді. Сұрақ-жауап: – «Бұл қандай кітап?» – «Бұл кейіпкер не істейді?» – «Сіз осы ертегіден нені ұнатасыз?» Рөлдік элемент: Балалар өздері ертегідегі кейіпкерді таңдайды (мысалы, Қызылшаш, Бәйтерек, түлкі). – Кейіпкердің іс-әрекетін қайталап көрсетеді. – Қысқа диалог жүргізеді немесе рөлдік ойын арқылы	заттардың белгілері мен қызметін түсінеді, өз ойларын айтып, жаңа заттарды қолдану жолдарын ойлап табады. Көрнекіліктер: Әртүрлі таныс және бейтаныс заттар, суреттер, карточкалар. **Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)

		Міндеті: Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді айтып үйренуге дағдыландыру. Д/ойын:*«Мақалды жалғастыр»* Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға табиғат, достық, еңбек, тазалық туралы суреттерді көрсетеді. Әр сурет бойынша балалар өз ойларын айтады: – «Сен бұған қалай қарайсың?» – «Бұл дұрыс па, неге?» Содан кейін тәрбиеші сол тақырыпқа байланысты мақалдың басын айтады, ал балалар жалғастырады: – «Еңбек етсең …» – «Таза болсаң …» – «Досы көпті …» Балалар мақалдың мағынасын өз сөздерімен қысқаша айтып береді. Көрнекіліктер: Тақырыптық суреттер,		оқиғаны толықтырады. Шығармашылық тапсырма: Балалар ертегіден немесе көркем шығармадан өздері ұнатқан бөлікті суретке түсіреді немесе қысқаша әңгімелейді. Көрнекіліктер: Кітаптар, суреттер, лэпбук, маскалар немесе кейіпкерге арналған атрибуттар.	

		мақал-мәтел карточкалары			
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенгедайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотрикаңы дамыту. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.** **Міндеті:**Балалармен жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті қарау.Күн көп түсетін жерде алғашқы шөптер қылтиып шыға бастайтынын бекіту.Күн қыза бастады,қар еріді,топырақ жылынды,көк шөп өсті, яғни балаларды осылай қорытынды жасай білуге үйрету.Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту.Өсімдікті аялап,күте білуге үйрету **Қимылды ойын: «Көк шөптегі хоккей»** **Міндеті:** Хоккей	**Жәндіктерді бақылау** **Міндеті:** «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. **Бақылау барысы** **Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:** Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, Ызыңдап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) - Ызыңдап ән салып, Жұп-жұқа қанаты.	**Қайың ағашын бақылау** **Міндеті:** *қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.* **Бақылау барысы** **Көркем сөз «Жас шыбық» А. Меңдібай** Көшетін әкеп қайыңның, Отырғыздым аулаға. Жіп-жіңішке жас шыбық, Өспейді деп ойлама. Жас шыбық өсіп толады, Әсем қайың болады, Суғарып, күтіп, баптасам.	**Бүр жара бастаған ағаштарды бақылау** **Міндеті:**Ағаштардағы жарып келе жатқан бүрді бақылау; Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу. **Бақылау барысы:** **Тапсырма:** ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға суреттер таратылады. **Көркем сөз** Ағаштар тұр жүдеп, Жапырақ сәні енеді. Соғады жел үдеп, Қыстың кеп сәлемі. Жұмбақ: Жазда жатсаң	**Велосипедті бақылау** **Міндеті:**велосипедтің қажеттілігі туралы білімдерін тиянақтау. **Бақылау барысы** Балаларға жұмбақ жасыру Бірде екі дөңгелекті, Бірде үш дөңгелекті. Қажет кезде онымен, Қызыққа да батасың, Артып алып сөмкеңді, Серуендеп те қайтасың.

	таяғымен допты домалата білуді бекіту,қақпаға соғу,бір орында тұрып кіргізу.Ойында достық көмекке келуді үйрету. **Еңбек іс-әрекеті:** Ауладағы қураған шөпті жинау Тырнауышпен жұмыс істеуді жалғастыру (шөпті белгілі бір орынға жинау, зембілмен оны апару). Жолдастарымен бірлесіп жұмыс атқарып,ұжымдық еңбекке деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. **Дидактикалық ойындар.** **Тәжірибе мен сараптамалар** **Тапсырма.** Аулада қыстан кейінгі шыққан шөп орнын тауып алу. Балаларды табиғатта болып жатқан өзгерістерді көре білуге үйрету. Сөздік-логикалық ойын дамыту,қойылған сұраққа жауап таба білуге дағдыландыру.	Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) **Тәрбиеші сұрақтары.** ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? *(көбелек, құрт т.б)* Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар) Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) Жәндіктер қайда тіршілік етеді? *(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)*	Қайың көп ағаштардың ішіндегі сұлу ағаштардың бірі. Оның аппақ діңі жұқа қабықпен қапталған. Қайың қыс шыққан бойда бүр жарып шыға келеді. Халық әндері мен ертегілеріне қайыңды жиі қосқан. Оны сүйіспеншілікпен «ақ қайың» деп атаған. Ерте кезде жолаушы жүретін үлкен жолдардың бойына қайың еккен. Қайыңның жұмсақ қабығынан жеңіл шабата (аяқ киім), жолаушы жүргенде киімдері мен тамағын салатын себеттер тоқыған. **Тәрбиеші сұрақтары:** Қандай ағаш түрлерін білесіңдер? Біздің ауламызда қандай ағаштар өседі? Ағаштар жылдың қай мезгілінде көктейді? Әуелі ағаш бұтақтарында не пайда болады? Қазір аулаға ағаш	көлеңкесінеалады, Қыста жақсаң, жаның рахат табады. / Ағаш **Еңбекке баулу**: Қайың ағашының түбіне қар жинау. **Міндеті:**балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру. **Қимылды ойын**: **«Біз көңілді баламыз»** **Міндеті:**Бір – біріне соқтығыспай еркін жүгіруге үйрету; Тәрбиеші белгісі бойынша жылдам жүгіруге, бір – біріне көмек көрсетуге қалыптастыру **Қажетті материалдар:** күрек, сыпырғыш, шелек. Көктемгі құстарды бақылау **Міндеті:**Көктем келісімен туған жерге қайта оралатын құстар туралы түсінік беру; Олардың сыртқы бейнесін, қандай жемді жақсы көретінін, қалай тұрып, қалай жүретіндерін анықтау.	(велосипед) Балаларға сұрақтар. Балалар, велосипедтер қандай болады? (балаларға және үлкендерге арналған) Олардың қандай айырмашылығы бар? (көлемімен және дөңгелегімен) Велосипед қандай бөліктерден тұрады? Велосипедте жүру қиын ба? ♦Қалай ойлайсыңдар, велосипедпен жүру үшін жол ережесін білу керек пе? ♦Велосипедтің машинадан қандай айырмашылығы бар ? ♦Велосипедпен бір уақытта неше адам жүруге болады ? **Еңбек** Алаңға баратын жолдарды қоқыстардан

	Өзіндік іс-әрекет: Балаларға өз беттерімен ойын тақырыбын таңдауды үйрету.Өз тәжірибесі негізінде бақылау барысынан алған жағымды тұстарды дамыту. Әр саладан алған білім көзін ойын кезінде көрсете білу.	Қандай жәндіктердің пайдасы бар? *(ара, жібек құрты, құмырсқа).* Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) **Зерттеу жұмысы** Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. **Еңбек:** Алаңды қоқыстардан тазалау. *Міндеті:* үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. **Қимылды ойын** «Аюлар мен аралар». **Міндеті:**кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. **Жаттығу ойыны:** Қимылдарын дамыту. *Міндеті: жүкіру*	көшетін отырғызуға бола ма? Ағаштар жақсы өсуі үшін біз оларға не істеуіміз керек? **Зерттеу жұмысы** Қайың ағашы мен басқа ағаштарды салыстыру: оларды қандай айырмашылықтары арқылы ажыратуға болады? **Еңбек** Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу *Міндеті:*өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу. **Қимылды ойын:** «Орамал тастамақ» *Міндеті:* ойын шартын түсініп ойнауға, аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу. **Жаттығу ойыны** Затты нысанаға лақтыру. *Міндеті: қол күштерін, көз мөлшерін дамыту*.	Балаларды байқағыштыққа, құстарға жанашыр болуға тәрбиелеу. **Бақылау барысы: Көркем сөз:** Мың торғай қамаса қораға, Бір торғай тұрмайды... ір торғай тұрмайтын қораға Мың торғай тұрмайды. **Еңбекке баулу:** Құстарды тамақтандыру **Міндеті:**Қарапайым тапсырмаларды өз бетінше орындауға қалыптастыру; Жануарларды бағуға деген ниетін арттыру; **Қимылды ойындар: «Ұядағы құстар» Міндеті:**Жүру және жүгіру барысында бір – біріне соқтығыспай еркін жүруге үйрету; Тәрбиеші тапсырмасын бұлжытпай орындауға үйрету; **Қажетті материалдар:** құстарға арналған жжем	тазалау. *Міндеті:бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын қалыптастыру.* **Қимылды ойын** «Теңге алу». *Міндеті:ептілікке, жылдамдыққа, жеңіске жетуге деген құштарлыққа баулу.* **Жаттығу ойыны** Затты нысанаға лақтыру. *Мақсаты: қол күштерін, көз өлшемін, объктіні бағдарлай білулерін дамыту.* ***Мақал: Жолда жүрсең, сақ жүр***

		техникаларын жақсарту. ***Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.***			
Серуенненоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** Ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, майлықпен сүртіңдер, төкпей-шашпай ішіңдер Нан, сусын, сорпа, дәмді, ащы, тұз, тәтті, ет, балық, тамағыңды іш, ас болсын! Көгөністер көгөніс, сәбіз, қияр, қызанақ. **(Сөздік минимум)**				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтырушаралары	Түлкі мен қоян ертегісін оқып беру **(көркем әдебиет)**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайылы баяу музыка тыңдау.	Қазақ халық ертегілерін оқып беру **(көркем әрекет)**	«Бесік жырымен» ұйықтату	Жайлы баяу күй тыңдату.

	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Балалардықабылдау	Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! Балалар **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу , шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру. **(Музыка)** Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15-минут**:Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Балалар екі топқа бөлінеді. «Бір, екі, үш!» деген белгімен екі топ арқанды өзіне қарай тартады. Қай топ белгіні өз жағына шығарса – сол жеңімпаз. **Бір тұтас тәрбие**	Дид ойын: «Дыбысынан таны» Міндеті:: Есту қабілеттерін дамыту. **Музыка**	Дид ойын: «Сәйкестендіріп жина» ойыны Міндеті: түстеріне қарай ажырату **Математика негіздері**	Дид ойын: «Пирамида жинау» ойыны Міндеті: көлемін ажырату **Математика негіздері**	«Амандасу әдебі» Құрбыларымен «Қалың қалай досым? сұрақтары аясында диалог құра алуға машықтандыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету. **Тіл дамыту**

<table>
<tr><td>Ертеңгілік жаттығу</td><td colspan="5">«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату
Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.
Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.
Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Таңғы жаттығу кешені</td><td colspan="5">Сапта бір-бірінің артынан шеңбер бойлап жүру, қол белде аяқтың ішкі,сыртқы қырынмен жүру, жүгіру қолды кеуде тұстан ұстап аяқтың ұшымен жүгіру.тыныс алу жаттығулары.
1. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, басты оңға,солға айналдыру 5-6 рет
2. Б.қ. аяқты алшақ қойып, қолды алдыға, жоғары, екі жанына созып, төмен түсіру 5-6 рет.
3. Б.қ. аяқты алшақ қойып, қолды екі иыққа қойып, иық буындарын айналдыру 5-6 рет.
4. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, белді оңға,солға айналдыру 5-6 рет.
5. Б.қ.аяқты сәл алшақ қою, қолды алдыға созып, аяқтың ұшын көтеру б.қ. келу 5-6 рет.
6. Б.қ. аяқты қосу, қол белде, тізені сәл бүгіп тік тұру 5-6 рет.
7. Б.қ. аяқты қосу қол белде, орында тұрып қолды екі жанына созып, аяқты қолды бірге қосып секіру 5-6 рет. Тыныс алу жаттығулары.2-3 рет.</td></tr>
<tr><td>Таңғыас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Нан, ботқа, дәмді, тамағыңды ішеміз, ас болсын! (Сөздік минимум)
Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">3- ші апта дәйек сөзі!
«Шеберлік – еңбекпен келеді!»</td></tr>
<tr><td></td><td>«Жедел қызметтер мен байланыс орталықтарының телефон нөмірлері»
Міндеті:Балаларды «Жедел қызметтер,сенім телефоны» ұғымымен және олардың негізгі телефон нөмірлерімен</td><td>Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін бағдаршамның</td><td>Біртұтас тәрбие.
Қимылды ойын: «Адал досқа жол»
Еденге іздер (қағаздан) қойылады.
Жақсы іс – алға бір қадам, жаман іс – орнында қалу.</td><td>Экалогиялық тәрбие.
Қимылды ойын: «Табиғатты тазалайық»
Еденге қағаздан жасалған «қоқыстар»</td><td>Адалдық әліппесі.
Дидактикалық ойын: «Адалдық әліппесі»
Тәрбиеші әріптерді көрсетеді (карточка).
А – Адал
Ш – Шыншыл</td></tr>
</table>

	таныстыру.Қандай жағдайларда жедел қызметтерге,байланыс орталықтарына қоңырау шалу керектігін түсіндіру.**Қауіпсіздік ережелері.**	белгілеріне сәйкес жолдан өту. сақтау. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру **Бір тұтас тәрбие**	Жақсы істер: Үлкенге көмектесу Досымен бөлісу Өтірік айтпау		шашылады. Балалар оларды жинап, түстеріне қарай жәшіктерге салады: Көк – қағаз Сары – пластик Жасыл – табиғи қалдық	Д – Досқа көмектес Ә – Әдепті Балалар әр сөзге қысқа іс-әрекет айтады: Адал – өтірік айтпайды Шыншыл – шындықты айтады,
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Сауат ашу негіздері** Міндеті: Қолды жазуға дайындау. Ойын барысы: Қолды жаттықтыру жаттығулары: Саусақтарды біріктіріп, жазыққа басу (пальчиктер гимнастикасы) Саусақтарды ашып-жабу, шеңбер салып жүру «Қарындашты ұстау – орындаймыз» жаттығулары Сызықтар мен нүктелерді салу: Түзу, қисық сызықтар, толқын тәрізді сызықтар жүргізу	**Математика негіздері**Міндеті: Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыруға (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде) дағдыландыру. Д/ойын: «Заттарды дұрыс орналастыр» Ойын барысы: Кеңістік ұғымдарын түсіндіру: Тәрбиеші балаларға заттарды көрсетіп, сұрақ қояды: – «Доп қай жақта?» – «Қайсысы жоғарыда, қайсысы төменде?» Заттарды орналастыру	**Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Сауат ашу** Міндеті:Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қалыптастыру. Д/ойын: «Арқамызды дұрыс ұстаймыз» Ойын барысы: Дұрыс және бұрыс отыруды көрсету: Тәрбиеші балаларға екі сурет көрсетеді: біреуі – дұрыс отыру, екіншісі – бұрыс отыру. Балалардан сұрақ қояды: «Қайсысы дұрыс?» Дұрыс жазу жағдайын	**Сауат ашу негіздері**Міндеті: Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуіне дағдыландыру. Д/ойын: «Жол мен кеңістікті таны» Ойын барысы: Жол мен кеңістікті көрсету: Тәрбиеші парақтағы жолдар мен жоларалық кеңістікті көрсетеді. Балалар қарапайым сызықтар немесе нүктелер арқылы жол бойымен «жүреді». Бағдарлаушы ойын: Балалар қарындашпен жол бойымен әріптер	**Қазақ тілі** Міндеті: Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Д/ойын: «Менің отбасым және дәстүрлерім» Ойын барысы: Туыстық қатынастарды таныстыру: Тәрбиеші балаларға отбасы мүшелерінің суреттерін көрсетеді. «Бұл кім? Бұл сенің ағам ба, бауырларың ба?» – сұрақтар арқылы таныстыру. Мерекелер мен салт-дәстүрлерді талқылау: Балалардан сұрақтар:

	Нүктелерді қосып сурет жасау Қарындашпен ойындар: Қарындашпен түрлі пішіндерді салу (дөңгелек, үшбұрыш, шаршы) «Қарындаш жолында жүру» ойыны: сызық бойымен ойнай отырып жүргізу Қолды икемді ету ойындары: Қағаздан қиып, желімдеу Түсті бояулармен сурет салу Саусақтармен пластилинде жұмыс жасау Қорытынды: Балалардың қол бұлшықеттері жазуға дайындалады, Саусақ икемділігі, бақылау қабілеті дамиды, Жазуға арналған негізгі дағдылар қалыптасады. **Математика негіздері**Міндеті: күрделі формадағы	ойыны: Балаларға тапсырма беріледі: «Қызыл блокты үстелдің сол жағына қой», «Қара ойыншықты үстелдің төменгі жағына қой». Балалар нұсқауға сәйкес заттарды орналастырады. Қосымша жаттығу: Балалар топтық немесе жұптық жұмыс жасайды: бір-біріне нұсқау береді, екіншісі орындатады. Мысалы: «Менің қасыма допты қой», «Кітапты оң жаққа қой». Көрнекі салыстыру: Балалар орналастырған заттарды бақылап, қайсысы дұрыс, қайсысы қате екенін талқылайды. Қорытынды: Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды: «Доп қай жақта?», «Блок қайда тұр?» Балалар кеңістік	түсіндіру: Арқа тік, иық босаңсыған, аяқ еденге тірелген, дәптер дұрыс бұрышта. Қимылды ойын: Балалар бір-біріне қарап дұрыс отыруды қайталап жасайды. «Тік арқа», «Иық бос» деп командалар бойынша жаттығады. Жазу әрекетін біріктіру: Дұрыс отыра отырып, қарапайым сызықтар немесе әріптер салу. Тәрбиеші бақылап, дұрыс ұстауды түзетеді. Қорытынды жаттығу: «Мен дұрыс отырдым ба?» – балалар өздерін бағалайды, әріптерді салыстырады. Қорытынды: Балалар жазу кезінде арқаны тік ұстауды үйренеді, Жазу әрекеті кезінде дене қалпының дұрыс болуын сақтайды, Ұқыптылық пен дене мәдениеті дамиды. **Сурет**	немесе суреттерді орналастырады, жолдан шықпай, жоларалық кеңістікті сақтай отырып. Мысалы: әр жолға бір түсті жұлдыз салыңыз. Түсті белгілер арқылы жолды ажырату: Әр жолдың басын және жоларалық кеңістікті түрлі түспен белгілеу. «Қай жерде жол басталады? Қай жерде аяқталады?» деп сұрақ қою. Қайталама жаттығу: Балалар өз бетімен жазу жолдарын пайдаланып әріп немесе сөз жазады. Тәрбиеші қателерді көрсетіп, дұрыс бағыттауды үйретеді. Қорытынды: Балалар жазу парағында бағдарлау қабілетін дамытады, Жол мен жоларалық кеңістікті дұрыс ажырата алады, Жазу әрекеті жүйелі, ұқыпты болады.	«Сендердің отбасыңда қандай мерекелерді атап өтесіңдер?» «Отбасыңмен қандай салт-дәстүрлерді орындайсыңдар?» Сөйлеу жаттығуы: Балалар өз отбасы туралы сөйлемдер құрады: – «Менің аға-бауырларым …», – «Біз Наурыз мерекесін бірге тойлаймыз», – «Біз отбасымызбен татулықта өмір сүреміз». Интерактивті тапсырма: Суреттерді карточкалармен сәйкестендіріп, «Менің отбасы» немесе «Мерекем» тақырыбында қысқа әңгіме құру. Қорытынды: Тәрбиеші балаларға: «Отбасында татулық, жақындық қандай маңызды?» – деп сұрақ қояды. Балалар өз ойларын айтып, жаңа сөздерді қайталап, сөйлем құрастырады. **Көркем әдебиет** Міндеті: Диалогтік сөйлеуді

	заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. Д/ойын: «Геометриялық зерттеуші» Ойын барысы: Заттарды таныстыру: Тәрбиеші балаларға бірнеше күрделі формадағы заттарды көрсетеді (мысалы, доп – шар, сыйлық қорабы – куб). Балалар заттардың пішіндерін айтады. Зерттеу жұмысы: Балалар бөлмеде немесе сыртта геометриялық фигураларға ұқсас заттарды іздейді. Мысалы: «Бұл зат шарға ұқсайды ма? Бұл кубқа ұқсайды ма?» Сипаттау жаттығулары: Әр заттың пішінін, бетін, бұрыштарын сипаттау: «Бұл затта 6 жағы бар», «Бұл зат дөңгелек»	туралы сөздерді қолданып жауап береді. Қорытынды: Балалар кеңістік туралы ұғымдарды дұрыс қолданады: «сол», «оң», «жоғары», «төмен», Заттарды кеңістікте дұрыс орналастыру дағдылары дамиды, Танымдық және ойлау қабілеттері жетіледі. **Сөйлеуді дамыту** Міндеті: Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Д/ойын: «Сөйлеу мәдениеті мен сөйлем құрастыру» Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға ситуация көрсетеді: мысалы, «Сыныпта біреу сыныпқа кіреді». Балалар сөйлеу әдебіне сай сөйлемдер айтады: – «Сәлеметсіз бе!», «Сәлем, досым!»	**Міндеті:** Тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар) арқылы сурет салуын дамыту. **Құрастыру** Міндеті: Тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар) арқылы сурет салуын дамыту. Д/ойын: «Тірі табиғатты бейнелейік» Ойын барысы: Қозғалыс арқылы таныстыру: Тәрбиеші балаларға тірі табиғат заттарын көрсетіп, оларды қимылмен көрсетуге шақырады: – «Құс қалай ұшады?» – қанаттарын кең ашып, сәл секіру, қолды қимылдату, – «Мысық қалай жүреді?» – баяу жүру, аяқты икемді көтеру, – «Өсімдік қалай өседі?» – қолдарын жоғары көтеріп, жайлап созу.	**Математика негіздері** Міндеті: Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа орналастыруға дағдыландыру. Д/ойын: «Қозғалыс бағыттарын үйренеміз» Ойын барысы: Бағыттарды таныстыру: Тәрбиеші балаларға қозғалыс бағыттарын көрсетеді: – «Сол жақтан оң жаққа», «Оң жақтан сол жаққа», «Жоғарыдан төменге», «Алға», «Артқа» Балалар сөздерді қайталайды, қозғалысымен көрсетуге тырысады. Қозғалыс бойынша жаттығу: Балаларға тапсырмалар беріледі: – «Допты сол жақтан оң жаққа қой», – «Ойыншықты алға жылжытыңыз», – «Конусты артқа	дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруге дағдыландыру. Д/ойын: «Кейіпкермен сөйлес» Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға қысқа әңгіме немесе ертегі оқып береді. Балалар оқиғадағы кейіпкерлерді талдайды: кім қандай іс жасады, не ойлады. Балалардан сұрақтар қойылады: – «Сенің ойыңша, кейіпкер неге солай жасады?» – «Басқа жолмен не істей алар еді?» Балалар кейіпкермен диалог құрастырады, өз пікірін білдіреді: – Мысалы, «Менің ойымша, Кәукей дұрыс істемеді, себебі…» Балалар өзара сұрақ–жауап арқылы пікір алмасады, бір-бірінің ойларын тыңдайды. Тәрбиеші балаларды сөйлеу әдебі мен эмоционалды интонацияны қолдануға бағыттайды. Қорытынды:

	Топтық талдау: Балалар табылған заттарды фигуралар бойынша топтарға бөледі. «Қай зат квадратқа ұқсайды, қайсысы цилиндрге ұқсайды?» Қорытынды: Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды: «Қандай фигураларды көп таптық?» Балалар өз зерттеу нәтижелерін айтып, пішіндерді қайталап атайды. **Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	Тәрбиеші балаларға жай және жайылма сөйлемдерді таныстырады: – Жай сөйлем: бір ойды білдіреді (*Мен кітап оқимын.*) – Жайылма сөйлем: бірнеше ойды қосып білдіреді (*Мен кітап оқимын, ал досым сурет салады.*) Балалар карточкалардан сөйлемдерді таңдап, жай және жайылма сөйлемге бөліп оқиды. Балалар өздері жаңа сөйлем құрастырады және оны дұрыс, сыпайы сөйлеу әдебіне сай айтады. Тәрбиеші әр сөйлемді сөйлеу әдебі тұрғысынан талдайды: сыпайы, әдепті, анық айту. Қорытынды: Балалар сөйлеу әдебін сақтап сөйлеуге үйренеді, Жай және жайылма сөйлемдерді дұрыс	Қимылдан бейнеге өту: Балалар өз қозғалыстарын қағазға бейнелеуге тырысады: – Қарындашпен немесе бояумен жануарды, құсты, өсімдікті суретке түсіреді, – Қарапайым пішіндерді пайдаланады: дөңгелек, үшбұрыш, сызықтар. Құрастыру элементтері: Балалар қисық сызықтар, қарапайым фигуралар арқылы объектілерді құрастырады: – Шар – құстың денесі, дөңгелек – гүл басы, үшбұрыш – жапырақ пішіні. Топтық жұмыс: Балалар бірге «бақ» немесе «жануарлар әлемі» композициясын жасайды, әр бала бір қимылдан немесе фигурадан бастайды. Қорытынды: Балалар өз суреттерін көрсетеді, қимыл мен бейнені байланыстырып сипаттайды: – «Менің құсым ұшып бара жатыр», «Гүлім өсіп	қайтарыңыз». Маршрут жасау ойыны: Балалар белгіленген жол бойынша жүреді: – «Алға 3 қадам, солға 2 қадам, артқа 1 қадам». Тәрбиеші әр қимылға бағытты айтады, балалар оны орындайды. Қайталама жаттығу: Балалар жұптасып бір-біріне бағыт береді, екінші бала орындатады. Мысалы: «Допты оң жаққа жылжытыңдар», «Ойыншықты жоғарыдан төменге қой». Қорытынды: Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды: «Доп қай бағытта қозғалды?», «Сен қай бағытқа жүрдің?» Балалар қозғалыс бағыттарын сөзбен айтып, қайталап көрсетеді. **Сөйлеуді дамыту**	Балалар диалогтік сөйлеу дағдысын дамытады, Кейіпкерлердің әрекеттеріне өз көзқарасын айтуға үйренеді, Танымдық және әлеуметтік қабілеттері жетіледі. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Міндеті: Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау. Д/ойын: «Еңбек – құрметке лайық» Ойын барысы: Ата-ана еңбегін таныстыру: Тәрбиеші балаларға суреттер арқылы түсіндіреді: – «Ата-аналар қалай жұмыс істейді?» – «Сенің өміріңде олардың еңбегінің маңызы қандай?» Еңбектегі өзара байланыс: Балаларға мысалдар келтіру: – «Дәрігер мен медбикенің жұмысы қалай

		қолдану дағдылары қалыптасады, Сөйлеу мәдениеті мен ойлау қабілеті дамиды. **Қоршаған әлеммен таныстыру**Міндеті: Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Д/ойын: «Мамандықтар әлемі» Ойын барысы: Мамандықтарды таныстыру: Тәрбиеші балаларға әр мамандықтың суреттерін көрсетеді, қысқаша сипаттайды: – «Дәрігер не істейді?», «Құрылысшының жұмысының нәтижесі қандай?» Балабақша қызметкерлерін таныстыру:	келе жатыр». **Дене тәрбиесі**(Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	Міндеті: Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдануға дағдыландыру. Д/ойын: «Сөзден сөз жасайық» Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға түбір сөзді көрсетеді: – Мысалы: «жаз» Балалар сол түбір сөзден түбірлес сөздер құрастырады: – «жазу», «жазба», «жазушы» Тәрбиеші балаларға еттістіктерді жалғаулармен қолдануды үйретеді: – «Мен жазамын», «Сен жазасың», «Ол жазады» Балалар әр түбір сөзден түрлі сөйлемдер құрастырады. – Мысалы: «Мен хат жазамын», «Бала кітап оқиды» Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды: – «Бұл сөз қандай	байланысты?» – «Аспаздың еңбегі балаларға қалай әсер етеді?» Еңбек ардагерлері мен қарттарды құрметтеу: Балалар ардагерлер мен қарттардың еңбегін сипаттайды: – «Бұл кісі не істеді? Біз оны қалай құрметтейміз?» Қарт адамдарға қарапайым сыйлық немесе сәлем айту ойыны. Сәйкестендіру ойыны: Карточкалар арқылы балаларға тапсырма: – «Мына әрекет қандай еңбекті көрсетеді?» – «Бұл еңбектің нәтижесі кімге пайдалы?» Қорытынды талдау: Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды: – «Ата-ананың еңбегін қалай бағалаймыз?» – «Қарттарға құрмет көрсету неліктен маңызды?» Балалар өз ойларын айтып, еңбек пен құрмет туралы сөздерді қайталайды. **Дене тәрбиесі**(Дене тәрбиесі нұсқаушысының

		Балалар балабақшадағы әр қызметкердің жұмысын атап шығады: тәрбиеші, асхана қызметкері, медбике, санитар. Тәрбиеші олардың еңбегін сипаттайды: «Тәрбиеші балаларды тәрбиелейді», «Асхана қызметкері тағам дайындайды». Сәйкестендіру ойыны: Карточкалар немесе суреттер арқылы балаларға тапсырма беріледі: – «Мына мамандық қандай нәтижеге жетеді?» – «Қай мамандық балалар үшін маңызды?» Рөлдік ойын: Балалар өздері әр мамандыққа кірісіп, қысқаша әрекет көрсету: дәрігер, аспаз, тәрбиеші болып ойнау. Тәрбиеші сұрақ қояды: «Сенің еңбегіңнің нәтижесі кімге керек?»		түбірден шыққан?» – «Етістікке қандай жалғау қосылған?» Қорытынды: Балалар түбір сөздерден жаңа сөздер жасау дағдысын дамытады, Етістіктерді жалғаулармен дұрыс қолдануға үйренеді, Сөйлеу тілін байытады, ойлау қабілеті артады. **Көркем әдебиет** Міндеті: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру дағдысын жетілдіру. Д/ойын: «Сюжетті қайталаймыз» Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға қысқа әңгіме немесе ертегі оқиды немесе суреттер арқылы көрсетеді. Балалар оқыған немесе көрген оқиғаның кезеңдерін талдайды: басы, ортасы, соңы. Әр бала немесе топ	жоспары бойынша)

		Қорытынды талдау: Балалар әр мамандықтың маңызын және нәтижесін бағалайды. Тәрбиеші түйіндейді: «Барлық мамандық маңызды, әрқайсысының жұмысы біздің өмірімізді жеңілдетеді». **Қазақ тілі**Міндеті: Туыстық қарым-қатынасты ("бауыр", "немере", "шөбере", "ағайын", "туысқан", "жеті ата") білдіретін сөздерді үйрету. Д/ойын: «Менің отбасым – менің ағашым» Ойын барысы: Туыстық қатынастарды таныстыру: Тәрбиеші әр туыстық атауды көрсетіп, түсіндіреді: – «Бауыр – сенің інің немесе әпкең», – «Немере – баланың		оқиғаны қайта айтып береді, бірақ сюжеттің бірізділігін сақтауы керек. Тәрбиеші балаларды эмоциямен сөйлеуге бағыттайды: көңілді, қорқулы, қуанышты сәттерді көрсету. Балалар өз сөздерін қысқаша қорытындылап, негізгі ойды айтады. Қажет болса, балалар оқиғаны рөлдік ойын арқылы көрсетеді (мысалы, кейіпкерлерді сомдау). Қорытынды: Балалар сюжетті түсініп, мазмұнын логикалық ретпен айтып беру дағдысын дамытады, Эмоцияны білдіру, сөйлеу мәдениеті қалыптасады, Қиял және тілдік қабілеттері жетіледі.	

		баласы», т.б. Суреттер арқылы топтастыру: Балалар карточкаларды суреттермен сәйкестендіреді. Мысалы: «Бұл суретте кім немере? Кім шөбере?» Отбасы ағашын құру: Үлкен қағазға отбасы ағашын салу. Балалар туыстық атауларды дұрыс орналастырады: ата-ана, бауыр, немере, шөбере. Сөйлем құрастыру: «Менің ағам – …», «Менің немерем – …» Сөздерді дұрыс қолдануға дағдыландыру. Қорытынды ойын: Тәрбиеші сұрақ қояды: «Бауыр мен туысқанның айырмашылығы қандай?» Балалар өз ойларын айтып, атауларды қайталайды.			

		Қорытынды: Балалар туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді түсінеді, Сөздерді сөйлемде дұрыс қолдануға үйренеді, Танымдық және сөйлеу дағдылары дамиды.			
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Бақбақ гүлін бақылау** **Міндеті:**бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару); табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру; емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау. **Бақылау барысы** **Көркем сөз.**	**Ауа- райына бақылау жасау** **Міндеті:**Көктемгі ауа райы өте құбылмалы,бірақ күннен-күнге күн жылына бастайды.Ауа қысымы көтеріледі. Ашық күндер көп болып,күн сәулесін мол шашады.Аспан сұрғылт түсін ашық көк түске алмастырады.Көктемнің алғашқы айы мен	**Құстардың ұшып келуін бақылау** **Міндеті:**Балалардың назарын ең бірінші өз атамекеніне ұшып келетін құстың- ұзақ екеніне көңіл аударту. Олар суықтан қорықпайды, тамағын тауып алады. Жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту. Жиі кездесетін жыл құстарының атауын, олардың ерекшеліктерін, ұқсастықтарын айыра білу. Құстардың пайдасы	**Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.** **Міндеті:**Балалармен жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті қарау. Күн көп түсетін жерде алғашқы шөптер қылтиып шыға бастайтынын бекіту.Күн қыза бастады,қар еріді,топырақ жылынды,көк шөп өсті, яғни балаларды осылай қорытынды жасай білуге үйрету.	**Шоқыларды бақылау.** **Бақылау** балалармен алыстан көрінген шоқыларды қарау. Шоқы – бұл дөңгеленген тау биіктігі екені туралы түсінік беру. Бұрынғы кезде шоқылардың орнында қатты шыңдар болған, бірақ уақыт өткен сайын табиғатта тастар бұзылады. Ол ауа райының өзгеруі, су мен өсімдіктердің өзгеруіне байланысты. **Міндеті:**Табиғат тудырған

	Аппақ, аппақ бақбақтар, Үлбіреген бақбақтар, Құдды киіз ақ үйлер. Парашюттен аумайды. Төнеді кеп жан-жақтан, Сәл-пәл самал жел соқса, Тамашалап сәбилер. Ақ ұлпалар заулайды. Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы. Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседі. Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек	соңғы айын салыстыра білуге үйрету. Ауа райының өзгерісін анықтап оны ажырата білуді жалғастыру. Балалардың байқампаздығын,табиғат пен қарым-қатынасын дамыту. Қимылды ойын«Қасқыр мен лақтар» Мақсаты: Белгі бойынша ұзындыққа секіруді жалғастыру(лақтар алаңда жүгіреді);жүргізуші қасқырдың көзіне түспей, алаңда жүреді.Ойын шартын бұзбау,ұсталғандары шетке шығады. Шапшаңдық пен бейімділікті дамыту. Еңбек іс-әрекеті: Топырақты тұқым салуға дайындау.Еңбектенуге деген қабілетін дамыту,бастаған ісін аяқтау,үлкендерге көмектесу.	туралы білімдерін бекіту. Табиғат құбылыстарының арасындағы заңды байланысты көре білуге үйрету. **Қимылды ойын«Лашын мен ұябасар»** **Міндеті:**Балалардың бірінің артынан бірі сап түзей қозғалу біліктіліктерін бекіту.Келесі шарттарды орындату: бір-бірінен ажырап қалмау, лашын соңғы ойыншыны ұстайды, ұябасар лашынды қолымен ұстамайды. Ойынды өз бетімен ұйымдастыру қажеттілігін дамыту. **Еңбек іс-әрекеті:** **Міндеті:**Алаңдағы құстарды тамақтандыруБалаларды топ алаңына ұшып келген құстарды тамақтандыруға қатыстыру. Құстарға деген адамгершілік – әрекеттілікті тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын.** Тәжірибе және сараптама.«Сауысқан да ,қарға да емес» Сурет бойынша әр түрлі	Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту. Өсімдікті аялап,күте білуге үйрету **Қимылды ойын: «Көк шөптегі хоккей»** **Міндеті:**Хоккей таяғымен допты домалата білуді бекіту,қақпаға соғу,бір орында тұрып кіргізу.Ойында достық көмекке келуді үйрету. **Еңбек іс-әрекеті:** Ауладағы құраған шөпті жинау Тырнауышпен жұмыс істеуді жалғастыру (шөпті белгілі бір орынға жинау, зембілмен оны апару). Жолдастарымен бірлесіп жұмыс атқарып,ұжымдық еңбекке деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. **Дидактикалық ойындар.** Тәжірибе мен сараптамалар **Тапсырма.** Аулада қыстан кейінгі шыққан	әр түрлі заттарды айыра білуді үйрету. Балалардың эстетикалық сезімдерін, отанға деген махаббаттарын дамыту. **Көркем сөз** **Жұмбақ** Жерде тұрып бөркіммен, Аспанға кебемін. (шоқы) Мақал-мәтел Шыңды жүрген жеңеді. **Қимылды ойын«Омпы»** **Міндеті::** Асық соғуда балалардың көз мөлшерін дамыту,ұйымшылдық және дербестігін тәрбиелеу. **Еңбек іс-әрекеті** Қажеттілігі бойынша Балаларға тапсырмаларды өз бетімен орындауға үйрету. Біріккен еңбек іс-әрекетінде ат салысу тілектерін тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын.** Тәжірибе және сараптама *Тәжірибе.* «Су тасты қозғайды» Қатқан су тасты қалай қозғайтынын білу. Балалар аузымен суды толтырып сабан талына құйып түбін ермексазбен жауып тоңазытқышқа қояды.

	айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа үлпілдек «парашюттерге» ай-налады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымаққа бай. Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек. Балаларға сұрақтар. Бақбақ гүлінің түрі қандай?? Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді? Бақбақтың қандай лақап аттары бар? Бақбақты неге дәрілік өсімдік дейміз?	Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама«Ауа райын сипатта!» Балалардың ауа райына байланысты сөзді таңдап алуды үйрету. (жылы,ашық,суық,құрғақ,желді,жаңбырлы,тұманды) Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау, олардың іс-әрекеті мен қылықтарын білдіру,өз ойын іске асыру.	құстарды балалардың тани білуі. Қыстайтын және жыл құстарын айыра білу біліктіліктерін бекіту. Балалардың назары мен тапқырлығының дамуына ықпал ету. Ойынмен балалардың көңілін көтеру. Өз бетімен іс-әрекет Ортақ ойында өз тәртібі үшін жауапкершілікті тәрбиелеу, ойынның түпкі ниетін іске асыруға құлшыну.	шөп орнын тауып алу. Балаларды табиғатта болып жатқан өзгерістерді көре білуге үйрету. Сөздік-логикалық ойын дамыту,қойылған сұраққа жауап таба білуге дағдыландыру. **Өзіндік іс-әрекет** Балаларға өз беттерімен ойын тақырыбын таңдауды үйрету.Өз тәжірибесі негізінде бақылау барысынан алған жағымды тұстарды дамыту. Әр саладан алған білім көзін ойын кезінде көрсете білу.	*Қорытынды:* тығын ермексазды су орнынан қозғалтып(сабан талындағы судың көлемі үлкейген тығынды орнынан жылжытқан)Өз бетімен іс-әрекет Балалардың ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынасын,өз ойын,көзқарасын,мүддесін қорғай алу;құрдастарының ұсыныстарымен келіспеушілігін сыпайы түрде көрсету біліктіліктерін арттыру.

	Зерттеу жұмыс: Бақбақтың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау. **Еңбек.** Гүл егілген алаң айналасын тазалау. *Міндеті:*Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. **Қимылды ойын** «Өз гүліңді тап». *Міндеті:*түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету. **Жаттығу ойыны.** Қимылдарын дамыту *Міндеті:*- Қимыл белсенділіктерін арттыру; Ұзындыққа секіруге жаттықтыру.				
Серуенненоралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу**. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: қол жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды, жеке тарақты жеке гигиена заттарын пайдалану; қажеттілігін түсінуге мүмкіндіктер жасау; гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. **«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарай білуді қалыптастыру. "Судың сұрауы бар". (қазақ мәтелі)**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи				

	ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** Ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, майлықпен сүртіңдер, төкпей-шашпай ішіңдер Нан, сусын, сорпа, дәмді, ащы, тұз, тәтті, ет, балық, тамағыңды іш, ас болсын! Көгөністер көгөніс, сәбіз, қияр, қызанақ. **(Сөздік минимум)**				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
	Баяу әуенмен ұйықтату (музыка)	"Не дәмді?" ертегісін оқып беру. (тіл дамыту)	«Кенгуру қалай тәуелсіз болды?»	«Ормандағы жағдай» Бағыт: Өз-өзіне деген сенімсіздік, өз бетінше әрекет етуге деген қорқыныш сезімін жеңу.	Сиқырлы флейта. Абыздардың маршы. Моцарт.(Музыка)
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар),	**Ұлттық ойын:** «Жұмыртқа ойыны» Ойынның барысы: . Балалар саппен тұрады: Әр бала қасыққа жұмыртқа қойып, белгі бойынша жүруге	**Ұлттық ойын:** «Ақ сүйек» Ойын ережесі (балабақшаға бейімделген жеңіл түрі): Балалар екі топқа немесе жеке-жеке	**Ұлттық ойын:** «Санамақ» Ойынның барысы: Тәрбиеші балаларға түсіндіреді: – Балалар, қазір біз «Санамақ» ойынын ойнаймыз. Мен сандарды реттілікпен айтып, санамақ өлеңін оқимын, сендер	**Ұлттық ойын:** «Бөрік тасу» Ойынның түсіндірмесі: – Балалар, бұл – «Бөрік тасу» деп аталатын қызықты ұлттық ойын. Бұл ойында шапшаң жүгіріп, бөрікті тез	**Ұлттық ойын:** «Арқан тартыс» Ойынның сипаттамасы: Тәрбиеші түсіндіреді: – Балалар, бұл – «Арқан тартыс» атты

бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	дайындалады Тәрбиеші белгі береді: – «Назар аудар! Жұмыртқаны түсірмей мәреге жет!» Балалар жүгірмей, жәй жүріспен белгіленген сызыққа дейін барып қайтады Ойын шарты: Кім жұмыртқаны түсірмей, тез және дұрыс жүріп келсе – сол жеңімпаз Егер жұмыртқа түсіп кетсе – бала сол жерден қайта бастап жүреді немесе ойыннан шығады (тәрбиеші шешеді)	ойнауға дайындалады. Тәрбиеші немесе бір бала «Ақ сүйекті» ойын алаңына тығулы немесе алысқа лақтырып қояды (көзін жұмып тұрған балаларға көрсетпей). Белгі бойынша балалар сүйекті іздеуге кіріседі. Кім бірінші болып сүйекті тапса – сол жеңімпаз. Келесі айналымда сүйекті басқа бала тығады/лақтырады.	де менімен бірге қайталайсыңдар. Санамақ өлеңі Бір – үйде тұрады іркіт, Екі – егеуқұйрық кіріп кетті, Үш – үшеуі жабылып ұстап алды, Төрт – төрге апарып қамады, Бес – бесіктен қарап тұр бала, Алты – алтыбақанда ойнайды, Жеті – жеті жұрт келді үйге... (Осылайша 10-ға дейін немесе одан әрі жалғастыруға болады.) Санамақ түрлерін қолдану: Сандарды ретімен жаттау Балаларды нөмірлеп, санау арқылы кезек анықтау Қимылмен байланыстыру: әр санға бір қимыл қосу (мысалы, «бір» – алақан соғу, «екі» – қол көтеру)	жеткізу керек. Кім тез әрі бөрікті түсірмей апара алса – сол жеңімпаз! Ойынның барысы: Балалар 2 топқа бөлінеді (немесе кезекпен жеке де ойнауға болады). Әр топ кезекпен бір бөрікті басына немесе алақанына қойып, белгілі бір қашықтықтағы белгіге дейін жүгіріп барып, қайтып келеді. Бөрікті түсіріп алмауы керек. Кім тез әрі бөрікті түсірмей жеткізсе – сол ұпай алады. Барлық қатысушылар кезекпен ойнап шығады. Соңында ең көп ұпай жинаған топ немесе бала жеңімпаз болады.	қазақтың ұлттық ойыны. Бұл ойын топпен, бірігіп, күш салып ойнайтын ойын. Арқанды өз жағыңа қарай тартып, қарсылас топты өзіңе қарай өткізу керек. Бұл ойын достықты, бірлікті үйретеді. **Ойын барысы:** . Балалар 2 топқа бөлінеді: Әр топ арқанның екі жағын ұстайды Арқанның ортасына қызыл лента (белгі) байланады Ортада сызық немесе белгі қойылады Ойын басталады: Тәрбиеші: «Бастаймыз!» деген белгі береді Екі топ арқанды өз жағына тартады Қай топ қарсылас топты өз жағына қарай тартып өткізсе, сол топ жеңімпаз болады

Балалармен жеке жұмыс	қаламды дұрыс ұстай алмайды.Қалам мен қарындашты дұрыс ұстауын жетілдіру. Жанат Айару	өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды ішінара жатқа айтады. Өлең жолдарын жатқа мәнерлеп айтуын жетілдіру. Балғынбай Еркемай	Әңгімелесушіге ішінара сұрақтарды дұрыс қояды, нақты жауап беруге тырысуын дамыту Нәзік Данеля	сөйлегенде зат есімдерді, сын есімдерді, үстеулерді, көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді ішінара қолданады. Сөздерді байланыстырып анық айтуын дамыту. Саят Әбілмансұр	барлық дыбыстарды анық анық айтпайды, ажырата алмайды. Дыбыстарды анық айтуға, дұрыс ажырата білуге үйрету. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуін жетілдіру. Тоқтамыс Алдияр
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**«Жел мен жапырақтар»** **Міндеті:** Табиғат құбылыстарын қимылмен бейнелеу,ептілікті дамыту. **Шарты:** Балалар – жапырақтар. Тәрбиеші «жел соқты» десе,	**«Жапырақ тереміз»** **Міндеті:** Еңбекке бейімдеу және қимыл дәлдігін дамыту. **Шарты:** Алаңға түрлі түсті қағаз жапырақтар шашылады. Балалар белгі бойынша жүгіріп, белгілі түсті	**«Тиіндер мен жаңғақтар»** **Міндеті:** Ептілік пен зейінді дамыту. **Шарты:** Балалар – тиіндер, ал жерге «жаңғақтар» (доптар) тасталады. Белгі бойынша әр тиін өз жаңғағын жинап себетке салады.	**«Күзгі жел»** **Міндеті:** Жүгіріс пен бағытты сезінуді дамыту. **Шарты:** Тәрбиеші «жел оңнан соқты» десе, балалар оңға жүгіреді; «солдан» десе – солға; «жел қатты соқты» десе	**«Орманда серуен»** **Міндеті:** Қимыл үйлесімін, байқағыштықты дамыту. **Шарты:** Балалар орман ішінде жүргендей жүреді. «Тас кездесті» — секіреді, «өзен» — еңкейіп өтеді, «жел» — еңкейіп қозғалады.

	балалар айналып, әр тарапқа жүгіріп кетеді. «Жел басылды» десе, бәрі тоқтайды.	жапырақтарды жинайды.		– айналып жүгіріп шығады.	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Топта бар мамандық иелерінің киімдерін кигізіп, рөлдерге еніп ойнату. **(Танымдық іс-әрекеті)**	Балалармен болашақта кім болатыны жайлы сұрау, қалаулары бойынша тақпақтың бір бөлігін жаттату. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Әр түрлі мамандардың еңбек ететін жұмыс орнынын ғимараттарын құрастыру. Рөлдерге еніп сонда ойнату. **(Танымдық, шығармашылық іс-әрекеті)**	Орталықтарға бөлініп өздері таңдаған мамандық иелерінің суретін салу, мүсінін жасату, қағаздан қиып композиция жасату. **(шығармашылық іс-әрекет)**	Апта бойы жасалған іс әрекеттерді естеріне түсіріп, ерекше әсер алған сәттермен бөлісу. Жаңа сөздерді пысықтау **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Балалардыңүйгек айтуы	**Өнегелі 15-минут:** Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).				

Тәрбиеші: А.Жумагулова

Г. Болат

Әдіскер_____ Атыгаева А.Т

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Мектепалды «Күншуақ» тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 21.04-25.04.2025 жыл IV апта
Сәуір – «Құндылық – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы

Күнтәртібі	Дүйсенбі 21.04.2025ж	Сейсенбі 22.04.2025ж	Сәрсенбі 23.04.2025ж	Бейсенбі 24.04.2025ж	Жұма 25.04.2025ж
Балалардықабылдау	Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! Балалар **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу , шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. **(Музыка)** Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгіме-лесу, кеңес беру	**Өнегелі 15-минут:**Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу,	Жатқа білер дос атын, Дос бар бізді тосатын. Балабақша біздің үй. Басымызды қосатын Саусақпен ойнаймыз: «Құлып»	Дидактикалық ойын «Не артық?» Міндеті Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы	Дидактикалық ойын «Бағдаршам не дейді?» Міндеті байланыстырып сөйлеу дағдысын меңгеру **Коммуникативтік**	Саусақпен ойнаймыз:«Қоян інде» Ақ қоян-ау,ақ қоян, Үркек қоян,сақ қоян, Дыбыс шықса қашасың.	«Жедел қызметтерге қалай қоңырау шалуға болады» Міндеті: Балалармен жедел қызмет,байланыс орталығы нөмірлерін

дербес және басқалары	Міндеті Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету **Коммуникативтік дағдылар (Сөйлеуді дамыту)**	туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. **Танымдық дағдылар(Математика негіздері)**	**дағдылар (Тіл дамыту,қазақ тілі)** Дидактикалық ойын «Қауіпті заттар» міндеті қоршаған орта заттары жайлы түсінік қалыптастыру **Әлеуметтік дағдылар**	Міндеті Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. **Коммуникативтік дағдылар(Көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту)**	қайталау.Төтенше жағдай кезінде телефон соғу нұсқауларының негізгі элементтерін көрсету.Жедел қызметтерге телефон соғу жаттығуларын өткізу.**Қауіпсіздік ережелері**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	Сапта бір-бірінің артынан шеңбер бойлап жүру, қол белде аяқтың ішкі,сыртқы қырынмен жүру, жүгіру қолды кеуде тұстан ұстап аяқтың ұшымен жүгіру.тыныс алу жаттығулары. 1. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, басты оңға,солға бұру 5-6 рет 2. Б.қ.аяқты алшақ қойып, екі қолды екі жаққа созып, иыққа тигізу 5-6 рет. 3. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қолды жоғары көтеру, оңға солға иілу 5-6 рет. 4. Б.қ.аяқты сәл алшақ қойып, қолды алдыға созып, отырып, тұру 5-6 рет. 5. Б.қ.қол төменде, оң,сол аяқты көтеріп тізенің астынан шапалақтау 5-6 рет. 6. Б.қ.қол белде, оң,сол аяқты кезекпен көтеріп секіру 5-6 рет. Тыныс алу жаттығулары.2-3 рет.				
Таңғыас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу.				

	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Нан, ботқа, дәмді, тамағыңды ішеміз, ас болсын! **(Сөздік минимум)** **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылғаніс-әрекеткедайындық	**4 – ші апта дәйек сөзі:** «Кішкентай іске де жауапкершілікпен қара!»				
	«Жедел қызметтерге қалай қоңырау шалуға болады» Міндеті: Балалармен жедел қызмет,байланыс орталығы нөмірлерін қайталау,төтенше жағдай кезінде телефон соғу нұсқауларының негізгі элементтерін көрсету; әр-түрлі төтенше жағдайларда телефон соғу сценарийін әзірлеуді және есте сақтауды үйрету.Жедел қызметтерге телефон соғу жаттығуларын өткізу**. Қауіпсіздік ережелері.**	Жәрмеңкені ата аналар үшін дайындау. Балалардың әсерлері туралы әңгімелесу **Қоршаған әлеммен таныстыру, құрастыру**	**Қаржылық сауаттылық.** Рөлдік ойын «Дүкен» Бір бала сатушы болады, басқалары сатып алушылар. Карточкадағы затты таңдайды, ойын ақшасын береді. Сатушы ақша алады, сатып алушы зат алады.	**Экалогиялық тәрбие** Д/Ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?» Өтуі: Тәрбиеші әрекеттерді айтады, балалар: ✓қол шапалақтайды – дұрыс ✕қолды айқастырады – бұрыс Мысалдар: Қоқысты жәшікке тастау ✓ Гүлді жұлу ✕ Ағаш отырғызу ✓ Суды босқа ағызу ✕	**Бір тұтас тәрбие аясында**. Рөлдік ойын: «Дүкенде» Балалар: сатушы, сатып алушы болады. Сатушы: «Артық ақшаны қайтару» Сатып алушы: «Рахмет айту» Адал болам мен әрдайым, Шындық айтам бардайын. Жақсы бала боламын, Достарымды қорғаймын Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Ойыншық зауыттары туралы фильм, мультфильм тамашалау. **Қоршаған әлеммен таныстыру**
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Сауат ашу негіздері** Мінтеті: Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз) Д/ойын 1:	**Математика негіздері** Міндеті: Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып,	**Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Сауат ашу негіздері** Міндеті: Сөйлем	**Сауат ашу** Міндеті: Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлуге дағдыландыру. Д/ойын 1: «Сөйлемді	**Қазақ тілі** Міндеті: Сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу. Д/ойын: **Сұрақ**

Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.				

	Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** Ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, майлықпен сүртіңдер, төкпей-шашпай ішіңдер Нан, сусын, сорпа, дәмді, ащы, тұз, тәтті, ет, балық, тамағыңды іш, ас болсын! Көгөністер көгөніс, сәбіз, қияр, қызанақ. **(Сөздік минимум)**				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
	«Қасқыр мен кірпі» ертегісін айтып жағымды үнмен балаларды ұйықтату	«Құйыршық» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату.	Ұйқыға жатқызу. Балаларға әңгімелер оқып беру және жайлы музыка қою **(көркем әрекет)**		Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату
Біртіндеп ұйқыданоя ту, сауықтырушаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Ұлттық ойын:** **«Ақ серек,көк серек»** **Ойынның барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді: Бірі – «Ақ серек», бірі – «Көк серек» болады Екі топ бір-бірінен 5–7 метр қашықтықта қатар тұрады Балалар шынтақтасып, бір тізбек құрып тұрады	**Ұлттық ойын:** «Арқан тартыс» Ойынның сипаттамасы: Тәрбиеші түсіндіреді: – Балалар, бұл – «Арқан тартыс» атты қазақтың ұлттық ойыны. Бұл ойын топпен, бірігіп, күш салып ойнайтын ойын. Арқанды өз жағыңа қарай тартып, қарсылас топты өзіңе	**Ұлттық ойын:** **«Белбеу ұстасу»** **Ойынның барысы:** **.** Балалар жұппен шығады: Екі бала бір белбеудің екі ұшын ұстап, бетпе-бет тұрады Аяқтары иық деңгейінде, тепе-теңдік сақтауғадайын тұру керек Тәрбиеші белгіні береді: – "Дайындал! Бір, екі, үш!" дегенде ойын басталады		**Ұлттық ойын:** «Тоғызқұмалақ» Ойын туралы қысқаша , «Тоғызқұмалақ» — қазақ халқының ежелден келе жатқан ақыл-ой ойыны. Бұл ойында құмалақтарды (түймелер түсінік:

	Ойын ережесі: Бірінші топ (мысалы, «Ақ серек») хормен өлең айтады: – Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топ (мысалы, «Көк серек») жауап береді: – Бізге керек (баланың аты)! Аты аталған бала жүгіріп келіп, қарсы топтың шеңберін бұзып өтуге тырысады. Егер қол ұстасқан тізбекті бұзса – өз тобына жеңіспен оралады. Егер бұза алмаса – сол топта қалып қояды. Кезек екі жаққа ауысып отырады.	қарай өткізу керек. Бұл ойын достықты, бірлікті үйретеді. Ойын барысы: . Балалар 2 топқа бөлінеді: Әр топ арқанның екі жағын ұстайды Арқанның ортасына қызыл лента (белгі) байланады Ортада сызық немесе белгі қойылады Ойын басталады: Тәрбиеші: «Бастаймыз!» деген белгі береді Екі топ арқанды өз жағына тартады Қай топ қарсылас топты өз жағына қарай тартып өткізсе, сол топ жеңімпаз болады	Балалар белбеуді тартып немесе еппен итеріп, қарсыласын орнынан жылжытуға, теңгерімін бұзуға тырысады Қай бала тепе-теңдікті сақтап, басқасын қозғалтса немесе құлатса – сол жеңімпаз болады		– Балалар, тастар, асықтар) арнайы тақтадағы ұяшықтарға салып, есептеп ойнайды. Кім көп құмалақ жинаса – сол жеңеді. Ойын шахмат пен дойбы сияқты логикалық ойындардың қатарына жатады. Қажетті құралдар: Тоғызқұмалақ тақтасының қарапайым үлгісі (қағаз, тақта немесе ағаштан) Әр балаға – 9 құмалақ (тйме, ұсақ тас, т.б.) Сандар жазылған ұяшықтар Ойын ережесінің жеңілдетілген түрі: Әр бала алдында 9ұяшық болады.
Балалармен жекежұмыс	қаламды дұрыс ұстай алмайды.Қалам мен қарындашты дұрыс ұстауын жетілдіру. Жанат Айару	өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды ішінара жатқа айтады. Өлең жолдарын жатқа	Әңгімелесушіге ішінара сұрақтарды дұрыс қояды, нақты жауап беруге тырысуын дамыту Нәзік Данеля	сөйлегенде зат есімдерді, сын есімдерді, үстеулерді, көп мағыналы сөздерді, синонимдер	барлық дыбыстарды анық анық айтпайды, ажырата алмайды. Дыбыстарды анық

		мәнерлеп айтуын жетілдіру. Балғынбай Еркемай		мен антонимдерді ішінара қолданады. Сөздерді байланыстырып анық айтуын дамыту. Саят Әбілмансұр	айтуға, дұрыс ажырата білуге үйрету. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуін жетілдіру. Тоқтамыс Алдияр
Бесінас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«Қорғанды қорғау» Тактикалық ойлау, қимыл шапшаңдығын дамыту. **Шарты:** Бір команда қорғанды қорғайды, екіншісі ішке кіруге тырысады.	«Жылдам жеткізу» Қимыл үйлесімділігін арттыру, жүгіру жылдамдығын дамыту. **Шарты:** Допты жерге түсірмей команда бойынша белгіленген жерге жеткізу.	«Құстардың ұшуы» Топтық бірлікті және ырғақ сезімін қалыптастыру. **Шарты:** Балалар топпен құс болып ұшады, бағыт ауыстырады, бірге тоқтайды.		«Үлкен эстафета» Барлық қимыл түрін (жүгіру, секіру, лақтыру) кешенді дамыту. **Шарты:** Командалар аралас тапсырмалардан тұратын эстафетаны орындайды.

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптарды қарау, «Қу түлкі» ертегісін оқып беру. Рөлдерге бөліп ойнату. **((Қарым-қатынас танымдық іс-әрекет)**	Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білуді дамыту: олардысуару,түбін қопсыту,жапырақтың шаңын сүрту. **(еңбек әрекеті)**	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп түлкі мен жолбарыстың мүсінін жасату. Қағаздан қиып жапсыру. **(Шығармашылық іс-әрекет**)		Көңілді әуенге би белеу, ән тыңдау. **(музыка)**
Балалардыңүйгекайту ы	**Өнегелі 15-минут:**Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).				

Тәрбиеші: А.Жумагулова

Г. Болат

Әдіскер_____ Атыгаева А.Т

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Мектепалды «Күншуақ» тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 05.05 - 09.05. 2025 жыл I апта
Мамыр – Бірлік және ынтымақайы
Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
Өзіне-өзі қызмет көрсету

Күнтәртібі	Дүйсенбі 05.05.2025ж	Сейсенбі 06.05.2025ж	Сәрсенбі 07.05.2025ж	Бейсенбі 08.05.2025ж	Жұма 09.05.2025ж
Балалардықабылдау	Қайырлы таң! Қайырлы күн! Сәлеметсіз бе! Балалар **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу , шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру. **(Музыка)** Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15 минут.**Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	Табиғат бұрышындағы еңбек. **Өсімдіктерге күтім жасау:** Суару (уақытылы, мөлшерін ескере отырып) Жапырақтарын сүрту, кеуіп қалғандарын алып тастау Топырағын қопсыту Тыңайтқыш беру (педагог бақылауымен) **Әлеуметтік дағдылар,экологиялық тәрбие**	**Міндеті:** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. **Сөйлеуді дамыту**		Салт- дәстүрлерге қатысты тақырыпта сурет бойынша әңгімелесу. Тұсаукесер рәсімімен таныстыру, тұсау кесуге арналған ала жіпті өріп жасау.**Бір тұтас тәрбие(сөйлеуді дамыту,құрастыру**	
Ертеңгілік жаттығу	**«Менің Қазақстаным»** әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	**Ж.Д.Ж-ы.** 1. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, басты оңға,солға иілу 5-6 рет 2. Б.қ. аяқты алшақ қойып, қолды иыққа ұстап, шынтақты алға және артқа айналдыру 5-6 рет. 3. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қолды жоғары созып, оңға солға иілу 5-6 рет. 4. Б.қ.аяқты қосу, аяқты алшақ қойып, екі қолды екі жаққа созып, оң қолды сол аяққа, сол қолды оң аяққа кезекпен тигізу 5-6 рет. 5. Б.қ. аяқты бірге, қол төмен, аяқтың ұшымен көтеріліп, қолды жоғары көтеру 5-6 рет. 6. Б.қ. аяқты қосу қол белде, орында тұрып аяқты қайшылап секіру 5-6 рет. Тыныс алу жаттығулары.2-3 рет.				

<table>
<tr><td>Таңғыас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Нан, шәй, май, ірімшік ботқа, дәмді, тамағыңды ішеміз, ас болсын! (Сөздік минимум)
Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ұйымдастырылғанi с-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">1-ші апта дәйек сөзі!
«Бірлік – күштің бастауы.»</td></tr>
<tr><td>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»
Ойын атауы: «Асық ойыны»
(жеңілдетілген нұсқа)
Ұлттық мұраға қызығушылық тудыру, дәлдікке,ептілікке үйрету.
Құралдар: Асықтар, сақа.
Ойын барысы:
Балалар кезекпен асық атады.
Қайсысы асықты дәл түсірсе – сол жеңімпаз.
Тәрбиеші «ұлттық ойын – халқымыздың қазынасы» екенін түсіндіреді.
(Дене тәрбиесі)</td><td>Қаржылық сауаттылық
Ойын атауы: «Дүкен»
Ақша туралы қарапайым түсінік қалыптастыру, санауды үйрету.
Құралдар: Жеміс-жидек макеттері, ойыншық ақша, дорба.
Ойын барысы:
Бір бала – сатушы, қалғандары – сатып алушылар.
Балалар ақшаларын санап, «тауарды» сатып алады.
Тәрбиеші «артық ақша қалды ма, әділ төледің бе?» деп бағыт береді
(Математика негіздері, қоршаған әлеммен танысу)</td><td></td><td>Ерте кәсіптік бағдар беру
Ойын: «Кімге не керек?»

Тәрбиеші суреттерді араластырып қояды да:
– «Бұл құралды кім қолданады?» деп сұрайды.
Балалар сәйкес маманды табады және оның не істейтінін айтады.
Мысалы:
– «Дәрігер науқасты емдейді»,
– «Құрылысшы үй салады».</td><td></td></tr>
</table>

Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:**Саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салуды қалыптастыру. Ұйымдастыру кезеңі ойынға енгізу Тәрбиеші: – Балалар, біз бүгін саусақтарымызды жаттықтырып, жолмен саяхатқа шығамыз. Саусақтарымыз – кішкентай саяхатшылар Саусақ жаттығуы: *«Саусақтар оянды»* (Балалар саусақтарын ашып-жұмып, жоғары-төмен қозғалтады) Ойын: «Тамшы қалай ағады?» Шарты: – Балалар, жаңбыр тамшысы жоғарыдан төменге ағады. – Саусағымызбен жолды үзбей төмен түсіреміз. Балалар саусақпен тік сызықты үзіліссіз	**Математика негіздері** **Міндеті:** «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Шаттық шеңбері Тәрбиеші: – Балалар, бүгін біз «бір» деген сөзбен ойын ойнаймыз – «Бір» дегенде не елестейді? (Балалардың жауаптарын тыңдау) Негізгі бөлім Ойын: «Жалғыз затты тап» Шарты: Тәрбиеші үстелге бір доп қояды. – Бұл нешеу? – Бұл бір доп. Содан кейін бірнеше доп қояды. – Ал енді нешеу? Балалар жауап береді. Ойын: «Топтан біреуін ал» Шарты: Себетке бірнеше		**Сауат ашу** **Міндеті:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға дағдыландыру. Саусақ және қол жаттығулары Саусақ жаттығуы: *Саусақтарым тік тұрды,* *Төмен қарай сырғыды.* *Солға, оңға қозғалып,* *Сызық болып жырғылды.* (Қарындашты дұрыс ұстау көрсетіледі) Сызықтармен таныстыру Тәрбиеші тақтада көрсетеді: Тігінен сызық (жоғарыдан төмен) Көлденең сызық (солдан оңға)	

	жүргізеді. Д.ойын: «Құмырсқа жолы» Шарты: – Құмырсқа солдан оңға жүреді. – Оған жол салып көмектесейік. Балалар көлденең сызықты солдан оңға қарай жүргізеді. Д.ойын: «Көлікке жол сал» Шарты: – Көлік тоқтамай жүруі керек – Саусақпен жолды біркелкі, үзбей саламыз (Тік және көлденең жолдар біріктіріледі) Сергіту сәті Қимылды өлең: *Жоғарыдан төмен түстік біз,* *Солдан оңға жүрдік біз.* *Саусақтарым шаршамай,* *Әдемі жол сыздық біз.* (Қимылмен көрсету)	ойыншық салынады. – Бұл не? (көп ойыншық) – Енді себеттен бір ойыншықты ғана алып көрейік. Балалар топтан бір затты алып, «Мен бір ойыншық алдым» деп айтады. Ойын: «Біреуі қайда?» Шарты: Тәрбиеші сұрайды: – Үстел үстінде көп қарындаш бар. – Соның біреуі қайсы? Балалар біреуін көрсетеді. Ойын: «Бір – топтың ішінде» Шарты: Балалар шеңберге тұрады. – Біз көп баламыз. – Ал сендер әрқайсың – бір баласыңдар. Тәрбиеші бір баланы көрсетеді: – Бұл кім? – Бұл – балалардың бірі. Сергіту сәті Қимылды ойын:		Қысқа және ұзын сызықтар Толқынды сызық Ирек сызық Нүктелер Тамшы тәрізді пішін Тәрбиеші: – Сызықтардың арасы бірдей, бір-біріне тимей тұруы керек. Д.ойын «Жалғастыр» тапсырмасы Жолдың бір бөлігі үлгімен берілген. Тапсырма: – Үлгіні қарап, сызықты соңына дейін жалғастыр. (Тік, көлденең, толқынды, ирек сызықтар) Өз бетінше орындау Тапсырма: – Бір жолға тік сызық – Бір жолға көлденең сызық – Бір жолға толқынды – Бір жолға ирек – Бір жолға нүктелер мен тамшы пішіндерін салу Аралары бірдей болуы ескертіледі.	

	Математика негіздері **Міндеті:** Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру. «Пішіндерден жаңа пішін жасаймыз» Балалар шеңберге немесе үстел айналасына отырады. Тәрбиеші: – «Балалар, бүгін біз пішіндер әлемімен ойнаймыз! ▲ Біз бір пішінді бөліктерге бөліп, оны қайта құрастырып, жаңа пішін жасаймыз». Саусақ жаттығуы: Қолдарымызбен шаршы жасап, оны екіге бөліп, қайта қосамыз. Сұрақтар: «Сіздер пішіндерді	– Бір рет қол шапалақтаймыз – Бір рет секіреміз – Бір рет айналамыз (Қимыл арқылы «бір» ұғымын бекіту) Қорытынды Сұрақтар: – «Бір» деген не? – «Бір» тек жалғыз зат па, әлде топтың бір бөлігі бола ала ма? **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:**Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Тәрбиеші: – Балалар, бүгін біз дыбыстар еліне саяхатқа шығамыз. Әр дыбыс анық естілуі керек Тыныс алу жаттығуы: *«Шар үрлейміз»* (Мұрынмен тыныс алып, ауызбен жай шығару)		Сергіту сәті Қимылды жаттығу: *Тік сызық – қолды көтер,* *Көлденең – екі жаққа соз,* *Толқынды – денеңмен көрсет,* *Ирек – секір де тез қос.* Балалардың жұмыстары қаралады. Сұрақтар: – Қандай сызық салу оңай болды? – Арақашықтықты сақтау қиын болды ма? Тәрбиеші қорытындылайды: – Бүгін сендер сызықтарды әдемі жаздыңдар. – Осындай жаттығулар бізді әріп жазуға дайындайды **Математика негіздері** **Міндеті:** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының	

	бөліп көрдіңіздер ме?» «Бүтін және бөлік дегеніміз не?» Тәрбиеші түсіндіреді: Бүтін пішін – бөлінбеген, толық пішін. Бөлік – бөлінген пішіннің бір бөлігі. Тең бөлік – барлық бөліктер бірдей. Тең емес бөлік – бөліктер мөлшері әртүрлі. Көрнекілік: Қағаздан жасалған шаршы, үшбұрыш, дөңгелекті көрсетеді. Пішінді екіге, үшке бөліп, тең және тең емес бөліктерді салыстырады. Сұрақтар балаларға: «Бұл пішінді қанша бөлікке бөліп алуға болады?» «Қай бөлік үлкен, қайсысы кішкентай?» «Бөл, қайта қос» Балалар әртүрлі пішіндер алады (шаршы, үшбұрыш, дөңгелек).	Негізгі бөлім Ойын: «Дауысты дыбысты айт» Шарты: Тәрбиеші дауысты дыбысты айтады, балалар айнаға қарап қайталайды. – А – ауыз кең ашылады – О – ерін дөңгеленеді – Ү – ерін алға шығады Дауысты дыбыстарды созып айту: *ааа, ооо, үүү* Ойын: «Екі дыбыс – екі үй» Шарты: Ұқсас дыбыстарға арналған «үйлер»: Б – П Г – Ғ К – Қ Ж – Ш З – С Н – Ң Р – Л Балалар суретті затты тиісті дыбыс үйіне апарады және сөзді анық айтады. Д.ойын: «Қай дыбыс		пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. "Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. «Сандарды дұрыс жазайық» Тәрбиеші карточкаларды көрсетеді: – Мынау 0, 1, 2 … 10 сандары. – 6, 7, 8, 9, 10 сандары қалай пайда болды? Балалармен ойын: Қарап тұрған заттарды санап көру (ойыншық, доп, блок) «Қанша доп бар?» – балалар жауап береді «Осы доп нешінші?» – балалар орнын көрсетеді Ойын:Тура және кері санау ойыны Ойын: «Сан жолын салайық» Тәрбиеші 10 карточканы жерге қойып, балалардан 1-ден 10-ға дейін	

	Қағаздан немесе картоннан пішінді 2–4 бөлікке бөліп, қайта құрастырады. Бөлгенде тең және тең емес бөліктерді салыстырады. Ойын элементі: «Кім дұрыс бөлікті жасайды?» – балалар бір-бірін тексереді, дұрыс бөліктерді «марапаттайды». Ойын«Бүтін мен бөлікті тап» Тәрбиеші балаларға бөлінген пішіндер көрсетеді. Балалар сұраққа жауап береді: – «Бұл бүтін бе, бөлік пе?» – «Қанша бөлікке бөлінген?» Қимылды элемент: Бүтін пішінді көрсеткенде қолын көтеру. Бөлікті көрсеткенде бір аяғын көтеру. 3-кезең. «8–10 бөліктен пішін құрастыру» (10 мин)	қатты, қайсысы жұмсақ?» Шарты: Балалар сөздерді қайталап айтады: – Қала – Кеме – Ғарыш – Гүл – Шана – Жаңа Тәрбиеші дыбыстың айтылуына назар аударады (тілдің орны, ауа шығуы). Сергіту сәті Қимылды жаттығу: *Б-п – қол шапалақтаймыз* *Ж-ш – сыбырлаймыз* *Р-л – тіл жаттығуы* (Қимылмен дыбыс айту) Қуыршақпен диалог: – Қай дыбыс қиын болды? – Қандай дыбысты анық айттық? Мадақтау: – Жарайсыңдар! Дыбыстарды өте әдемі айттыңдар **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Туыстық		санайды. Кері санау: 10-нан 1-ге дейін. Балалар бір-біріне қарап, әр санды көрсетеді. Қосымша тапсырма: Бір затты алып, сұрақ қояды: «Қанша ойыншық бар?» «Ол нешінші?» Ойын: Сандар мен заттарды сәйкестендіру Ойын: «Сандарды тауып бер» 6 допты үстелге қояды, балаларға карточкадан 6 санын табу тапсырылады. 7, 8, 9, 10 сандарымен де қайталайды. Тәрбиеші: – Көрдіңдер ме, әр сан заттың санымен сәйкес келеді. – «Қанша?» – заттардың санын айтамыз. – «Нешінші?» – санның орнын табамыз. Қ.ойын «Сандар	

	Балаларға алдын ала 8–10 бөлік дайын пішіндер беріледі. Тапсырма: бөліктерді біріктіріп, жаңа пішін жасау (квадраттан үй, үшбұрыштан ағаш, дөңгелектен күн немесе гүл). Шығармашылыққа мүмкіндік беріледі. Тәрбиеші сұрақтары: «Қай бөлік қайсына сәйкес келеді?» «Қандай жаңа пішін жасай алдыңдар?» Қимылды ойын: «Пішінге айнал» Балалар орындарынан тұрады. Тәрбиеші геометриялық пішін атайды: «шаршы», «үшбұрыш», «дөңгелек». Балалар өз денелерімен немесе қол–аяқ арқылы сол пішінді көрсетеді. Сұрақтар: «Бүгін біз не үйрендік?» «Қандай пішінді бөліп,	байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу. Өлеңмен сәлемдесу: Атам, әжем – асқарым, Әке, ана – бақытым. Барша туған-туыспен, Бақытты боп шат жүрсін! Д.ойын: «Отбасын құрастыр» Шарты: Балалар суреттерден ата, әже, әке, ана, бауырларын тауып, отбасы ретінде орналастырады. Сұрақтар: – Ата мен әже кім болады? – Әкең мен анаңның		шеруі» Балалар қатар тұрып, әрқайсысына 1–ден 10-ға дейінгі сан беріледі. Бір-біріне қарап, қосынды санды көрсетеді немесе өз орнын табады. Мысалы: – «Сен 5 сансың, сенің алдыңдағы 3 нешінші?» – бала жауап береді. Д.ойын «Сандық лабиринт» Жерге лента немесе сызғышпен жол салады (0–10 сандары жазылған). Балалар сан бойынша жүріп, сұрақтарға жауап береді: – «Қанша қадам бар?» – «Ол нешінші?» Қимылды ойын: «Санға секір»: Тәрбиеші сан айтады, балалар сол санға секіреді Тура санау, кері санау қимылмен көрсетіледі Тәрбиеші: – Бүгін біз 1-ден 10-ға	

	қайта жасадық?» «Бүтін мен бөлікті қалай ажыратамыз?» Тәрбиеші қорытындылайды: «Біз пішіндерді бөліп, қайта құрастырып, жаңа пішін жасай білдік. Бүтін мен бөлікті салыстырып, тең және тең емес бөлінуді үйрендік » Балаларды мадақтау: «Сіздер керемет пішін жасаушыларсыздар!» **Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	ата-анасы қалай аталады? Тәрбиеші өз жұрты, нағашы жұрты туралы қарапайым түсіндіреді. Ойын: «Жеті ата ағашы» Шарты: «Ата шежіресі» ағашына жапырақтар ілінеді. Тәрбиеші жеңілдетіп түсіндіреді: – Бала – Әке – Ата – Арғы ата (қарапайым тілмен) (Барлығын жаттатпай, жеті ата бар екенін білу жеткілікті) Д.ойын: «Сыпайы сөзді тап» Шарты: Тәрбиеші жағдай айтады, балалар сыпайы сөзді табады: – Біреу көмектесті → Рахмет – Бірдеңе сұрау → Өтінемін – Кешірім сұрау → Кешіріңіз		дейін санауды үйрендік – «Қанша?» және «Нешінші?» сұрақтарына жауап бердік – Қанша зат бар екенін, әр санның орнын анықтауды үйрендік Балаларды мадақтау: – «Сіздер керемет санаушыларсыздар!» **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Балалар шеңберге отырады. Тәрбиеші: – Балалар, бүгін біз сөздер әлеміне саяхат жасаймыз – Сөздер арқылы заттарды, топтарды қалай атайтынымызды үйренеміз.	

		Сергіту сәті Қимылды өлең: Үлкендерді сыйлаймыз, Кішіге де ізетпіз. Үйде бәрін тыңдаймыз, Тәртіпті біз баламыз. Сұрақтар: – Үйде кімдер бар? – Үлкендерге қалай сөйлейміз? – Қалай көмектесеміз? Жүрекше сыйлау: Балалар «Мен отбасымды жақсы көремін» деп жүрекшені көрсетеді **Қазақ тілі** **Міндеті:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Шаттық шеңбері Тәрбиеші: – Балалар, бір-бірімізге күлімдеп қарап, амандасайық. – Қане, бәріміз бірге айтайық: *Сәлем, сәлем,* *достарым,*		Сұрақ: – Сендерге қандай заттар ұнайды? – Оларды қалай атаймыз? Тәрбиеші көрсетеді: Бұл – алма, банан, апельсин (жемістер) Бұл – сәбіз, қияр, қызанақ (көкөністер) Бұл – машинка, қуыршақ, доп (ойыншықтар) Түсіндіру: – Бір заттың аты – зат есім. Мысалы, «алма», «қызанақ». – Бірнеше заттың жалпы аты – жалпылаушы сөз. Мысалы: «жемістер», «көкөністер», «ойыншықтар». Негізгі бөлім (ойын түрінде) «Сөздерді сәйкестендіру» Ойын: Балаларға суреттер көрсетіледі. Сұрақтар: – «Бұл не?» (зат есім) – «Мұнда қандай	

		Көңілді болсын әр күнім! Балалардың көңіл күйін анықтау (смайлик таңдау). Әңгімелесу Тәрбиеші: – Біз бір-бірімізбен қалай сөйлесеміз? – Сөйлесу бізге не үшін керек? – Адамдар сөйлеспесе не болар еді? (Балалардың жауаптарын толық айтуына бағыттау) «Сиқырлы микрофон» ойыны Тәрбиеші микрофонды ұсынады. Балалар кезекпен сөйлейді. Сұрақ үлгілері: Менің атым … Мен досыммен қалай сөйлесемін? Мен не айтқанды жақсы көремін? Сюжеттік суретпен жұмыс «Достар қалай сөйлесіп жатыр?» Балалар суретке қарап:		заттар көп?» (жалпылаушы сөз) Мысалы: Суретте алма, банан, апельсин болса, балалар жауап береді: – «Алма» (зат есім) – «Жемістер» (жалпылаушы сөз) «Сөздер қоржыны» Қарапайым карточкаларға жазылған зат есімдерді балаларға таратады. Балалар заттарды топқа бөліп, жалпылаушы сөзді табады. Мысалы: «Қияр», «Сәбіз», «Қызанақ» → «Көкөністер» Тәрбиеші: – Дұрыс бөлдіңдер ме? Әр затқа жалпылаушы сөзді қойдық па? «Сөйлем құра» Балаларға сурет беріледі, әр суретке қатысты зат есім мен жалпылаушы сөзді қолдану сұралады. Мысалы: – Суретте қуыршақтар	

		Кейіпкерлер не айтып жатыр? Олар бір-біріне қалай сөйлеп тұр? Дұрыс сөйлесу деген не? Сергіту сәті *Біз сөйлесеміз күліп,* *Қол бұлғаймыз тұрып,* *Бір-бірімізді тыңдаймыз,* *Әдепті болуды ұмытпаймыз.* Дидактикалық ойын «Дұрыс жауап бер» Тәрбиеші сұрақ қояды, бала толық жауап береді: Сен досыңнан ойыншық сұрасаң не дейсің? Біреу көмектессе не айтасың? (Сыпайы сөздерді қолдануға назар аудару)		мен доптар болса: – «Мынау қуыршақ» (зат есім) – «Бұл ойыншықтар» (жалпылаушы сөз) Тәрбиеші балаларға сөйлемді мәнерлеп айтуға үйретеді: – «Менде көп ойыншық бар.» – «Мен жемістерді жақсы көремін.» Қимылды ойын: «Сөздерді тап» Тәрбиеші бір зат атайды («алма», «машинка») Балалар дұрыс карточканы көрсетіп, «жалпылаушы сөзді табамыз» Қимылдармен қатар ойнау: секіру, қолды көтеру Сұрақтар: – Зат есім дегеніміз не? – Жалпылаушы сөзді қалай қолданамыз? – Қандай сөздер топқа жатады? Тәрбиеші қорытындылайды:	

				– Біз зат есімдерді және жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдануды үйрендік. – Енді әр затты дұрыс атауды, топқа бөлуді білесіңдер. **Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды қалыптастыру. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беруді жетілдіру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау дағдысын қалыптастыру. Тәрбиеші: – Балалар, бүгін біз өлеңді жай ғана айтпаймыз, – Біз оны жандандырамыз, сахнаға шығарамыз – Нағыз актер қандай	

				болады? Балалардың жауаптары: – Мәнерлеп сөйлейді – Қимылдайды – Кейіпкер сияқты болады Дауыс пен тыныс жаттығулары Тәрбиеші: – Алдымен дауысымызды жаттықтырайық. *«Жел соқты»* – жай айту *«Күн шықты»* – дауысты көтеру *«Құстар сайрады»* – әуендетіп айту Мимика мен эмоция жаттығуы Айна арқылы: – Қуану – Ренжу – Таң қалу – Қорқу Тәрбиеші: – Бетімізбен де сөйлей аламыз Өлеңмен жұмыс Тәрбиеші өлеңді мәнерлеп оқып береді. Сұрақтар:	

				– Өлеңде не туралы айтылған? – Көңілді ме, мұңды ма? Балалар өлеңді жол-жолымен қайталайды, интонацияға назар аударылады. *Жай айту – мәнерлеп айту* салыстырылады. «Қалай айтсам болады?» ойыны Тәрбиеші бір жолды айтады, балалар әртүрлі көңіл күймен айтады: – Қуанып – Ақырын – Ренжіп – Таңданып Көркем шығарманы сахналау Мысал: «Шалқан» ертегісі Рөлдер бөлінеді: – Әңгімелеуші – Ата – Әже – Немере – Ит – Мысық – Тышқан Тәрбиеші бағыт	

				береді: – Ата қалай сөйлейді? (байсалды) – Тышқан қалай қозғалады? (епті, тез) Балалар рөлдерге еніп, қимыл, дауыс, мимика арқылы сахналайды. Сюжетт«Мен – кейіпкермін» Әр бала өз рөлімен бір сөйлемді дербес, мәнерлеп айтады. Мысалы: – *Мен кішкентаймын, бірақ көмегім үлкен!* Сергіту сәті Қимылды ойын: *Актер болып жүрейік,* *Кейіпкер боп сөйлейік.* *Қол қимылдап, бет күліп,* *Сахнада өнерлейік.* Талқылау: – Қай кейіпкер болу ұнады? – Қалай сөйлеу керек болды? Тәрбиеші қорытындылайды: – Өлеңді мәнерлеп айту – өнер – Рөлді сезіну – нағыз	

				актердің белгісі	
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенгедайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотрикаңы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Ауа-райын бақылау** Міндеті:Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Бақылау барысы Көркем сөз. А.Меңдібай Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз еккен, Гүл шоқтары гүлдейді. Жапырақтар сыбдырлап,	**Көктемгі терекгерді бақылау** Міндеті:Терек және оның бөліктері туралы түсінік қалыптастыру; Бақылау барысы: Балабақша ауласындағы терекгерді бақылау. Терекгердің әр түрлі екендігін, бойлары, жапырақтары бәрі өзгеше болатынын түсіндіру. Терек бұтақтардан ал бұтақтар жапыраұқтардан тұратынын айту. Әр мезгілге сай ағаштын да келбеті өзгеріп отыратынын түсіндіру. Еңбекке баулу: Балалармен		**Көктемгі орман аңдарын бақылау** Міндеті: Орман аңдары туралы түсінік қалыптастыру; Аңдардың сырт келбеті мен жүріс тұрысы туралы айту; Аңдарға деген сүйіспеншіліктерін арттыру; БақылауорысыОрманда мекен ететін аңдардың көктемгі тіршілігі туралы айту. Аңдардың сырт келбеті мен жүріс тұрысын сипаттау, адам өміріндегі алатын орнын түсіндіру. Еңбекке баулу: Табиғат	

	«Қандай көркем, көр»-дейді. Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді. Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем). Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар*? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)* Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? *(күн жылығандықтан)* Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем) Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) Қазір аспан көрнісі	бірге теректің сынған бұтақтарын кесіп алу. Мақсаты: Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Қимылды ойын: «Құстар ұясында» Мақсаты: Бір – біріне соқтығыспай еркін жүгіруге үйрету; Тәрбиеші белгісі бойынша жылдам жүгіруге, бір – біріне көмек көрсетуге қалыптастыру Қажетті материалдар: балаларға арналған тырмалар, қалақшалар, шелек, ойыншықтар.		бұрышындағы жануарларға шөптер дайындау.Мақсаты: Жануарларды күтуге ниеттерін арттыру, оларды дұрыс тамақтандыруға үйрету. Қимылды ойын: «Жалбырит» Мақсаты: Жүру және жүгіру барысында бір – біріне соқтығыспай еркін жүруге үйрету; Тәрбиеші тапсырмасын бұлжытпай орындауға үйрету; Қажетті материалдар: қалақшалар, машиналар, қуыршақтар. Қызыл қоңыз немен қоектенеді? Мақсаты: Қызыл қоңыз туралы түсінік қалыптастыру; Қоректенуі мен тіршілігі туралы білімдерін бекіту; Бақылау барысы:Тәрбиеші балаларға серуен барысында өсімдіктерді мұқият қарауға тапсырады. Қызыл қоңыз немесе басқа да шіркейлер қонып тұрған	

	қандай? (ашық көк) Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр). Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? Жаңбыр қандай температурада жауады? Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды). Еңбек Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. *Мақсаты: кішкентайлар арға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.* Қимылды ойын «Үшінші артық». *Мақсаты: ойын*			өсімдіктерді тауып, асықпай қарайды. Бақылау барысында қызыл қоңыздар өз қорегіне кішкентай шыбын шіркейлерді қорек ететіндігін ұғынады. Еңбекке баулу:Ауланы жинастыру Мақсаты: ұжыммен біріге жұмыс істеуге тәрбиелеу; Қимылды ойын: « Өз түсіңді тап» Мақсаты: Жүгіруге үйрету; Түстерді жаттауға баулу; Қажетті материалдар: қалақша, шелек, ойыншықтар.	

	ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. *Мақсаты:* Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; Қозғалыс координацияларын сақтау;				
Серуенненоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** Ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, майлықпен сүртіңдер, төкпей-шашпай ішіңдер				

	Нан, сусын, сорпа, дәмді, ащы, тұз, тәтті, ет, балық, тамағыңды іш, ас болсын! Көгөністер көгөніс, сәбіз, қияр, қызанақ. **(Сөздік минимум)**				
Күндізгіүйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаиы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртінде п ұйқыда н ояту, сауықтырушаралар ы	Түлкі мен қоян ертегісін оқып беру **(көркем әдебиет)**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайылы баяу музыка тыңдау.		Бала мен қарлығаш ертегісін оқып беру **(көркем әдебиет)**	Жайлы баяу күй тыңдату.
	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотрикаиы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Ұлттық ойын:** «Арқан тартыс» Ойынның сипаттамасы: Тәрбиеші түсіндіреді: – Балалар, бұл – «Арқан тартыс» атты қазақтың ұлттық ойыны. Бұл ойын топпен, бірігіп, күш салып ойнайтын ойын. Арқанды өз жағыңа қарай тартып, қарсылас	**Ұлттық ойын: «Асық ату»** Асық — қазақтың ұлттық ойыны. Бұл ойын шапшаңдықты, дәлдікті, көзді дұрыс мөлшерлеуді талап етеді. Асықтың түрлі түстері мен аттары бар (сақа, омпы, бүк, шік, тәйке). Қауіпсіздік ережелері:Асықты тек белгіленген жерде ғана атады.		**Ұлттық ойын:** «Бөрік тасу» Ойынның түсіндірмесі: – Балалар, бұл – «Бөрік **тасу»** деп аталатын қызықты ұлттық ойын. Бұл ойында шапшаң жүгіріп, бөрікті тез жеткізу керек. Кім тез әрі бөрікті түсірмей апара алса – сол жеңімпаз! **Ойынның барысы:** Балалар 2 топқа бөлінеді (немесе кезекпен жеке де ойнауға болады). Әр топ кезекпен бір бөрікті басына немесе алақанына	

	топты өзіңе қарай өткізу керек. Бұл ойын достықты, бірлікті үйретеді. Ойын барысы: . Балалар 2 топқа бөлінеді: Әр топ арқанның екі жағын ұстайды Арқанның ортасына қызыл лента (белгі) байланады Ортада сызық немесе белгі қойылады Ойын басталады: Тәрбиеші: «Бастаймыз!» деген белгі береді Екі топ арқанды өз жағына тартады Қай топ қарсылас топты өз жағына қарай тартып өткізсе, сол топ жеңімпаз болады **(Дене тәрбиесі)**	Басқа балалар жаққа қарай лақтыруға болмайды. Кезекпен ойнаймыз. Ойын түрі: «Кім көп асық атады?» Жүргізілуі: Балалар кезекпен сақамен ортада жатқан көреді. Қай бала көбірек асық ата алса, сол асықтарды атып жеңімпаз атанады. **(Дене тәрбиесі)**		қойып, белгілі бір қашықтықтағы белгіге дейін жүгіріп барып, қайтып келеді. Бөрікті түсіріп алмауы керек. Кім тез әрі бөрікті түсірмей жеткізсе – сол ұпай алады. Барлық қатысушылар кезекпен ойнап шығады. Соңында ең көп ұпай жинаған топ немесе бала жеңімпаз болады.	
Балалармен жекежұмыс	әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіруге	өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру Болат Ералы		барлық дыбыстарды анық анық айтпайды, ажырата алмайды. Дыбыстарды анық айтуға, дұрыс ажырата	

	талпынбайдыЖүру қарқынын жетілдіру. Нәзік Данелия			білуге үйрету. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуін жетілдіру. Тоқтамыс Алдияр	
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«Кодты жеткіз» Жүгіру жылдамдығы мен зейінді дамыту. **Шарты:** Бір бала «код» (қағаз) алып, кедергілерден өтіп командаласына жеткізеді, команда оны әрі қарай жалғастырады	«Эстафеталық лабиринт»Ептілік, бағдарлау және уақытпен жарысу қабілетін арттыру. **Шарты:** Балалар кезекпен лабиринттен өтіп, таяқшаны келесі ойыншыға береді.		« Лабиринт»Ептілік, бағдарлау және уақытпен жарысу қабілетін арттыру. **Шарты:** Балалар кезекпен лабиринттен өтіп, таяқшаны келесі ойыншыға береді.	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Қуыршақ театрының кейіпкерлерінен ата, апа, ана, әке бейнесін танып атау, сәлемдесу, қоштасу сөздерін айтуды үйретуді пысықтау **(Көркем әдебиет)** ойыншықтармен ойынойнауын жетілдіру **(Құрылыс ойындары)**	Балаларды орталықтарға бөлу. Қалаулары бойынша дербес шығармашылық әрекеттер ұйымдастыру. **(мүсіндеу) (жапсыру)**		Кітаптардан көліктердің суреттерін көрсету. Көліктің дыбысын салуды үйрету. Жаңбырдың суреттерін көрсету.Сұқ саусақтарын бояуға тигізіп, қағазға таңба қылып басып, жаңбыр тамшыларын салдырту. **Қуыршақ театры** «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру. **Құрылыс ойындары** Конструкторлармен ойындар **(Қоршаған әлеммен таныстыру,сурет салу)**	
Балалардыңүйгекай туы	**Өнегелі 15-минут:**Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).				

Тәрбиеші: А.Жумагулова
Г. Болат

Әдіскер_____ АтыгаеваА.Т.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Мектепалды «Күншуақ» тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 12.05 - 16.05. 2025 жыл II апта
Мамыр –Бірлік және ынтымақайы
Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
Өзіне-өзі қызмет көрсету

Күнтәртібі	Дүйсенбі 12.05.2025ж	Сейсенбі 13.05.2025ж	Сәрсенбі 14.05.2025 ж	Бейсенбі 15.05.2025 ж	Жұма 16.05.2025ж
Балалардықабылдау	Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! Балалар **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу , шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру. **(Музыка)** Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес	**Өнегелі 15-минут**:Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.				

беру	**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік жайлы әңгімелесу «Бағдаршам» мобильді ойыны Балалар бағдаршамның айналасында тұрады. «Барамыз, барамыз, барамыз» әнінің аудио жазбасы естіледі. Бағдаршам қызыл жасыл немесе сары жалаушаны көтереді. Жасыл сигнал түссе балалар шеңбер бойымен жүреді, қызыл түсте тоқтайды, сары түсте қол соғады. **Қауіпсіздік ережелері**	Жұмбақтар Міндеті Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. Көшелермен шағын үйлер өтеді. Ересектер мен балаларды қала бойына апарады. (Автобус) **(Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)**	Еркін ойын: "Кімнің заттары? " (достарының заттарын анықтау) Міндеті үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Есту, көру, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйрету. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; сөйлем сөздерін бір-бірімен үйлестір. **(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**	Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозайка және т.б «Күз мезгілі» Суреттер құрастыру Міндеті Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау**. (Құрастыру, сурет салу)**	Еркін ойын: Ойын-жаттығу Міндеті құрастыру мүмкіндігін дамыту; «Мынау кім?» «Мынау не?» «Не істейді?» «Қандай?» деген сұрақтардың мағынасын түсіндіру. «Ә», «Ү», «Ы» , «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету. Тәрбиеші, күтуші, аспазшы, меңгеруші, жақсы, жұмыс істейді**. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**
Ертеңгілік жаттығу	**«Менің Қазақстаным»** әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	**Ж.Д.Ж-ы.** 1. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, басты оңға,солға иілу 5-6 рет 2. Б.қ. аяқты алшақ қойып, қолды иыққа ұстап, шынтақты алға және артқа айналдыру 5-6 рет.				

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">3. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қолды жоғары созып, оңға солға иілу 5-6 рет.
4. Б.қ.аяқты қосу, аяқты алшақ қойып, екі қолды екі жаққа созып, оң қолды сол аяққа, сол қолды оң аяққа кезекпен тигізу 5-6 рет.
5. Б.қ. аяқты бірге, қол төмен, аяқтың ұшымен көтеріліп, қолды жоғары көтеру 5-6 рет.
6. Б.қ. аяқты қосу қол белде, орында тұрып аяқты қайшылап секіру 5-6 рет. Тыныс алу жаттығулары.2-3 рет.</td></tr>
<tr><td>Таңғыас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Нан, ботқа, дәмді, тамағыңды ішеміз, ас болсын! (Сөздік минимум)
Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылғанс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">2-ші апта дәйек сөзі!
«Бірлік бар жерде – шаттық бар.»</td></tr>
<tr><td></td><td>Біртұтас тәрбие бағдарламасы
Адал әрекеттерді бейнелеу
Ойын барысы:
Балалар сурет салады: досына көмектесу, ойыншықпен бөлісу, шын айту
Әр бала суретін таныстырады және әрекетін түсіндіреді</td><td>Қаржылық сауаттылық
Міндеті: Ойын:
«Дүкенші мен сатып алушы»
Міндеті: Ақша мен заттарды тану, қарапайым сатып алу-сату әрекетін түсіну.
Құралдар:
Қағаздан жасалған ақша (монета, банкнота)
Ойыншықтар немесе суреттер (жеміс, тәтті, ойыншықтар)
Кішкентай сөмке немесе касса
Ойын барысы:
Бір бала – дүкенші, басқа бала – сатып алушы.</td><td>Біртұтас тәрбие бағдарламасы
Д/Ойын: «Адал боламын»
Адал әрекеттерді тәжірибе жүзінде көрсету
Ойын барысы:
Балалар топқа бөлінеді
Тәрбиеші рөлдік жағдай береді:
– «Досыңды ойнауға шақыру»
– «Өтірік айтқанын айтпай тұру»
Балалар өздерін көрсетеді
Содан кейін талқылау: «Бұл адалдық па?»</td><td>«Адалдық әріптері»
Міндеті: Адалдық, шыншылдық, әділдік ұғымдарын ойын арқылы түсіндіру.
Құралдар:
– Әріптер жазылған карточкалар (А, Ш, Д, М т.б.)
– Суреттер (досына көмектесу, шын айту, кезек күту)
Ойын барысы:
Тәрбиеші бір әріпті көрсетеді (мысалы, А).
Балалар бірге айтады: А – Адал бала
Сол әріпке байланысты суретті таңдап, не</td><td>Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік жайлы әңгімелесу
«Бағдаршам» мобильді ойыны
Балалар бағдаршамның айналасында тұрады. «Барамыз, барамыз, барамыз» әнінің аудио жазбасы естіледі. Бағдаршам қызыл жасыл немесе сары жалаушаны көтереді. Жасыл сигнал түссе балалар шеңбер бойымен жүреді, қызыл түсте тоқтайды, сары түсте</td></tr>
</table>

		Сатып алушы затты таңдап, ойыншық ақшасын береді. Дүкенші ақшаны алады, затты береді. Рөлдерді ауыстыру.		болып жатқанын әңгімелейді.	қол соғады. **Қауіпсіздік ережелері**
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:**Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей жазуға дағдыландыру. *«Сиқырлы қарындашпен ойнаймыз»* Ойын барысы: Тәрбиеші балаларды жарты шеңберге отырғызады. Тәрбиеші: – Балалар, біздің қарындаштың үш досы бар екен. Олар – бас бармақ, сұқ саусақ және ортаңғы саусақ. Қалған саусақтар демалады. Тәрбиеші үлкен	**Математика негіздері** **Міндеті:**Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтау. «Уақытпен саяхат» «Шаттық сағаты» ойыны Тәрбиеші балаларға ойыншық сағатты көрсетеді. – Балалар, бүгін біз уақытқа саяхат жасаймыз! «Кеше – бүгін – ертең» ойыны Тәрбиеші сұрақ қояды: – Біз балабақшаға қашан келдік? – Біз қазір қай күндеміз? – Ертең не істейміз? Балалар жауап береді: – Кеше келдік. – Бүгін ойнап жүрміз.	**Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:**Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей жазуға дағдыландыру. «Дұрыс отырайық» жаттығуы Тәрбиеші көрсетеді: – Арқамыз тік, аяғымыз еденде, дәптер алдымызда, көзіміз дәптерге қарап тұр. Қарындашты дұрыс ұстау «Сиқырлы қарындаш» ойыны Тәрбиеші қарындашты қалай ұстау керектігін көрсетеді. – Қарындаш үш саусақта демалып тұрады, оны	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға дағдыландыру. *«Сиқырлы сызықтар әлемі»* Шаттық шеңбері – «Сәлем, саусақтар!» Балалар саусақтарымен қимыл жасай отырып айтады: Саусақтарым оянды, Жазуға біз дайынбыз! Саусақ жаттығуы – «Жаңбыр жауды» (3	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Шаттық шеңбері. Тәрбиеші: – Балалар, бүгін біз сөздер әлеміне саяхат жасаймыз! «Сиқырлы дорба» Дорбадан зат шығады. Тәрбиеші:

	қарындашпен көрсетеді. – Қарындашты қатты қыспаймыз, ол бізбен бірге жүреді. Егер қатты қыссақ, қарындаш шаршап қалады. «Қарындаш оянады» (саусақ жаттығуы) Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жазуға қолды дайындау. Ойын барысы: Балалар үстел басында немесе орындарында отырады. Тәрбиеші: – Қарындашымыз ұйықтап жатыр екен, оны оятайық. Балалар тәрбиешімен бірге қимыл жасайды: Бас бармақты көтеру – *ояну* Сұқ саусақты қозғау – *қарау* Ортаңғы саусақты қозғау – *тұру* Үш саусақты біріктіру – *қарындаш дайын*	– Ертең серуенге шығамыз. «Тәулік бөліктерін ретімен орналастыр» ойыны Балаларға суреттер таратылады. Тапсырма: – Таңертең не істейміз? – Күндіз не болады? – Кешке ше? – Түнде не істейміз? Балалар суреттерді ретімен қояды. «Алдымен – содан кейін» ойыны Сюжетті суреттер ұсынылады (мысалы: қол жуу → тамақ ішу → ұйықтау). Тәрбиеші: – Алдымен не істеді? – Содан кейін не болды? Балалар толық жауап береді. «Бұрын – кейінірек» ойыны Тәрбиеші жағдаят айтады: – Біз алдымен таңғы ас іштік. Ал кейінірек не істедік? Балалар жауап береді. «Дұрыс айт» ойыны Тәрбиеші сөйлем бастайды, бала аяқтайды:	қыспаймыз. Балалар қайталайды. Саусаққа арналған жаттығу Саусақ гимнастикасы *Бір, екі, үш саусақ,* *Қарындашпен дос болсақ…* Саусақтарын қимылдатып жаттығады. Көзбен қадағалап жазу «Жолмен жүр» тапсырмасы Нүктелі, ирек, түзу сызықтар беріледі. – Көзімізбен сызықты қадағалап, қарындашты жай ғана жүргіземіз. Тәрбиеші балаларды бақылап, қарындашты қатты қыспауын ескертеді. Еркін жазуға жаттығу «Жаңбыр тамшылары» ойыны Балалар параққа ұсақ, жеңіл сызықтар немесе нүктелер салады. – Қарындаш парақта жеңіл сырғанасын. – Қарындашты қалай ұстау керек? – Қатты басу дұрыс па? Балаларды мадақтау. **Мүсіндеу** **Міндеті:** Адамның	минут) Балалар үстел үстінде: нүктелерді – *жаңбыр тамшылары* тігінен сызықты – *жаңбырдың түсуі* толқынды сызықты – *өзен* ретінде ауада салады Ойын: «Сиқырлы жолдармен жүрейік» (5 минут) Тақтада әртүрлі сызықтар көрсетіледі. Тәрбиеші сұрайды: Бұл қандай сызық? Қайсысы ұзын? Қайсысы қысқа? Балалар ауада, кейін дәптерде үлгі бойынша орындайды. Сергіту сәті – «Қалам қалай жүреді?» (2 минут) Тігінен – жоғары-төмен секіру Көлденең – қолды екі жаққа созу Ирек – жылан сияқты қозғалу Ойын: «Өз жолыңды сал» Балаларға тапсырма:	– Бұл не? – Бұл кімнің заты? Баланың жауабы: – Бұл кітап. – Бұл менің кітабым. Тәуелдеу іске асады «Кім не істеп жатыр?» (жіктеу) Сурет көрсетіледі. Тәрбиеші: – Мен не істеп тұрмын? – Сен не істеп тұрсың? Балалар: – Мен ойнап жатырмын. – Ол жүгіріп жүр. Жіктік жалғауларды қолдану Ойыншықпен әрекет. Тәрбиеші: – Допты кімге бердің? – Допты неден алдың? Балалар: – Досыма бердім. – Қораптан алдым. Септік жалғауларды қолдану Д.ойын«Дауыс қалай өзгереді?»

	Балалардың әрекеті: Қимылдарды қайталайды Саусақтарды еркін қозғалтады Нәтиже: Саусақтар жазуға дайындалады, қол босаңсиды. «Көзбен жүр, қолмен жүргіз» Мақсаты: Көзбен қадағалау дағдысын қалыптастыру, көз–қол координациясын дамыту. Қажетті құрал: Сызықтар салынған парақ (түзу, ирек, дөңгелек) «Жеңіл жолдар» Мақсаты: Қарындашты қатты баспай жазуға дағдыландыру. Қажетті құ: Жазу үлгісі бар парақтар Түрлі түсті қарындаштар Ойын барысы: Тәрбиеші:	– Кеше мен... – Бүгін біз... – Ертең мен... Балаларды мадақтау. **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:**Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. «Әдепті сөйлесе білейік» Шаттық шеңбері Тәрбиеші: – Балалар, бір-бірімізге күлімдеп, амандасайық. – Әдепті бала қандай болады? Балалардың жауаптары тыңдалады. Диалогті өздігінен бастау «Сәлемдесу диалогі» ойыны Балалар жұптасып, бір-бірімен амандасады. Үлгі:	бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеуге дағдыландыру. **Сурет салу** **Міндеті:**Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы әр-түрлі түстерді шығару (гуашпен сурет салу кезінде) дағдысын жетілдіру. «Сиқырлы шеберханадағы тірі кейіпкерлер» Балалар шеңберге жиналады. Тәрбиеші: – Балалар, бүгін біз ерекше сиқырлы шеберханаға барамыз Бұл шеберханада мүсіндер тіріліп, ал бояулар жаңа түстерге айналады. Сиқырлы суретшілер болуға дайынсыңдар ма? Балалар: – Иә, дайынбыз! Д.ойын: «Тірі қимылды тап» (қимыл арқылы дайындық) Тәрбиеші: – Мен кейіпкерді айтамын, сендер оның қимылын	Тамшы пішіндерін бірдей арақашықтықта салу Нүктелерді қосып, толқынды немесе ирек сызық шығару Ойын: «Сиқырлы қалам не үйренді?» Балалар жауап береді: Қандай сызықтар салдық? Қайсысы оңай болды? **Математика негіздері** **Міндеті:**Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. «Нүктелерді, өрнектерді салу. Тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызу» Балалармен амандасу. Психологиялық ахуал қалыптастыру. Тәрбиеші: – Балалар, бүгін біз дәптерде әдемі	(сөйлем түрлері) – 5 минут Сөйлем карточкалары: • Мен балабақшаға келдім. (хабарлы) • Сен ойнағың келе ме? (сұраулы) • Қандай әдемі гүл! (лепті) Балалар дауыс ырғағымен айтып береді. «?» «!» «.» белгілерін таңдайды Сергіту сәті «Айт та көрсет» (2 минут) – Сұраулы – иық көтеру – Лепті – қол соғу – Хабарлы – тыныш тұру Шығармашылық ойын «Сурет сөйлейді» (5 минут) Балалар суретке қарап жайылма сөйлемдер құрайды. Мысалы: – Мен үлкен қызыл доппен ойнап

	– Қарындаш қағазда жай сырғып жүруі керек. Егер қағаз жыртылса – ол қатты басылған. – Біз қарындашқа көмектесеміз, оны ауыртпаймыз. Балалардың әрекеті: Сызықтарды бастырып сызады Қарындашты қатты баспайды Тәрбиеші қажет жерде бағыт береді Нәтиже: Балалар жазу күшін реттей алады. «Қарындаш демалсын» (сергіту сәті) Мақсаты: Қолды шаршатпау, жазу кезінде үзіліс жасауға үйрету. Ойын барысы: Музыка қосылады. Тәрбиеші: – Қарындаш шаршап қалды, оны демалдырайық. Қимылдар: Қолды сілку	– Сәлеметсің бе? – Сәлеметсің бе! Қалың қалай? – Жақсы, рахмет. Ал сен ше? Тыңдай білу және сұрақ қою «Мұқият тыңда» ойыны Тәрбиеші қысқа әңгіме айтады. Содан кейін балалар сұрақ қояды: – Ол қайда барды? – Кіммен барды? Тәрбиеші дұрыс сұрақ қоюға бағыт береді. Сұраққа жауап беру «Телефон арқылы сөйлесу» ойыны Ойыншық телефонмен диалог құру. Үлгі: – Сен не істеп жатырсың? – Мен сурет салып жатырмын. Қысқаша және толық жауаптарға назар аудару. Әдептілік пен сабырлылық «Дұрыс па, бұрыс па?» жағдаяттық ойыны Тәрбиеші жағдаят айтады: – Бір бала досының сөзін бөліп жіберді.	көрсетесіңдер. Құс ұшып бара жатыр Қоян секіріп жүр Бала доп лақтырып тұр Балалар қол-аяқтың қалай қозғалатынын байқайды. Қорытынды сұрақ: – Қолдары қайда болды? – Аяқтары қалай тұрды? Д.ойын: «Тірі мүсін» (мүсіндеу) Балалар үстелге отырады. Тәрбиеші: – Енді осы қимылдарды ермексаздан мүсіндейміз. Нұсқау: Денені тұтас етіп жасау; Қол-аяқтарын қимылына сай орналастыру; Бас, дене, аяқтардың байланысын сақтау. Тәрбиеші жеке-жеке көмектеседі, бағыт береді. Балалардың сөйлеуі: – Мен қоянды секіріп тұрған күйінде жасадым. – Оның аяқтары бүгілген. Д.ойын: «Сиқырлы түстер зертханасы» (гуашпен жұмыс) Тәрбиеші: – Ал енді бояуларды сиқырлаймыз	сызықтар мен нүктелер сызуды үйренеміз. Қолымыз дайын ба? Саусақ жаттығуы «Қаламымыз дайын» (саусақтарды бүгіп-жазу қимылдарын жасау) Нүктелермен жұмыс – Тор көздің қиылысқан жеріне нүкте қоюды көрсету. – Балалар нүктелерді тәрбиеші көрсеткен үлгі бойынша қояды. Тапсырма: – Бір қатарға 5 нүкте қой – Екі қатарға нүктелерді ретімен орналастыр Тік таяқшаларды сызу – Тор көздің үстінен төмен қарай түзу сызық жүргізу. Тәрбиеші: – Бұл – тік сызық. Қаламды жоғарыдан төмен жүргіземіз. Көлбеу таяқшалар – Солдан оңға және оңнан солға қарай көлбеу сызық сызу. Қиғаш және қисық сызықтар	жүрмін. – Бала бақта құстарды тамақтандырып жатыр. Тәрбиеші: – Бүгін қандай сөйлемдер айттық? – Сөздерге қандай жалғаулар жалғадық? Балаларды мадақтау. **Көркем әдебиет** **Міндеті:**Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. «Кітап – біздің досымыз» Тәрбиеші: – Балалар, сендер кітапты жақсы көресіңдер ме? – Кітап бізге не үйретеді? Кітаппен танысу Тәрбиеші кітапты көрсетеді. – Балалар, мынау не? – Кітаптың алдыңғы беті қалай аталады? (Мұқаба)

	Саусақтарды ашып-жұму Ауада шеңбер салу Нәтиже: Қол бұлшықеттері босаңсиды. «Сиқырлы қарындаштың кеңесі» (қорытынды) Мақсаты: Өткен материалды бекіту. Ойын барысы: Тәрбиеші: – Қарындаш бізге қандай кеңес берді? Балалардың жауаптары: – Қатты қыспау керек – Үш саусақпен ұстау – Көзбен қарау Мадақтау: – Бүгін бәрің өте ұқыпты болдыңдар! **Математика негіздері** **Міндеті:** Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте	Балалар: – Бұл дұрыс емес. – Досын тыңдау керек. – Диалог қалай басталады? – Қандай сыпайы сөздерді білеміз? **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының ерліктерін толық түсіндіру *«Отан қорғаған батыр – Бауыржан»* Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші: – Балалар, біз қай елде тұрамыз? Балалар: – Қазақстанда. Тәрбиеші: – Қазақстан – біздің Отанымыз. Отан деген – біздің үйіміз, жеріміз, ата-анамыз, достарымыз.	Бояуларды араластырсақ, жаңа түстер пайда болады. Түстерді араластыру: Қызыл + көк = күлгін Көк + ақ = көкшіл Қызыл + ақ = қызғылт Жасыл + көк = қою жасыл Балалар палитрада өздері араластырып көреді. Д.ойын: «Мүсінге орта сал» (сурет салу) Тапсырма: – Өз мүсініңе лайықты орта сал (орман, алаң, дала, ойын алаңы). Балалар дайын реңктерді пайдаланып сурет салады. Назар аудару: Түстерді дұрыс таңдау; Қою және ашық реңктерді қолдану. Балалар жұмыстарын көрсетеді. Әңгімелеу: – Мен адамды жүгіріп бара жатқан күйінде мүсіндедім. – Артқы фонды көкшіл түспен боядым. Тәрбиеші: – Қандай жаңа түстер алдық? – Қай кейіпкер қимылда	– Дөңгелек, толқын тәрізді сызықтарды сызу. – Қисық сызықтың бұрылып отыратынын түсіндіру. «Сызықтар билейді» Балалар қолымен тік, көлбеу, қисық сызықтарды ауада көрсетеді. – Дәптерде берілген өрнекті аяқтау – Нүктелерді қосып, қарапайым сурет шығару (жол, толқын, шатыр) – Балаларды мадақтау – «Қандай сызықтар сыздық?» деген сұрақтар қою – Жұмыстарын қарау Тәрбиеші: – Сендер бүгін өте ұқыпты жұмыс жасадыңдар! **Сөйлеуі дамыту** **Міндеті:** Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре	Балаларға кітаптың мұқабасын, атауын, суретін көрсетіп, назар аударту. Иллюстрацияларды қарау «Сурет не айтып тұр?» ойыны Кітаптың бірнеше бетін ашып, иллюстрацияларын көрсетеді. Сұрақтар: – Суретте кімдер бейнеленген? – Олар не істеп жатыр? – Суреттегі түстер қандай? Балалар сурет бойынша жауап береді. Сурет арқылы мазмұнын болжау «Не болады деп ойлайсың?» тапсырмасы – Осы суретке қарап, ертегі не туралы болуы мүмкін? Балалар өз ойларын еркін айтады. Эстетикалық

	отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. Тәрбиеші: – Балалар, бізге қонжық қонаққа келді. Бірақ ол кеңістікте бағдарлауды білмейді. Оған көмектесеміз бе? Балалар: – Иә! Ойын: *«Қонжық қайда?»* Тәрбиеші қонжықты әр түрлі орынға қояды. Тапсырма: Балалар толық сөйлеммен жауап береді. – Қонжық орындықтың үстінде отыр. – Қонжық қораптың артында тұр. – Қонжық доптың жанында жатыр. *Мақсаты:* заттың басқа затқа қатысты орнын сөйлеуде дұрыс айту. Ойын: *«Бағытты дұрыс тап»*	«Отанды кім қорғайды?» Тәрбиеші: – Балалар, сендер ойлайсыңдар ма, Отанды кім қорғайды? (Балалардың жауабын тыңдау) – Отанды әскерилер, батырлар қорғайды. Олар – батыл, мықты, елін жақсы көретін адамдар. «Мен – Отан қорғаушымын» Ойын барысы: Балаларға ойыншық каска немесе жалау беріледі. Тәрбиеші: – Қазір біз Отан қорғаушылар боламыз. Отан қорғаушы қандай болуы керек? Балалардың жауаптары: – Батыл – Күшті – Мейірімді Балалар тік тұрып, «Мен Отанымды қорғаймын!» деп айтады. Д.ойын«Батырдың ерлігі» (Бауыржан Момышұлы туралы) Мақсаты: Бауыржан Момышұлының	тұрғандай көрінеді? Балаларды мадақтау **Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	білуді жетілдіру. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білу Тілдік жаттығу «Қайтала да айт» – Бір алма – екі алма – үш алма – Үлкен доп – әдемі доп – қызыл доп 1. Зат есім мен сан есімді үйлестіру Сурет көрсету. Тәрбиеші: – Суретте не көріп тұрмыз? (Алма) – Нешеу? (Үш) Балалардың жауабы: – Үш алма. Тапсырма: Балаларға әртүрлі заттар мен сандар беріліп, сөйлем құрату: – Екі қоян – Бес шар – Бір кітап Сын есім мен зат есімді үйлестіру Сурет арқылы жұмыс. Тәрбиеші:	қабылдау «Маған қай сурет ұнады?» Әр бала бір иллюстрацияны таңдап: – Маған бұл сурет ұнады, себебі… – Кітаптың қай бөлігі сендерге қызық болды? – Суреттер не үшін керек? Балаларды мадақтау. **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:**Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым

	Еденге бағыт белгілері қойылады. Тәрбиеші: – Алға бір қадам жаса. – Оңға бұрыл! – Белгі қызыл болса – тоқта, жасыл болса – алға жүр. *Мақсаты:* белгі бойынша бағытты өзгерте отырып бағдарлау. Д.ойын: *«Қағаз бетінде саяхат»* Әр балаға қағаз таратылады. Тапсырма: – Қағаздың жоғарғы жағына күн сал. – Төменгі жағына гүл сал. – Оң жаққа үй, сол жаққа ағаш сал. Балалар орындағанын сөзбен айтады. *Мақсаты:* қағаз бетінде бағдарлау және сөйлеуді бекіту. Тәрбиеші: – Бүгін біз не үйрендік? – Қонжыққа қалай көмектестік?	ерлігін балаларға түсінікті тілмен жеткізу. Әңгімелеу (ойын элементімен): Тәрбиеші: – Балалар, ертеде, Ұлы Отан соғысы кезінде, біздің елімізге жау шабуыл жасаған. Сол кезде Қазақстаннан шыққан Бауыржан Момышұлы деген батыр атамыз болған. – Ол өте батыл, ақылды, Отанын қатты жақсы көрген. – Ол жауынгерлерді қорғап, ешқашан қорықпаған. – Сол үшін оны батыр деп атаған. Ойын тапсырмасы: Балалар шеңберде тұрып, батыр сияқты: Тік жүреді Қорықпай алға қадам жасайды «Отан үшін!» деп айтады «Батырға құрмет» Барысы: Бауыржан Момышұлының суретіне жұлдызша жапсыру.		– Бұл қандай доп? – Доп қандай? Балалардың жауабы: – Үлкен доп. – Қызыл доп. Тапсырма: – Берілген сын есімге зат есім таңдау: (әдемі гүл, тәтті алма, жұмсақ ойыншық) Сөйлем құрау Балаларға 3 карточка беріледі: сан есім + сын есім + зат есім Мысалы: – Екі әдемі гүл. – Үш үлкен доп. Сергіту сәті «Сана да айт» – Бір, екі, үш – қол соғу – Үлкен – қолды көтеру – Кішкентай – отырып тұру Бекіту ойыны «Дұрыс тап» Тәрбиеші сөйлемді бастайды, бала аяқтайды: – Менде үш … (алма) – Үстелде үлкен … (кітап)– Балаларды мадақтау	ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. *«Қауіпсіз жол ережелері»* Шаттық шеңбері – «Біз қауіпсіз баламыз» Балалар бірге айтады: Жолда жүреміз абайлап, Ережені сақтаймыз. Қауіпсіздік – басты шарт, Біз тәртіпті баламыз! Әңгімелесу – «Жол не үшін керек?» (3 минут) Сұрақ-жауап арқылы: Жолмен кімдер жүреді? Жаяу жүргінші қай жерде жүреді? Велосипед, электросамокат қай жолмен жүруі керек? Тәрбиеші тротуар, жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі

	Балаларды мадақтау **Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	Тәрбиеші: – Батырлар бізге бейбіт өмір сыйлады. Біз оларға рахмет айтуымыз керек. Балалар: – «Рахмет, батыр!» – деп айтады. «Мен Отанымды жақсы көремін» (3–4 мин) Тәрбиеші: – Балалар, бүгін біз не туралы білдік? Балалардың жауаптары: – Отан туралы – Әскер туралы – Батыр Бауыржан ата туралы Тәрбиеші: – Отанын жақсы көрген адам – нағыз батыр! Балалар бірге: «Мен Қазақстанды жақсы көремін!» **Қазақ тілі** **Міндеті:** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма		– Сұрақ-жауап: – Сөздерді қалай байланыстырамыз? – Сан есім нені білдіреді? **Көркем әдебиет** **Міндеті:**Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. «Мен не білдім, не көрдім?» «Шеңбердегі әңгіме» Балалар шеңберге отырады. Тәрбиеші: – Балалар, біз бүгін бір-бірімізбен қызықты ақпараттарымызбен бөлісеміз. Ақпарат көздерімен таныстыру Тәрбиеші суреттерді көрсетеді: – Бұл не? (Теледидар,	ұғымдарын түсіндіреді. Д.ойын: «Белгіні тап» Балаларға жол белгілері көрсетіледі. Қимылды ойын – «Бағдаршам не дейді?» (4 минут) Тәрбиеші бағдаршам түстерін көрсетеді: Қызыл – тоқта Сары – дайындал Жасыл – жүр Балалар түске сәйкес қимыл жасайды. Рөлдік ойын – «Қауіпсіз көшеде» Еденгі «жолда»: Бір бала – жаяу жүргінші Бір бала – велосипедші Бір бала – көлік жүргізуші Балалар: Жаяу жүргіншілер өткелімен өтеді Бағдаршамға қарайды Велосипедпен арнайы жолмен жүреді

		сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. *«Сөздерді дұрыс қолдана білейік»* Шаттық шеңбері Тәрбиеші: – Балалар, бір-бірімізге күлімдеп қарайық. – Қазір қандай көңіл күйдесіңдер? Балалар жауап береді. Сөздерді тәуелдеп, септеп қолдану «Кімнің заты?» ойыны Тәрбиеші сурет көрсетеді (доп, кітап, қуыршақ). – Бұл не? – Бұл кімнің добы? Балалардың жауаптары: – Менің добым. – Айшаның добы. Септеу үлгісі: – Доп қайда жатыр? – Үстелде жатыр. – Допты кім алды? «Мен не істеп жатырмын?» ойыны Тәрбиеші қимыл жасайды. – Мен не істеп тұрмын? Балалар: – Сіз секіріп тұрсыз. – Мен жүгіріп жүрмін. – Біз ойнап жүрміз.		телефон, компьютер) – Бұл жерден біз не білеміз? Балалар жауап береді. «Айтып бер» ойыны (еркін әңгімелеу) Ойыншық микрофон беріледі. Тәрбиеші: – Микрофон кімде болса, сол бала сөйлейді. – Сен не көрдің немесе не естідің? Балалардың жауаптары: – Мен теледидардан жануарлар туралы көрдім. – Әжем маған ертегі айтып берді. Сұрақ–жауап арқылы толықтыру Тәрбиеші және балалар сұрақ қояды: – Ол қайда болды? – Саған не ұнады? Бұл баланың әңгімесін дамытуға көмектеседі. «Досыңмен бөліс» ойыны Балалар жұптасып, бір-біріне өз әсерлерін айтады.	Д.ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?» Тәрбиеші жағдай айтады, балалар жауап береді: Жолдан жүгіріп өту – Бағдаршамның жасыл түсінде өту – Мадақтау: Сендер жолда өздеріңді қауіпсіз ұстай алатын ақылды балаларсыңдар! **Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)

		«Сөйлемді таны» ойыны Тәрбиеші сөйлемдерді әр түрлі интонациямен оқиды: – Күн ашық. – Күн ашық па? – Күн қандай ашық! Балалар смайликтер арқылы ажыратады: Хабарлы – . Сұраулы – ? Лепті – ! «Сурет бойынша әңгіме» Сурет: балалар алаңда ойнап жүр. Сұрақтар: – Балалар қайда жүр? – Олар не істеп жүр? Балалардың жауаптары: – Балалар аулада ойнап жүр. – Балалар доппен қызықты ойын ойнап жүр. – Бүгін не үйрендік? – Қандай сөйлемдермен таныстық?		– Мен бүгін білдім… – Маған қызықты болғаны… – Бүгін кімнің әңгімесі саған ұнады? – Біз бір-бірімізді қалай тыңдадық? Балаларды мадақтау.	
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотрикаңы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				

Серуен	**Ересектердің бақшадағы еңбегін бақылау** Бақылау.Балаларда көктемде топырақты дайындап, көкөніс егу науқаны басталатыны жайында түсінігін қалыптастыру. Мақсаты: Тынымсыз еңбек ету нәтижесінде адамдар көкөністі өсіріп күтуде мол өнім алу мүмкіндігіне ие болатынын, балаларға түсіндіру. Қимылды ойын«Арқан тартыс» Мақсаты: Күш-жігерді дамыту,қарсыласын өз жағына тартуда шыдамдылық таныту. Еңбек іс-әрекеті Мақсаты:Гүлзарға гүл отырғызуГүл отырғызатын орынды таңдап алып оны суару. Еңбек мәдениетін қалыптастыруды үйрету.(еңбек құралдарын қолданужұмыс орнын таза,ұқыпты ұстау). Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама«Бауда не	**Ағаштар мен бұтақтарды бақылау** Мақсаты: Ағаш және оның бұтақтары туралы түсінік қалыптастыру; Бақылау барысы: Балабақша ауласындағы ағаштарды бақылау. Ағаштардың әр түрлі екендігін, бойлары, жапырақтары бәрі өзгеше болатынын түсіндіру. Ағаш бұтақтардан ал бұтақтар жапыраұқтардан тұратынын айту. Әр мезгілге сай ағаштын да келбеті өзгеріп отыратынын түсіндіру. Еңбекке баулу: Балалармен бірге ағаштың сынған бұтақтарын кесіп алу. Мақсаты: Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Қимылды ойын: «Құстар ұясында» Мақсаты: Бір – біріне	**Жасыл шөптерді бақылау** Мақсаты: Көктем мезгілінде жер бетін қайтадан жасыл шөп жабатынын түсіндіру; Алғашқы шөпті байқау; Бақылау барысы:Балалармен жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті қарау.Күн көп түсетін жерде алғашқы шөптер қылтиып шыға бастайтынын бекіту.Күн қыза бастады,қар еріді,топырақ жылынды,көк шөп өсті, яғни балаларды осылай қорытынды жасай білуге үйрету.Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту.Өсімдікті аялап,күте білуге үйретуЖұмбақ«Айт!» десе жүгірмес Су тисе сілкінбес (шөп)МақалмәтелАдам жерге нәр	**Жауын, бұршақты бақылау** Бақылау Жауынның алғашқы белгілерін байқау: бұлттар бұл қараңғы, қалың бұлттар. Жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту(су тамшысынан құрылатын бұлт аспанда ұзақ тұрмайды, жерге жауын болып құлайды; егер тамшылар кішірек болса -жауын сіркірейді, ірі тамшылар - жауын жиі құяды; әр бағыта болса-тікелей, қисық). Жазда жауын әр түрлі болатынын түсіндіруді қалыптастыру. Жылдың жылы уақытында жауынның орнына бұршақ жаууы мүмкін – бұл мұз жауынның қатқан тамшылары. Егер бұршақ өте ауыр болса, олар жерге түседі. Қорытындылай келе, бұл ауа температурасына байланысты болатынын атаған жөн. Жерден	**Құрт- құмырсқаларды бақылау (инелік, ара, маса, шыбын, көбелек)** Бақылау Шабындықта, бала бақша учаскесінде, ағаштарда, өзеннің айналасында шыбын-шіркейлердің алуантүрлілігі туралы балалардың ұсынысын біріктіру, көп түрлі қоңыздар, көбелектер, инеліктер, шыбын, ара, масалар өмір сүретін тағы басқа жерлерде; ашық белгісі бойынша құрт- құмырсқалар топтарының көрсетілген жиі кездесетін өкілдері бойынша атауында және айырмасында жаттығу(көлемі, бояуы, дененің жеке бөлігінде); құрт- құмырсқалар пайдасы жөнінде ұғымды толықтыру(аралар бал жинайды, өсімдіктерге зиянын тигізетін құрт-құмырсқаларды инеліктер жейді); «құрт -құмырсқа » түсінігін

	өседі,бақшада не өседі?»Өсімдікті өсу орнына байланысты топтастыру.Балалардың ойлау қабілеті мен сөздік қорын дамыту. Өзіндік іс-әрекет Ойыншық пен рөлдерді бөлісуде мәдениетті түрде келіспеушілік тұстарын білдіріп, өз ойын іске асыра білу.	соқтығыспай еркін жүгіруге үйрету; Тәрбиеші белгісі бойынша жылдам жүгіруге, бір – біріне көмек көрсетуге қалыптастыру Қажетті материалдар: балаларға арналған тырмалар, қалақшалар, шелек, ойыншықтар.	береді Су көп болса,шөп бітік шығады.Жер адамға нан береді Еңбекке баулу:Ауладағы қураған шөпті жинау Мақсаты: Тырнауышпен жұмыс істеуді жалғастыру (шөпті белгілі бір орынға жинау, зембілмен оны апару). Жолдастарымен бірлесіп жұмыс атқарып, ұжымдық еңбекке деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Көк шөптегі хоккей» Мақсаты: Хоккей таяғымен допты домалата білуді бекіту,қақпаға соғу,бір орында тұрып кіргізу.Ойында достық көмекке келуді үйрету. Қажетті материалдар: тырма, шелек, ойыншықтар.	жоғары ауа өте суық, ол жер буынын суытады. Жазда жансыз табиғат құбылысына қызығушылығын дамыту. Қимылды ойын «От-су» Мақсаты: Жүргізушінің есептеуді таңдау талабын нығайту; белгі бойыша әрекет етуге үйрету «От» бәрі отыра бастайды, «Су» айналым бойынша бір жаққа ағады. Ойында жолдастарының және өзінің ойын нәтижесін дұрыс бағалауға үйрету. Еңбек іс-әрекеті Қажеттілік бойынша(аквариумда судың ауысуы) Аквариумдағы суды ауыстыруда ересектерге көмектесу. қолайсыз жұмыстан қашпай, белсенді орындау. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер «Қайсысы ұқсайды» Белгісі мен	қалыптастыру, құрт-құмырсқаның мәнділік жалпы белгісін ажыратуға үйрету. Құрт- құмырсқаларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Қимылды ойындар «Шалғындықта үш сайыс» Мақсаты: Бастапқы стартта орынды сақтап, жерде жатқан доға арқылы аттап өтуге үйрету; шыдамдылық және күштің әсер етуіне мүмкіндік туғызу. Еңбек іс-әрекеті. Гербариды жинау. Құрғату. Ересектердің тапсырмасын жауапты және өз бетінше орындауға үйрету. Өсімдіктерге сүйіспеншілігін туғызу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және экс перименттер « Кім қайда тұрады? » Учаскеде қоректенетін шыбын-шіркейлер, жануарлар мекендерінің өмір сүру ортасы

				айырмашылығы бойынша пәндерді топтастыру; өз жауабын түсіндіре білу. Эксперимент. Құм мен балшықтың су өткізуін көрсету. Қорытынды. Құм арқылы су тез өтті және балшық арқылы өтпеді, Өзіндік іс-әрекеті 3 -4 адамнан құралатын ойын тобының бастапқы кеңістікті жағдайды ұйымдастыруға, рөлді бөлуге, ойын тақырыбын алдын ала келісуге балаларды дайындау.	туралы білімдерін кеңейтіп бекіту; әуесқойлықтарын тудыру Өзіндік іс-әрекеті. Ойын түрін таңдауындағы дербестік, әрекеттін жетілдіру.
Серуенненоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.				

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру
Ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, майлықпен сүртіңдер, төкпей-шашпай ішіңдер
Нан, сусын, сорпа, дәмді, ащы, тұз, тәтті, ет, балық, тамағыңды іш, ас болсын!
Көгөністер көгөніс, сәбіз, қияр, қызанақ. (Сөздік минимум)</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Күндізгіұйқы</td><td colspan="5">Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.
Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)
Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)</td></tr>
<tr><td>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру (көркем әрекет)</td><td>"Көкөністер дауы" ертегісін оқып беру (көркем әдебиет)</td><td>"Бесік" жырын тыңдату. (музыка)</td><td>"Не дәмді?" ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)</td><td>Баяу әуенмен ұйықтату (музыка)</td></tr>
<tr><td>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары</td><td colspan="5">Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжеттірөлдік, үстел үстібаспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</td><td>Ұлттық ойын:
Ұшты-ұшты
Ойынның барысы:
Тәрбиеші түсіндіреді:
– Бұл ойынның аты – «Ұшты-ұшты». Мен қандай да бір ұшатын затты немесе ұшпайтын нәрсені айтамын. Егер мен айтқан нәрсе ұшатын болса – қолдарыңды көтеріп, «Ұшты!» деп айту керек. Ал ұшпайтын нәрсе болса</td><td>Ұлттық ойын:
«Ақ сүйек»
Ойын ережесі (балабақшаға бейімделген жеңіл түрі):
Балалар екі топқа немесе жеке-жеке ойнауға дайындалады. Тәрбиеші немесе бір бала «Ақ сүйекті» ойын алаңына тығулынемесе алысқа</td><td>Ұлттық ойын:
«Жамбы ату»
Лақтыру құралы: жұмсақ шариктер, қапшықша, кіші доп, не болмаса арнайы жасалған садақ (қауіпсіз түрі)
Тұру сызығы — балалар қай жерден ату керегін
. Бұрын батырлар ат үстінде отырып,</td><td>Ұлттық ойын:
«Бөрік тасу»
Ойынның түсіндірмесі:
– Балалар, бұл – «Бөрік тасу» деп аталатын қызықты ұлттық ойын. Бұл ойында шапшаң жүгіріп, бөрікті тез жеткізу керек. Кім тез әрі бөрікті түсірмей апара алса – сол жеңімпаз!
Ойынның барысы:</td><td>Ұлттық ойын:
«Түйе-түйе»
Ойынның барысы:
Тәрбиеші балаларға түсіндіреді:
– Балалар, қазақта ертеде түйемен жүк тасып, алыс жолға сапар шеккен. Сол түйелер үлкен, күшті, сабырлы жануарлар. Бүгін біз сол түйелер сияқты бірінің артына бірі тұрып, «түйе» болып ойнаймыз.</td></tr>
</table>

	– көтермейсіңдер.. **«**Ұшты-ұшты – кептер ұшты!» → Балалар қолдарын көтереді «Ұшты-ұшты – мысық ұшты!» → Қол көтеруге болмайды «Ұшты-ұшты – көбелек ұшты**!»** → Қол көтереді **«**Ұшты-ұшты – кітап ұшты!» → Қол көтеруге болмайды Балалар мұқият тыңдап, тек шын ұшатын заттарға ғана қол көтеруі керек. Қателескен бала 1 айналымнан шығып, көрермен болады немесе ойын жалғаса береді.	лақтырып қояды (көзін жұмып тұрған балаларға көрсетпей). Белгі бойынша балалар сүйекті іздеуге кіріседі. Кім бірінші болып сүйекті тапса – сол жеңімпаз. Келесі айналымда сүйекті басқа бала тығады/лақтырады	алыстағы нысананы (жамбыны білу үші. Ойынның барысы: Балалар кезекпен тұру сызығына келеді. Алда тұрған нысананы (жамбыны) көздеп, жұмсақ доп немесе басқа қауіпсіз затпен лақтырып атуға тырысады. Кім дәл тигізсе — сол ұпай алады немесе жеңімпаз атанады. Әр балаға 2–3 мүмкіндік беріледі. Соңында ең көп нысанаға дәл тигізген бала/топ жеңеді.	Балалар 2 топқа бөлінеді (немесе кезекпен жеке де ойнауға болады). Әр топ кезекпен бір бөрікті басына немесе алақанына қойып, белгілі бір қашықтықтағы белгіге дейін жүгіріп барып, қайтып келеді. Бөрікті түсіріп алмауы керек. Кім тез әрі бөрікті түсірмей жеткізсе – сол ұпай алады. Барлық қатысушылар кезекпен ойнап шығады. Соңында ең көп ұпай жинаған топ немесе бала жеңімпаз болады.	**Ойын ережесі** Балалар бірінің артынан бір болып шеру тәрізді тұрады (құдды түйелер керуені сияқты). Алдыңғы бала — **«**жетекші түйе», артындағы балалар — керуен түйелері. Тәрбиеші нұсқау береді: «Түйе-түйе, не істейсің?» Жетекші бала жауап береді: «Түйе-түйе жүремін!» – барлығы жүре бастайды «Түйе-түйе отырамын!» – барлығы отырады «Түйе-түйе секіремін!» – бәрі секіреді «Түйе-түйе демаламын!» – барлығы тоқтап, тыныс алады Жүргізуші қимылдарды шатастырып айтуы мүмкін. Балалар зейін қойып, қателеспей орындауы керек**.** Қате жасаған бала — ойыннан шығады немесе келесі ойында жүргізуші болады.

Балалармен жекежұмыс	сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүреді, ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттардың арасымен, жіптерден аттап жүруге талпынбайды. Физикалық қозғалысын жетілдіруді жалғастыру. Исабеков Меиржан	өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды ішінара жатқа айтады. Өлең жолдарын жатқа мәнерлеп айтуын жетілдіру. Әуелбек Мансұр	өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларды білмейді Болат Ералы	қағаз бетінде бағдарлай біледі, апта күндерін, жыл мезгілдері бағдарлауға, ретімен атауға талпынады. Кеңістікті дұрыс бағдарлауын дамыту. Жанат Айару	туыстық байланыстарды түсінуге және орындауға тырысады қамқорлық көрсете білуге үйрету. Бақтыбай Какимжан
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«Миссия: Құтқару» Стратегиялық ойлау, төзімділік пен командалық жұмыс дағдыларын дамыту. **Шарты:** Балалар екі командаға бөлінеді. «Зардап шеккендерді» (ойыншықтар) картада көрсетілген жолмен	«Су тасушылар» Төзімділік пен тепе-теңдікті дамыту. **Шарты:** Ыдыста ғы суды төкпей, белгіленген қашықтықтан әкелу.	«Құпия көпір» Тепе-теңдік, дәл қимыл дағдыларын жетілдіру. **Шарты:** Балалар жіңішке жолмен (арқан, тақтай) өтіп, «құлап кетпей» қарсы бетке жетеді.	«Командалық футбол» Ұжымдық әрекет, қозғалыс үйлесімділігін арттыру. **Шарты:** Қысқа матч, әр командада 4–5 ойыншы, уақыт шектеулі.	«Картамен қазына табу» Бағдарлау, топтық келісім және жоспар құру қабілетін дамыту. **Шарты:** Карта бойынша «қазынаны» (доп, қап) табу.

	кедергілерден өтіп құтқару керек.				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Ойыншық жемістерді көрсету. Көлемі,түсідәмі қандай сұрау. Осындай жемістер жасаймыз деп сазбалшықты алақан арасында домалақтау әдісін қайталап пысықтау**(Мүсіндеу)** фламастерлер беріп осындай жемістердің суретін салуға болады деп көрсетіп үйрету **(сурет салу)** **Саусақ театры** «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру**.(Көркем әдебиет)**	Кітаптар қарап ата апа, ана әке, аға, әпке сөздерін айтуын пысықтау. **Қуыршақ театры** «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру. **Сазбалшық** Сазбалшықпен ойындар **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,мүсіндеу)**	Ойыншық жемістерді көрсету. Көлемі,түсідәмі қандай сұрау. Осындай жемістер жасаймыз деп сазбалшықты алақан арасында домалақтау әдісін үйретуді жалғастыру. **Көлеңке театры** «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру. **Құм терапиясы** Түрлі-түсті құмдармен еркін ойнау**(көркем әдебиет,мүсіндеу)**	Кітаптардан көліктердің суреттерін көрсету. Көліктің дыбысын салуды үйрету. Жаңбырдың суреттерін көрсету.Сұқ саусақтарын бояуға тигізіп, қағазға таңба қылып басып, жаңбыр тамшыларын салдырту. **Қуыршақ театры** «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру. **Құрылыс ойындары** Конструкторлармен ойындар **(Қоршаған әлеммен таныстыру,сурет салу)**	Балаларға мысықты көрсетеді ол далада жүріп табаны лас боптыенді еденде жүргенде және қағазға аяғын басқанда іздері қалыпты деп қағаз бетіндегі іздермен таныстыру. Сосын сұқ саусақпен дақтар түсіру арқылы мысықтың ізін қағаз бетіне салуды үйрету Бояуды дұрыс пайдалануға жаттықтыру. **Үстел үсті театры** «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру. **Саусақ ойындары** Дидактикалық ойындармен еркі ойындар **(Сурет салу,көркем әдебиет)**
Балалардыңүйгекай туы	**Өнегелі 15-минут.**Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).				

Тәрбиеші:А.Жумагулова
Г.Болат

Әдіскер_____ АтыгаеваА.Т.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Мектепалды «Күншуақ» тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 19.05 - 23.05. 2025 жыл III апта
Мамыр – Бірлік және ынтымақ айы
Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
Өзіне-өзі қызмет көрсету

Күнтәртібі	Дүйсенбі 19.05.2025ж	Сейсенбі 20.05.2025ж	Сәрсенбі 21.05.2025ж	Бейсенбі 22.05.2025ж	Жұма 23.05.2025ж
Балалардықабылдау	Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! Балалар **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу , шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру. **(Музыка)** Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15-минут**:Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Балалар екі топқа бөлінеді. «Бір, екі, үш!» деген белгімен екі топ арқанды өзіне қарай тартады. Қай топ белгіні өз жағына шығарса – сол жеңімпаз. **Біртұтас тәрбие бағдарламасы**	Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөйлеуді **дамыту**	Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. **Математика негіздері**	Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. **Математика негіздері**	Өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу **Құрастыру**
Ертеңгілік жаттығу	**«Менің Қазақстаным»** әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	Сапта бір-бірінің артынан шеңбер бойлап жүру, қол белде аяқтың ішкі,сыртқы қырынмен жүру, жүгіру қолды кеуде тұстан ұстап аяқтың ұшымен жүгіру.тыныс алу жаттығулары. 1. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, басты оңға,солға бұру 5-6 рет 2. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол кеуде тұста, қолды алға созып, кеудемен оңға және солға бұрылу 5-6 рет. 3. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қолды белге ұстап, екі иықтты кезек-кезек көтеріп түсіру 5-6 рет. 4. Б.қ.аяқты сәл алшақ қойып, тізені бүгіп отырып, қолды артқа созу, алға еңкейю 5-6 рет. 5. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, оң аяқты,сол аяққа,сол аяқты оң аяққа кезекпен айқастыру.5-6 рет. 6. Б.қ. қол белде, екі аяқты бірге, оңға,солға бұрылып секіру 5-6 рет. Тыныс алу жаттығулары.2-3 рет.				
Таңғыас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Нан, ботқа, дәмді, тамағыңды ішеміз, ас болсын! **(Сөздік минимум)** **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие**				

	бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық					
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	Жатқа білер дос атын, Дос бар бізді тосатын. Балабақша біздің үй. Басымызды қосатын Саусақпен ойнаймыз: «Құлып» Міндеті Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету **Коммуникативтік дағдылар (сөйлеуді дамыту)**	Дидактикалық ойын «Не артық?» Міндеті Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. **Танымдық дағдылар (Математика негіздері)**	Дидактикалық ойын «Бағдаршам не дейді?» Міндеті байланыстырып сөйлеу дағдысын меңгеру **Коммуникативтік дағдылар (Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)** Дидактикалық ойын «Қауіпті заттар» міндеті қоршаған орта заттары жайлы түсінік қалыптастыру **Әлеуметтік дағдылар**	Саусақпен ойнаймыз:«Қоян інде» Ақ қоян-ау,ақ қоян, Үркек қоян,сақ қоян, Дыбыс шықса қашасың. Міндеті Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. **Коммуникативтік дағдылар (Көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту)**	«Жедел қызметтерге қалай қоңырау шалуға болады» Міндеті: Балалармен жедел қызмет,байланыс орталығы нөмірлерін қайталау.Төтенше жағдай кезінде телефон соғу нұсқауларының негізгі элементтерін көрсету.Жедел қызметтерге телефон соғу жаттығуларын өткізу. **Қауіпсіздік ережелері**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	Сапта бір-бірінің артынан шеңбер бойлап жүру, қол белде аяқтың ішкі,сыртқы қырынмен жүру, жүгіру қолды кеуде тұстан ұстап аяқтың ұшымен жүгіру.тыныс алу жаттығулары. 1. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, басты оңға,солға бұру 5-6 рет 2. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол кеуде тұста, қолды алға созып, кеудемен оңға және солға бұрылу 5-6 рет. 3. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қолды белге ұстап, екі иықтты кезек-кезек көтеріп түсіру 5-6 рет. 4. Б.қ.аяқты сәл алшақ қойып, тізені бүгіп отырып, қолды артқа созу, алға еңкейю 5-6 рет. 5. Б.қ.аяқты алшақ қойып, қол белде, оң аяқты,сол аяққа,сол аяқты оң аяққа кезекпен айқастыру.5-6 рет. 6. Б.қ. қол белде, екі аяқты бірге, оңға,солға бұрылып секіру 5-6 рет. Тыныс алу жаттығулары.2-3 рет				
Таңғыас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде				

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Нан, ботқа, дәмді, тамағыңды ішеміз, ас болсын! (Сөздік минимум)
Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">4 – ші апта дәйек сөзі.
«Бірлік түбі – береке.»</td></tr>
<tr><td>Біртұтас тәрбие бағдарламасы
Адал әрекеттерді бейнелеу
Ойын барысы:
Балалар сурет салады: досына көмектесу, ойыншықпен бөлісу, шын айту
Әр бала суретін таныстырады және әрекетін түсіндіреді</td><td>Қаржылық сауаттылық
Міндеті: Ойын:
«Дүкенші мен сатып алушы»
Міндеті: Ақша мен заттарды тану, қарапайым сатып алу-сату әрекетін түсіну.
Құралдар:
Қағаздан жасалған ақша (монета, банкнота)
Ойыншықтар немесе суреттер (жеміс, тәтті, ойыншықтар)
Кішкентай сөмке немесе касса
Ойын барысы:
Бір бала – дүкенші, басқа бала – сатып алушы.
Сатып алушы затты таңдап, ойыншық ақшасын береді.
Дүкенші ақшаны алады, затты береді.
Рөлдерді ауыстыру.</td><td>Біртұтас тәрбие бағдарламасы
Д/Ойын: «Адал боламын»
Адал әрекеттерді тәжірибе жүзінде көрсету
Ойын барысы:
Балалар топқа бөлінеді
Тәрбиеші рөлдік жағдай береді:
– «Досыңды ойнауға шақыру»
– «Өтірік айтқанын айтпай тұру»
Балалар өздерін көрсетеді
Содан кейін талқылау: «Бұл адалдық па?»</td><td>Д/Ойын «Адалдық әріптері»
Міндеті: Адалдық, шыншылдық, әділдік ұғымдарын ойын арқылы түсіндіру.
Құралдар:
– Әріптер жазылған карточкалар (А, Ш, Д, М т.б.)
– Суреттер (досына көмектесу, шын айту, кезек күту)
Ойын барысы:
Тәрбиеші бір әріпті көрсетеді (мысалы, А).
Балалар бірге айтады: А – Адал бала
Сол әріпке байланысты суретті таңдап, не болып жатқанын әңгімелейді.</td><td>Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік жайлы әңгімелесу
«Бағдаршам» мобильді ойыны
Балалар бағдаршамның айналасында тұрады. «Барамыз, барамыз, барамыз» әнінің аудио жазбасы естіледі. Бағдаршам қызыл жасыл немесе сары жалаушаны көтереді. Жасыл сигнал түссе балалар шеңбер бойымен жүреді, қызыл түсте тоқтайды, сары түсте қол соғады.
Қауіпсіздік ережелері</td></tr>
</table>

Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салуды қалыптастыру. *«Сиқырлы сызықтар»* Балаларды шеңберге тұрғызу. Тәрбиеші: – Балалар, біз бүгін саусақтарымызды жаттықтырып, әдемі сызықтар саламыз. Саусақтарымыз дайын ба? Саусақ гимнастикасы «Жаңбыр тамшылары» (Саусақтармен үстел бетінде жоғарыдан төменге қозғалыс жасау) – Там-там-там – жаңбыр жауды, – Саусақтар төмен сырғыды. Мұнда қозғалысты үзбей жасауға назар аударылады.	**Математика негіздері** **Міндеті:** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру. *«Сиқырлы топтар»* Балаларды шеңберге жинау. Тәрбиеші: – Балалар, бүгін біз заттарды реттеп, оларды дос топтарға бөлеміз. Дайынбыз ба? Д.ойын «Түстер әлемі» Балаларға түрлі түсті заттар таратылады. Тапсырма: – Қызылдарды бір жерге, көктерді бір жерге жинайық. Балалар түстері бойынша жиын құрайды. «Үлкен – кіші» Бір түстегі, бірақ өлшемі әртүрлі заттар ұсынылады. Тапсырма: – Үлкен заттар қайда?	**Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыруға, бояуға дағдыландыру. «Сиқырлы дорба» Барысы: Тәрбиеші дорбаны көрсетеді. Тәрбиеші: – Бұл дорба жай емес, сиқырлы. Оның ішінде суреттер жасырынған. Балалар кезекпен дорбадан бір сурет алады. Сұрақтар: – Бұл не? – Қандай түсті болады? – Үлкен бе, кіші ме? Балалар жауап берген соң, сол суретті бояуға	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға дағдыландыру. «Сызықтар еліндегі саяхат» Балаларды шеңберге отырғызу. Тәрбиеші: – Балалар, бүгін біз сызықтар еліне саяхат жасаймыз. Әр сызықтың өз жолы бар, сол жолмен дұрыс жүру керек Саусақ және қол жаттығулары Ойын: «Қаламды оятайық»	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу. *«Тіл өнері елінде»* Тәрбиеші: – Балалар, бүгін біз саяхат жасаймыз – Тіл өнері елінде! Бұл елде әр сөз ерекше күшке ие. Біз шағын өлеңдер оқып, санамақтар жаттап, жұмбақтарды шешеміз, жаңылтпаштармен көңілді ойнаймыз! Ойын: «Сиқырлы қапшық» Қапшықтан әр бала бір карточка алады. Карточкадағы сөзді немесе суретті қарап, қалай аталуын айтады. Бұл қадам балалардың қызығушылығын

	1-тапсырма: «Тік жолдар» Балаларға тік сызықтары бар парақ таратылады. Тәрбиеші үлгі көрсетеді: – Сызықты жоғарыдан төменге, – Қаламды көтермей саламыз. Балалар орындайды, тәрбиеші жеке көмектеседі «Көлденең жолдар» Енді сызықты солдан оңға үзбей жүргізу. «Көлік жолмен жүріп келеді» деген ойын элементі қосылады Сергіту сәті «Саусақтар биі» Саусақтарды жоғары көтеру, төмен түсіру, оңға-солға қозғалыс. Балалардың жұмыстары қаралады. Сұрақтар: Сызықты қалай салдық? Қаламды көтердік пе? Қай бағытта бастадық? Балаларды мадақтау	– Кішкентай заттар қайда? «Пішіндерді тап» Геометриялық пішіндермен жұмыс. Тапсырма: – Домалақтар бір топта, бұрышты пішіндер бір топта. Д.ойын «Құлақпен тап» Көзді жұмып, дыбысты тыңдау Тапсырма: – Дыбыс шығаратын заттарды бір топқа жина. «Қимыл мен қолдану» Суреттер арқылы. Тапсырма: – Ұшатын заттар – Жүзетін заттар – Тамақ ішуге арналған заттар – Ойынға арналған заттар Сергіту сәті «Қимылмен көрсет» Домалақ – айнал Үлкен – созыл Кішкентай – отыр Сұрақтар: Біз заттарды қалай бөлдік? Қай белгісі бойынша бөлу оңай болды?	дайындалады. «Сызық бойымен жүр» :Контурлы суреттер, қарындаштар. Ойын барысы: Тәрбиеші үлгі көрсетеді. Тәрбиеші: – Қарындаш – кішкентай көлік. Ол жолмен ғана жүреді, жолдан шықпайды. Балалар суреттің сыртқы сызығын қарындашпен бастырып шығады. Ереже: – Қарындашты көтермейміз; – Сызықтан шықпаймыз. Д.ойын«Ұқыпты суретші» Мақсаты: Суретті шетке шығармай бояу дағдысын қалыптастыру. Құралдар: Бояуға арналған дайын суреттер, түрлі түсті қарындаштар. Ойын барысы: Тәрбиеші түсіндіреді. Тәрбиеші: – Ұқыпты суретші суретті асықпай,	Қаламды жоғары көтеру – тігінен сызық Қаламды оңға–солға – көлденең Айналдыра қозғау – толқынды Ауада жазу. «Тік және көлденең жолдар» Тапсырма: – Үлгіге қарап, тігінен сызықты жоғарыдан төмен түсір. – Көлденең сызықты солдан оңға жүргіз. Ереже: – Сызықтар бір-біріне тимейді; – Арақашықтық сақталады. «Ұзын ба, қысқа ма?» Мақсаты: Сызықтың ұзындығын сезіну. Балалар: Ұзын жолды – баяу, Қысқа жолды – тез жазады. Алдымен үлгі бойынша, кейін өз бетінше. «Теңіз толқыны» Тапсырма: – Толқындар бірдей қашықтықта болуы	оятады және назарын шоғырландырады. Ойын: «Материалмен танысу» Тәрбиеші әр карточкадағы тақпақ, санамақ немесе жұмбақтың қысқаша мәнін түсіндіреді. Балалар сөздерді қайталап айтады, мағынасын түсінеді. Мысалы: – Санамақ: «Бір, екі, үш, төрт…» – Жаңылтпаш: «Сары сұңқар сұңқармен сары сорғышты сорды» Д.ойын: «Санамақпен серуен» Барысы: Тәрбиеші санамақты айтады, балалар бірге қайталайды. Әр санға қозғалыс қосылады: – Бір – қолды жоғары көтеру – Екі – секіру – Үш – айналу Бұл ойын есте сақтау мен қозғалысты үйлестіру дағдыларын

	Математика негіздері **Міндеті:** Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. *«Сызықтар әлемінде саяхат»* Балаларды шеңберге немесе үстелдерге жинау. Тәрбиеші: – Балалар, бүгін біз «Сызықтар әлеміне саяхат жасаймыз». Бүгін біз дәптерімізде нүктелерді, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды сыза білуді үйренеміз. «Нүктелермен достасайық» Балалар дәптерде бірнеше нүкте салады. Тәрбиеші сұрақ қояды: – «Бұл нүктелерді қалай жалғауға болады?» Балалар сызықтарды біріктіруге тырысады: тік, көлбеу, қиғаш	Бір затты бірнеше топқа бөлуге бола ма? Балаларды мадақтау **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. «Дыбыстар әлеміне саяхат» Балалар шеңберге отырады. Тәрбиеші: – Балалар, бүгін біз дыбыстар еліне саяхатқа шығамыз. Дайынсыңдар ма? Артикуляциялық жаттығула Айна арқылы орындалады. «Көңілді тіл» Тілді жоғары көтеру – «Тауға шықты» Тілді төмен түсіру – «Жерге түсті» «Ат шауып келеді»	әдемілеп бояйды. Балалар суретті ішінен бастап бояйды. Талаптар: – Сыртқа шығармай бояу; – Бір бағытта бояу (жоғарыдан төмен). «Дұрыс түсті таңда» Мақсаты: Түстерді ажырату, логикалық ойлауын дамыту. Құралдар: Жеміс-жидек, көкөніс суреттері. Ойын барысы: Тәрбиеші сұрақ қояды: – Алма қандай түсті? – Сәбіз ше? – Қияр қандай? Балалар дұрыс түсті таңдап, суретті бояйды. Қате таңдаса, түзету жұмысы жүргізіледі. «Кім ең ұқыпты?» Мақсаты: Ұқыптылыққа, төзімділікке тәрбиелеу. Құралдар: Балалардың дайын жұмыстары. Ойын барысы: Жұмыстар тақтаға	керек Балалар толқынды сызықтарды жүргізеді. Д.ойын«Ирек жолмен жүр» – Қоян ирек жолмен секіреді Балалар ирек сызықты үзбей жазады. «Жаңбыр тамшылары» Тапсырма: – Тамшылар бір-бірінен алшақ түседі – Әр тамшының орны бар. Алдымен үлгімен, кейін еркін орналастыру. Сергіту сәті «Сызықты көрсет» Тік – тұрамыз Көлденең – қолды жайамыз Толқынды – толқындаймыз Ирек – секіреміз **Математика негіздері** **Міндеті:** Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды	дамытады. «Жаңылтпаш айтысы» Барысы: Тәрбиеші қысқа жаңылтпашты айтады: «Сары сұңқар сұңқармен сары сорғышты сорды» Балалар кезек-кезек қайталайды. Қайсысы тез әрі дұрыс айта алады, сол жеңімпаз болады. Балалар өздері де шағын жаңылтпаш ойлап айта алады. Қимылды ойын «Тақпақтарды сахналау» Барысы: Балалар қысқа тақпақтарды жаттап алады. Топ ішінде бір-біріне айтады, кезекпен сұрақ қояды. Сөйлеу мәнерін, интонацияны, мимиканы қолданады. Мысалы, тақпаққа қимыл қосу: қолдарын көтеру, жүру, айналу.

	немесе қисық сызықтар арқылы. «Сызықтарды тап» Тік және көлбеу таяқшаларды дұрыс ажырату. Барысы: Тәрбиеші тақтада немесе карточкада сызықтар көрсетеді. Балалар сызықтың түрін айтады: тік пе, көлбеу ме. Содан кейін дәптерде сол сызық түрін сызу. Д.ойын«Қисық және қиғаш сызықтарды зерттеу» Қисық және қиғаш сызықтарды сызуға үйрету. Барысы: Тәрбиеші қисық және қиғаш сызықтарды үлгі ретінде көрсетеді. Балалар дәптерде сызып көреді. Ойын элементі: әр бала өз сызығын «сынақтан өткізеді», сызықтың ұзындығы мен қисықтығын дұрыс салыстырады.	– Тілді тақылдату «Дәмді тосап» – Ерінді жалап шығу Жаттығуларды ертегімен, қимылмен көрсету. «Дыбысты тыңда» Тәрбиеші бір дыбысты айтады (мысалы: А, С). – Осы дыбысты естідің бе? – Қай сөзден естиміз? Балалар сөз ойлап айтады. Д.ойын«Дыбыс қайда тығылды?» Заттық сурет көрсетіледі (мысалы: алма). Сұрақ: – «А» дыбысы сөздің қай жерінде? Балалар: Қызыл шеңбер – басында Сары – ортасында Жасыл – соңында деп белгілейді. «Сиқырлы қапшық» Қапшықтан сурет алады. Баланың тапсырмасы: Сөзді айту Белгілі дыбысты табу Оның орнын анықтау Мысалы: тас, ата, үй, бала	ілінеді. Тәрбиеші: – Қай сурет сызықтан шықпай боялған? – Қай сурет әдемі, таза? Барлық балалар мадақталады (салыстыру, жарыс түрінде емес). **Мүсіндеу** **Міндеті:** Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білуге,ажыратуға үйрету. **Жапсыру** **Міндеті:** Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқаруға дағдыландыру. Тақырыбы: *«Шығармашылық әлеміне саяхат»* Балаларды шеңберге жинау.	салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу. «Қайсысы бөлек?» Балаларды шеңберге жинау. Тәрбиеші: – Балалар, бүгін біз заттарды салыстыру ойынын ойнаймыз. Қай заттар бір-біріне ұқсас, қайсысы өзгеше екенін табамыз Д«Тұстастыр» Барысы: Балаларға бірдей заттардан жұптар беріледі (мысалы, екі қызыл шар, екі жасыл шар). Тапсырма: Бірдей заттарды табу, жұптау. Ереже: – Жұптар тек түс бойынша емес, кейде пішін немесе өлшем бойынша болады. «Беттестіру» Барысы: Үлгіге қараңыз (мысалы, қызыл	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беруді жетілдіру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау дағдысын қалыптастыру.. *«Ертегі сахнасында»* Балаларды шеңберге жинау. Тәрбиеші: – Балалар, бүгін біз актер боламыз. Сахнада сөйлеп қана қоймай, кейіпкерді қимылмен, дауысымызбен, жүзімізбен көрсетеміз «Актер жылынуы» Айнаға қарап, әртүрлі көңіл күйді көрсету: қуану , ренжу, ашулану, таңдану «Дауыс ойыны» Бір сөйлемді әртүрлі интонациямен айту:

	«Өрнек жаса» Нүктелер мен сызықтар арқылы өрнектер жасау. Барысы: Балалар бірнеше нүкте салады. Нүктелерді тік, көлбеу, қиғаш немесе қисық сызықтармен қосып, шағын өрнек жасайды. Тәрбиеші үлгі береді: мысалы, «үй», «жұлдыз», «гүл». Балалар өздері фантазиямен өрнектер құрастырады. Сергіту сәті Ойын: «Сызықпен қимыл» Тәрбиеші сызықтың түрін айтады: тік, көлбеу, қиғаш немесе қисық. Балалар денемен сол сызық бойымен қозғалады (қолымен немесе аяқпен). Бұл қозғалыс арқылы моторика дамиды, көңіл-күй көтеріліп, назар шоғырланады. **Музыка**	Сергіту сәті «Дыбысты айт – қимылда» Басы – қол жоғары Ортасы – екі жаққа Соңы – қол төмен Сұрақтар: Біз не үйрендік? Дыбыс сөздің қай жерінде болады? Қай ойын ұнады? Балаларды мадақтау **Қоршаған әлеммен Таныстыру** **Міндеті:** Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. «Менің отбасым және жеті атам» Балаларды шеңберге отырғызу. Тәрбиеші: – Балалар, сендер өз отбасыларыңды жақсы көресіңдер ме? – Отбасы деген кімдер? Балалардың жауаптарын тыңдау. «Менің отбасым»	Тәрбиеші: – Балалар, бүгін біз шығармашылық әлеміне саяхат жасаймыз. Біз әртүрлі материалдармен жұмыс істейміз: сазбалшық, ермексаз және пластикалық масса. Әрқайсысының қасиетін байқап, біз сценарий бойынша сюжеттік композициялар жасаймыз «Материалды таны» Балаларға әр материал беріліп, сипауға, майысуға мүмкіндік беріледі. Тәрбиеші сұрақ қояды: – Бұл материал қатты ма, жұмсақ па? – Қолмен майысуға ыңғайлы ма? – Бұл материалдан қандай зат жасауға болады? Балалар өз сезімдерін айтып, әр материалдың ерекшелігін ажыратады. «Материалды таңдап, кейіпкер жаса» Барысы: Әр бала бір материалды	домалақ). Сол домалаққа сол сияқты заттарды табу. Үлгімен сәйкес келмейтіндерді бөлек қояды. «Қайсысы өзгеше?» Барысы: 4–5 зат беріледі: кейбірі түсі бойынша, кейбірі пішіні бойынша ұқсас. Балалардан сұралады: – Қайсысы өзгеше? – Неліктен өзгеше? (түс, пішін, өлшем, материал) Мысал: Қызыл домалақ, қызыл квадрат, қызыл үшбұрыш → қызыл квадрат пен үшбұрыш домалақтан өзгеше. Жасыл алмұрт, қызыл алма, жасыл алма → қызыл алма өзгеше «Себетке жина» Барысы: Әр бала затты қарастырады. Себетке топтастырады: – Түсі бойынша – Пішіні бойынша – Өлшемі бойынша Ереже:	– қуанышты, – қорқынышты, – ақырын, – қатты. «Қимылды кейіпкер» Тәрбиеші кейіпкерді атайды, балалар қимылмен көрсетеді: – Қоян – секіреді, – Аю – ауыр жүреді, – Түлкі – еппен қозғалады. Сахналау Рөлдерді бөлу Балаларға рөлдер ұсынылады. Әр бала өз кейіпкерінің мінезін талқылайды: – Ол қандай? – Қалай сөйлейді? – Қалай қозғалады? Қойылымды орындау Ертегі сахналанады. Талаптар: Әр бала өз рөлін дербес орындайды; Дауыс анық, мәнерлі; Қимыл мен мимика сәйкес; Кейіпкердің көңіл күйі көрінеді. Тәрбиеші қажет кезде

	(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	Суреттер арқылы түсіндіру. – Бұл кім? (ата, әже, әке, ана) – Ата мен әже кім болады? – Олар бізді қалай жақсы көреді?Түсінік: Әкенің ата-анасы – өз жұртымыз Ананың ата-анасы – нағашы жұртымыз Балаларға қарапайым тілмен жеткізу. «Өз жұртым – нағашы жұртым» Карточкалар арқылы ажырату ойыны. Ата, әже, аға, әпке – қай жұрт? Нағашы ата, нағашы әже – қай жұрт? Балалар дұрыс карточканы таңдайды. «Жеті ата» Көрнекі шежіре ағашы көрсетіледі. Тәрбиеші түсіндіреді (қарапайым нұсқа): Бала Әке Ата Арғы ата	таңдайды (сазбалшық, ермексаз, пластикалық масса). Өз кейіпкерін мүсіндейді: жануар, адам немесе ойыншық. Тәрбиеші әр материалдың қасиетін еске салады: – Сазбалшық – қатты, пішінін сақтайды; – Ермексаз – жұмсақ, оңай майысады; – Пластикалық масса – икемді, сәнді бөлшектермен толықтыруға ыңғайлы. «Сюжеттік композиция жаса» Барысы: 2–3 баладан топ жасалады. Әр топ бір тақырып таңдайды: мысалы, «Фермадағы жануарлар», «Теңіздегі балықтар», «Ормандағы достар». Барлық балалар өз кейіпкерін топтық композицияға қояды. Сәндік бөлшектерді пайдалану: моншақ, түйме, қағаз гүлдер.	– Топтастыру кезінде заттарды дұрыс бөліп, сәйкес келмейтінін басқа себетке қоямыз. Сергіту сәті (2 мин) Ойын: «Қолмен көрсет» Тік → қолды жоғары көтер Көлденең → қолды екі жаққа жай Үшбұрыш → қолды басқаша орналастыру Домалақ → қолды дөңгелектей көрсету Талқылау: Қайсы заттар бірдей болды? Қайсысы өзгеше болды? Неліктен ол өзгеше деп ойлайсың? Балаларды белсенді қатысқаны үшін мадақтау **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес	бағыттап отырады Талқылау: Қай кейіпкердің рөлі ұнады? Кейіпкердің көңіл күйін қалай көрсеттің? Сахнада не қиын болды? Барлық балаларды мадақтау **Қоршаған әлеммен Таныстыру** **Міндеті:** Мемлекеттік мерекелердің Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. *«Мерекелер еліне саяхат»* Балаларды шеңберге жинау. Тәрбиеші: – Балалар, біз бүгін мерекелер еліне саяхат жасаймыз. Әр мереке өзінің ерекше реңі мен ойын, ән мен салт-дәстүрімен

		Баба Түп ата Тек ата – Жеті ата – біздің ата-бабаларымыз. – Қазақ халқы жеті атасын білуге үлкен мән берген. Балалармен бірге 2–3 атауын қайталау жеткілікті (барлығын жаттату міндет емес). Сергіту сәті «Отбасы» қимылды жаттығуы Ата – қолды жоғары Әже – қолды жүрекке Әке – алға қадам Ана – құшақтау Бала – секіру Сұрақтар: Отбасында кімдер бар? Ата мен әже кім болады? Нағашы жұрт деген кімдер? Балаларды мадақтау **Қазақ тілі** **Міндеті:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. «Біз бір-бірімізбен	«Сыналды танып, бөліс» Барысы: Топ мүшелері бір-бірімен кеңесіп, міндеттерді бөледі: – Бір бала кейіпкер жасайды, – Бір бала бөлшектерді қояды, – Бір бала композицияны сәндейді. Барлығы өз жұмысын көрсетіп, қай материалды неге таңдағанын түсіндіреді. Сергіту сәті Ойын: «Қимылмен бейнеле» Жануардың қозғалысын көрсету Өзі жасаған кейіпкерді көрсету «Сюжеттік композициядағы» кейіпкерді қимылмен көрсету **Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	қолдануға көмектесу «Сөздер әлемінде саяхат» Тәрбиеші: – Балалар, біз бүгін Сөздер әлеміне саяхат жасаймыз. Сөздерді дұрыс қолдану арқылы бір-бірімізді түсінеміз. Д.ойын: «Сиқырлы қапшық» Қапшықтан зат немесе сурет шығарылады. Балалар оны атайды: «Бұл не?» Тәрбиеші сұрақ қояды: – Бұл «жануар» ма, әлде «жеміс» пе? Балалар дұрыс жалпылаушы сөзді табады. Д.ойын: «Сәйкес жұп» Мақсаты: Зат есім мен жалпылаушы сөзді сәйкестендіру. Барысы: Балаларға суреттер беріледі: мысалы, алма, банан, апельсин. Карточкадағы сөзді табу: «жемістер».	қызық Ойын: «Сиқырлы сөмке» Тәрбиеші сөмкеден әр мерекеге байланысты зат немесе сурет шығарады. Балалар оны анықтап, қай мереке екенін атайды: – Қазақстан халқының бірлігі күні – суретте түрлі ұлттар қол ұстасып тұр – Отан қорғаушы күні – әскер киімі, ту – Жеңіс күні – гүл, белгі, медаль Д.ойын«Мерекелер шеңбері» Мақсаты: Мерекелердің мәнін түсіндіру. Барысы: Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші қысқа әңгіме айтып береді. Балалар сөздерге сәйкес қимыл жасайды: – Бірлік – қол ұстасу – Отан қорғау – салют,

		сөйлесеміз» Балаларды шеңберге отырғызу. Тәрбиеші: – Балалар, адамдар бір-бірімен қалай сөйлеседі? – Сөйлесу бізге не үшін керек? Балалардың жауаптарын тыңдау. Д.ойын«Сиқырлы микрофон» Микрофон кімнің қолында – сол сөйлейді Сұрақтар: Сенің атың кім? Сен не істегенді жақсы көресің? Бүгін балабақшада не істедің?Баланы толық сөйлеммен жауап беруге ынталандыру. «Сурет сөйлейді» Сюжеттік сурет көрсетіледі. Тәрбиеші сұрақтары: Суретте кімдер бар? Олар не істеп жатыр? Сен олардың орнында болсаң не айтар едің? Балалар өз ойларын ауызша жеткізеді. «Диалог құрайық»		Суреттерді дұрыс топқа орналастыру. «Қайсысы өзгеше?» Мақсаты: Жалпылаушы сөзге сай келмейтін затты бөліп алу. Барысы: 4–5 сурет беріледі: алма, қияр, мысық, банан. Сұрақ: «Қайсысы жеміс емес?» Балалар жауап береді: «мысық». «Сөздерді орынды қолдан» Барысы: Тәрбиеші қысқа сөйлемдер бастайды: – «Бау-бақшада…» → балалар толықтырады: «жемістер бар» – «Фермада…» → «жануарлар бар» Сергіту сәті «Сөздер биі» «Жануарлар» → секіру «Жемістер» → қолды жоғары көтеру «Көліктер» → айналып жүру **Көркем әдебиет**	тұру – Жеңіс – гүл беру Сюжетті-рөлді ойыны «Мерекелік сахна» Мақсаты: Рөлдік ойын арқылы мерекелік әрекетті көрсету. Барысы: Балалар топқа бөлінеді. Әр топ мерекені сахналап көрсетеді: – Бірлік мерекесі – түрлі ұлттар бірге ойын ойнайды – Отан қорғаушы күні – «әскерлер» сапқа тұрады – Жеңіс күні – гүл мен медальдарды сыйлайды «Мерекеге сыйлық дайында» Барысы: Балалар қағаздан гүл немесе медаль жасап, мерекеге «сыйлық» береді. Қолданылу ережесі: әр бала өз сыйлығын көрсету, атау және қай мерекеге арнап жасағанын айту.

		Жұппен жұмыс. Мысалы: Сәлемдесу Ойыншық сұрау Көмек сұрау Үлгі: – Сәлеметсің бе? – Сәлеметпін! – Маған көмектесесің бе? Сергіту сәті «Айтайық – қимылдайық» Айтамыз – қолды көтереміз Тыңдаймыз – қолды құлаққа Сөйлесеміз – бір-бірімізге қараймыз Қорытынды бөлім Сұрақтар: Сөйлесу не үшін керек? Бір-бірімізді қалай тыңдаймыз? Сөйлескенде қандай сөздер қолданамыз? Балаларды мадақтау, белсенді балаларды атап өту		**Міндеті:**Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсінуге дағдыландыру. *«Кейіпкер не ойлады?»* Балалар шеңберге отырады. Тәрбиеші: – Балалар, біз бүгін ертегі әлеміне саяхат жасап, кейіпкерлердің не ойлағанын, не сезінгенін анықтаймыз Д.ойын«Ертегіні тыңдайық» Тәрбиеші қысқа ертегіні немесе үзіндіні мәнерлеп оқиды. Мысалы: Мысықтың жасырын әрекеті (алдау, кешірім сұрамау, қулық) «Кейіпкер орындығы» Ортаға «сиқырлы орындық» қойылады. Бір бала кейіпкер рөлінде отырады. Сұрақтар:	Сергіту сәті Ойын: «Қимылды мереке» – Бірлік – қол ұстасу – Қорғаушылар – тұру, сәлем беру – Жеңіс – секіру, гүл көрсету **Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)

				Сен не істедің? Неге олай жасадың? Сенің орныңда мен болсам, қалай істер едім? Балалар өз пікірін айтады: – *«Мен бұл әрекетті дұрыс деп ойламаймын…»* – *«Ол бұлай істеген себебі…»* «Жасырын ойды тап» Сурет немесе көрініс көрсетіледі. Сұрақтар: Кейіпкер не істеп жатыр? Ол не ойлап тұр деп ойлайсың? Оның әрекеті қандай сезім тудырды? Балалар смайлик арқылы сезімді көрсетеді Сергіту сәті «Кейіпкерді көрсет» Қуанды – секір Ренжіді – иықты түсір Ойланды – басын ұста Тәрбиеші сұрақтары: Кейіпкердің әрекеті саған ұнады ма? Сен оның орнында не	

				істер едің? Жасырын әрекет деген не? Балаларды белсенді қатысқаны үшін мадақтау	
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Заттардың көлеңкесін бақылау.** Бақылау. Күннің жоғары тұрғанын анықтау, заттардың көлеңкесін, таңертең балалардың өздерінің көлеңкесін күн әлі жоғары шықпағанда және күндіз, ол әлі бастан жоғары тұрғанда бақылауға болады, көлеңкенің ұзындығын өлшеу, көлеңкеде заттар суығырақ, күннің көзінде жылырақ болатынына көңіл аудару. Балаларды күн	**Шөпті шауып жатқан бағбанды бақылау.** Бақылау. Жайылымдағы өсімдіктер туралы білімді анықтау және бекіту, шөпті шауып жатқан бағбанды қадағалау, жайылымдағы шөп биік және шүйгін екенін және де оны үй жануарларына қысқа азық үшін шауып алатындығын атап өту; шабылған шөптен кепкен хош иісті пішен шығады. Адамдардың еңбек маңыздылығы туралы, азық	**Табиғат жағдайын бақылау** Міндеті: Белгілеріне қарап жыл мезгілін анықтауға үйрету. Бақылау барысы: Аспанда бұлт немес күннің бар екенін қарауды тапсыру. Бұлт не істегенін сұрау (күннің көзін жауып тастады), ауа – райы және аспан қандай екенін анықтау. Балалалардың назарын соғып тұрған желге, желмен қозғалған ағаш	**Көктемгі орман аңдарын бақылау** Міндеті: Орман аңдары туралы түсінік қалыптастыру; Аңдардың сырт келбеті мен жүріс тұрысы туралы айту; Аңдарға деген сүйіспеншіліктерін арттыру; Бақылау барысыОрманда мекен ететін аңдардың көктемгі тіршілігі туралы айту. Аңдардың сырт келбеті мен жүріс тұрысын сипаттау, адам өміріндегі алатын орнын	**«Жасыл желкенді балабақша» саяхаты** Міндеті: Өсімдіктерге қамқор болуға тәрбиелеу; Өсімдіктер туралы білімдерін бекіту; Бақылау барысы: Бақшадағы көкөністер мен ауладағы гүлдер жайқалып өскен кезде серуен жасап, анықтап қарап шығу. Балабақшаның айналасындағы

	аспанда қозғалады деген қорытындыға келтіру. Бақыланған затқа қызығушылығын ояту. Қимылды ойын «Қақпашы» Мақсаты: Жарысу элементтері бар спорттық ойындарға қызығушылығын дамыту. Еңбек іс-әрекеті. Жиналған табиғи материалдардан панно құрастыру. Белсенділігін дамыту, жұмыстың үнемді әдістерін үйрету, Еңбек қызметінің мәдениетін тәрбиелеу, өз еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен эксперименттер. «Жануарды тамақтандыр» Аталған жануарлар, жәндіктер, құстар қалай, немен тамақтанатыны туралы балалардың білімдерін бекіту. Жарысқа қатысу ықыласын, сұраққа тез жауап бере білуін	өсімдіктерінің құндылығы туралы түсінікті қалыптастыру. Бұрын шөбі болған алаңқайды салыстыру, шөп қайтадан өскені, гүлдердің пайда болғаны туралы қорытынды жасау. Еңбек құралдарының атауларын анықтау: тырнауыш, айыр, пішен шабатын машина. Мақсаты: Үлкендердің еңбегін құрметтеуді тәрбиелеу. Ырым. Егер шөп шуласа – ашық ауа райы болады. Қимылды ойын «Чехарда» Мақсаты: Аяқтарын екі жаққа созып, сүйіліп төрт аяқтап тұрған серіктестерінен секіріп өту шеберлігін бекіту. Күшқуатты, шыдамдылықты дамыту. Еңбек іс-әрекеті. Шамаға шақ бағбанға көмектесу Еңбек қызметі процесінде балаларда еңбекті сүю , ортақ	бұтақтарына аудару. Күз мезгілінің басты белгілерін айту, түсіндіру. Күз мезгілінің белгілері: Ағаштардың жапырақтары сарғайады; Құстар жылы жаққа ұшып кетеді; Аспан бұлттанып тұрады; Толассыз жаңбыр жауады; Еңбекке баулу:Ойынға арналған құмды сулау. Мақсаты: Алаңда тазалық пен ұқыптылықты сақтауға үйрету. үлкендерге көмек беруге ұмтылдыру; Құрғақ құм шашылып қалатынын, ал сулы құмнан қуыршаққа арнап тәтті тоқаш жасауға болатынын айтып, білімдерін бекіту. «Торғайлар мен автомобиль» қимылды ойыны.	түсіндіру. Еңбекке баулу: Табиғат бұрышындағы жануарларға шөптер дайындау.Мақсаты: Жануарларды күтуге ниеттерін арттыру, оларды дұрыс тамақтандыруға үйрету. Қимылды ойын: «Жалбырит» Мақсаты: Жүру және жүгіру барысында бір – біріне соқтығыспай еркін жүруге үйрету; Тәрбиеші тапсырмасын бұлжытпай орындауға үйрету; Қажетті материалдар: қалақшалар, машиналар, қуыршақтар. Қызыл қоңыз немен қоектенеді? Мақсаты: Қызыл қоңыз туралы түсінік қалыптастыру; Қоректенуі мен тіршілігі туралы білімдерін бекіту; Бақылау барысы:Тәрбиеші балаларға серуен барысында өсімдіктерді мұқият қарауға тапсырады. Қызыл қоңыз немесе басқа да шіркейлер	жасыл шоптер мен түрлі түсті гүлдердің қандай сән көрік беріп тұрғанына тоқлату. Осы әдемілікті жұлмауға, оған су құйып, қамқор болуға үйрету. Еңбекке баулу: «Гүлдерді суару» Мақсаты: туған жердің табиғатын қорғауға, қамқор болуға баулу. Қимылды ойын: «кім жылдам?» Мақсаты: Жүру және жүгіру барысында бір – біріне соқтығыспай еркін жүруге үйрету; Тәрбиеші тапсырмасын бұлжытпай орындауға үйрету; Қажетті материалдар: суқұйғыштар, қалақша, шелек, ойыншықтар.

	дамыту. *Эксперимент.* Таңертең және түсте көлеңке биіктігін өлшеу. *Қорытынды.* Күн аспанда жылжығандықтан көлеңке биіктігі өзгереді. Өзіндік іс-әрекеті. Балалардың өзіндік ұжымының даму негізі ретінде дұрыс нысанды қарым-қатынас топтарын пайдалану. Ұялшақ, жасқаншақ балаларға ойынға кірісуге көмектесу, өте белсенді балалардың өзінің серіктестерінің ынтасын баспауын қадағалау.	пайдаға еңбек ету ынтасын, жауапкершілікті тәрбиелеуді жалғастыру. Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен эксперименттер. «Сипап, иіскеп біл» Көкөніс, жемістерді сипап ажыратуды, гүлдерді иіскеп білуді үйрету; ойын ережелерін орындау. Адалдыққа тәрбиелеу. Эксперимент. Шабылған шөпті күннің астында және көлеңке жерде қалдыру. Қорытынды. Күннің астындағы шөп көлеңкедегі шөпке қарағанда тезірен құрғап қалды. Өзіндік іс-әрекеті Балалар қоғамы өмірінің ұйымдастыру нысаны ретінде тұрақты балалар ойындарының біріктіруін пайда болуы мен балалардың бір-бірімен жақсы қарым-қатынас қалыптастыру сияқты ойын дамуына	Мақсаты: Балаларды дыбыс бойынша тез жүгіруге, бірақ бірін – бірі соқпай, қимылды қозғалыс жасауға және тәрбиеші белгісі бойынша оны өзгерте алуға , өз орнын табуға үйрету. «Затты абайла» қимылды ойыны Мақсаты: Балаларды белгі бойынша қимыл жасауға және алғырлыққа үйрету. Қажетті материалдар: суқұйғыш тар, кубиктер, әр балаға құмнан бұйым жасайтын қалыптар, қуыршақ және көліктер.	қонып тұрған өсімдіктерді тауып, асықпай қарайды. Бақылау барысында қызыл қоңыздар өз қорегіне кішкентай шыбын шіркейлерді қорек ететіндігін ұғынады. Еңбекке баулу:Ауланы жинастыру Мақсаты: ұжыммен біріге жұмыс істеуге тәрбиелеу; Қимылды ойын: « Өз түсіңді тап» Мақсаты: Жүгіруге үйрету; Түстерді жаттауға баулу; Қажетті материалдар: қалақша, шелек, ойыншықтар.	

		үлес қосу.			
Серуенненоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** Ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, майлықпен сүртіңдер, төкпей-шашпай ішіңдер Нан, сусын, сорпа, дәмді, ащы, тұз, тәтті, ет, балық, тамағыңды іш, ас болсын! Көгөністер көгөніс, сәбіз, қияр, қызанақ. **(Сөздік минимум)**				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористерді дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
	Баяу әуенмен ұйықтату (музыка)	«Қасқыр мен кірпі» ертегісін айтып жағымды үнмен балаларды ұйықтату	Ұйқыға жатқызу. Балаларға әңгімелер оқып беру және жайлы музыка қою **(көркем әрекет)**	Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату	«Құйыршық» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату
Біртіндеп ұйқыданоя ту,	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі				

сауықтырушаралары	және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Ұлттық ойын:** **«Ақ серек,көк серек»** **Ойынның барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді: Бірі – «Ақ серек», бірі – «Көк серек» болады Екі топ бір-бірінен 5–7 метр қашықтықта қатар тұрады Балалар шынтақтасып, бір тізбек құрып тұрады **Ойын ережесі:** Бірінші топ (мысалы, «Ақ серек») хормен өлең айтады: – Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топ (мысалы, «Көк серек») жауап береді: – Бізге керек (баланың аты)! Аты аталған бала жүгіріп келіп, қарсы топтың шеңберін бұзып өтуге тырысады. Егер қол ұстасқан тізбекті бұзса – өз тобына	**Ұлттық ойын:** **«Соқыр теке»** **Ойынның барысы:** – Балалар, бүгін біз «Соқыр теке» атты қазақтың ұлттық ойынын ойнаймыз. Бұл ойында бір бала — «соқыр теке» болады. Оның көзін байлаймыз. Ол көзін ашпай, басқа балаларды ұстап көруі керек. Қай баланы ұстаса, сол орынға соқыр теке болады.	**Ұлттық ойын:** **«Белбеу ұстасу»** **Ойынның барысы:** **.** Балалар жұппен шығады: Екі бала бір белбеудің екі ұшын ұстап, бетпе-бет тұрады Аяқтары иық деңгейінде, тепе-теңдік сақтауғадайын тұру керек Тәрбиеші белгіні береді: – "Дайындал! Бір, екі, үш!" дегенде ойын басталады Балалар белбеуді тартып немесе еппен итеріп, қарсыласын орнынан жылжытуға, теңгерімін бұзуға тырысады Қай бала тепе-теңдікті сақтап, басқасын қозғалтса немесе құлатса – сол жеңімпаз болады	**Ұлттық ойын:** «Тоғызқұмалақ» Ойын туралы қысқаша , «Тоғызқұмалақ» — қазақ халқының ежелден келе жатқан ақыл-ой ойыны. Бұл ойында құмалақтарды (түймелер түсінік: – Балалар, тастар, асықтар) арнайы тақтадағы ұяшықтарға салып, есептеп ойнайды. Кім көп құмалақ жинаса – сол жеңеді. Ойын шахмат пен дойбы сияқты логикалық ойындардың қатарына жатады. Қажетті құралдар: Тоғызқұмалақ тақтасының қарапайым үлгісі (қағаз, тақта немесе ағаштан) Әр балаға – 9 құмалақ (тйме, ұсақ тас, т.б.) Сандар жазылған ұяшықтар Ойын ережесінің жеңілдетілген түрі:	**Ұлттық ойын:** «Арқан тартыс» Ойынның сипаттамасы: Тәрбиеші түсіндіреді: – Балалар, бұл – «Арқан тартыс» атты қазақтың ұлттық ойыны. Бұл ойын топпен, бірігіп, күш салып ойнайтын ойын. Арқанды өз жағыңа қарай тартып, қарсылас топты өзіңе қарай өткізу керек. Бұл ойын достықты, бірлікті үйретеді. Ойын барысы: . Балалар 2 топқа бөлінеді: Әр топ арқанның екі жағын ұстайды Арқанның ортасына қызыл лента (белгі) байланады Ортада сызық немесе белгі қойылады Ойын басталады: Тәрбиеші: «Бастаймыз!» деген белгі береді Екі топ арқанды өз жағына тартады Қай топ қарсылас топты

	жеңіспеноралады. Егер бұза алмаса – сол топта қалып қояды. Кезек екі жаққа ауысып отырады.			Әр бала алдында 9ұяшық болады.	өз жағына қарай тартып өткізсе, сол топ жеңімпаз болады
Балаларменжекежұмыс	өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды ішінара жатқа айтады. Өлең жолдарын жатқа мәнерлеп айтуын жетілдіру. Тоқтамыс Алдияр	сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүреді, ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттардың арасымен, жіптерден аттапжүруге талпынбайды.Физикалық қозғалысын жетілдіруді жалғастыру. Жанат Айару	өз Отанын жақсы көреді, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының маңыздылығын түсінеді: Болат Ералы	қағаз бетінде бағдарлай біледі, апта күндерін, жыл мезгілдері бағдарлауға, ретімен атауға талпынады.Кеңістікті дұрыс бағдарлауын дамыту. Әуелбек Мансұр	Жұмысты жеке жасайды, шағын топпен жасауға қызығушылық танытпайды.Топпен жұмыс жасауға үйретуді жалғастыру Исабеков Мейржан
Бесінас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«Қорғанды қорғау» Тактикалық	«Жылдам жеткізу»Қимыл	«Құстардың ұшуы» Топтық бірлікті	«Штурм» Күш, төзімділік және стратегия.	«Үлкен эстафета» Барлық

	ойлау, қимыл шапшаңдығын дамыту. **Шарты:** Бір команда қорғанды қорғайды, екіншісі ішке кіруге тырысады.	үйлесімділігін арттыру, жүгіру жылдамдығын дамыту. **Шарты:** Допты жерге түсірмей команда бойынша белгіленген жерге жеткізу.	және ырғақ сезімін қалыптастыру. **Шарты:** Балалар топпен құс болып ұшады, бағыт ауыстырады, бірге тоқтайды.	**Шарты:** Бір топ «қамалды» (қорғанды) алуға, екіншісі қорғауға тырысады.	қимыл түрін (жүгіру, секіру, лақтыру) кешенді дамыту. **Шарты:** Командалар аралас тапсырмалардан тұратын эстафетаны орындайды.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Үстел үсті театры:** «Өсімдіктер» және т.б. ақырыптар бойынша южетті картиналар арастыру. **Мақсаты:**қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Әңгіме құрастыру **«Өзін жақсы көретін гүлдерін туралы әңгімелеп бер.» Мақсаты:** баланың сөздік қорын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту.	**Ойын– жаттығу:** «Топтағы өсімдіктерге күтім жасау»; Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	**Ойын:** «Гүлдерді тауып, оларды атап бер» Топтағы өсімдік бұрышы туралы әңгімелесу	**«Менің тобымдағы өсімдіктер»** картиналар топтамасынан суреттер қарастыру
Балалардыңүйгеқайтуы	**Өнегелі 15-минут:**Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).				

Тәрбиеші: А.Жумагулова
Г.Болат

Әдіскер_____ АтыгаеваА.Т.